В понимании каждого человека ребенок является источником счастья и радости на земле. И детство должно быть светлым и безмятежным. Однако в анализируемом произведении мы, напротив, наблюдаем обратное. Перед нами предстает страшная картина. Маленькая девочка вынуждена, как рабыня, прислуживать взрослым здоровым, сытым людям. Главная героиня рассказа молча и беспрекословно исполняет приказы своих хозяев. В рассказе описываются все поручения, которые выполняет 13-летняя Варька в течение суток: бежит в сарай за дровами, растапливает печь, зажигает самовар, несет его в гостиную, чистит галоши, моет лестницу, убирает комнаты, чистит картошку, прислуживает за обедом, стирает, шьет, бежит в лавку сначала за пивом, затем за водкой, чистит селедку, и, наконец, поздно вечером остается выполнить последний приказ: ночью качать хозяйского ребенка. Единственной потребностью девочки оставалось желание выспаться.

Печально осознавать,что у маленькой девочки совсем не было своего детства, веселой и беззаботной поры в жизни. У нее нет отца, мать вынуждена скитаться по свету, попрошайничать, девочка по сути отдана в рабство, и поэтому хозяева так жестоко относились к ней. Очевидно, что автор с глубоким сочувствием относится к героине рассказа. И несмотря на то, что она становится убийцей (душит ребенка хозяев), мы вместе с писателем сочувствуем девочке, жалеем ее, понимая, что привело ее к такому проступку.

Малый объем произведения, его предельная лаконичность определяют и особый динамизм рассказа. Что касается морфологических особенностей данного рассказа, то мы наблюдаем следующее. Завязка рассказа начинается с описания комнаты, где находится Варька. В этой части особую значимость приобретают имена существительные (ночь, девочка, колыбель, лампадка, веревка, комната, пеленки, ребенок, плач, глаза, голова, шея, губы, лицо) и имена прилагательные, которые создают бытовую среду, в

которой жила девочка (зеленая лампадка, большое зеленое пятно, длинные тени, черные панталоны, сапожный товар, ночная музыка). Глаголы, использованные в данной части рассказа, употреблены в форме настоящего времени несовершенного вида (качает, мурлычет, горит, тянется, висят, ложится, бросают, начинают мигать, оживают, плачет, слипаются, кричит, сливается, похрапывает). Выбор автором данных глаголов не случаен, так как они несут в себе статическое действие, характерное для описания.

В следующей части рассказа, в повествовательной, преобладают глаголы, передающие динамику, активное действие (вставать, приниматься, оставляет, бежит, поставь, почисть, убирает, помой, прислуживать, стирать, шить, бегать, готовит, срывается, покачай и др.). Глаголы употреблены в форме настоящего времени изъявительного наклонения, которые описывают все действия героини, выполняющей указания хозяев в течение дня и ночи, также в форме повелительного наклонения – для передачи приказов хозяев.

Автор использует динамическое описание жизни девочки изо дня в день. Хозяева все время дают приказания Варьке, у нее нет времени, чтобы передохнуть. Намеренное нагнетение глагольных форм свидетельствует о том, что героиня полностью зависит от обстоятельств [2, с. 24]. Автор не видит выхода из этой ситуации, так как в то время многие дети находились в рабском положении, родители вынуждены были их отдавать в богатые дома на услужение, ведь сами находились в страшно бедственном положении. Если бы девочка, к примеру, убежала бы из этого дома, она бы оказалась бы на улице, нищая и голодная, и, скорее всего, либо умерла от голода и холода, либо оказалась в доме терпимости. В любом случае, судьба ее предрешена обстоятельствами, и она обречена на трагический конец.

В рассказе используется два цветообозначающих прилагательных: «черный» и «зеленый», а также сам рассказ начинается словом-существительным «ночь», все эти морфологические средства, на наш взгляд, становятся в контексте автора символами тяжелой и беспросветной жизни, полной физических и моральных страданий.

Что касается анализа более крупных синтаксических единиц, в основном, в рассказе преобладают сложносочиненные и сложноподчиненные предложения. Реже в рассказе встречаются простые предложения. Например, рассказ начинается с номинативного предложения «Ночь». Существительное «ночь»

в русском языке обычно сочетается с прилагательными «темная», «черная». На наш взгляд, подобным зачином А. П. Чехов вводит нас, читателей, в черную, страшную, беспросветную жизнь девочки Вари. После внимательного прочтения произведения, мы понимаем, чем может закончиться такая жизнь. Повествование о мучительном существовании Варьки заканчивается выражением «как мертвая». А. П. Чехов оставил рассказ незаконченным, давая нам возможность представить себе, что в дальнейшем случится с героиней. Нетрудно догадаться, что произойдет, когда утром придут к ней хозяева.

В первой части рассказа в основном используются сложноподчиненные предложения определительного типа: «Перед образом горит зеленая лампадка; через всю комнату от угла до угла тянется веревка, на которой висят пеленки и большие черные панталоны. Варька, девочка лет тринадцати, качает колыбель, в которой лежит ребенок, и чуть слышно мурлычет: баю-баюшки-баю, А я песенку спою…». Создается неприглядная, безрадостная картина бытовых условий, в которых живет Варя. Тональность в описании комнаты мрачная, преобладают черный и зеленый цвета в окружающей девочку обстановке. Причем автор акцентирует внимание читателей на языковых средствах, образно передающих слуховые ощущения: «…чуть слышно мурлычет: А я песенку спою...», «В печке кричит сверчок». Данные предложения являются простыми, их простота свидетельствует об особом восприятии окружающего девочкой из крестьянской семьи.

Во второй части рассказа мы узнаем, чем занимается Варя целый день. Здесь в основном преобладают простые предложения. В речи хозяев, обращенной к девочке, преобладают конструкции, содержащие сказуемые, выраженные глаголами в форме повелительного наклонения (помой, принеси, сбегай и т.п.). Редко – сложные конструкции: «Варька, помой снаружи лестницу, а то от заказчиков совестно!». Вторая часть данного сложносочиненного предложения содержит укор Варьке, и ей ставится в вину то, что наружная лестница не помыта. Из содержания рассказа мы видим, что девочка за целый день выполняет множество непосильных для ее возраста и здоровья дел. И все равно ею не довольны, и все равно она во всем виновата.

В третьей части рассказа преобладают сложноподчиненные предложения, автором описывается состояние девочки в ночь, когда произойдет трагедия. «Она оглядывается, ищет эту силу, чтобы избавиться от нее, но не находит. Ей приятно и щекотно

от мысли, что она сейчас избавится от ребенка, сковывающего ее по рукам и ногам...». Первое сложноподчиненное предложение с целевыми отношениями: главная цель девочки – избавиться от врага, мешающего ей спать, а значит и жить. Это ее цель, это ее путь избавления от врага. «Так как она сама ребенок и многого не понимает, ей и не дано понять, кто или что является настоящим препятствием ее желаемой прекрасной жизни, когда бы она могла беззаботно жить, как полагается жить детям, играть с другими детьми, радоваться и веселиться, есть сладостей вдоволь, спать вдоволь, иметь много свободного времени и заниматься делами по душе» [3, с. 152].

Во втором сложноподчиненном предложении реализуются изъяснительные отношения, раскрывающие и объясняющие безумную мысль, которая овладела ею.

Проанализировав синтаксические особенности данного рассказа мы, увидели, что в основном сюжете преобладают сложноподчиненные предложения. Данные предложения используются для того, чтобы полностью описать картину подневольной жизни девочки-подростка, негативные обстоятельства, подтолкнувшие ее на преступление.

Каждая синтаксическая единица в системе художественного произведения отражает существенные черты восприятия действительности писателем, движение его мысли. В произведениях А. П. Чехова нет ни одной языковой единицы, которая не составила бы художественно необходимую часть целого [2, с. 27].

А. П. Чехов через изображение повседневного, мелочного в жизни человека приводит читателя к глубокому пониманию трагичности положения маленького человека, к большим обобщениям и наполняет его жаждой обновления существующих порядков. Жанр рассказа требовал от писателя сделать малую форму емкой и многозначной. Ничего лишнего нет в рассказах А. П. Чехова, все языковые единицы используются ради исчерпывающе полного раскрытия идей, чувств, всей цельности художественного произведения.

Изображение деталей обстановки создает монотонность повествования, эта однообразная, наводящая тоску обстановка давит на утомленный мозг тринадцатилетней няньки, она навевает на нее сон, тогда как спать нельзя («А спать нельзя; если Варька, не дай бог, уснет, то хозяева прибьют ее»): «В соседней комнате, за дверью, похрапывает хозяин и подмастерье Афанасий... Колыбель

жалобно скрипит, сама Варька мурлычет – и все это сливается в ночную, убаюкивающую музыку, которую так сладко слушать, когда ложишься спать»; «Перед образом горит зеленая лампадка, через всю комнату от угла до угла тянется веревка, на которой висят пеленки и большие черные панталоны. От лампадки ложится на потолок большое зеленое пятно, а пеленки и панталоны бросают длинные тени на печку, колыбель, на Варьку...»; «Лампадка мигает. Зеленое пятно и тени приходят в движение, лезут в полуоткрытые, неподвижные глаза Варьки и в ее наполовину уснувшем мозгу складываются в туманные грезы» (см. текста рассказа).

В произведении прослеживается и описание зыбких сновидений, «туманных грез» Варьки, прерываемых то грубыми окриками, то оплеухами хозяев. Вот одно из них: «Опять она видит шоссе, покрытое жидкой грязью. Люди с котомками на спинах и тени разлеглись и крепко спят. Глядя на них, Варьке страстно хочется спать; она легла бы с наслаждением, но мать Пелагея идет рядом и торопит ее. Обе спешат в город наниматься» (см. текст рассказа). Измученной Варьке даже во сне хочется спать.

А. П. Чехов через однородные сказуемые, через однородные компоненты в составе сложносочиненных предложений мастерски показывает трудовой день не отдохнувшей за ночь девочки, ее жестокую эксплуатацию: «– Варька, затопи печку! – раздается за дверью голос хозяина. Значит, уже пора вставать и приниматься за работу. Варька оставляет колыбель и бежит в сарай за дровами... Она приносит дрова, топит печь...»; «– Варька, поставь самовар! – кричит хозяйка. Варька колет лучину, но едва успевает зажечь ее и сунуть в самовар, как слышится новый приказ: – Варька, почисть хозяину калоши! – Она садится на пол, чистит калоши...»; «– Варька, помой снаружи лестницу, а то от заказчиков совестно! – Варька моет лестницу, убирает комнаты, потом топит печь и бежит в лавочку. Работы много, нет ни одной минуты свободной» [4, с. 241]. Организующим центром, вокруг которого группируются эти предложения, выступают побудительные предложения, передающие бесконечные распоряжения хозяев.

Таким образом, А. П. Чехов косвенно, через детали, характеризующие жизнь несчастной девочки, добивается большого эмоционального воздействия на читателя и тем углубляет социальную и психологическую значимость рассказа [4, с. 239].

В рассматриваемом произведении большое значение приобретают сравнения: «Она не может шевельнуть, ни веками, ни губами, и ей кажется, что лицо ее одеревенело, что голова стала маленькой, как булавочная головка». В данном предложении передается критическое состояние девочки, доведенной до изнеможения. Ею постоянно овладевают подобные галлюцинации: «И вдруг калоша растет, пухнет, наполняет собою всю комнату». Или «Зеленое пятно и тени приходят в движение, лезут в полуоткрытые, неподвижные глаза Варьки и в ее наполовину уснувшем мозгу складываются в туманные грезы». Еще: «Зеленое пятно, тени и сверчок тоже, кажется, смеются и удивляются».

Далее автор приводит еще одно сравнение: «И они засыпают крепко, спят сладко, а на телеграфных проволоках сидят вороны и сороки и кричат, как ребенок, и стараются разбудить их». Приведенное сравнение «как ребенок» не случайно использовано автором. Вороны и сороки – это предвестники плохих новостей. К ним люди относятся отрицательно. В понимании главной героини рассказа ребенок – это тоже отрицательное явление в ее жизни. Варька доведена до крайности, ей кажется, что ее главный враг – это ребенок. Она живет одним только желанием – желанием выспаться. А ребенок не дает ей спать. Набегавшись целый день по поручениям хозяев, выполнив все работы по дому, уставшей от рабского труда девочке хочется только одного: выспаться: «А Варьке хочется спать», «Варьке страстно хочется спать», «глаза все-таки слипаются и голова тяжела, «хорошо бы сунуть голову в большую, глубокую калошу и подремать в ней немножко», «Бывают минуты, когда хочется, ни на что не глядя, повалиться на пол и спать», «Убить ребенка, а потом спать, спать, спать…». В уставшем мозгу окончательно деградировавшей девочки появляется безумная идея освобождения от врага, мешавшего ей жить, а понятие «жить», по ее мнению, равносильно понятию «спать», а этим врагом, оказывается, является ребенок хозяев, которого она должна нянчить по ночам. Варька, устав за день от бесконечных поручений хозяев, вместо того чтобы наконец отдохнуть ночью, выспаться, начинает укачивать и убаюкивать этого ребенка. А он, видимо, чувствуя неумелые руки неопытной няньки, начинает капризничать и кричать, не дает ей спать. И вдруг ей в голову приходит простое, как ей кажется, решение избавиться от того, кто ей мешает спать, а значит, мешает ей жить: «Убить ребенка, а потом спать, спать, спать...». «Задушив его, она быстро ложится на пол, смеется от радости, что ей можно спать, и через минуту спит уже, как мертвая» (см. текст рассказа). Сравнение «как мертвая», с одной стороны, говорит нам о том, что

Варька очень крепко уснула, так как она все время недосыпала; а с другой стороны, мы можем догадаться, чем всё это закончится, что ждет Варьку, когда проснутся хозяева. Если ее били за любую малую провинность, то можно предположить, как расправятся с ней теперь хозяева ее жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бердников Г. П. А. П. Чехов. Идейные и творческие искания. 3 изд., дораб. – М. : Художественная литература, 1984. – 511 с.

2 Берковский Н. Я. Чехов: от рассказов и повестей к драматургии. Литература и театр. Статьи разных лет. – М. : Искусство, 1969. – С. 48–182.

3 Бицилли П. М. Творчество Чехова. Опыт стилистического анализа // Годишник на университета св. Климента Охридски. Историко-филологически факултет. – Т. XXXVIII. – София, 1942. – 142 с.

4 Бялый Г. А. Чехов и русский реализм. – Л. : Советский писатель, 1981. – 400 с.

7 Секция. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері
7 Секция. Актуальные проблемы казахского языкознания и литературоведения

ҚАБАНБАЙ БАТЫР ЕСЕБІ ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨПНҰСҚАЛЫЛЫҚ

БАЙБЕКОВ С. Н., ШОРМАҚОВА С. М.,
ӘЗБЕРГЕНОВ Қ., ЕСЖАН М. Н.
Ақпараттық және есептеу интитуты, Алматы қ.

Ұлы Даланың байырғы көне есептері – қазақ халқының ауызша тудырған шығармаларының бірі. Бізге ауызша жеткен көне есептер бірден есеп болып туындамаған. Оның шығуына халықтың тұрмыс тіршілігі, белгілі бір есте қалар ұлағатты да тарихи оқиғалар, халықтың қоғамдық өмірі мен дүниетанулық көзқарастары, халық айналасып отырған кәсіп пен шаруашылық әсер еткен. Есептің алғаш есеп болуынан бұрын, осы есеп негізі болған оқиға алдымен аңыз болып қалыптасуы мүмкін, сол аңыздың негізінде есеп дүниеге келеді.

Есептер ауыз әдебиетінің жанры ретінде алғаш 1966 ж. сөз болған. Ғалым М. Әбжанов «Қазақ халқының жұмбақтары» [1] деген зерттеу еңбегінде есептерді жұмбақтардың бір түрі ретінде қарастырған. Жұмбақ – дедукция және индукция әдістерімен шешілетін математикалық логика есептері екені баршамызға мәлім. Демек, халықтың байырғы көне есептері де - фольклордың өзіндік бір тармағы. Өкінішке қарай, бұл тақырып осы күнге дейін бізде ғана емес, барлық елдерде де зерттелмеген, тіпті зерттелуі басталмаған проблема. Демек, халықтың көне есептерін зертеу және оны бір жүйеге келтіріп, оның ауыз әдебиетіндегі орнын ғылыми түрде анықтау – жаңа ғылыми бағыт деп санаймыз.

Ғалым М.Әбжанов есеп-жұмбақтар деп аталған тарауында бұл жұмбақтардың өте аз дамыған түрі екендігін атап өткен. Сонымен бірге жұмбақ есепті ауызекі шығарудың алғашқы түрі болуы тиіс деген пікір айтқан.

Есеп пен ауыз әдебиетінің арасында байланыстың болуы шарт па, осы керек пе деген сұраққа келетін болсақ, онда келесі мәселелерге көңіл аудару керек:

1) Есептің ауызша айтылуы;

2) Ауыз әдебиетінің белді жанрларының бірі аңыздың негізінде пайда болуы;

3) Бір оқиғаның негізінде бірнеше есептің пайда болуы (көпварианттылық) немесе есептің бірнеше нұсқада айтылуы;

4) Есептің негізгі халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланыста болуы;

5) Ауыз әдебиетіндегі көлемді жанрлардың бірі айтыспен байланысы, яғни есеп шартын айтысқа қосу, мұнда жұмбақ айтысының негізінде есептердің әуенмен айтылуының пайда болуы;

6) Халық айналасып отырған кәсіп пен шаруашылықтың негізінде есеп тууы.

Ауыз әдебиетіндегі басқа жанрлардан байырғы көне есептердің айырмашылығы – оның айтылуы мен шешілуінде. Есеп жалаң санның аясында құралмай қазақи қоғамдағы мәселелерді қамтып, шешімі өмірді, дүниені тану қасиетіне ие болып тұрады. Егер есеп жалаң сандар аясында құрылса, онда ол халық жадында сақталмас еді. Ол баршамызға түсінікті. Ал егер есеп белгілі бір оқиға немесе тарихи жағдай немесе тұлғалармен ұштасып жатса онда ол өміршең болмақ. Сол кезде байырғы көне есеп пен аңыз бір-бірінен бөліп тастауға келмейтін, тұтасқан ой түріне айтылады да, ол терең мағынаға ие болып тұрады. Ой қысқа тұжырымды айтылғанымен, қамтитын мәселесі үлкен, мағынасы кең, ойы терең келеді. Байырғы көне есептер адамды игілікті іске, ақыл-парасатқа, зеректікке ұмтылдырады. Мұның өзі байырғы көне есептердің тарихи шындыққа, қоғамның дамуына сәйкес өркендеп өрісін жаятына көз жеткізуге болады. Адам баласының танымы кеңіп, мәдениеті өскен сайын байырғы есептердің де тақырып ауқымы кеңіп отырған.

Ұлы Даланың байырғы көне есептерінің бәріннен оның шешімін табуды міндеттеумен бірге, сондағы сыр-сипатты ашуға әуестендіру де ескерілгенін айқын көруге болады. Қазақ халқы қай нәрсені болса да мақсатсыз есеп етпейді. Ой ұшқырлығына баули отырып, қоғамдағы тәрбиеге қатысты мәселелерді қамтиды, соны үлгі етіп, содан үйренуді міндеттейді. Байырғы көне есептер фольклордың басқа жанрларына қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты, нақты деректі жанр.

Адамзат тарихының дамуы барысында байырғы көне есептердің қазақ халық ауыз әдебиеті жанрларының бірі болып қалыптасуына ең алдымен рухани құндылықтар мен факторлар негіз болғаны белгілі. Өйткені көне есептер қамтыған тақырыптарға мән бере қарасақ, оған қоғамдық тарихи оқиғалар, белгілі тұлғалар өмірі ықпал етіп отырғандығын байқаймыз. Көне есептердің дамуы адамзат

тарихының дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, есептер өз бойында адамзат қоғамы бастан кешірген тарихи кезеңдердің ізін сақтап отырғандығы заңды құбылыс. Атап өтетін болсақ, Қабанбай Батыр өміріне қатысты аңызға құрылған есептер де заңды құбылыс. Жоғарыда атап көрсеткендей, Қабанбай туралы да алдымен өмірге бірнеше аңыздар келген. Мысалы: Қабанбайдың азан шақырылып қойған аты – Ерасыл. Жас күнінде жабайы қабандарды жайратып ел көзіне түскендіктен «Қабанбай» аталса керек. Кейін осы атқа лайық болғандықтан, яғни ерлігімен көзге түскендіктен «батыр» деген анықтауыш қосылып Қабанбай батыр атанғаны белгілі. Тарихқа сүйенсек, Қабанбай батырдың алғашқы шайқасы 1718 ж., содан кейін, 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына қатысып, Абылай ханның бас батырының біріне айналған. Батыр бас ааяғы 103 жекпе-жекке шығып, өлім дегенннен сескенбей, тіпті қорку дегенді білмейтін «аққөз» батыр. Ол өмірін 103 рет бәйгеге тігіп, бәрінде де жеңімпаз болып, аты аңызға айналған тарихи тұлға [2]. Тарихи деректерде Қабанбай батырдың сырқаттанып қалғанынан хабардар болған Әтеке баласы Қарабек қырғыздың 500 сапбазды қолын басқарып, қазақ еліне жол тартады. Қырғыздың батыры сол сапарында Қабанбайды іздеп шыққанын және Қабанбайдың көзі тірісінде (сырқатын пайдаланып) елін шауып, әкесі Әтекенің өшін алып, кегін қайтаратындығын масаттана айтқан екен.

Қабанбай батыр сырқаттанып жатқанына қарамастан, халықтың қамы үшін орнынан тұрып, Әтеке баласы Қарабекке аулын шаптырмай, онымен жекпе-жекке шығып, қырғыздың батыры қаза болады. Осындай тарихи шындықтың негізінде құрылып «Қабанбай батыр есебі» аталып кеткен аңыз есепке назар аударайық. Есептің өзі де әңгіме ретінде баяндалады. Сонымен есеп шарты:

«Қабанбай батыр қартайған шағына дейін жекпе-жекке шығып және бір-де бір рет жеңіліп көрмеген, теңдесі жоқ ерекше жеңімпаз батыр екені елге әйгілі. Қабанбай 65 жастан асарда жекпе-жекке шығып, жеңімпаз болғанымен ауыр жаралы болады.

Емші-бақсылар оны 12 қанат биіктігі 5 метр киіз үйге жатқызып емдейді. Бірақ жарақат ауыр, күннен күнге батырдың жағдайы төмендей береді.

Бір күні шаңырақтан төмен түсіп келе жатқан өрмекшіні көріп қалған Қабанбай батыр бұны жақсылыққа жорып, жазалып кететін болдым деп үміттенеді. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайтадан жоғары көтеріле бастайды. Оны көріп қалған Қабанбай енді не болар екен деп көңілі құлази бастайды... Біршама уақыттан кейін өрмекші

қайтадан төмен түсе бастайды. Оны көрген Қабанбай тағы да қайтадан үміттене бастайды. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайтадан көтеріле бастайды... Аңғарып қараса сол өрмекші 15 минут сайын 2 метр төменден1, келесі 15 минутта 1 метр жоғарылап, одан кейін қайтадан 15 минут бойы 2 метрге төмендеп, одан қайтадан 15 минут бойы 1 метрге жоғарылайды екен...

Әйтеуір біраз уақыттан кейін өрмекші Қабанбай жатқан төсектің бір шетіне түскенде, Қабанбай: «Бұл Тәңірден келген нышан. Мен жазыламын, жазылды деген осы... Енді маған қайтып жатуға болмайды» – деп ерекше бір қуаныштыда үмітті сеніммен төсектен тұрып кетіпті. Сол тұрғанан төсекке қайтып жатпай қояды да, артынша көп ұзамай жызылып кеткен екен.

Бұған қуанған ел-жұрты, құрбандыққа бір ақбозат шалады да, бұдан кейін батырға енді ешқандай жекпе-жекке шығуға тыйым салады. Сонымен Қабанбайдың соңғы жекпе-жегі осылай аяқталған екен деп аяқталады аңыз...

Сонда өрмекші шаңырақтан қанша уақытта жерге түскен?»

***Жауабы:** 1 сағат 45 минут*

Ұлы Даланың байырғы есептері ерте заманда елден - елге ауызша тарағандықтан, олардың бірнеше нұсқалы болуы заңды құбылыс екенін жоғарыда айтылды. Енді осы Қабанбай батыр есебінің екінші нұсқасын қарастырайық. Бұл нұсқа алғашқы нұсқадан сәл ғана өзгешілікпен айтылады. Дегенменде, екіінші нұсқаны толығымен келтірейік:

«Қабанбай батыр қартайған шағына дейін жекпе-жекке шығып және бір-де бір рет жеңіліп көрмеген, теңдесі жоқ ерекше жеңімпаз батыр екені елге әйгілі. Қабанбай 65 жастан асарда жекпе-жекке шығып, жеңімпаз болғанымен қатты әрі ауыр жаралы болады.

Емші-бақсылар оны 12 қанат киіз үйге жатқызып емдейді. Бірақ жарақат ауыр, күннен күнге батырдың жағдайы төмендей береді.

Бір күні шаңырақтан төмен түсіп келе жатқан өрмекшіні көріп қалған Қабанбай батыр бұны жақсылыққа жорып, жазалып кететін болдым деп үміттенеді. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайтадан жоғары көтеріле бастайды. Оны көріп қалған Қабанбай енді не болар екен деп көңілі құлази бастайды... Біршама уақыттан кейін өрмекші қайтадан төмен түсе бастайды. Оны көрген Қабанбай тағы да қайтадан үміттене бастайды. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші

1 Бұл есептің айтылу шартында «өрмекші сүт пісірім уақытта 1 құлаш төмендеп, келесі сүт пісірім уақытта жарты құлаш жоғарылап...» деген мәтінде айтылады. Дегенменде, қазіргі заман оқырманына түсінікті болу үшін біз уақыт бен ұзындық өлшемдерін «минут» және «метр» деп алдық.

қайтадан көтеріле бастайды... Аңғарып қараса сол өрмекші 15 минут сайын 2 метр төменден, келесі 15 минутта 1 метр жоғарылап, одан кейін қайтадан 15 минут бойы 2 метрге төмендеп, одан қайтадан 15 минут бойы 1 метрге жоғарылайды екен...

Әйтеуір 1 сағат 45 минут өткенде өрмекші Қабанбай жатқан төсектің бір шетіне түскенде, Қабанбай: «Бұл Тәңірден келген нышан. Мен жазыламын, жазылды деген осы... Енді маған қайтып жатуға болмайды» – деп ерекше бір қуаныштыда үмітті сеніммен төсектен тұрып кетіпті. Сол тұрғанан төсекке қайтып жатпай қояды да, артынша көп ұзамай жызылып кеткен екен.

Бұған қуанған ел-жұрты, құрбандыққа бір ақбозат шалады да, бұдан кейін батырға енді ешқандай жекпе-жекке шығуға тыйым салады. Сонымен Қабанбайдың соңғы жекпе-жегі осылай аяқталған екен деп аяқталады аңыз...

Сонда шыңырақтың бйіктігі қанша метр болған?»

***Жауабы:** 5 метр.*

Есептің есептің екінші нұсқасында үй биіктігін есептің шешімі ретінде жасырылса, бірінші нұсқада биіктігі белгілі үйден өрмекшінің жерге түсу уақыты жасырылады.

Осы екі нұсқаның қайсысы бірінші пайда болғаны ғылыми дәлелденуге тұрарлық мәселе.

Біздің ойымызша осы есептің бірінші нұсқасы өмірге бірінші болып келген. Себебі есеп шарты бойынша Қабанбай батырдың бүкіл ішкі психологиялық сезімі алдымен өрмекші жерге қашан түседі, тіпті түсер ме екен деген мәселеге көңіл аударғаны анық айтылып тұр. Қабанбайдың есіл-дерті үйдің биіктігі емес, өрмекшінің қашан жерге түсуінде... Оның жоруылдауынша – өрмекші жерге түссе, ол өзін-өзі жазылып кетемін деп сендіруінде... Демек, есептің үй биіктігі туралы нұсқасы, ол бірінші нұсқадан кейін пайда болған туынды нұсқа...

Дегенмен көпнұсқалылық ауыз әдебиетіне тән, яғни Ұлы Даланың ауызша тараған байырғы есептеріне де жат дүние емес. Әрбір есептің белгілі бір оқиғаға байланысты бірнеше нұсқада айтылуы заңдылық. Осы екі есептің тақырыбы, мазмұны, оқиға желісі, кейіпкері де бір. Дегенмен оның шешімінде өзгешелік бар, бұл ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Мұндай көпнұсқалықтың болуы есептердің ауызша шығарылып, халық арасында ауызша тарауына байланысты. Мәселен, есептің алғашқы нұсқасы көпшілік ортада айтылады делік, сонда сол ортадағы құймақұлақ жастардың бірі оны екінші бір жиында айтады. Ол жерде логикаға мықты, зерек

тыңдарманның бірі оқиғаны ұғып алып, сол оқиғаның желісімен есептің шартын өзгертіп айтуы мүмкін.

Белгілі бір оқиғаға құрылған есептің сол қалпында өзгермей шексіз қайталануы және сол күйінде жатталынып қалуы мүмкін емес. Сондықтан есеп құрылысы мен шешімінің өзгеріп отырылуы заңды құбылыс. Есептің көпнұсқалығы тыңдарманды жан-жақты ойлауға жетелейді және дағдыландырады әрі тәрбиелейді. Осылайша Ұлы Даланың байырғы есептерінің көпнұсқалығы өмірге келеді.

Яғни есептің тағы бір түрі, екінші нұсқасының пайда болуы – ол сол есептің халыққа ұғымды әрі жағымды болуының, былайша айтқанда, халық ойынан дәл шыққындығының көрсеткіші.

Біз сөз етіп отырған есептердің өзіндік ерекшелігі - зерек ойлау мен көркем сөздің озық үлгісі іспеттес. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Халық басынан өткен оқиғаларды көркем сөзбен аңыз етіп айтады. Аңыздың негізінде есептер пайда болады. Сонда қазақтың байырғы есептерінің тарихилығы жағынан авторлық сипаты бар кез-келген туындыдан анағұрлым шыншыл, әсерлі де көркем. Сол аңыздарға қарап халықтың әдет-ғұрпын, наным-сенімін, ой-санасын дәл танып білуге болады.

Мысалы, қазақ халқының сенімінде шаңырақтан өрмекші түссе үйге береке келеді, көптен күткен сыйлы қонақ келеді, шынайы үміттенген тілегі орындалады деген сенім бар. Яғни, халық ұғымы бойынша өрмекшінің шаңырақтан түсуі - жоғарыдан келген белгі. Көк Тәңір белгіні өрмекші арқылы көрсетіп отыр деген тарихы мен тамыры өте тереңде жатқан ұғым. Бұл ұғымның одан сайын халық жадында тұрақты орын алып, ерекше сенімге айналуына кейінгі ислам заманында пайда болған келесі аңыз әсер етсе керек. Бұл аңыз бойынша «Мұхаммед пайғамбар сахабасы Әбубәкірмен дұшпандарынан қашып келе жатып, құтыла алмасына көзі жетіп, әбден шаршаған соң, таудағы бір үңгірге жансауғалайды. Құдайдың құдіретімен сол үңгірдің аузына, бұлар кіріп кеткен соң, өрмекші өрмек тоқып тастайды. Артынша келген қуғыншылар тау-тасты ары-бері түгелдей қарап таппай қалады. Үңгірдің аузындағы торды көріп, мұнда ешкімнің кірмегеніне сенімді болып қайтып кетеді» [3].

Демек, Ұлы Далада, атап айтсақ қазақ халқында өрмекші туралы жақсы пікір мен ұғымның тұрақты қалыптасып, одан сайын шынайы наным-сенімге айналуына осы қасиетті де мағаналы оқиға да зор әсер еткені күдік тудырмайды.

Міне Қабанбай батыр да жанталасып жатқан кезінде шаңырақтан түсіп келе жатқан өрмекшіні «Бұл Көк Тәңірден

келген нышан» деп қабылдап, орнынан тұрып кетуі халық арасында осындай әдемі қалыптасқан нану мен сенімнің санадағы тұрақтылығы мен шышайлығы.

Қабанбай батыр туралы бұл аңызды естіп отырып «ойпырмай тезірек жазылып, төсектен тұрып кетсе», – деп тілеулес болып отырғандарға мына өрмекші жерге қашан түседі деген ой олардың санасына кіріп кететіні белгілі. Себебі аңыздағы өрмекші жерге түскенде Қабанбай жазылып кететініне осы аңызды тыңдап отырған тыңдарманның да сенімі мол. Сол себепті ол өрмекшінің жерге түскенін шын пейілімен күтеді. (Өрмекші қазір түсіп келе жатқандай). Сонда өрмекші қанша уақытта жерге түседі? Міне аңыз табан астында есепке айналды. Үйдің биіктігі 5 метр, әр 15 минут сайын өрмекші төмен түсіп - жоғары көтеріледі ... Қанша уақытта жерге түседі... бұл алғашқы нұсқа болса керек.

Ал келесі нұсқа алғашқы нұсқаның негізінде тыңдарманды алғырлыққа баулып, зеректігін жан-жақты ұштау мақсатында айтылса керек.Үйдің биіктігі 5 метр екендігі айтылмай, «өрмекші әрбір 15 минут сайын өрмекші төмен түсіп - жоғары көтеріледі де қайтадан төмен түседі ...», – дегенді тыңдап отырған алғашқы нұсқадан хабары бар тыңдарман жауабы белгілі есеп қой деп отырғанда, есептің шарты табан астында өзгеріп, тың жауапты қажет етеді. Яғни есептің екінші нұсқасы пайда болады. Міне осылай, Ұлы Дала халқы өзінің ойлағанын, түйгенін, өмірден көргенін есеп арқылы кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге етіп қалдырған.

Қазақ ауыз әдебиетінің тарихында Ұлы Даланың байырғы көне есептерінің көпнұсқалылығының атқаратын қызметі – халықты зеректікке, ақылмен шешім шығаруға баулу. Адамзат тарихының даму барысы өзгерген сайын есептердің де қамтитын тақырыптары өзгеріп, жаңғырып, мазмұны мен идеясы, жаңа қоғамға сай қалыптасады. Есептер әдетте екі бөлімнен: біріншісі – шарты болса, екіншісі – шешуі жолы мен әдістері. Бұл екеуі бір-бірімен ажырамас серіктер. Бірінсіз – бірі болмайды. Шарты жоқ есептің шешуі болмайды. Шарттың міндетті түрде шешуі болуы қажет. Бұл екеуі бірін-бірі толықтырып тұрады. Есептердің шарты мен шешуі қосарлана бір тұтас болып қатарлана ажыраспас күйінде біріге өмір сүреді. Шешуі жоқ есеп, тақырыбы ашылмаған шығарма тәріздес. Ал көпнұсқалы есеп, бір тақырыптың әр түрлі идеямен (жауабы бөлек) ашылатын шығарма. Бұл – Ұлы Даланың байырғы көне есептерінің өзіндік ерекшелігі.

Байырғы көне есептердің көпнұсқалылығы – ғасырлар бойы жинақталған, түйінделген ойдың, адамның қоғамдағы тәжірибесінің жиынтығы.

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Оқу және Білім министрлігі Білім комитетінің «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері» атты ғылымды дамытудың басым бағытының Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде № BR05236075 ***«Ұлы Даланың байырғы көне есептерін қазақ халқының қасиетті рухани мұрасы және фольклорлық құндылығы ретінде зерттеу, талдау және жаңа жүйеге келтіру»*** атты ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары – Алматы : Мектеп, 1966. – 66 б.

2 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы : Алматыкітап, 2008. – 102 б.

3 Хазреті Мұхаммед алейһиссаламның өмірі. – Алматы-Қазақстан: 2012. – 548 б.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

БАЙХАН Ә.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚАДЫРОВА Б. М.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде модаль сөздер кең қолданыста. Модаль сөздердің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қалай жұмсалатынын, модаль сөздерді жұмсаудағы үш тіл арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеу маңызды.

Қазақ *тілінде бар, жоқ, керек, көп, аз, әрине, бәсе, мүмкін, бәлки, әлбетте, қажет* деген сияқты сөздер бар. Бұл сөздер сан жағынан аз болғанымен, мағынасы мен қызметі жағынан ерекше деп айтуға болады. Олар осы ерекшеліктеріне қарай негізгі сөздер мен көмекші сөздердің аралығында тұратын өз алдына бір категория модаль сөздер деп аталады. Модаль сөздер адамның өзі айтпақшы болып отырған ойына қалай қарайтынын, көзқарасын, қандай пікірі барлығын

білдіреді. Мысалы: *терезені ашу керек, терезені ашу қажет деген сөйлемдердегі керек, қажет* сөздері арқылы сөйлеген адам терезені ашудың *керек, қажет* екендігін айтып, өзінше пікір түйеді, бірақ не ашылады деп хабарламайды не аш деп бұйырмайды [1, 408].

Модаль термині латынның «шама», «тәсіл», «көрініс» деген модальдық деген мағынаны білдіреді. Модальділік пікірдің субьектісі мен обьектісі арасындағы байланыстың сипаты, яғни пікірлер. Пікірлерді модальділігіне қарай бөлуді тұңғыш рет Аристотель айтқан екен [2, 227].

Модальділік әрбір тілдің өзінің құрылымдық ерекшелігіне, ішкі даму заңына сәйкес түрлі тіл құралдары арқылы беріледі. Кей зерттеулерде модаль сөздердің даму жолдары барлық тілдерде біркелкі емес, сондықтан бұлардың сандық көлемі де, жалпы табиғаты да түркі тілдерінде әлі нақтыланбағандығы айтылады [2, 410].

Модаль сөздердің саны тілде аса көп болмаса да, атқаратын қызметі зор, әрі маңызды. Олар айтылатын пікірдің ыңғайына қарай қолданылады да, сөйлемнің экспрессивті әсерін күшейтеді. Осыған байланысты модаль сөзддердің құрамы мен мағынасы да түрліше болады.

Қазақ тіліндегі модальдік мағынаның модаль сөздер арқылы берілуіне қатысты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған Е. Н. Жанпейісов қазақ тілінде модальділік мағынаны білдіруде қолданылатын тілдік құралдар ретінде етістік райларын, интонация қыстырма сөздерді, модаль сөздер мен кейбір модаль демеуліктерін жатқызады. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық белгілері, қалыптасу көздері, семантикалық сипаты мен қолданылу ерекшеліктерін жаңадан шыққан грамматикада толық баяндайды [3, 580].

Модаль сөздер көмекші сөздер табына жататын морфологиялық категория ретінде, басқа көмекші сөздер сияқты, толық мағыналы дербес сөздерден өзінің ұзақ лексика-грамматикалық даму процесінде бастапқы мағынасынан біржола ажыраған сөздер болғандықтан, жеке тұрғанда модаль сөздер толық лесикалық мағынаны білдірмейді.

Модаль сөздер қазақ тілінде негізінен көмекші сөздер тобына кіреді. Ол сөйлеуші субьектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасын айқындайды. Модаль сөздер өз алдарына бір бөлек, арнайы бір лексика-семантикалық, грамматикалық топ ретінде сараланып шығу, даму жолдары тілдерде біркелкі емес. Олар, мысалы, орыс тілінде тек сына (вставные) сөйлемдердің ғана емес, сонымен қатар үстеулер мен ықшамдалған сөйлемдер негізінде де дамып, дараланып шыққан. Ал олар түркі тілдерінің көпшілігінде

негізінен Кеңес дәуірінде жазба әдеби тілдің қарқынды дамуымен байланысты дербес көмекші сөздер табы болып қалыптаса бастаған. Жалпы модальділік, модаль сөздер табиғаты әсіресе осы тілдерде әлі нақтылы танылып болған жоқ. Бұл лексемалардың сандық көлемі оларда сондықтан да қазір әр түрлі болып келеді [4, 590].

Қазақ тіліндегі модаль сөздер мағынысы жағынан төмендегідей топтарға бөлінеді:

1 Сенімділікті білдіретін сөздер: әрине, әлпетте.

2 Болжалдылықты немесе мүмкінділікті білдіретін сөздер: сияқты, сықылды, секілді, сықатты, сияқатты, әлпетті, сыңайлы, сынды, тәрізді, іспетті, мүмкін, ықтимал, шамасы, сықы, тәрізі, аңғары, әлпеті, туасы, түрі, жобасы, сыңайы, расында, әлпетте, бәлкі, бәлки, бәлкім, шығар, болар, зайыр, тайлас, меңзес, зәліттес, көрінеді,білем, дейді т.б. жатады.

3 Қажеттілік пен міндеттілікті білдіретін сөздер: қажет, керек, тиіс, лазым.

Модаль сөздерге көркем шығармалардан көптеп мысалдар келтіруге болады. Себебі модаль сөздер лексика-грамматикалық белгілеріне қарай семантикалық сипаты жағынан сөйлеушінің пікірін білдіруде әр түрлі сөз таптарынан грамматикалану арқылы жасалынған сөздер болғандықтан, модаль сөздердің бірқатары сөйлемдегі синтаксистік қызметі мен байланысы жағынан қыстырма сөз ретінде келіп, мағына жағынан айтылған хабар жөнінде сөйлеушінің түрлі пікірін білдіреді. Көркем шығарма кейіпкер тілі мен автор тілінен тұратыны белгілі. Суреттеліп отырған оқиғаға олардың әрқайсысының өзіндік көзқарасы бар, түрліше пікірлері бар. Сондықтан көркем шығармада модаль сөздердің жиі қолданылатыны заңдылық.

Модальділіктің қызметі сөйлеушінің қимыл-әрекетке көзқарасын білдіруімен байланысты. Қимылға деген субъектінің көзқарасы түрлі болуы заңды. Осымен байланысты модальдік құрылымдардың мағынасы да түрліше болып келеді. Мысалы:

Аралықты белге соққандай бір дағдарыста қалған сияқты (М. Әуезов).

Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек (Абай).

Қалайда көңілін бір нәрсемен демеу керек (Қ. Жұмаділов).

Келтірілген бірінші сөйлемде -ған сияқты болжалды білдіріп тұр. Екінші сөйлемде -мек керек құрылымы кеңес беру реңкіндегі міндеттілік мағынасын білдіреді. Үшінші сөйлемдегі -у керек құрылымы қажеттілік реңкті міндеттілік мағынасын білдіреді. Бұл

мысалдардан көркем шығармалардағы модальділіктің мағыналық құрамының кең екендігін көруге болады.

Зерттеу еңбектерінде көркем әдебиет стиліндегі модаль сөздердің бірнеше тобы аталады. Олар:

1 Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер.

2 Болжал мәнді модаль сөздер.

3 Мүмкінділік мағына білдіретін модаль сөздер.

4 Қостау, растау мәнді модаль сөздер.

5 Қалау, тілек мәнді модаль сөздер.

6 Күмән, күдік мәнді модаль сөздер.

Қорыта келгенде, стилистикада модаль сөздердің алатын орны, өзіндік ерекшеліктері бар. Негізінен модаль сөздер сөйлем мазмұнынан сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіреді, семантикалық сипат береді. Олар сан жағынан көп болмаса да олардың әрқайсысының қолданылу орны әр бөлек. Сөйлемге өзіндік стильдік реңк беретін модаль сөздердің модальділік мәні әрқилы болып келеді.

Орыс тіліндегі көркем шығармаларда да модаль сөздер сөз тіркестері мен қыстырма сөз ретінде келеді. Мәселен, *Безусловно, он не был вполне нормален в эту минуту* (Кав.). *Быть может, я тебе не нужен, Ночь, из пучины мировой, как раковина из жемчужин, Я выброшен на берег твой* (Манд.).

Қостау, растау мәнді стильдік қызмет атқаратын модаль сөздер: *Конечно, различны поэтов сорта (Маяк.); У старших на это свои есть резоны. есспорно, бесспорно смешон твой резон, Что в грозу лиловые глаза и газоны И пахнет сырой резедой горизонт* (Паст.);

Модаль сөздер-ағылшын тілінде сөйлеушінің айтылған хабардың мазмұнына деген қатынасын білдіру үшін қолданылатын өзгермейтін сөздер қатары болып табылады. Модаль сөздер сөйлем мүшесі бола алмайды және олар көбінесе интонациялық түрде ерекшеленген компаненттер түрінде ғана қолданылады.

Мағынасы жағынан ағылшын тіліндегі модаль сөздер осындай топтарға бөлінеді:

1 Сенімділікті білдіретін сөздер: *certainly, surely, assuredly, of course, no doubt, apparently, undoubtedly*.

2 Болжалдылықты білдіретін сөздер: *perhaps, maybe, possibly, probably, etc*.

3 Сөйлеушінің істің қалайтынын немесе қаламайтынын білдіретін сөздер: *happily, unhappily, luckily, unluckily, fortunately, unfortunately*.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ф. Ш. Оразбаева, Г. Сағидолла, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамади, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. Изд-во Принтс.: Алматы, 2005, – 534 б.

2 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері.

3 Жанпейісов Е. Н. Модальные слова в современном казахском языке: автореф. ... канд.филол. наук. – Алматы, 1958. – 18 с.

4 Қазақ грамматикасы. – Энциклопедия. Астана. 2002. – 783.

5 Беляева Е. И. Функционально-семантические поля модальности английском и русском языкахю –Воронежс. Универ-та, 1985. – 180 с.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚОҒАМ КЕЛБЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

БЕЙСЕНҚЫЗЫ А.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.
КУЛАХМЕТОВА М. С.
ф.ғ.к., профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Поэзия – адамның ішкі сезімінің тіл жетпес тылсымында жатқан әсем әлемі. Жеке адамның ешкімге айтпас құпия да қастерлі ішкі сыры. Поэзия тек қана ішкі дүние ғана емес, адам жанының алаулаған алтын жалыны. Поэзия – тарихтан да, тіпті философиядан да жоғары екенін бағзы заманнан-ақ ұлы Аристотель айтып бергені мәлім. Поэзия – әлемнің жыршысы, ақылдың айнасы, халық мұңы, өнердің шыңы. Бағзы заманда да, қазіргі кезеңде де ол осы өрістен тайған емес.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиетіне, соның ішінде қазақ поэзиясына тыңнан түрен салып бір топ таланты ақындар легі келген болатын. Поэтикалық тілі өз қатарлас-қаламдастары арасында айқын өзгешелік танытатын өкілдері қатарына: Есенғали Раушанов, Ұлықбек Есдәулет, Н. Айтұлы, Жәркен Бөдеш сынды қалам ұстап жүрген ақындар. Олар – қазіргі қазақ поэзиясында өздерінің ақындық тұлғаларын қалыптастырып, оқырман қауым мен әдеби жұртшылыққа танылған, әбден мойындалған шығармашылық өкілдерінің белді буыны, әдеби процестің бүгінгі кезеңнің салыстырылмалы түрде орта буыны. Сондықтан олардың шығармашылығы тұтасымен, сондай-ақ, әдеби процессін арнайы зерттеуді қажет етеді. Және олардың шығармашылықтары аталмыш

буынның ең талантты, жаңашыл өкілдерінің қолтаңбасы ретінде қазіргі қазақ поэзиясының даму, өркендеу дәрежесінің көрсеткіші бола алатындай жоғары деңгейдегі поэзия болып табылады.

Қазақ сөз өнерінің даму тарихындағы тәуелсіздік кезең әдебиеті атты жаңа шығармашылық уақытта қазақ поэзиясы жаңашылдықпен дәстүр байытқан, дара поэтикалық туындылармен өріс кеңітті.

Мәтінді ұлттық тұғырлармен әсерлеу; ежелгі жыр-толғаулардағы түп негіз, дәстүрлі поэтикалық нысандарды жаңа дәуірдің мазмұнына ұтымды сіңіріп ұқсату үрдісіне эпикалық үлгі мен лирикалық нақыштар үйлесімінің жатық орнығуы, т.б суреткерлік бағыттары жаңа көркемдік дәуір поэзиясына нәр құйды, қуат қосты.

Қазақ поэзиясының алдыңғы буын өкілдері де, кейінгі толқыны да заманалар ақиқатын, ұлт тағдырына құбылыс болып енген, ғасырларды көктей өтіп аман жеткен. Бостандықтың бас айналдырар бақытын, ендігі уақыттың, азамат ердің баласы көтерер замана жүгін өлеңге дарытуға асықты. Неден де болсын сескенбей, қалпын түзей бастаған халқының ежелгі ғұмыр ғұрпын, ұлтжанды рухын Тәуелсіздік тарихымен тоғыстыра, жарыса жырлады. Ақындар арғы замандарды, аруақты бабалар тағылымын, бодандықтың азапты сапарларын, бүгінгі уақыттың болмысын оның әлі жазылып бітпеген жүрек жарақаттарымен, жан қуантқан тарихи жерлерімен тұтас сезінді. Қазақ өлеңінің мейлінше дәстүр байытқан, жаңашыл өрістер ашқан өнімді кезеңі де осы жылдар болды.Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы ұлттық болмыстың түп қайнарларын сезінудегі көркемдік тапқырлығымен, сыршыл саздарымен, әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді. Өткен дәуірлердің поэтикалық шежіресін жасау салтқа еніп, қазіргі заманның тарихи жырлары жазыла бастады. Қазақтың көрнекті ақыны Жарасқан Әбдірашұлы елдік мұрат күрескерлері – XX ғасыр басындағы алаш азаматтарының рухына бағыштаған тағзым жырлардан тұратын көркемдік құрылымы бөлек «Құлпытас» кітабын жазды.

Ақын абырой жүгі, ар тазалығы, кісілік мінез, қымбат адамдар, өмір ағыстары туралы толғанды. Артық туған жандардың дара мінез болмыстарын аялады. Ж. Әбдіраш – қазақ поэзиясын таза поэтикалық бітімдегі текті, рухты жырларымен байытты.

ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері Ұ. Есдәулетұлының отаншылдық, елдік мұраттармен суарылған сыршыл да намысты өлеңдер жинағы «Киіз кітап» қазақ лирикасының қазіргі заманғы көркемдік әлеуетін көтере түскен рухани олжа есебінде бағаланды. «Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шалса

да, кеудеңе үміт гүлін егіп, жігеріңе жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубеңе келтіретін парасатты жырларға толы».

Жайық үшін жан бергендер,
Еділ үшін егесін.
Қиғаш үшін қырылғандар –
Қазір бір-бір төбешік...
Басын иіп өтуі керек
Уақыт өзі бұл жерден
Тағзым етіп тұруы керек келген қоғам төресін.

Ұ. Есдәулетұлының «Киіз кітабындағы», «Күріш», «Жаралы Барақ батыр». «Қобда», «Исатай батыр қабірі». «Ұлытау», «Құрбандық», «Қобыз үні», «Қарой, Махамбет», «Алматы, Желтоқсан» толғауларынан түзілген «Қара шаңырақ, Иманнұр» топтамасы атамекенді ардақты тұлғалаларымен аялайды. Ақындық «Меннің» алдаусыз рас болмысынан қайнап шығатын бейнелі тілмен жасанған өлеңнің көркемдік кернеуі поэзияның бәсін көтере түседі.

Қара Қобда қан сасыды,
Көбін шашып қан ақты.
Қан кірпігін әрең ашып,
Қанды көзбен таң атты.
Қапияда қырғын, тапқан қобыландар жанарын
Қарға шұқып,
Қорқаулар мен қара шыбын талапты.

Аса шынайы, жаны жұмсақ, кішіпейіл өлеңдерімен әдеби кеңістікке ерте, еркін кірген Ұлықбек ақын Тәуелсіздік жылдары өлеңін өткерлік дарыған, әлеуметшілдігі айқын тың бағыттарымен байытты. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Н. Айтұлының жүздеген жылдарға кеткен Азаттық жорығын, бостандықтың арман, арпалыспен қолға түскен бағалы, кәделі жолын дәстүрлі эпикалық баяндау, аңыздау, тарихи жырлар үлгісінде толғаған дастандары тәуелсіздік кезең поэзиясының көркемдік даму бағыттарында өзінді мәңге ие болды. «Осы Тәуелсіздік идеясы тоғыз дастанға ортақ желі тартқан бұл жинақ – «Тоғыз тараудан» тұратын « Тәуелсіздік дастан» атты эпикалық роман ретінде әсер қалдырады»

Біздің уақытымыздың рухы тұнған «Бәйтерек» поэмасында ақын Астана туралы толғанады. Астана – тәуелсіздік құрбандарына мәңгілік ескерткіш. Астананың күн санап бой түзеп, қазіргі заманғы сәулетті шаһарға айналып келе жатуы тұтас елдіктің тұғыры.

Жоңқілген бостандықтың көші қандай,
Сарқылған құрдым қайта тасығандай!

Көзінен келгендердің қамсынады,
Жыртығын жүдеу қала жасырғандай.

Бұл – 1997 жыл. Ақын болашаққа болжам айтады. Сол болжам ертедегідей шындыққа айналды.

Уаққа емес, қаратып дүниені,
Астана шыттай жаңа киінеді.
Қазақтың көсемінің алдына кеп,
Тәкаппар талай бастар иіледі!

Ата тарихты ілгерідегі бабалар дәстүрі машығанда өлеңмен ашып, шежіре, шешен сөзгу ұйыта баяндауды жаңғырту бағытын мығым ұстанған ақынның «Бас сүйектер», «Төлегетай», «Жалаң төс», «Сардар», «Бердіқожа», «Ақмола шайқасы», «Желтоқсан – Мұқағали», «Ерлік пен тектілік», «Ту», «Тоғыз тарау», «Ерліктің ескерткіші» т.б. поэмаларындағы эпикалық екпін, есілген сөз оралымдарының поэтикалық салмағы құнарлы мазмұнға көркемдік маңыз қосты. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Е. Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы Тәуелсіздік тұғырлары бостандығы эпикалық толғамның озық үлгілерінің бірі. Ежелгі дәуірден бергі өзекті күйді – халық пен билік баянын Есенғали ақын жаңа уақыттың ең жауапты құбылысы мәнінде ақындық үрдіске батыл енгізді. Діни ұстаным, дүниетаным бағытында да Алланың пәрмені ұзақ адасуда жүрген адам баласының шектеулі тағдырын үздік көркемдеу тәсілдерінде тәпсірлеген Есенғали Раушанов әлем әдебиетіндегі шығарма бітімін Ұлы Мәнмен нәрлендірудің ежелгі озық арқауын қазақы пайымға қайта сіңіру бағытындағы қапысыз суреткерлерік әлеуметін байқатты. Поэмада көркем әдіптелген тұспал, астарлаудың озық үлгілері ұдайы назарға ілініп отырады. Адамзат тарихымен қатар жасап келе жатқан көне де жасаң поэзиясының аспан асты, жер үстің ұйытқан сырлы сазы құлақтан кетпей, дауалы күйімен әлдилейді. Е. Раушановтың дүниенің ұлы қисындарын сезіндіру машығы ақындық алқапты еркін шарлау рахатын сыйлайды. Әр сөз, әр тармақ, әр шуақта тұнған шыншылдықтың сәулесі мен нәрленген поэтикалық мән ұлан – асыр көркемдік әсерге бөлейді. Ежелгі эпостың оралмды, ой жетегін үзбей есіліп жататың жатық баяндау үлгісі шығармашылық ұтымдылықпен дамытылған поэмада кейіпкерлер ой текетіресі әрекет аталы сөз ауқымында авторлық, азаматтық ұстаныммен астаса дараланып, тұлғаланады.

Ақын ұлттық төлтума өнер айтыс өлеңнің қатты айтуға, ашшы айтуға, бетке айтуға жөн беретін жанырлық мүмкіндігін ұтымды қолданған. Мұхаммет пайғамбар, Күлтегін, Жігіт-қаған, ақын қыз Ғайша, мәнгілік ергежейлі жырлардың, заман, қоғам бейнесі

тұлғаланған дастанның құрылым, тіл, обрыз ашудағы, табиғаты түйсіндірудегі шебер өрімі, автордың ой-азаттығы, көркемдеу кеңістігіндегі шығармашылық еркіндік үйлесімі қазіргі қазақ поэзиясының озық бағыттарын поэтикалық әлеуетін танытады. Осы кезеңдегі поэма жанырының тақырып аясы, эпикалық құлаш-қарымы Жәркен Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі», «Генерал Жохар Дудаль», «Исатайдың баласы», «Жалғыз», «Бостандықтын басы», «Қарауыл төбе», т.б. поэмаларында өзіндік көркемдік алымда көрініс беріп отырады. «Жолаушы» поэмасында күнкөріс қамымен шетке кеткен, толған соң Елді ұмытқан ұлдың айтқанға көнбес құлқын иіткен күй құдіреті, ұлттық рух қуаты жайлы айтылады. Асқар Егеубайдың түркі әдебиетін зертеу бағытында нақтылы тарихи деректер қозғау салған «Шу батыр», «Мыс шаһар», «Кала салған қазақтар» егіз дастаны сынды туындылары эпикалық жаңырдың көркемдік өрісін кеңіте түсті. ҚР Мемлекеттік халықтық, ұлтық мұраттар, биік адамгершілік ұстанымдар арқау болған сыншыл философиялық толғамдары тәуелсіздік дәіріндегі поэзияның даму, қалыптасу бағыттарындағы жеке шығармашылық тұлға әлеуетін айқындай түскен сыршыл лириканың озық үлгілері есебінде танылып, бағаланды. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Иранбек Оразбаевтың Абай дәстүріндегі өлең үлгілері ақынның қоғам, адам болмысындағы жан қызылын, пәнсапалық ойларын көркемдік шешімге тартуындағы әсерлі бейнелілік дарытқан, ұтымды, жатық тәсілдердің бірі болып орныкты. Мінезді өлеңдердің көркемдік – стильдік дара сипатын айқындай түсті.

Мен де –
Бетті бастым,
Мен де –
Тұра қаштым
Көбігімен жудым кір –
Көзден аққан жастың...

Ақын нарық заманының ауыртпалықтарын сезінеді, жаһандану дәуіріндегі халықтың керенау, байғамдау қалпына аландайды, күйіп күйзеледі. Оның поэиясындағы өткір сыншылдық қалғымайтын қырағы азаматтық ұстаным, жаңа үлгілер, өзіндік поэтикалық кеңістік қазіргі қазақ өлеңінің мәнді көркемдік нышандарына айналды.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі, ел мінезіне күйіну, күйзелу, аландау сарыны белгілі ақын Исраил Сапарбайдың «Рухнама» жыр жинағында да айқын «Тайқазан», «Қазақта жаңаша таныстыру», «Менталитет», «Жаһандану жаңғырығы», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Менің әлемім», «Отырар ойлары», «Біздің қоғам» толғамдары –

қаламым құрғатпай замана күйіне алаңдап отырған ақынның қалпын қапысыз сезіндіреді.

Әдет шіркін қала ма, қанға сіңген?
Әлі күнге келеді арбасумен.
Жалқаулығын қайтерсің ала бөтен
Алтын басып жатқандай жанбасымен!

Тәуелсіздегі кезеңіндегі поэзия XX ғасырдың адамзатқа жасаған асқан «сыйы» – атом апаты тұрғысында елеулі ойлар толғады.

Қазақ жеріндегі қырық жылғы жарылыстың бақ үркіткен бейдауы опаты азаматтық лирикада ширыққан екпінді желі түзді. «Тәуелсіздік кезеңі лириксының үлкен жолы ұлтым десе ішкен асын жерге қоятын азат қазақтың бейнесін сомдаудан басталды... «Бұлбұл құс зымыстан көрмей, гүлістан қадірін білмес» деген бұрынғылардан қалған сөз бар. Қазіргі лириканың кейіпкері тоталитарлық зымыстаннан шықты. Ол енді өзінің тарихи рөліне қаныққ. Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қояды. Тапшылдығын ұмытты. Кейіпкер қасиетінің іріленуіне қарай поэзия сыпаты түбірінен өзгерді. Әлеуметтік, таптық поэзия ұлттық поэзияға айналды. Бұл – басты өзгешелік.[1, 224]. (Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы: Алатау, 2006. – 352 б.)

Тәуелсіздік жылдары қазақ лирикасы шыншылдық сәулесімен қуаттанған ішкі мазмұнға тұнған дүние құбылыстарын сезіндіру тәсілдеріндегі тосын шеберлік алымдармен құнарланды. Адамның әр қилы күйзеліс, жадаған сәттері, арғы түкпіріндегі жан қаяуында әрдайым ортақ болып отыру – ақындық болмыстың әлімсақтан бергі адамсүйгіштік артықшылығы. Қазіргі кезең ақындарының шығармашылығындағы жаңа көркемдеу тәсілдері бұл дәуір поэзиясының танымдық, түйсіну, сөздің шексіз бейнелеу мүмкіндіктерін кәдеге жарату бағытындағы елеулі көркемдік жаңғыруын танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы : Алатау, 2006. – 352 б.

2 Медетбек Т. Тағдырлы жылдар жырлары. – Алматы : Атамұра, 1999. – 152 б.

3 Шапай Т. Шын жүрек, бір жүрек: эссе, әдеби сын, зерттеу. – Алматы : Жазушы, 2000. – 256 б.

4 Жарасқан Ә. Құлыптас. – Алматы: Атамұра, 2001. – 360 б.

5 Сарбалаұлы Б. Бес мүшел: әдеби эссе, сын мақалалар. Т. 2. – Алматы : АнАрыс, 2009. 320 б.

6 Раушанов Е. Шындықты ту еткен махаббат. // Ана тілі, № 27. – 2003.

7 Бауыржан Ж. Арманда кеткен есіл ақын. // Қазақ әдебиеті. – № 33(3301). – 2012. – 10 б.

8 Әбдіраш Ж. Құлыптас. – Алматы: Арда 2007. 15 б.

9 Есдәулет Ұ. Киіз кітап. – Астана : Ролиант, 2012. – 21 б.

10 Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы : Жазушы. 2011. – 57 б.

Г. Н. ПОТАНИННІҢ ФОЛЬКЛОРДЫ ЖАРИЯЛАУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
БЕКЕНОВ А. М.
магистр, мұғалім, № 1 Успен ЖОББМ, Павлодар қ.

XIX ғасырдағы әр түрлі баспасөздердің негізгі мақсаттары: білімнің әлі де болса аз зерттелген саласы – фольклортану ғылымына материалдар жинап беру, әрі қазақтың төл мәдениетін сақтап қалуды және оның орыс мәдениетімен байланысын нығайтуды көздеді. Бұл туралы Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин сан рет жазған. И. Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (Спб. 1857-1876), Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (Оренбург. 1879), А. В. Васильевтің «Қырғыз халық поэзиясының үлгілері» (Оренбург. 1896) т.с.с. осы мақсатта жазылған. Е. А. Алекторовтың, Ә. Диваевтың, қазақтың халықтық поэзиясын жинаған және зерттеген басқа да көптеген түркітанушылардың мақалаларында бұл мақсат айқын аңғарылған. Солардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде орасан көп әдеби мұралар жарияланды, бір жүйеге келтіріліп, оларға түсінік берілді. Н. Н. Ильминский, В. В. Радлов, И. Н. Березин, П. М. Мелиоранский, А. В. Васильев, Н. Н. Пантусов, Ә. Диваев т.б. сол уақыттың өзінде-ақ тілмаштардың аудармаларына қанағаттанбай, халық поэзиясының үлгілерін қазақ тілінде жазып алып, қазақ тілінде жариялаған.

XIX ғасырдың соңындағы ерекшелік-жетістік: жеке бір жырдың жеке кітап болуы, әр жанрға жеке жинақ арналуы. Сөйтіп баспадан материалдың жиналу шамасына қарай жеке жинақтар және тек қана бір салаға – көбінесе мақал мен ертегіге арналған сериялық кітапшалар шығарылып тұрды. Бұл баспа орындар әр деңгейдегі

ғылыми аппаратпен қамтамасыз етілген. Жинақтарда шығарманың қазақша мәтіні мен оның орысша аудармасына қоса мәтіннің орысша фонетикалық транскрипциясы да жиі беріліп отырды. XIX ғасырдың аяғында жинақталған материалдарды бір жүйеге келтіру және қорыту қажеттілігінің артуы қазақтың халық шығармашылығы бойынша алғашқы монографиялардың (Г. Н. Потаниннің «Ортағасырлық Европа эпостарындағы шығыстық сарындар») жариялануына және бірінші библиографиялық анықтамалардың (справочниктердің) шығуына себеп болды. Библиографтар бастамасының ішіндегі ең қомақтысы – А. Е. Алекторовтың «Қазақ туралы кітаптар және журнал, газет мақалалары мен ескерткіштер көрсеткіші» (1900).

1910-1917 жылдары шыққан кітаптардың ақпараттық деңгейі әр түрлі болды:

1) Құр мәтіннің өзін жариялаған кітаптар (тек араб әрпінде берілген).

2) Алғысөзі бар жинақтар, мәтіндер арабша-кириллица әріпте берілген (Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б.).

3) Алғысөз бен түсініктемесі бар, түпнұсқасы, орысша аудармасы, транскрипциясы барлар (Ә. Диваев, Н. Пантусов, А. Васильев, П. М. Мелиоранский т.б.).

Мәселен, бірінші топтағылар тек қазақ оқырманына арналған. Онда қазақ қауымына таныс шығарманы жариялап, ел арасына тарату көзделген. Сол себепті ешбір алғысөз, түсініктер берілмеген. Мәтін сөздерінің тілдік ерекшеліктерін сақтау мақсат етілмеген. Кітаптар араб әрпінде ғана басылып, қазақ елінің сауатын аша түсуді мақсат еткен. Мәселен, «Қисса-и-Айман-Шолпан» (Қазан, 1900), «Қисса-и-Мәлік Хасан» (Қазан, 1900) т.б. Бұл еңбектерді кім бастырған, кім жинаған, кім дайындаған т.б. тәрізді деректер келтірілмеген.

Екінші топтағылар қазақ қана емес, басқа да, кириллицаны білетін адамдар үшін есептелген. Мұнда жоғарыдағы кітаптарда кездесетін өзгешеліктермен қатар, кейбір кітаптарда мәтіннің екі тілде, яғни қазақ (араб графикасында) және орыс тілдерінде қатар берілуі де іске асқан.

Үшінші топтағылар зерттеушілерге арналған, негізінен, ғылыми-көпшілік, не ғылыми сипатта басылғандар. Мәселен, 1901 жылы Н. Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» атты кітабы басылды. Жиналған мәтін жалпы қазақ тіліндегі диалектикалық ерекшеліктерді зерттеу үшін алынған. Мәтін негізіне қазақтың «Қара мерген» деген ертегісі алынған. Мәтін транскрипциясымен, аудармасымен бірге берілген [1]. Сондай-ақ белгілі түріктанушы Н. Катановтың алғысөзі бар. Мәтіннің

лингвистикалық ерекшеліктерімен қатар этнографиялық сипаты да мәнді. Өсімдіктер мен аңдарға, биік таулар басында түрлі аруақтар мекендеуі туралы халықтың діни наным-сенімдері хақында деректер келтірілген. Сонымен бірге қазақ ертегілерінің парсы елінен келген деген пікір де бар. Каф таулары, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, перілер т.с.с. турасындағы бейнелер т.б. сөз болады. Екі беттен тұратын кітап кіріспесі орыс тілінде берілген. Ондағы мақсат: орыс тілді халықтарға мәтіннің оқиғасының қысқаша мазмұнын айта отырып, олардың кітапқа деген қызушылығын тудыру. Н. Н. Пантусовтың бұл хрестоматияға енгізген бір мәтінінің үш түрде (әрі араб әрпінде, әрі кириллица әрпінде, әрі орыс тілінде аудармасы) берілуі бұрынғы фольклорлық жарияланымдармен салыстырғанда жақсы қадам болды. Себебі: біріншіден, Н. Н. Пантусов қазақ мәтінін араб әрпінде беруі – сол кездегі ғылым талабымен (шығыстану тұрғысынан) түпнұсқаны беру үшін алынса, әрі шығыстық білім алған халықтың көпшілігінің мәдени мұраға деген рухани мұқтаждығын ескеруден туған. Екіншіден, қазақ мәтінін кириллица әрпінде беруі- сол тұстағы орыс шығыстанушы мен түркітанушылар, әрі орысша оқыған қазақтар үшін, әрі орыс тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне деген сұраныстың көбеюін ескергендігі байқалады. Үшіншіден, мәтінді орысшаға аударуы – Ресей ғалымдарына арналғандығын да көрсетеді. Ондағы мақсат: фольклорды әрі қазақ тілін сараптаушыларға, әрі орыс пен қазақ фольклорының өзара байланысын дәйектеушілерге, әрі қазақ халқының әдет-ғұрпын, наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін зерттеушілерге, әрі бұларды батыс еліне таныстыру үшін т.б. қажетті дерек көзі ретінде пайдалану. Мұның бәрі осы жинақтың зерттеушілік мақсат үшін жарияланғанын дәлелдейді. ХХ ғасырдың Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде фольклорлық үлгілерді үш түрде жариялау, яғни әрі араб әрпі, әрі кириллица, әрі орысша аудармасымен бірге беру т.с.с. – бәрі сол тұста қалыптасқан ғылыми жариялау талаптары екені анық.

ХХ ғасыр басында бұқаралық сипаттағы басылымдармен қатар, ғылыми сипаттағы фольклор үлгілері жарияланып тұрды. Мәселен, «Едіге мен Тоқтамыс» туралы үлгінің сыртқы мұқабасында: мәтін қолжазбасының иесі белгілі ғалым Ш. Ш. Уәлиханов екендігі ескертілген. Үлгіні шығарушы профессор П. М. Мелиоранский екендігі; мәтін 1905 жылы С.-Петербург қаласындағы И. Бораганскийдың баспаханасында басылғандығы ажыратылған [2]. Кітап мазмұнында алғысөз, сөздік пен қазақ мәтіні үшке бөлініп, беттері көрсетілген. Кітаптың алғысөзінде қолжазбаның өзіне сипаттама беріледі. Бұл мәтінді ғалым Ш. Уәлиханов 1841 жылы Аман Қарағай аймағының

Күрлеуіт Қыпшақ ауылының ақыны Жұмағұлдың аузынан естіген. Ал, Ш. Ш. Уәлихановтың әкесі сұлтан Шыңғыс Уәлиханов өз тарапынан ол мәтінді сөзбе-сөз қағазға түсірген. П. М. Мелиоранский айтуына қарағанда, қолда бар үлгі үш бірдей нұсқадан алынған (3-нұсқаны Арслан байдың аузынан жазып алған да сұлтан Шыңғыс Уәлиханов). 1842 жылы Шыңғыс пен Шоқан бір ортақ үлгі жасаған. Кезінде бұл мәтінге Шоқан Уәлиханов көптеген толықтырулар мен өзгертулер енгізсе, кейін профессор П. М. Мелиоранский өз тарапынан бұл үлгіні сол өзгерістермен қайта шығаруды жөн көрген. Мәтін ішінде қазақ тарихына қатысты кездесетін көптеген тарихи есімдердің Алтын Орда дәуірінде, яғни 14 ғасырдың соңы мен 15 ғасырдың басында ерекше маңызды қызмет атқарғанына да назар аударылған. Едіге бейнесінің зерттелу тарихына тоқтала отырып, белгілі ғалымдар: Ибн-Арабшах, Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, И. Н. Березин, В. Д. Смирнов, В. В. Вельяминов-Зернов т.с.с. пікірлеріне шолу да жасалынған. Сөз соңында қазіргі таңда «Едіге мен Тоқтамышқа» қатысты үлгісінің 13 нұсқасы бар дей отырып, профессор П. М. Мелиоранский сол нұсқалардың рет - ретімен қайда басылғанын, кім басқанын т.б. көрсетіп кеткен. Сонымен ХХ ғасырдың басында шыққан ғылыми сипаттағы бұл кітаптың маңыздылығы: біріншіден, мәтіннің жазылынып алыну паспорты толық берілуі, яғни кімнен, қашан, қай тәсілі арқылы, кімнің жазып алғанына қатысты ақпарат көздерінің т.б. толық қамтылуы дер едік. Екіншіден, мәтіннің бірнеше нұсқалары өзара салыстырылып, зерттеу тарихы да бірге берілуі назар аудартады. Үшіншіден, қолжазбаның өзімен текстологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ескертпелерін, түсініктемелерін, толықтыруларын, сөздіктерін т.б. бірге беруі т.с.с. – бәрі де бұл басылымның ғылыми сипатта басылғанын дәлелдейді.

ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ фольклорын жариялауда мынадай ерекшеліктер көрініс тапты: біріншіден, фольклордың әр түрлі жанрларының жеке-жеке кітап болып басылуы жүзеге асты. Екішіден, мәтін әрі қазақ (араб әрпінде), әрі орыс тіліндегі аудармасымен бірге берілді. Мәтіннің екі тілде жариялануында бірнеше мақсат көзделді: бірі, зерттеушілік істі жандандыру, яғни Ресей ориенталистері мен түркітанушылары үшін бұл өте ұтымды болды. Екіншісі, оларға, егер қазақ тілін білсе, мәтіннің түпнұсқасы берілді де, қажет болса, қазақша мәтінін орысша аудармасы арқылы кең танысуға мүмкіндік жасалды.

Жарияланымдар екі түрде: бұқаралық және оқу-ағарту мақсатта, екіншісі – ғылыми көпшілік және ғылыми сипатта болды.

Бұқаралық сипатта жарияланған фольклор, көбінесе жалпы халыққа арналды. Ондағы қойылатын негізгі мақсат: жұртты оқу-білімге шақыру, жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде де қолдану болатын.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары елді сауаттандыру мәселесі бірінші кезекте болғандықтан фольклор, негізінен, оқу-ағарту мақсатында жарияланған. Бірте-біртеғылыми-көпшілікті жарияланым етек ала бастады.

XX ғасырдың басында ғылыми-педагогикалық сипатта жарияланған фольклор үлгілері, көбінесе хрестоматия, оқу құралы т.б. үлгісінде жарық көріп, олардың алғысөзі, ғылыми түсініктемелері бірге берілетін болған.

XX ғасырдың басында халықтан жазылынып алынған шығармалар әр түрлі жинақтарда жарияланып, көпшілікке кеңінен тарала бастады. «Қозы Көрпештің» В. В. Радлов жариялаған нұсқасы қайтадан басылды. Ақын Георгий Тверитиннің әдеби өңдеуімен «Қозы Көрпеш» орыс тілінде шықты (Москва–Қызылорда, 1927). Көпшілікке арналған қазақ ертегілерінің жинақтары: «Тазша» (Москва, 1926), «Өтірік өлең» (Қызылорда, 1927), «Аяз би» (Москва, 1928) жарияланды.

Сөйтіп, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында бұқаралық сипатта жарияланған фольклорлық басылымдар, көбінесе жалпы халыққа арналды. Онда жұртты оқу-білімге шақыру тәрізді жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде қолдану мақсаты да көзделді. Ал, педагогикалық сипатта жарияланған фольклор тәрбие, тәлім, ой дамыту, өмірді таныту, білу, тіл кестелігі т.б. тәрізді мақсатта қолданылды.

Ғылыми-көпшілік сипаттағы басылымдар, негізінен, фольклорды жалпы жұртшылыққа танымдық, информациялық, тәрбиелік, эстетикалық мақсатта қолдануды көздеді. Сондай-ақ қазақ фольклорын зерттеушілер үшін де маңызды ғылыми дерек көзі болды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында жарық көрген жинақтардың көбі Қазан төңкерісіне дейінгі тәжірибеге сүйенді. Олар белгілі дәрежеде қазақ фольклорын насихаттау, дәріптеу рөлін атқарды. Бұл басылымдар көптеген адамдардың фольклорды бағалауға, оны жинауға деген құлшынысын, ынта-жігерін арттырды. Кеңестік дәстүрде қазақ фольклорының бағдарламасы мен хрестоматиясын жасау, түрлі ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру үшін де т.б. фольклорлық үлгілерді құрастырып, жариялау жұмыстары жүргізілді. Әсіресе оқулықтар, хрестоматиялар мен бағдарламаларды т.б. жариялауда белгілі ғалымдар: Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, А. Байтұрсынов,

Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов т.б. еңбектерін ерекше атап өту керек. Бұлардың негізгі мақсаты: төл әдебиетке көпшіліктің назарын аудару мен фольклорды маманданған түрде зерттеу болатын.

XX ғасырдың Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде баспасөз беттерінде басылым көрген фольклорлық үлгілер: біріншіден, газет шығарушылар тарапынан фольклордың кімнен, қалай алынғаны турасында деректер мен фольклорлық мәтіндерді жинаушылар есімдерінің көрсетілуімен ерекшеленеді. Екіншіден, ел аузындағы үлгінің қай тәсілмен қағаз бетіне түскені, көбінесе ауызба-ауыз жинау тәсілі арқылы хатталғаны анықталды. Үшіншіден, тіпті ол мәтіндер кімдердің аузынан, қай елді-мекенде т.б. жазылып алынғанына қатысты паспорттық деректердің толықтығымен көзге түсті. Төртіншіден, баспасөз беттерінде жарияланған үлгілер әрі белгілі ғалымдар тарапынан жиналса, сондай-ақ әуесқойлар тарапынан да т.б. – бәрі фольклортану ғылымы тарихында баспасөз басылымдарының маңызды қызмет т.б. атқарғанын діттейді.

Ғылыми жинақтар іші фольклордың сан жағынан көптігімен де және олардың көп нұсқалығымен де, сапалы сұрыпталуымен де т.б. ерекшеленді. Жинақтар кіріспесінде фольклордың жиналу тарихы мен қазіргі жағдайы, өзіндік ерекшелігі, әлеуметтік табиғаты, фольклор мен әдебиеттің өзара байланыстылығы, жинақтың мазмұндық тақырыпшалары т.б. сөз болды. Ал, басылымдардағы фольклорлық мәтіндер жанрлық жағынан топтастырылып орналастырылып, соңынан ескертулері мен түсініктемелері бірге берілді. Сонымен бірге бұл фольклорлық мәтіндер сұрыпталу мен жариялану әдіс-тәсіліне келетін болсақ: белгілі бір үлгінің пайда болу мәселесі, шығармалардың идеялық-тақырыптық өзара байланыстылығы, халықтық үлгілердің дамуы мен таралу ерекшеліктері, әрі әлеуметтік топтарда олардың өзгеру мүмкіндіктері т.б. – бәрі ғылыми жинаққа кірген мәтіндердің, көбінесе толықтай паспорты толтырылуымен, орындаушылардың аты-жөні көрсетілуімен, мәтіннің қағазға түскен күні, уақыты, жері т.б. тіркелуімен де құнды болды. Жобада бұлар кең талданған.

Жазылып алынған әр текстіге толық паспорт беру – сол кездегі орыс фольклористикасының өзінде сирек құбылыс еді. Ал, қазақ ауыз адебиетін жинаушылардан тек Ә. Диваев қана шартты ұсынғаны белгілі. Өкінішке карай, бұл маңызды принципті XX ғасырдағы жинаушылар ылғи да сақтай бермеді. Шынында әрбір жазылып алынған фольклорлық шығармаға берілген толық паспорт қана ұлан-байтақ еліміздің қай жерінде қандай фольклор

жанрлары, қандай шығармалар мен сюжеттер тарағанын көрсетіп, регионалды фольклорлық дәстүрді зерттеуге мол мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұдан сюжеттердің мигрециялық мүмкіндіктерін де байқауға болатыны белгілі болды.

Г. Н. Потаниннің жинаушылық методикасындағы ең басты ерекшелік алынған әр шығармаға өте құнды фольклорлық, тарихи, этнографиялық, лингвистикалық түсініктеме берілуі. Зерттеуші өзінің бұл түсініктемелерін «ескертулер» деп атайды. Оның ескертулері өзінің кеңдігі, күрделігі, жан-жақтылығы мен тереңдігі жағынан түсініктеменің шеңберінен әлдеқайда ауқымды, кішігірім ғылыми мақала іспетті. Сол себепті Г. Н. Потанин түсініктемелерінде ғылыми болжамдар, топшылаулар, талас пікірлер, кейде проблемалы ойлар көп кездеседі. Соның бәрін автор фактірлермен барынша дәлелдеуге тырысып, өз ойына дәлелдеме етіп ондаған деректер келтіреді, соның нәтижесінде тексте берілген ескерту өте көлемді болып кетеді.

Әрине, мұндай көлемді де жан-жақты түсініктеме жазу ғылымнан мол біліммен қатар үздіксіз еңбектенуді, тынымсыз ізденуді және өте көп уақытты талап етті. Соған қарамастан Г. Н. Потанин осындай «ескертулер» жазуды өзінің ғылыми борышы деп білді.

Потанин текстерге берген түсініктемелері өз кезіндегі ғылым үшін өте қажет болды, олардың кейбіреулері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Зерттеуші фольклорлық шығарманы дүние жүзі мәдениетінің бір фактісі, бөлшегі деп есептеген, сол тұрғыдан бағалаған. Оның әрбір текстке, сюжетке әлем фольклорынан сайкестік, қызғылықты мотивтер мен кейіпкерлер іздеп, салыстырып отыруы осы себептен. Потанин түсініктемелерінің осы салыстырмалық сипаты қазіргі фольклортану ғылымында, типологиялық әдісте пайдаланылып жүр. Әрине, сюжеттер мен мотивтердің ұқсас болу себебін түсіндіру бүгінгі таңдағы ғылымда жаңаша, көбінесе типологиястадиялық ретте қарастырылады. Сонымен бірге, кейбір ұқсастықты бір елден екінші елдің қабылдауының нәтижесі деген тұжырым совет фольклортану ғылымында дәлелденіп те келеді.

Жалпы алғанда Потанин түсініктемелері өзінің мазмұны мен логикалық құрылымы, материалының молдығы мен салыстырмалық сипаты жағынан үлкен ғылыми еңбекке ұқсайды. Оның «Ирин-Сайн» («Ер Сайын») ертегісіне берілген өзінің түсініктемелерін «А. Н. Веселовскийге арнаймын» [3], – деп жазуы тегін емес; Потанин өз түсініктемелерін зерттеу еңбек деп санап, оған үлкен мән берген. Сондықтан да ол бүкіл жарыққа шыққан жинақтарына осындай ғылыми комментарийлер беріп отырған. Ғылымда Потаниннің бұл методикасы

бойынша құрастырылған және жарияланған кітаптар «түсініктемелі жинақтар» («комментированные сборники») деп аталды [4].

Г. Н. Потанин ауыз әдебиеті шығармаларының варианттарын жинауға да қатты көңіл бөлген. Өзі тұстас зерттеушілердің ішінде фольклорлық шығарманың яки сюжеттің вариантын айырықша бағалап, оның ғылым үшін өте қажет екенін алғаш түсінген, соны жүйеге асырған осы Потанин болды. Тіпті 1864 жылғы өзінің Тарбағатайға барған бірінші сапарында-ақ ол варианттардың аса маңызды екенін сезіп, «Секемен тары» туралы балалар өлеңінің екі нұсқасын жазып алады. Кейінгі экспедицияларында да, жарияланған жинақтарында да, ол фольклорлық шығармалардың варианттарын негізгі текстпен бірге беріп отырған. Мысалы, «Солтүстік – Батыс Монғолстан очеркінде» автор 222 негізгі текстпен қатар 323 вариант жариялаған.

Варианттарды есепке алу, мүмкіндігінше мол қамту – Потаниннің жинаушылық пен жариялаушылық методикасынан ғана туған шарт емес, сонымен бірге, оның зерттеушілік методологиясына тән принцип болатын. Ол түрлі басқа жинақтар мен зертеу еңбектерде кездесетін варианттарды да қамтып, өзінің ғылыми тұжырымдарын дәлелдейтін фактілер есебінде пайдаланған, теориялық ізденістеріне арқау еткен.

Варианттарды іздеу, оларды кең ауқымды салыстыруларға пайдалану шартын Г. Потанин тек қазақтың ғана емес, басқа да (монғол, бурят, ораңқай, тува, дүрбіт, телеуіт, алтай т.б.) халықтардың фольклорын жинап, зерттегенде қолданып отырған. Кезінде Потаниннің шәкірті, кейін танымал ориенталист болған Н. Ф. Қотанов өз ұстаздарының оған нені және қалай үйреткені жайында былай деп жазады: «Н. М. Ядринцев бұратана аталған халықтардың тұрмысы мен тарихын зерттеуге шабыттандырса, Г. Н. Потанин көп елге ортақ мотивтер, нышандар мен ауыс-түйістерді анықтау мақсатында халық творчествосы шығармаларын өте тұрақты, белгілі бір жүйе бойынша жинауды үйретті. Ал, В. В. Радлов ауыз әдебиеті шығармаларын әралуан тілдер мен наречиелердің туыстығын және ерекшелігін анық мақсатында дәлме-дәл жазып алуды талап етсе, Э. Ю. Петри алдымен бұратана аталып кеткен халықтар туралы европалық авторлардың еңбектерін оқу керектігін айтатын еді» [5].

Сонымен Г. Н. Потаниннің жинаушылық және жариялаушылық методикасында фольклористки ғылыми міндетті деп санайтын текст сюжетінің дәлдігі мен толықтығы, оның нақты паспорты мен варианттарының болуы және оқымыстының өзі пайдаланып, қалыптастырған «конспект жазбасы» қатар ұштасуы, сөз жоқ,

сол дәуір үшін, әрі сол заманға ғылым үшін айтарлықтай мәнді құбылыс болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. (Киргизская сказка о Кара Мерген (текст, транскрипция и перевод). – Қазан : Университет, 1901.– 35 б.

2 Сказание об Едиге и Токтамыш (киргизский текст по рукописи принадлежавшей Ч. Ч. Валиханову, издал проф. – П. М. Мелиоранский). – С.-Петербург, 1905. – С. 67.

3 Потанин Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии(вып. 4). – С. 678.

4 Смирнова Н. С. Потанин – собиратель и исследователь казахской народной поэзии. – С. 24–27.

5 Катанов Н. Ф. Предания присаянских племен о прежних делах и людях // Архив РГО по отделению этнографии. 1909. в 34 т. – С. 266.

КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ДҮЙСЕК Л. С.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдің лексикалық қорын байытып отыратын метафоралық тәсіл тіл бірліктерінің ішкі мағыналық құрылымынан байқалады. Сондықтан да кез келген атаудың табиғатын қарастырғанда олардың тілдік сипатымен қоса танымдық негізі назарға ілігеді. Тілдегі бірліктер, ең алдымен, аталым қажеттілігін өтеу үшін туындап жатады. Атау жасауда тіл қолданушы өзін қоршаған әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. Адам өзінің өмірлік қажеттілігіне байланысты сан алуан атауларды күнделікті тілдесім үдерісінде өз мақсатына сай пайдаланып, тілдік қорды дамытып отырады. Осы үдерістердегі пайдаланатын танымдық тәсіл метафора болып табылады [1, 26 б.].

Метафораны зерттеуге қызығушылық көп ғасырлық тарихқа ие. Бастапқыда ол тілге бейнелілік және поэтикалық реңк үстейтін «тілді безендіруші» құрал ретінде түсіндірілді. Метафораны ұқсас бірқатар белгілер негізінде бір денотаттан екінші денотатқа көшіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәсіл ретінде түсіне отырып, зерттеушілер оның тіл жүйесіндегі қызмет ету саласын шектеді.

20 ғасырдың ғылыми еңбектерін ерекшелейтін антропоцентрикалық көзқарас метафораға қатысты ғылыми тұжырымдарға да өзгерістер енгізді. Шетелдік ғалымдар М. Блек, Э. МакКормак, М. Осборн, Н. Д. Арутюнова, В. З. Демьянков, Ю. Н. Караулов, И. М. Кобозева, Е. С. Кубрякова, Т. Г. Скребцова, В. Н. Телия және т.б., сонымен қатар отандық ғалымдарымыз Б. Хасанов, Б. Қалиев, Б. Қасым, Ж. Манкеева, Г. Зайсанбаева т.б. метафораның концептуалды теориясының когнитивті лингвистика тұрғысынан әртүрлі аспектілерін атап көрсетті.

Тілге ерекше экспрессия, бояу, образдылық беретін, әдебиеттегі кейіпкерді сипаттаудың бірден-бір құралы, сондай-ақ сөйлеушінің ойын көркем әрі бейнелі білдіруге мүмкіндік беретін айқын құралдардың бірі болып табылатын метафоралардың прагматикалық қасиеттері туралы айтуға негіз бар. Прагматика ұғымы туралы түсініктемелердің барлығы әсер ету нәтижелерін талдауға негізделген. Бейнеліктің прагматикалық алғышарттары айтушының тыңдаушыға жеткізер ойының әсерлі, ұғынықты болуына байланысты метафоралардың туындауына жағдай жасады. Мысалы,

Шын көңілмен оқыса бір салауат,
Сегіз ***ұжмақ есігі*** *бұған ашық* [2, 125 б.].
Шапағаттың билігі *махшар күні,*
Ақ патшадан бұйырылып бұған тиген [2, 125 б.].

Суреткерлік шеберлікті танытар жолдар өте көп. Соның бірі – сөздің мағынасын кеңейту, ешкімде кездесе бермейтін тың, тосын тіркестер жасау тәсілі. «Ұжмақ есігі», «Шапағаттың билігі» тіркестері – Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшелігін танытатын жаңа тіркестер. Мысалы «билік» сөзін ауыспалы мағынада қолданылып, дерексіз ұғым «шапағатпен» байланыстыру арқылы соны метафоралық тіркестер жасау нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп сөздің бейнелілік өрісін ұлғайтады.

Туынды мазмұны, айтар ойы жағынан күрделі ой айтса, тілі жағынан да өте өзгеше болып келеді. Осындай өзгешеліктерді айқындауда оның қолданысындағы когнитивтік-ассоциациялық жеке көзқарасынан шыққан авторлық метафоралық тіркестері қызмет атқарады.

Бұл дүние ***ақыреттің егіні*** *екен,*
Уақытында жалқау болмай егу екен [2, 30 б.].

«Ақыреттің егіні» тіркесін де Мәшһүр Жүсіптің өзіндік авторлық перифраздарына жатқызуға болады. Себебі мұндай тіркес басқа ақындарда кездеспейді. Ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, имандылық, Алланың ақ жолын уағыздайды. Жоғарыдағы үзіндіден де, біз, өмірге келгеннен кейін адам оны өз мәнімен

өткізу керектігін, өмірге сынақ үшін келетіндігін түсінеміз. Ақын осы дүниені, өмірді ақыреттің егіні дейді. Яғни, өмірде «не ексең», ақыретте «соны орасың» дегенді қысқа да нұсқа түсіндіріп береді және тіркес жасауда синкреттік амалды қолданады.

Метафораларға бағалауыштық тән. Ал бейнелі метафораларда адамның бағалауы айқын сипатта көрінеді. Сондықтан ішкі мағыналық құрылымы бейнелілігімен ерекшеленетін және жағымды немесе жағымсыз бағалауыштығы басым бірліктерді ***бейнелі-бағалауыштық метафоралар*** деп танимыз. Бейнелі-бағалауыштық метафораларда айтушының прагматикалық мақсатыныан туындаған көңіл-күй, көзқарас реңктері бірліктер қолданысынан айқын көрінеді.

Ойласам, ***көңіл көзім*** *сондай ойсыз,*
Қас қаққан екі тамшы судан тойып [2, 30 б.].
Қылады шүкір, сабыр білген адам,
Ашылып ***жүрек көзі,*** *көрген адам* [3, 173 б.].

Ақын саналылық, сабырлылық ұғымын «көңіл көзі, жүрек көзі» – деп астарлап алады. Саналылықты, парасаттылықты, көкірегінің ояу екендігін байқау, көру үшін көз сөзін алады. Ал көңіл, жүрек деп отырғаны ақынның өзі, оның ішкі жан дүниесі.

Ақынның метафораны аса шеберлікпен жасау қасиеті, ой-өрісінің шексіздігінің белгісі, сөздің қасиетін көрсету мүмкіндігі, тілдің дами, өсе беретіндігі, оның өріс жаю кеңістігін таныту жоғарыда келтірілген мысалдардан анық көрінеді. «Ләззат дауылы», «қасірет оты», «көңілдің айнасы» – ақын қаламынан туындаған тың дүниелер, соны тіркестер.

Метафоралық тіркес негізінде тіл мен логиканың, тіл мен психологияның арасындағы байланыс тереңдей түседі. Себебі, сөз мағынасының алмасып, ауысуы және тіркесіп қолданылуы тікелей адамның ойлау жүйесімен байланысты. Сондықтан ақын қолданысындағы метафоралық тіркестердің коннотациялық мәнін қарастыру, зерделеу арқылы да біз ақын интеллектісінің, дүниетанымдық қасиеттерінің жоғарылығына көз жеткізе аламыз. Ақын бір-біріне ешбір мағыналық жуықтығы жоқ сөздерді байланыстыра келіп, синкреттік амалмен өлең жолдарына ерекше стилистикалық бояу, экспрессивтілік беруде ерекше танылады.

Өзі ***ғылымның бұлағы*** *болған үшін,*
Ықтиярсыз ағызған шөлден бұлақ [2, 146 б.].

Мәшһүр Жүсіп осы мысалында да білім мен ғылымның артықшылықтарын баса айтады. Жастарды ғылым-білім үйренуге шақырады. Нағыз терең де зерделі ғылым жолына бағыттайды, үндейді. Оның күші шөл далада бұлақ ағызғанмен бірдей дейді.

Шариғаттың шегесі, дін тұтқасы,
Ғұламаның алды еді көзбен көрген [4, 253 б.].

«Шариғаттың шегесі» тіркесі де бұрын-соңды кездеспеген тіркес. Шариғаттың ғылымына жетік меңгерген ғалымды шегеге балайды.

Мәшһүр Жүсіптегі *шариғаттың шегесі, дін тұтқасы, сұмдықтың қара басы* сияқты метафоралық тіркестер, біріншіден, мағыналары шалғай сөздердің жанасуы болғандықтан, бірден тың көрініп, көзге түссе, екіншіден, белгілі бір стильдік жүк көтеріп, экспрессоид болып тұрғандығымен тыңдаушыға ерекше әсер етеді. Тілдің көркемдік амал-тәсілдерін сөз еткенде, әсіресе, метафоралық тіркестің жаңа қолданыстағы әрі көркемдік сипаты өте айшықты болып келетінін жоғарыдағы мысалдар арқылы дәлелдеуге болады.

Байдан шықты ***сұмдықтың қара басы*** [4, 182 б.].

«Сұмдықтың қара басы» деген метафоралық тіркестің кілтті сөзі – қара. Табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан символикалық белгілері бар. «Қара» сөзі халық ұғымында жамандықтың, зұлымдықтың, қайғы-қасіреттің белгісі ретінде танылады. Ол фразеологизм құрамында әр түрлі мән-мағынаға ие болады. Қара бас – қасиетсіз мақұлық, ескі наным-сенімге байланысты неше түрлі жын-шайтан, марғау, албасты іспеттес нәрселер. Осындай мағына беретін сөз «сұмдық» сөзімен тіркесе келіп, ерекше экспрессивтік қасиетке ие болып тұр. Байлардың надандығын, жемқорлығын, ашкөздігін, сараңдығын және тағысын тағы басқа жағымсыз қылықтарын суреттеу мақсатында қолданған. Ақын осы жерде де аз сөзбен үлкен ой айтуда асқан шеберлік танытады.

Ақында идеялық-эстетикалықты, бейнелілік және стильдік ерекшелікті, ой айқындығы мен мазмұн тереңдігін аңғарту үшін қолданылатын метафоралық тіркестер төмендегідей болып келеді: ***жалғанның*** *өмір бойы* ***уын*** *іштім,* ***имандының шырағы*** *әр кез өшпес, басылған* ***Құдірет мөрі*** *таңдайына, ашылып* ***жүрек көзі,*** *көрген адам,* ***махаббаттың нұрынан*** *мөрді басты, таусылмас* ***қияметтің мәселесі,*** *ішіндегі* ***пейіштің көркіне*** *енді, неше түрлі құлпырып* ***нұрдың назы,*** *қысы кетіп* ***замана*** *шықты* ***жазы,*** *бұ* ***заманның*** *құрылып* ***бау-бақшасы*** және т.б. Осындай метафоралық тіркестердің шығармаларында мол кездесуі Мәшһүр Жүсіптің авторлық даралығын, яғни шығармашылық контексін көрсететін белгі болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп тіліндегі метафоралық тіркестер соңылығы жағынан да, суреттемелік сипаты жағынан да басқа қаламгерлерден өзгеше болып келеді. Ақын шығармаларында имандылық, дін

мәселелері жөнінде молынан айтады. Оның метафоралық тіркестері осы мәселелерді суретті, бейнелі жеткізу үшін қолданылады.

Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы метафоралық тіркестер заттың, құбылыстың белгілерінің ассоциациялануы, байланысуы арқылы жасалып, ойдың дамуына, ұғымның танымдық тұрғыдан кең дамуына серпіліс береді. Ой ұшқырлығы өзге адамдар байқай бермейтін, көре алмайтын құбылыстардың әр алуан белгілері мен қасиеттерін сезіп байқауға көмектеседі. Ақын қолданысындағы метафоралар арқылы оқырманның ойлау дүниесінде күтпеген, батыл ассоциациялар жасалып, шығарма тілі өзінің көркемдік деңгейінің жоғарылығымен баурап алады. Автордың сөз ауыстыру, метафоралық тіркестер жасау, байырғы дәстүрдің түрлерінен бөлек жолдар табу мәнері тілдің стилистикалық ресурстарының молайып, толығуына игі ықпал ете алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Зайсанбаева Г. Н. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі: Филолог. ғылым. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 127 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар : ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар : ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2007. – 3 т. – 480 б.

Ә. БӨКЕЙХАНОВ ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

ЕЛІКПАЕВ С. Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлихан Бөкейхановтың шығармашылығында рухани құндылықтар мен адамгершілік байлық тақырыбына арналған тұстар аз емес. Бұл туындыларды тақырып жағынан және жанры жағынан бөлуге болады.

Тақырыбы жағынан:

1 Білім туралы.
2 Дін ісі туралы.
3 Қазақ әдебиеті туралы.
4 Қазақ тарихы жайынан.

5 Ел билеудегі рухани құндылықтар қажеті.
6 Ел ішіндегі түрлі істерге қатысты.
7 Ұлт ісі, ел бірлігі, халық болашағы туралы деп бөлуге болады.
8 Халық этнографиясы жайынан.

Жанры жағынан:

1 Мақалалар.
2 Мемлекеттік Дума істері туралы есеп үлгісіндегі туындылар.
3 Түрлі тақырыптағы көркем шығармалар.
4 Аудармалар.

«Әуелгі күні Б. Ыхтымовтан кейін 4-інші Государственная думаның члені М. Жағыфаров Кавказда мүфтилік туралы жүріп тұрған закон һәм Кавказ мүфтилігінің тарихымен сиезді таныстырды. Сипез рәсімі екі түрлі болады. Бірі – доклад оқылымсымен осы доклад сөзін тексеруге алады, мәжіліс кеңес ашады, доклад сөзін тексереді. Уақыт кең болса, осы жол дұрыс еді. Екінші жол тәмам доклад тексерусіз құр сиезде оқылып өтіп, комиссияларға тапсырылады. Хүкімет уақытты кесіп беріп қысым қылған соң, сиез не қылғанын тәмам қылып жазған кітапта басылып шықпақшы. Осы кітапты қолға ала отырып, кезінде қазаққа тиісті сөзін қысқартып жазамыз. Бұл кітап әлі басылып шыққан жоқ. «Мұсылман сиезі аталатын мақалада: «4-ші Государственная Думаның члені Далғат Дағыстан моллаларымен сиезді таныстырды. Мұнда молланың үлкен-кішісі болмайды, білгіш-жүйрік озады. Молланы қаптама жұрт сайлап қояды. Бір жылда бір сайлау. Молла білгіш, молла жақсы мінезді, молла жұртқа шырақ. Жылына бір сайлау, 25 сайлауда озық болып отырған жақсы молла бар. Осы Дағыстан баяғы біздің орыс хүкіметімен көп тартысқан Шәмілдің туған жері. Шәмілді мүфти қылған жұрттың бірлігі, жұртты ұйытып біріктірген жақсы молла. Дағыстан молласы өзге халықтан білімімен, тура жолымен жүрген мінезімен айырылады. Біздің қазақ молласы өзге қазақтан несімен айырылады? Сиыр пұл болды деп, қажы барып, қажы болып келдім деп жұрт арасына өрт салады. Бір жерге бидай, бір жерге көкнайза шықпақ» [1, 179]. Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі мақалаларында тарихи – этнографиялық мәліметтер де мол.

Шәкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы, «Қалқаман – Мамыр» поэмасы туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылы 121 – санында басылып шығады. Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» 1913 жылғы № 12 санында осыған арнап мақала жазады. Мақала

қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы деректерге мол. 1914 жылы Орынборда «Үміт» баспасынан жарық көрген «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» кітабына сын мақала жазады.

Газеттің 1915 жылғы № 126–129 сандарында Абай өлеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шежіресіне» Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, көркемдік туралы, тарихы туралы жан-жақты деректер мен талдаулар жасайды. «Қыр халқы… ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң, сол … заманда болған балаларымыз бізден ақылды болып, біздің заманымыздағы аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар я ойламай қатырар» [1, 213]. Ә. Бөкейхановтың өзі жазған мақалалрымен сол кезеңде қазақ танымы үшін қажет Еуропа және орыс әдебиетшілерімен бірге орыс әдебиетінің Батыс Еуропа, көне грек, Шығыс әдебиеттерінің үздік үлгілерін насихаттайды. Қазақ әдебиетін француз Ги де Мопассанның, ағылшын Оскар Уайльдтың, орыс Лев Толстой, Антон Чехов, Владимир Короленко шығармаларымен, көне Еуропа әдебиетімен Эзоп пен Үнді мысалдарының, Қырым татарлары туралы аудармаларымен таныстырды, жаңа бейнелермен толықтырды.

Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларына, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев романдарына сын жазады. Шәкәрім еңбектеріне баса көңіл бөліп, кейінде «Қазақ» газетінде «Қалқаман-Мамыр» поэмасы туралы пікір білдіруі, тағы басқа оқиғалар оны үнемі шетте Омбы, Петербор қалаларында оқып, қызметте жүрсе де, Семей зиялыларымен барынша жақындастыра түседі. Қазақы рух, ұлттың алға басуын арман еткен қайраткер қашанда жанына жақын тұтқан. Абай туралы алғашқы деректер жинатты. Өзі некролог жариялады. Абай шығармаларының тұңғыш шығармалар жинағының басылуына қол ұшын береді. 1909 жылы Петербургте Ә. Бөкейхановтың тікелей араласуымен алғашқы Абай шығармаларының жинағы басылып шығады. Бұл қазіргі әдебиеттанудың, оның ішінде абайтанудың классикалық үлгісін бастаушы болды. «Қара қыпшақ Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Мырза Едіге» эпостарын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жинақ етіп бастырды. Осы туындыларды алғаш зерттеп, қазақ фольклористикасының пайда болуы мен дамуына үлес қосты. «Қазақтар» очеркінде ол «Алаш – миф болса-дағы қазақтың ортақ атасы» [1, 213]. – деп жазды. 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жағын, осы күнгі

Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «алты алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісісі» («отечественник») деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз:Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашыңмын;Ұнатпасаң, жай жүрген алашыңмын, – дейді. Сол өлеңде «Алаш» отан кісісі мағынасында» [1, 9], – деп атап көрсетті. Ұлы қайраткер тарихты да жетік білген адам. Тарихи тақырыптардан жазып қалдырған елеулі мұралары – «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» атты монографиялары. Бірінші ұжымдық монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық альманахтың «Киргизский край» деген XVII томына еніп, Санкт-Петербордан жарық көрді. «Киргизы» алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақпен 1910 жылы Санкт-Петербордан басылып шығады. Әр жылдары Орыс География қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семейлік бөлімшесінің басылымдарында «Из переписки киргизских ханов, султанов и прочее, прочее», «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомков» және «Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғылыми мақалалары жарияланған. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л. Н. Толстой., А. П. Чехов, В. Г. Короленко., Д. М. Мамин-Сибиряктармен қатар, Еуропаның қаламгерлері, үнді, түркі тектес халықтардың әдеби шығармалары бар. Әлихан Бөкейхановтың бірнеше мақалалары лақап аттпен берілген. Көптеген жұмыстарына «Қыр баласы», «Сын степей», «V», «Киргиз-Степняк», «К.Степняк», «Туземец», «Арысұлы», «А.Б.», «Қ.Б.», «Ғ.Б.» деп қол қойып отырған. Райымжан Әзіханұлы Бөкейхан мен экономист Мұханбетқали Жақсалиевтің айтуына қарағанда, Әлихан Кеңес дәуіріндегі баспа беттерінде «Қалмақбай» және «Н.Ш» деген атпен де еңбектерін жариялаған.

«Сурат кафеханасы» (Дін таласы) аудармасында дін артықшылығына таласып, кафехананы басына көшіріп, дулап-шулап отырған халықты Канфутсий жолындағы қытайдың мына сөзі тоқтатқан екен. «Біреудің көзі соқыр, біреудің көңілі соқыр. Көзі соқыр жарықты көрмей, жарық жоқ дер, яки күнге көзі жетпей, көріп отырған шамын күн деп білер; көңілі соқыр- хылықты айырып,

хұдайды танымай, хұдай жоқ дер, яки қолына ұстап, көзімен көріп отырған ағашын хұдай деп білер. Қай соқырлық болса да- кемшілік. Бірақ, соқырлығының бейнетін һәркім өзі көреді. Көзің соқыр деп хорлау бола ма? Көңілің соқыр деп хорлау да жөн емес». Бұл сөз адам баласының бәріне мейірім, адамшылық, туысқандық көзбен қараған орыс философы Толстой сөзінен алынды. Халықты сауаттынадыру, білім жолына, ғылым ісіне бағыттауда ең бастысы – мұғалім дайындау екені белгілі. Осы ретте қайраткер қазақ қоғамына қажет мұғалімдер туралы бірнеше мақала жазады. Соның бірі – «Рухани мәдениет қарауылынан» деген мақаласы. «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу. Рухани мәдениет жолындағы алдыңғы басқыш бастауыш мектеп мұғалімінің санына халықының санын бөлсек, мұғалім басына келетін адамның саны:

Америкада 184 адам
Англияда 221 адам
Францияда 250 адам
Германияда 485 адам
Италияда 610 адам
Австрияда 710 адам
Ресейде 819 адам

Мұны қазақ тұрмысына аударсақ, алдыңғы озған Солтүстік Америкада 37 үйге, жайылып қалған Россия (мұнда бәрі оқымысты Финляндия жоқ) 164 үйге бір мұғалім келеді. Мұны тағы өзге сөзге аударсақ, Америкада қазақтың бір аулында 3 мұғалім, Россияда үш ауылға бір мұғалім келеді. Біздің Рогссияда бастауыш мектеп мұғалімдерінің саны 210 мың, Америкада 500 мың. Мұның 7 % (жүзден 70-і) әйел. Европа білгіштері жас баланың мінезіне еркектен гөрі әйел оқытқаны тиімді дейді. Мұғалім әйел болса, ол мектептегі оқу тәрбиесі жақсы болмақ» [1, 173–174].

Қайраткердің үлкен еңбектерінің ішінде мұғалімдер мәселесіне арналғандарының бірі – «Мұғалімдер жиылысы» деп аталады. Ә. Бөкейханов мұғалімдердің оқу әдістемесін, тәжірибесін жинақтау, жаңа үлгіге қарай оқыту жолдарын үйретететін тың істен қалмауларын қалайды.« Талапкер, орыс тілін білетін біздің қазақ мұғалімі бұл сиезге бармаса болмайды. Біздің қазақ баласын оқытатын мұғалімге осы осы сиезге барып жол, өрнек, үлгі-өнер

үйрету мақсат. Біздің сорлы қазақтың мұғалімі нашар, кедей. Бұл Петербор сиезіне барып қайту, алыс-жақын жолына қарай 250–400 сом болады. Бұл ақшаны шығаратын мұғалім бар ма? Бұл шығын қалтасынан табылатын қазақта мұғалім бола ма?Атадан келе жатқан мұра деп үй жиып, аяқ-табақ жиып, біреу түйе, біреу ат, біреу қой, біреу қозы, біреу лақ беріп, біреу аяқ, біреу табақ беріп, ата баласы жақсыға ас беретін қазақ рәсімі.Дүние-ғұмыр күнде құбылған, неше түрлі заман. Қазақ жұрт болып қатардан қалмайтын болса, оқу, өнер жолына түсу мақсат. Орыс жұртының жақсы мақалы бар: «Жұрттан жиған жіп жалаңашқа көйлек» деген. Халық болып көп-аз демей қазына жиып,талапкер қазақ баласын оқытатын мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберу үлкен мақсат» [2, 283]. Ә. Бөкейханов Петрбор сиезіне бару үшін не қажеттігін анықтап жазады.

1 Сиезге орыс тілін білетіндер бару керек.
2 Елге келіп, өзге мұғалімдерге үйретулері қажет.
3 Елі, ауылы жиналып, жол ақшасын шығарып бергені дұрыс.
4 Құбылған, өзгерген заманда қазақ баласы оқу үйрену, жаңа өнерді білуі керек.
5 Халық болып, мұғалімдерді Петерборға сиезге жіберуіміз керек.

Осы мақсаттарды алға қоя отырып, Ә. Бөкейханов мұғалімдерді сиезге жіберуді үлкен жауапкершілік етіп, халықтық мәселе етіп қояды.

Ә. Бөкейханов қазақ халқының босқа мал шашып, бекер дүние шашатын кейбір мінездері сынайды. Артық дүниеге мал шашаып, ақшаны ысырып қылғаннан оқу ісіне жұмсаудың пайдалы екендігін, мұғалім қаржысын, жалып ұлттың қажетіне керек деген істерге ақша шығаратын Европа елдерін үлгі етеді.

Халыққа мұғілімнің ісінің қадірлі екендігін көрсете отырып, мұғалімнің ісі оқыту болғанда оның керегіне бүкіл ел болып жауапты болу қажеттігін айтады. Оқу, білім үйретуге ықпал ету, мұғалімнің кемкетігіне толтыру бүкіл қоғам ісі дейді. Ә. Бөкейханов шығармаларының ендігі бір тобы - әлемдегі, Ресейдегі, қазақтағы белгілі, елге танымал, жұртқа қадірлі болып, еңбек еткен адамдар туралы жазады. «Кәкітай» деп аталатын мақалада:«5 майда қазаққа саясат ісін кеңесуге мен Семейге бұғып бардым. Параходта, Кәкітаймен бірге жүрдік. Содан бері саясат ісінде бір одақ болдық. Январь басында, 1906 жылы Семейге хабар келген, Керекуден Семейге шыққан мені ұстасын деегн. Марқұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге аты теріс достар мені қашыртпақ болып, маған қарсы үш атпен «Б»-ды жіберген. Бірақ мен Тұзқалада

ұсталған едім. Бірақ мен ол күні «Б»-ға жолықсам да, қашпақ емеспін. Егер мен қашсам онда қырға отряд шығып, қазақты қор қылмай ма? Мені Тұзқалада күзетке алып, қарауылға бір казак-орыс қойып, мені ұстаған орыстар бір үйге тамақ ішуге кетті. Сонда жиылып келіп, Тұзқала кісілері «Қашырайық, қаш» – деді. Мені ұстамас бұрын маған Керекуден «С» қуып келді, қашайық деп. Керегі мен болсам, мен қашпаймын, абақтыда бір кісі жатқаны жұрт қор болғаннан ыңғайлы болар дедім. «С»-ға. Омарбек пен Кәкітай (өзге достар бұға тұрсын) іс жолдастыққа осылай болатын» [1, 272]. «Григорий Николаевич Потанин» деп аталатын мақаласында Потаниннің еңбегін «құмды жиып содан сығып алған алтынмен» салыстырады. Әр елдің ертегі, аңыз, жұмбақ т.б. халық ауыз әдебитеі үлгілерін жинап, соның ішінен халық тарихына қажет тұстарды жинап алатындығын айтады. Ә. Бөкейханов қазақ халқына өнеге-үлгі етіп П. П. Семеновті жазады. Потанинмен Риттердің «Азия» кітабын аударған. Қазақ жерінің Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Іле, Алатау, Ыстықкөл, Хан Тәңірі жерлері туралы қосымша қосқан. Қайраткер Семеновті таза көңілді, шын жанашыр деп құрмет тұтады.

«Н. Л. Скалозубов» Орысатың танымал агрономдарының бірі – Н. Л. Скалозубов 1914 жылы Сібірге келіп, Сібір мұжығының шаруасыны оңына келтіріп, кітап жазып, үлгі көрсеткен адамдардың бірі еді деп жазады. «Және де Скалозубов айтатын бір пікір мынау еді: қазақ жайын орыс обществосы білмейді; қазақ ісі, қазақ шаруасы біздің жұртқа басшы саясат жолындағы кісілерімізге қараңғы. Думада жетекшіл көп депутат бәрі қара көңіл жәбіршіл, біле тұра қазаққа жәбір істі қуаттайдыдеп айтуға аузы бармайды, білмеген соң басқаның адастыруымен қазаққа зарарлы іске қол қойып отыр. Сондықтан қазақ тұрмысы, қазақ салты, шаруасы турасынан оры тілінде кітап шығарып, газета, журналдарға жазып, орыс жұртының саясаттағы адамдарының көзін ашу зор мақсұт іс дейтін» [1, 281]. Қайраткердің қазақ үшін орыс оқымыстылары мен ғалымдары не айтты, не жақсылық жасады деген ойларын адамзат үшін тағы кім не істеді, қандай жақсы істер, игі жұмыстарымен ел есінде қалды деп баға береді. Осы бағытта оның мақалалрының арасында «Вандер Билдт», «Бебель», «Мечников» дегендер жоғарыдағы мақалаларыд тоглықтыра түседі. Әлихан Бөкейхановтың әдеби мұрасының ең көлемдісі – көркем аударма. Аудармалары орыстың классик жазушылары Л. Н. Толстой, А. П. Чехов, В. Г. Короленко, Д. М. Мамин-Сибиряк сияқты жазушылардың шығармаларынан, Европа елдерінің қаламгерлерінен Ги де Мопассан әңгімелері, сондай-ақ, үнді, түрік тектес қырым

халықтарының әдеби шығармаларынан, Антика әдеби туындыларынан тұрады. Көлемі жағынан аудармаларының ішіндегі – қысқасы мысалдар (Л. Н. Толстой мен Эзоп шығармалары) Сондай-ақ шағын әңгімелер бар. Көлемді повестер, романдар да кездеседі. Оқу – ағарту мен ғылымның сан салаларын қамтитын мектеп оқулықтары тағы бар. Мысалға: Т. Гутокскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (көлемі 102 бет), К. Фламарионның «Астрономия әліп-би (225 бет) және т.б. Әлихан Бөкейханның көркем аудармаларының басым көпшілігін 20–30 жылдары (1920 жылдан 1927 жылға дейін) КСРО халықтарының Орталық баспасындағы Қазан секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде аударғаны байқалады. А. Н. Толстойдың «Қажымұраты» 1923 жылдың қыркүйегінде аударылып, келесі жылы басылған. «Кавказ тұқыны», «Жеті қарақшы», «Жұмыртқадай бидай» (Л. Н. Толстой) – 1925 жылы; «Жетпіс жеті мысал» 1925 ж; «Жердің қысқаша тарихы», «Дүниенің құрылысы» –1926 ж; В. Г. Короленканың «Баймақан», «Өзі әңгімелері» – 1927 жылы жарық көрген.

Ә. Бөкейханов шығармаларының ендігі бір тобы – мазмұны терең, ғибраты мол, аудармалардан тұрады. Сол кезеңдегі шағын астарлы әңгімелерді аударып, қазақ тұрмысына, ортасына ыңғайлап мол аударады. Елге үлгі болсын, ғибрат болсын деп ұсынады.

Ұлттың рухани құндылықтары мен жаңа заманға қажет таным мен түсінікті, халық дамуына керек тақырыптарды қамтыған туындылар – ұлт көсемі Ә. Бөкейхановтың шығармаларының негізгі өзегі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы Қазақстан, 1994. – 381 б.

2 Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. // Құрастырушы: Ж. С. Аққұлұлы – Астана : Сарыарқа, 2009. – 555 б.

М. ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ТІЛ ЖҰМСАУ ШЕБЕРЛІГІ ЖАЙЫНДА

ЖУМАНБАЕВА Р. О.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЮН А. А.
оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғасырлар бойына айтылып, барған сайын шыңдала түскен халық өнерін бойына сіңірген М. Жүсіп Көпеев шығармалары көркемдік

сипаты жағынан биік деңгейде. Бұған қаламгер шығармаларының зерттеушілер тарапынан жан-жақты терең зерттеуге алынып жатқаны дәлел болса керек. Көркемдегіш-бейнелегіш құралдары М. Жүсіп Көпеев шығармаларын тек көркемдік жағынан байытып қана қоймай, әдеби туындының тақырыптық идеялық мазмұнын да айқын көрсетеді. Теңеу, эпитет сияқты ажарлау құралдары мен құбылту түрлері шеберлікпен қиясқан. Қаламгер сөзінің нәрлілігі сөз саптауынан, сан қырлы тіл айшықтарын қалай қиюластыруынан байқалса керек. Сөздеріндегі бейнелілік ұтқыр ойының сәнді өрнектелуін аңғартады.

М. Жүсіп Көпеев халықтың сөйлеу тілінің түрлі үлгілерін кеңінен қолданып, халықтық тілдің негізінде көркем бейнелеудің жаңа түрлерін жасайды. Халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, халықтық теңеулер мен эпитеттерді айтар ойына қарай ыңғайлай өзгерте қолданып, кейде контаминациялай отырып соны, тың тіркестер тудырады.

Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған бай фразеология дәстүрін қолдану тек Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің емес, әрбір ақын, жазушының амалы. Солай дегенмен де әрбір суреткердің өзіне тән қолтаңбасы байқалып тұрады. Әркім өзінше фразеологизмдерді құбылтып, трансформациялап қолданады. Фразеологизмдерді түрлендірудің бір түрі – сиыстыру. Тілші-ғалымдар пікіріне жүгінсек, контаминация дегеніміз мағынасы жақын екі тұрақты тіркестің бір-біріне кірігіп кетіп, жаңа үшінші бір тіркесті тудыруы. Осы құбылыс тіл білімінде контаминация деп аталады. М. Жүсіп Көпеев тілінен мысалдар келтірсек:

Жігіттер, жақсы қайда *үлгі шашқан*,
Жүдеген мұңлылардың көзін ашқан.
Анау озық, мен кейін қаламын деп,
Көз салып бірін-бірін шамаласқан [1, 29].

Осындағы *үлгі шашқан* тіркесіне назар аударсақ. Шашу деген етістік әдеби тілімізде деректі заттарға байланысты қолданылады. Мәселен, *шашу шашу, су шашу* т.б. *Үлгі* сөзінің синонимі *өнеге. Үлгі-өнеге* қосар сөз ретінде жұмсалады. Өз мағынасында қолдансақ, үлгі-өнегені шашпайды, көрсетеді. *Үлгі көрсету* деген тіркес әдеби тілде тура мағынасында актив қолданылады. *Нұр шашу* деген тіркес те бар және бұл тіркес те актив қолданылады. Үлгі көрсету дегеніміздің мағынасы түсінікті. Басқаға үлгі болу, жағымды іс-әрекетімен басқаға тәрбие бере алатындай болу. Фразеологиялық сөздікте *үлгі көрсету* деген тіркесті бермеген. Бірақ осы мағынаны білдіретін *нұсқа қылды* және *өнеге алды* деген фразеологизмдер бар. Нұсқа қылды: үлгі етті;

өнеге тұтты деп көрсетілген. Өнеге (тәлім, үлгі); алды (тұтты) үйренді, нұсқа алды. Ал қазақ тілінде нұр сөзімен байланысты фразеологизмдер өте көп: нұр жайнады (құлпырды, жарқырады, шешек ата түрленді); нұр жауды (басына бақыт қонды; құт-береке болды); нұр жаусын (бақытты бол деген мағынадағы алғыс-тілек); нұрлы сөз (жақсы, ақылды сөз); нұрлы ақыл (зердесі терең ой-таным); нұр үстінен нұр (тіпті жақсы, өте тамаша, жақсылық үстіне жақсылық); нұр шашты (сәулеленді, жайнады; шұғыласына бөледі).

Сонда ханы нөкерге *жарлық шашты*:
-Бара сала қоймаңдар суға басты!
Сол судан ішкендерің бізге ере алмай,
Қаларсың жер бауырлап, құшып тасты («Шайтанның саудасы»).

Жарлық шашты дегеніміз жарлық етті//жалық шығарды. Бұнда *жарлық шаштының* экспрессиясы өте жоғары болып тұр. М. Жүсіп Көпеев тіліндегі *үлгі көрсетті* және *нұр шашты* деген екі тіркестің сиысуынан жасалған *үлгі шашты* тіркесінің көркемдігі, бейнелілігі жоғары болып тұр. Ол жай ғана үлгі көрсететін жақсы адамды іздемейді, айналасына нұрын шашатын, жүдеген мұңлылардың көзін ашатын ерекше адамды іздейді.

М. Жүсіп Көпеев тіліндегі *жапа тартқан, өні сыну, ұзын ой, қылдан таю, өнер қайнау, көрге салу* және т.б. тіркестер контаминация құбылысына мысал бола алады.

«Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» деген өлеңінде:
Мәшһүрден келе жатыр *өнер қайнап*,
Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап.

Өнер қайнап – өнері тасу// өнері асу + күш қайнау//күш қазандай қайнау. Қазақ тілінде «Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деген мақал бар. Мәшһүр-Жүсіп тіліндегі *өнердің қайнауы* ерекше көркем сурет. Өнері жай ғана тасып тұрған жоқ, қайнап тұр. *Қайнап тұрдың тасып тұрғаннан* әсерлілігі өте басым. Адамның күші бойына сыймай, бұрқ-сарқ етіп қайнап тұрса, Мәшһүрдің өнері бойына сыймай қайнап тұр [2].

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы контаминацияланған фразеологизмдер түрлі жолдармен ықшамдалған:

1) ағыналары жуық және құрылысы бірдей тіркестердің ықшамдалуы;

2) мағыналары да, құрылымдары да әр басқа тіркестерден жасалған фразеологизмдер;

3) мағыналары жуық, құрылымдары әр басқа фразеологизмдердің контаминациясы;

4) құрылымдары біртектес, мағыналары басқа-басқа фразеологизмдердің контаминациясы.

Қаламгер тіліндегі контаминацияланған фразеологизмдердің өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін байқадық. Әрқайсысының стильдік реңкі бар. Олар барлық жағдайда бірінің орнына бірі жүре бермейді. Әрқайсының контексте қолданылатын орны бар. Қаламгер контаминацияланған фразеологизмдерге түрлі стильдік қызмет жүктеген.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында сиысу арқылы жұмсалған мақал-мәтелдерді де кездестіруге болады. Мысалы:

Жыртылып тарта берсе кетер перде,
Иманның билігі бар талапты ерде.
Қорлықпен тірі болып жүргеннен де,
Жатқаның жақсы емес пе өліп көрде [1, 68 б.].

Ерекшеленіп берілген жолдарды халық тіліндегі «Қорқақ мың рет өледі, Батыр бір рет өледі» деген мақалдың контаминацияланған түрі. Сонымен қатар *Қорлық өмірден ерлік өлім артық* деген мақалдың да мағынасын береді.

Бір туар тірі болса, күн мен айы,
Болысар анық аққа бір құдайы,
Зындан жаман жер емес ақ кісіге,
Жақыпұлы Жүсіптің жатқан жайы [1, 69 б.].

Бір туар тірі болса, күн мен айы, Болысар анық аққа бір құдайы деген халықтық формадағы «Айы оңынан туды», «Аққа құдай жақ» деген мәтелдердің сиысуынан жасалған.

Жаяудың қанша жүрсе, шықпас шаңы,
Асырауға көнбес мал боп түздің аңы.
Көрерсің өз бойыңды өзің сонда,
Жарқ етіп ақыреттің атса таңы [1, 123 б.].

Өленнің алғашқы жолы халық тіліндегі «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген мақалдың ықшамдалған түрі болса, екінші жолы «Қасқырды қанша асырасаң да, түзге қарап ұлиды» деген мақалдың мағынасын береді.

М. Жүсіп Көпеев өленderінің көркемдік сипаты жоғары. Ол тек жоғарыда сөз болған халық тілінің байлығы – тұрақты тіркестер мен паремияларды қолдануынан көрінбейді. Ақынның бейнелі тілін көрсету үшін «Хор қыздарының хикаясы» атты бір ғана өленің келтірсек жетіп жатыр. Өленде мынадай жолдар орын алған:

Көзінің қаралығы *қарақаттай,*
Сөзі бар ақ қағазға *жазған хаттай.*

Көзіндей құралайдың ойнақтатып,
Арман не соны құшқан адамзатта-ай?!

Болғанда *тілі інжу, тісі – маржан,*
Еті аппақ қара жерге жауған қардан.
Ғұнша ерін, лұлу иек, пісте мұрын,
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман!

Жарқ етіп шыққан күндей қабақтары,
Мақтадай аялаған тамақтары.
Алмадай екі беті үзіліп тұр,
Үзілген қызыл гүлдей сағақтары [3, 302 б.].

Міне, мұндағы *қарақаттай көз, құралайдың көзіндей ойнақтатқан көз, сөзі жазған хаттай, күндей қабақтар, мақтадай тамақтар, алмадай бет, қызыл гүлдей сағақтар* – ерекше бейнелі теңеулер. *Қара жерге жауған қардай аппақ ет* те бізге ауыз әдебиеті жырларынан таныс бейнелі тіркес. Екінші шумақтағы і*нжу тіл, тісі – маржан, ғұнша ерін, пәсте мұрын* суреттері Мәшһүр Жүсіптің портрет кескіндеу шеберлігін, көркем теңеу, эпитет, метафора т.с.с. өрнектеу мәнерін анық байқатып тұр. Сонымен қатар «Мәшһүр Жүсіп махаббатқа лайық перизат көріктілігіне тамсантып қана қоймай, өз ғашығына жете алмағандықты, жетпегендікті айту тұсында махаббат артықшылығын т.с.с. аңдата білген» [4, 58 б.].

Қорыта айтқанда, М. Жүсіп Көпеев шығармалары, соның ішінде шығармаларының көркем тілі біршама зерттеулерге нысан болған. Біз осы мақалада сол зерттеулерге сүйене отырып, ақын ретіндегі суреткерлік шеберлігіне тоқалдық. Қаламгер шығармаларын зерделей отырып, әлі де талай ғылыми зерттеулерге нысан болатынына көз жеткіздік. Ақынның қаруы – тіл, тілді құбылта да құлпырта, дәл жұмсау. Поэзия тілі бейнелі суреттің, сұлу, ырғақ төгілген ұйқастың негізі екендігі айқын. Бейнелі сурет пен әдемі ұйқасқа құралған М. Жүсіп Көпеевтің көркем тілі, мәнерлілігі, нәрлілігі тіл құралдарын қиюластыра жұмсауынан байқалса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 436 б.

2 Қадырова Б. М. Мәшһүр-Жүсіп тіліндегі контаминациялану жолымен жасалған фразеологизмдер. Шәкәрім ғылыми-танымдық журнал. «Шәкәрімтану» ғылыми зерттеу орталығы, 2014.

3 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.
4 Баратова М. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық сипаты. Оқу құралы. – Павлодар, 2007. – 60 б.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АРЫНОВА М. М.
магистрант, мұғалім, Ефремовка ЖОББМ, Павлодар ауданы

«Модульмен оқыту» ұғымының этимологиялық мәні халықаралық «модуль» (латынша-modulus), яғни білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады.

Модульмен оқыту педагогикаға алғаш рет алпысыншы жылдардың аяғында Америкада (Н. Постлезвейт, Б. Л. және М. Л. Гольдшмид, Дж. Г. Григе, Дж. Д. Лэнзишр, Д. У. Аллен, Дж. Д. Рассель) енгізілді. Кейін бұрынғы кеңес одағы елдерінде жалпы педагогикада, сосын жеке әдістеме ілімінде пайда болды.

Модуль арқылы оқытуды экспериментті және практикалық түрде тәжірибеде қолдану АҚШ, Батыс Еуропа елдерінің колледждері мен жоғары оқу орындарында, ТМД елдеріндегі жоғары оқу орындарында кеңінен жүзеге асуда. Модуль арқылы оқыту мәселесінің Англия мен Швециядағы оқу орындарында қолданылу жайына ғалым В. П. Лапчинская жан-жақты талдау жасайды. Аталған оқыту жүйесінің АҚШ-тағы оқу орындарында қолданылуы жайын Ю. К. Балашов, В. А. Рыжов, Т. В. Васильева, С. Ф. Артюх жақсы жағынан бағалайды. Жекелеген авторлар, мысалы В. Б. Закорюкин. В. М. Панченко, Л. М. Твердин жоғары оқу орындарына арналған оқулықты модульдік қырынан құруды ұсынады. Ал ғалымдар И. Прокопенко, П. Юцявичене модуль арқылы мамандардың білімін жетілдіру саласына және химия пәнін оқытуда, диплом жобалау кезеңінде, В. М. Гареев, С. И. Куликов. Е. М. Дурко, М. Чошанов арнайы техникалық-инженерлік пәндерлі оқытуда қолдану тиімділігін атап көрсетеді.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында (ЖОО) модуль арқылы оқыту мәселесін ғалымдар Г. Қ. Нұрғалиева, Р. Масырова. Г. Кудебаева –дидактикалық тұрғыдан, М. С. Мусин – салыстырмалы педагогика мәселесі қырынан, ғалымдар Н. Оралбаева. Л. Екшембеева – лингвистикалық тұрғыдан зерттеп қарастыруда. Модульмен

оқытуды ғалымдар К. Сариева, З. Бейсенбаева, Р. М. Жампеисова – практикалық тұрғыда өз тәжірибелерінде қолдануда. Білім беруді информатизациялау жағдайында студенттердің елтанулық құзыретін модульге негізделген электроиды оқулық арқылы қалыптастыру мәселесіне жас ғалым Ж. Түселбаеваның еңбегі арналған.

Ғалымдар Павленко В. К., Қасымова Р. Т., Абенова Т. К. авторлығымен жарық көрген орыс бастауыш мектептерінің бірінші сыныптарына арналған әліппе, ана тілі оқулықтарының сабақтары модульге негізделіп құрылған.

Аталған еңбектерде әр ғалым модуль арқылы оқыту мәселесін өздерінің зерттеу объектісі тұрғысынан әр түрлі қырынан қарастырады.

Десек те оқу орындарында қазақ әдебиетін модульмен оқыту мәселесі теориялық қырынан да, әдістемелік қырынан да әлі өз шешімін тапқан жоқ. Сондықтан оның әдістемелік жүйесін жасап, тәжірибеге түбегейлі енгізу үшін, алдымен эксперименттік тұрғыда жан-жақты негізделген теориялық және әдістемелік зерттеу жүргізу қажет.

Әдебиетті модульмен оқыту – уақыт талабынан туып отырған жаңа әдістемелік жүйе. Сондықтан модульмен оқыту теориясы өзіне ғана тән ұстанымдар жүйесіне негізделеді. Бұл ұстанымдар жалпь дидактикалық ұстанымдармен тығыз байланысты. Жалпы «ұстаным» сөзінің мағынасын (prine – prium - негіз, бастапқы. латынша, орысша-принцип) кез келген іс-әрекетке сүйенетін негізгі ереже деп түсінетініміз белгілі. Атап айтқанда, негізгі идея немесе адамның іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптар. Бұл талаптар ғылымның белгілі заңдылықтарынан туады. Оқыту ұстанымдары, оқыту әрекетінің құрылымын жасауға оны тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Әлемдік әдістеме іліміне сүйенетін болсақ: ұстаным дегеніміз үрдістің, оның нәтижелерінің үйлесімділігіне жетуге мүмкіндік жасайтын, қарама-қайшылықтарды шешу жолдары туралы кепіддеме. Әр ұстаным нақты педагогикалық қайшылықтарды шешуді реттейді. Жалпы ұстанымдар жиынтығы өзара әрекеттесе отырып, үрдістің барлық атаулы қайшылықтарын шешеді. қазақ әдебиетін модульмен оқыту ұстанымдары лингводидактика және онымен туыстас: психология, философия, әлеуметтану, лингвистика тағы басқа ғылым салаларының жалпы қағидаларына сүйенбек. Яғни, қазақ әдебиетін модульмен оқыту ұстанымдары – тілдерді оқыту теориясының туындылары. Бұл занды құбылыс. Сонымен қатар ол модульмеи оқытудың тек өзіне ғана тән ерекше зандылықтарын да бейнелеуі қажет.

Олай болса, оқыту ұстанымдары мен қандай да болсын жаңа идеяның арақатынасын белгілеуде біз мынадай шарттарды басшылыққа алғанымыз жөн:

– әмбебаптылық, яғни аталған ұстаным оқытып үйрету барысында басынан аяғына дейін қолданылады. Ол ұстанымсыз әдебиетті оқытып-үйрету мүмкін емес.

– қажеттілік, яғни бұл ұстанымсыз оқытып, үйретуді ұтымды, қазіргі талаптарға сай ұйымдастыру мүмкін емес.

– ұстанымдардың әрқайсысының дербестігі, тәуелсіздігі:

– қазіргі мақсат-мүдде, заңдылық және тұтас дидактикалық теория тұрғысынан, оқытудың толық және ұтымды үрдісін қамтамасыз ету үшін осы ұстанымдар жүйесінің жеткіліктігі.

Әлемдік әдістеме ілімінде модульмен оқыту идеясының туу кезеңін С. Н. Постлезвейттің 1969 жылы оқыту мазмұны бірліктері концепциясын ұсынған уақытқа жатқызамыз деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Бл жағдай кейін қолданбалы сипаттағы әр түрлі еңбектердің пайда болуына түрткі болды.

Атап айтқанда, Я. Л. Клиндштат, В. Б. Закорюкин, В. И. Панченко, И. Прокопенко, П. Юцявичене, Т. И. Царегородцева, Б. Гольдшмидт және М. Л. Гольдшмидтер сияқты ғалымдар аталған мәселені әр түрлі бағытта қарастырып, оның ұстанымдарын ұсынған [1, 2–19].

Мәселен, ғалым П. Юцявичене модульмен оқытудың мынадай ұстанымдарын анықтап ұсынған: модульділік; оқыту мазмнының құрылымдылығы; өзгермелілігі; өзара әрекеттілігі; икемділігі; мақсатты жете түсінушілігі; әдістемелік кеңестің жан-жақтылығы (). Сөйтіп, өз еңбегінде жас мамандардың кәсіби деңгейін одан әрі жетілдіру жұмысын ұйымдастыруда аталған ұстанымдарды басшылыққа алу тиімділігін атап көрсетеді.

Ал, ғалым Т. И. Царегородцева өз еңбегінде модульмен оқытудың төменгі ұстанымдарын анықгаған: модульділік ұстанымы; оқушының субъектілік рөлінің ұстанымы; мақсатты ұғынушылық ұстанымы; даралылық ұстанымы; кері байланыс ұстанымы; оқытудың аяқталғандығы ұстанымы.

Аталған ұстанымдарға сипаттама бере келе автор: «Оқыту ұстанымдарын дұрыс және табысты жүзеге асыру үшін, берілген ұстаным нақты нәтижеге қандай жолдар арқылы әкелетінін түсіну қажет. Ол үшін кез келген ұстанымнан шығатын ережелер мен талаптарды білу керек» – деп пайымдайды [8].

Жоғарыда аталған еңбектерде модульмен оқытудың негізгі ұстанымы деп – модульділік ұстанымы аталған. Бұл жағдай біздің

де аталған ұстанымды негізгі ұстаным ретінде алып, қазақ тілін оқытып үйретудің сапасын арттыру үшін басқа дидактикалық жүйелермен салыстырғанда модульмен оқытудың тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Осы мәселені зерттеген ғалымдардың еңбегіне жан-жақты жасалған талдау және модульмен оқытудың теориялық, практикалық тәжірибесін жинақгап қорыту негізінде біз оның келесі ұстанымдарын белгілемекпіз: модульділік ұстанымы; оқыту мазмұнының жекелеген бөліктерден құрылуы; қатысымдық бағыттылығы ұстанымы; саралай оқыту және кіріктіре оқыту ұстанымы; оңтайлылығы ұстанымы; екі жақты біртұтас белсенді әрекет ұстанымы; мақсаттың нақтылығы ұстанымы; әдістемелік кеңестің кешенділігі; оралымдылығы, икемділігі; әр жеке бөлік бойынша жұмыс әрекеті нәтижесін түйіндеу ұстанымы; оқытушы мен оқушының кері байланысы ұстанымы; оқытушы мен оқушы әрекетінің теңбе-теңдігі ұстанымы; оқу тілінің ерекшелігін ескеру ұстанымы.

Оқыту ұстанымдарын дұрыс және табысты жүзеге асыру үшін, берілген ұстаным нақгы нәтижеге қандай жолдар арқылы әкелетінін түсіну қажет. Ол үшін кез келген ұстанымнан шығатын ережелер мен қағидаларды білу қажет.

Қазақ әдебиетін модульмен оқыту жүйесі компоненттерінің өзара байланысы, өзара әрекеттестігі және өзара тәуелділігі оның ұстанымдарының өзара байланысын анықтайды. Сондықтан да жеке ұстанымдардың жүйенің нақты компонентгерімен ара қатынасқа түсуі белгілі дәрежеде шартты. Кез келген ұстаным тура немесе жанама болсын, әр компонентте бейнеленеді де, сол арқылы оның толық жүзеге асуына ықпал етеді.

Модульмен оқыту ұстанымы. Бұл әдбиетті модульмен оқытудың негізгі және өзіне ғана тән ұстанымы. Осы ұстанымға негізделген әдебиетті модульмен оқыту нақтылы дидактикалық мақсатқа жеткізетін модульдерден, яғни жекелеген «функционалдық түйіндерден» құралады. Дегенмен, бұл ұстанымды оралым әр түрлі, әр қырынан қарастырады. Модульмен оқытудың алғашқы даму кезеңінде АҚШ, Англия ғалымдары оны тұлғаны жекелей оқытудың негізін құрайтын әртүрлі материалдар жиынтығы деп санады. Кейін модульмен оқыту идеясының одан әрі дамуына байланысты модульмен оқыту ұстанымының мәні де кеңейе түсті. Мәселен, Б. Гольдшмидт және М. Л. Гольдшмидтердің пайымдауынша, модульмен оқыту ұстанымы – оқушының нақтылы айқын мақсатқа жетуіне ықпал жасайтын дербес жоспарлы түрде

қалыптасқан оқу әрекеті. Бұл пікірге В. М. Гараев, С. И. Куликов, Е. М. Дурко сияқты ғалымдар да қосылады. Ал У. Д. Рассель, В. Б. Закорюкин, В. М. Панченко, Л. М. Твердин сияқты ғалымдар модульмен оқу ұстанымын оқу материалының дербес бөліктерін (модульдерін) құру арқылы жүзеге асыруға көңіл бөледі. Г. Овенстің пікірінше модульмен оқыту ұстанымын жүзеге асыру – модульмен оқыту формасын ұйымдастыру. Ол 60–70 адамнан тұратын студенттердің дербес тобын құруды ұсынады. Бұл топтың ішіне тағы 5–6 тұрақты оқытушы немесе үлгерімі жақсы студенттерден бекітілген оқытушылардың көмекшілері кіруі қажет. Аталған ғалымның пайымдауынша, мұндай модульмен оқыту жүйесі болашақ мұғалімді дайындаудың барлық кезеңінде тұрақты болады. Ал оқушы мен оқытушы тығыз бірлікте өзара әрекет жасайды.

Модульмен оқыту ұстанымы жайындағы жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып және модульмен оқыту саласы бойынша жүргізген теориялық және практикалық зерттеулерге сүйене отырып мынадай тұжырымға келеміз: модульмен оқыту ұстанымы белгілі әдістемелік ережелер арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда:

– Оқыту мазмұны құрылымдық беліктерге, яғни масқат, оқу материалы, әдістемелік нұсқау, бақылау-тексеру бөліктерінен тұратын аяқталған бірлікке, модульге бөлінеді.

– Модуль дидактикалық жүйе. Мұнда оқыту мақсаты, мазмұны, әдісі, құралдары, формалары және бақылау жүйесі біртұтас, динамикалық сипатқа ие.

– Оқыту мазмұны толығымен дидактикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Жалпы дидактикалық мақсаттың жемістілігі – модульмен оқыту бағдарламасының мазмұнына, жеке мақсат – модуль мазмұнына, төл мақсат – оқу элементінің мазмұнына сәйкес.

Модульмен оқыту ұстанымы оқыту мазмұны бөліктері аралығындағы байланыстардың өзара бағыну тәртібін шамалайды; оқу элементтері модульді құрайды, модульдер модульмен оқыту бағдарламасын құрайды. Олай болса, айтылғандарды түйіндей келе, модульге келесідей анықтама беруге болады: Модуль – модульмен оқытудың негізгі құралы, бірлігі. Ол мәліметтің аяқталған блогынан тұрады. Оның құрамына дидактикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін әдістемелік нұсқау мен әрекеттің мақсатты бағдарламасы кіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байсболов Ю. У. Научно-методические основа создания и использования модульного обучения. А., 1994.

2 Қ. Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесімен технологиясы (оқулық)». – А. : «Мектеп», 2002 ж.

3 Қ. Бітібаева мектепте Абай шығармашылығын оқыту.

4 Қ. Бітібаева Метепте М. Әуезов шығармашылығын 2002 ж. А. Мектеп оқытуъ.

5 Қ. Бітібаева Әдебиетті оқытудың тиімді жазуы. А. Рауан 1990 ж.

6 Қ. Бітібаева Сабақ үлгілері мен А. Рауан 2002 ж.

7 Қ. Бітібаева Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен 2002 ж.

8 Қ. Бітібаева Әдебиетті тереңдетіп оқыту А. Мектеп. 2002 ж.

9 А. Көшімбаев Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі А., Мектеп 1969 ж.

10 Ә. Қоңыратбаев Әдебиетті оқыту методикасы. А., Мектеп 1966 ж.

11 Ә. Қоңыр атбаев 4–7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы А., Мектеп 1987 ж.

12 Методика преподавания литературы. Под ред. З.Я. Рез. М., Просвещение 1985 г.

13 Қ. Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан 1997 ж.

14 Т. Ақшолақов. Қазақ әдебиетін оқыту А., Мектеп 1993 ж.

15 Құрмамбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. Алматы, 1999.

16 Б. Сманов. Кейіпкер бейнесін талдау. А., Рауан 1990 ж.

17 .Қ. Әміреев. Әдебиетті оқытудағы тарихилық принциптері. А., Мектеп 1984 ж.

18 Қ. Әміреев. Қазақ әдебиетін оқыту мәселелері. А., Кітап 1985 ж.

19 Қ. Мәшһүр Жүсіп «Көркем сөздің құдіреті» Павлодар 2000 ж.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ
ИБРАЕВА Ә. Т.
п.ғ.м., ПМПУ, Павлодар қ.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – ағартушылық білімі кемел болып, елдің мұң-мұқтажын ерте түсініп жырлаған азамат ақын. Бала күннен жазған өлеңдерінің өзінен-ақ ол әлеуметтік теңсіздікті, халықтың қоғамдық өміріндегі мешеулікті жіті көзқараспен таниды.

«Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп, ақын қара басындағы міндетті ғана айтып қойған жоқ, өз халқының дертіне ем табу, мұқтаждықты, өнерсіздікті жою, сөйтіп халықты, мәдениетті, ерікті етуді ойлайды. Мұны ақынның қанатты сөздерінен де аңғаруға болады. Ел түзелсін десең – әуелі өзіңді түзе. Бірінші ел болуға намыс керек, Мал-жанды намыс үшін салыс керек. Қорланып өмір сүрген тіршіліктен, Өлгенім артық деген намыс керек. Күнәдан қорыққан адам – кісі ақысын жемейді. Өнерлі ел – бар мұқтажын жерден емеді, Бар қиынды - тек қана ғылым жеңеді. Ел үшін еңбек етсең – халқыңа сүйкімді боласың. Ер өлсе де – елге еткен еңбегі өлмейді. Наданның қақын кім болса да жейді. Дүние – қызықтырған қызыл киік, Бар адам қуған соны көңілі сүйіп. Көпшілігі далақтап жете алмай жүр, Азшылығы кенелген қолға тиіп. Сөз жоқ бұл ой пайымдары елдің саяси өмірі мен жеке өмірінің мәдениетті болуына аса көңіл бөлген зиялы жан екенін байқаймыз.

Ақынның бел шеше жазу ісімен айналысқан кездері де осы бір шытырман жылдар еді. Ол мәдениеті озық елдердің жоғары жетістіктерін уағыздап, жаңалық жаршысы бола білді. Сол себептен ақын «Бүгіндегі жастарға оқу міндет, бар қиындық тек қана ғылым жеңбек» деген үлкен ойдың қажырлы көрінісіндей жыр жолдарын өз оқырмандарына жолдады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.

Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады.

Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді.

Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат

тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді. Ақын бұл ойын мынадай қанатты сөз өрімдерімен танытады.

Миллетке бек зор үміт – шәкірт халқы. Ел болудың бірінші тірегі – білім. Берген – бұзады. Мал мен бақтан ғылым артық. Тамақтың құлы болған қызыл ауыз. Тар кеуде, шымшық басқа ақыл қонбас. Жан қайда әділетті іздейтұғын, Адамшылық атақты көздейтұғын. Тірлік пен өлген күнді бірдей ойлап, Екі жайдан күдерді үзбейтұғын. Арамға азғырғанды сезбейтұғын, Арам ойдың қиясын кезбейтұғын. Көрініп шайтан келіп азғырса да, Адалдық, ар-иманнан безбейтұғын. Кедей, бай, қажы, төре – бәрі бір бас. Байлықтый пейілі тар: адам баласын алалайды. Кедейлік, сен – жексұрын түсің суық! Дін деген – өтірікке нану деген. Ар сатып – ырыс жинама. Дүниеде қызық бар ма өлмегендей. Дүниенің заңы – биліктің қолында. Адамға аса қымбат балалық шақ, Ойға кіріп шықпайтын сор менен бақ. Бала жанына – ойын азық.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның теңденциясы да сыншыл. Байлық – ұрлықтың жемісі. Іштен тынып жүргеннен - сөнген артық. Адамның ең ұлы қасиеті – бақытты болуға талпыну. Бұл күнде шыбын – тірі, періште – өлген. Қазіргі өмір бақыт іздеген жанды залымдық жолына түсіреді. Бақытқа жетудің ең «жеңіл» жолы – ел үстінен күн көру. Мен – қазақ: қазақпын деп мақтанамын, Ұранға «алаш» деген атты аламын. Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын. Балаға – бәрі бауыр. Достың сыры – досына паш. Кісінің басы доп емес – әркім бір алып қағатын. Адам – надан болса, жер – сараң болады. Мен сөнермін – ісім сөнбес! Бақытты болғысы келген адамға – парыз міндет. Әркімнің – әр іске қабілеті болады.

Абай сияқты, ақын зорлық-зомбылықты, надандықты қаламайды, оның өмірінің мақсаты халықты білімге жетелеу болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров маңызды шығармалар жазды, ұлттық мәдениеті және әдебиет тарихында заңды түрде құрметті орынға ие болды. Бүгінгі таңда да оның халқына деген адал махаббатқа бөленген поэзиясында азаматтық ерліктің дабылы естіледі. Ақын кей уақытта өз мақсатының жауапсыздығына налып, еңбегінің нақты жемісін көрмей, өзін шөл даладағы гүлдің тұқымымен салыстырады. Ол әділдік әлемінің

сұлулығына.нәрліне көз жеткізу үшін тілдің құдіреті, ой мен көңілдің тазалығы туралы толғайды. Ол – тілден зікір, көңілден – пікір. Бұл күнде адал еңбекпен байи қою қиын. Найзаның күшімен жанған бақ – найзаның ұшында сөнеді. Адамдыққа сия ма кісі өлтіріп, Батыр деген ат тауып, медаль алмақ. Дүние – жеу-жегізу майданы екен. Дүниеден жейтұғын ауыз құрымай – әділдік орнамайды. Әділ болып байқадым не өндірдім, Бұл басым залым болып бір байқасын. Қартайғанда ырқыңа дүние түгіл, денең де көнбейді. Қартаймау – қолдан келмейтін іс. Кәрілік: бұл күнде ұйқы, тамақ, қайғы жолдас. Пайданы енді ойлаймын өз басыма, Хош айтып идея деген жолдасыма. Енді мен жер сүйемін, байлық жиям, Көп ойдың көңілім сенді болмасына. Дүниеден өткеннен соң жер беті жұмаққа айналса да – одан бізге не пайда, – деп әлеуметті жамандықтан сақтандырады.

Ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Шығармаларындағы лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылданса да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. Қанатты сөздерімен дәлелдейік.

... Не шара соқыр болса көңіл көзі. Өзі – мас, көңілі – тас. Өлең-жыр – көңілді түзететін машина. Біздің қазақ - әнқұмар халық. Жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар. Ар азығы дегеніміз – әділдік. Адамды бақытты қылатын – ар азығының ер жетуі. Тарих ғылымының пайдасы – алдыңғылардың жіберген қатесін кейінгінің қайталамауына көмектесетіндігінде жатыр. Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе – көре тұра отқа түскендік болып шығады. Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу керек. Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып, бақытты болуына себепкер болатын Еуропадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын: бірі – дене азығы, екіншісі – ар азығы. Бір халықтың сүтпен бірге байланған ірік-шірік қара кеуілін аршып, жаңа рухпен қандандыратын, таза пейілмен жандандыратын шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет деген нәрсе болады. Түзу ғылымнан, түзу ұстаздан тәлім алған тәліп неге түзелмесін. Ата мирасындай болып сүйекке сіңіп, көңілге орнығып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қояр ма. Қазекеңнің түзулікті һәм түзулік айтқан кісіні ұнатпай, ынтымақ-бірлікке қайырылмай қалшиып қалатындығы – бұрыннан да әркімге

мәлім жай емес пе. Ар азығынсыз, құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, қазақ та бақытты бола алмайды.

С. Торайғыров шығармаларының көркемдік ерекшелігі Сұлтанмахмұт шығармаларын түгелдей алып қарасақ, араб-фарсы, орыс, татар сөздері едәуір кездеседі. Сонымен бірге ақын қазақ халқы бай ауыз әдебиетінің айшықты сөздерін кейде қаз қалпында, кейде аздап өңдеу-өзгертумен кеңінен пайдаланылғанын өкреміз. Бірнеше мысалдар келтірерлік: «Болса да қырық жыл қырғын ұмытпаспыз», «Әркімнің өз аузына қолы жуық», «Жазмыштан озмыш болмас», «Халық айтса қате айтпайды», «Жас жастың тілеуі бір», «Қарға адым жер мұң болар», «Болса да аузы қисық сөзі дәрі», «Данышпан ел көркейтер ерім осы», «Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?», «Белбеуге түйіп алып беттің арын», «Қорлыққа ұрлық түбі айналмас па?», «Періште болса-дағы жолдан таяр», «Жесір ерден кетсе де, кетпес елден» тағысын-тағылар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінен бұрын өткен ақын иелерінің сөздерін де пайдаланып отырады: «Адам – құл, өзін жеңіп ұстамаған, деген бір Сократтың бар нақылы», «Дүние бос, махаббатсыз мал секілді, деген сөзін Абайдың есіңізге ал», «Надсонның айтқанындай: Жауыз жолмен жүре алмай дымы құрыр онан әрі, талған күш, ауырған жан, қиналған тән, дертіне жақындықты етер дәрі» т.б

Сұлтанмахмұт Торайғыров әңгіме, очерк, мақала жазғанда, негізінде, халық тілін кеңінен қолданған. Ол кезде қазақ прозасының әлі қалыптасып үлгермегенінен болу керек, жазушы көбінесе ауызша сөйлеудің әсеріне бағынған, сондықтан да сөйлемнің орын тәртібін қатал сақтамай, құрмалас сөйлемдерден гөрі жай сөйлемдерді көбірек қолданып отырған.

«Қамар сұлуда» С. Торайғыров мақал-мәтелдерді, кейбір нақыл сөздерді сол қалпында дерлік пайдаланумен қатар, кей сәтте аздап өзгеретін немесе өз тарапынан тың өрнекті, кестелі сөздер жасайтынын көруге болады. Осы шығармасында жазушы 50-ге тарта мақал-мәтелдер, афоризмдерді пайдаланумен бірге 70 шамалы басқа халық тілдерінен енген жеке сөздерді қолданғанын аңғарамыз. Мысалы, «Таң атпайын десе де, күн қоймайды», «Арыстан айға шауып мертігіпті», «Суға кеткен тал қармайды», «Сыныққа сылтау іздеу», «Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Жабулы қазан жабуымен», «Ит үрді, керуен көшті», «Шығасына иесі басшы», «Алғаныңмен қоса ағар», «Айран сұраған шелегін жасырмас», «Байтал тұрсын бас қайғы», «Барар жері басар тауы», «Бастан құлақ садаға», «Жалғыз қаздың үні, жаяудың шаңы шықпайды», «Көп қорқытады, терең батырады», «Бір тойған шала

байлық», «Іштен шыққан шұбар жылан», «Еліктей алмай солықтау», «Қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні апа қылады» тәрізді белгілі сөз тіркестерімен қатар кейбір жүйелі сөз өрнектерін аздап өзгерткенін немес тыңнан, өз тарапынан афоизмдер жасағанын көреміз. Бірнеше мысал келтірелік: «Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы», «Жақсыдан жаман туса емі болмас, жаманнан жақсы туса теңі болмас», «Ойы онға, ақылы алтыға бөліну», «Доп емес әркім қағар менің басым», «Асын ішіп, текеметін тіліп жүргенін қарашы», «Жылы суға қолын малу» (жай отырады деген мағынада), «Бір тойса есектер, миы жоқ алдын есептер», «Арсызға алты күн мейрам», «Ілем деп жүріп, ілігіп кетті», «Соқырдың қолына, саңыраудың жолына түспе», «Иіліп төсек, жайылып жастық болды» т.б.

Ақынның осыншама еңбек қалдыруы, шығармаларындағы ұлтжандылық рухтың күштілігі, ұлтының бақытты болашағы жолындағы қайтпас күрескерлігі, азаматтық арының биіктігі, дарынының дархандығы таң қалдырады. Сұлтанмахмұттың өлеңдерін, поэмаларын, романдарын, публицистикалық мақалаларын оқып отырғанда кей-кейде тұтас бір қазақ деген халықтың бар тауқыметін қаршадай акынның бір өзі ғана қабырғасы қайыса көтеріп, бар ауыртпалық бір басына түскендей әсерде қаласыз.Ал осы ересен еңбек пен ой пайым тереңдігінің жиынтығы қанатты сөздерінде жинақталғаны әдеби мұрамызға қосылған зор байлық деп түсінуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Торайғыров Сұлтанмахмұт / Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : Сардар. – 2014. – Б. 392.

2 Торайғыров С. 3-томдық шығармалар жинағы. 3-т. – Алматы : Алаш, 2005. – 231 б.

3 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. – 280 б.

4 Торайғыров С. Өлендер, поэмалар. Т.1. – Алматы : Ғылым, 1993. – 280 б.

5 Торайғыров С. Қамар сұлу. – Алматы : Жазушы, 2009. – 416 б.

6 Еспенбетов А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт : Ғылыми зерттеу / А. Еспенбетов. – Алматы : «Раритет», 2008. – 240 б.

7 Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты: (Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт): зерттеу. – Астана, 2002. – 150 б.

БЕКМҰРАТ УАХАТОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТІЗГІН

ИБРАЕВА Ә. Т.
п.ғ.м., Phd докторанты, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сарыарқа өңірі сияқты киелі өлкеде, қасиетті топырақта дүниеге келіп, өсіп-өніп өз білімін қазақ халқына аянбай паш еткен атақты ғалымдардың бірі- балтаның сабындай ғана қысқа өмірінде ғылымның қиясына өрмелеп шығып, оның көкжиегінен жан-жағыа көз салып, барлай бастағанда, мезгілсіз өмірден кеткен, ірі фольклорист, сыншы, атақты ғалымымыз – Бекмұрат Уахатұлы Уахатов.

Ірі фольклорист, сыншы, атақты ғалымымыз – Бекмұрат Уахатұлы Уахатов. 1932 жылы 29 қарашада Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қорт атты киелі, қасиетті жерде Уахат деген адамның отбасында дүниеге келген.

Бекмұрат Уахатовтың есімі әдеби қауымға кеңінен танымал. Өзінің қысқа ғұмырын туған әдебиеттің тыныс, тіршілігіне арнады. Білім бастауын Жаңа ауыл жеті жылдық мектебінде, кейіннен Қызыл әскер орта мектебінде жалғастырып, 1949 жылы орта мектепті аяқтап, қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1954 жылы аяқтап, сондағы қазақ әдебиеті кафедрасында аспирант болып қалдырылды. Біраз жылдар «Қазақ әдебиеті» газетінің әдеби қызметкері, одан кейін 26 жыл бойы өмірінің соңғы күніне дейін Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет етті.

1961 жылы «Қазақ совет прозасындағы характер жасау шеберлігі» деген тақырыпта академик М. О. Әуезовтің жетекшілік етуімен кандидаттық, ал 1975 жылы «Қазақтың халық өлеңдері» дейтін тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Б. Уахатов Мұхтар Әуезовтың сүйкті шәкірті болған. Көп жастардың ішінен М. Әуезов Бекмұрат Уахатовты таңдап, өз інісіндей жанынан қалдырмай, бүкіл кездесулерге қатыстырып отырған екен.

Б. Уахатовтың еңбегі үш үлкен салада көрінетіндігі анық. Оның біріншісі-халық мұрасын жинап жарыққа шығару ісі, екіншісі-фольклор мен мен қазіргі әдебиетті зерттеуші, үшіншісі- сол әдебиеттің оқытылу жолдарына байланысты әдістемелік еңбектер жазушы деуге болады.

Б.Уахатов әдебиеттану ғылымында, әсіресе оның фольклортану саласында тыңғылықты зерттеу жүргізіп, таңданарлық табыстарға ие болды. Ол қазақтың көне асыл қазынасы- ауыз әдебиетін зерттеуге 20 жылдан астам уақытын арнады.Қазақ фольклорының төркінін қопара ақтарып, оны сонау бағы заман мирастарынан іздестірді. Б. Уахатов «Қазақ фольклористика», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақтың тарихы жырлары», «Жар-жар», «Пернедегі термелер», «Ақындар жыры» коллективтік еңбектердің жауапты шығарушысы әрі авторы болды.

Сын саласындағы Б. Уахатовтың еңбегі ұшан-теңіз. Біріне бірі ұқсамайтын, үлкенді-кішілі, әр деңгейдегі қаламгердің әр қырынан келіп, сыр шертеді. Уахатов ірі тұлғаға Ғабит Мүсіреповтің шығарамаларына «Шеберлік шарты» көлемді еңбегін арнаған болатын. Сонымен ол, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиннің бір шоғыр прозалық шығарамаларына талдау шасаған. Оның нәтижесінде ғалым қазақ әдебиеті ғылымына елеулі үлестер болып қосылған сара да дара зерттеулерді дүниеге әкелген. Осы орайдағы үлгі Әуезовтік пайымдаулармен тікелей байланысты еді. Б. У. Уахатов соны іске асырды.

Ерекше зерттеген сала – қазақтың халық өлеңдері болды. Уахатов өлең жарының негізгі даму тендециясын анықтау, соның табиғатын, идеялық-көркемдік ерекшіліктерін аша білді. Қазақ өлеңінің ең алғашқы шығуын, таралу тарихын, калай өскенін, жетілгенің зерттеп көрсетті.

Әдебиет сыншысы Б. Уахатов халық өлеңдерінің мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде 1975 жылы «Қазақтың халық өлеңдері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы деген ССРҒА-ның М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында әуелде кіші одан аға ғылыми қызметкер бөлім меңгерушісі болып қызмет етті. Сонымен қатар, педагогика ғылымы мен практикасы үшін де тер төккен азамат. Сонымен қатар, Уахатов мектеп жасындағы өспірімдерге арнап «Мұқаңның мінезі», «Жолда», «Қарақат», «Күнге сапар» атты әңгімелер арнаған.Онда ол қызықты қылық, мінез күйлерін суреттеп, оларды еңбек сүйгіштікке баулу идеясын ұстанды. Сондықтан Бекмұратты «Балалар әдебиетінің пірі» – деп атауға болады. Өйткені оның еңбектері ұрпаққа мәңгі өшпес мирас болып саналады.

Әдебиеттанушы Р. Нұрғалиев Жұмат Шаниннің шоқтығы биік шығармаларының бірі «Арқалық батыр» трагедиясын зерттей отырып, қазақ фольклоры мен драматургиясының арасындағы күрделі

байланысты ғылыми тұрғыдан саралап берді. Бұл шығарманың туу, жазылу тарихына, уақытына көз жүгірте отырып, ғалым пьеса нұсқаларын салыстырып, айырмашылық, өзгерістерін көрсетті.

Архив түбін ақтарған ғалым «Көзі тірісінде Жұматтың өзі де «Арқалық батыр» трагедиясының материалын халық жырынан, Ержан ақын аузынан алғанын айтады. Қазақ ССР Ғылым академиясы қолжазба қорында Арқалық батырдың есіміне байланысты бірнеше материал бар. Олар: 1) 1939 жылы Құлсариев Ертай тапсырған «Арқалық батыр» жыры, 336-шы папканың 59–119 беттері; 53 папканың 346–405 беттері; Екеуі бір-бірін қайталайды. 2) Қабыш Мұсайынов пен Дәуітқан Ибрагимровтар тапсырған нұсқалар. 366-папка а) «Арқалық батыр», 1–2 беттер. б) Арқалық батырдың қазақ-қалмақ барымталас кезінде Әз Жәнібек ханның жылқысын қалмақтан алып келгені туралы. 19–21 беттер.

Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің редакциясымен 1961 жылы шыққан «Батырлар жырының» екінші томына Ержан Ахметовтен 1958 жылы Бекмұрат Уахатов жазып алған нұсқа енгізілген» деп нұсқа түрлеріне сипаттама беріп, салыстыра отырып пьесаның негізі фольклорда жатқанын айтады. Ғалым Ержан Ахметов нұсқасы мен пьеса арасындағы ұқсастықтар, есімдер өзгешеліктері жайында айта келіп пьесаның фольклор нұсқасынан өзгешеліктерін де көрсетіп береді.

«Арқалық батыр» трагедиясына байланысты материалдарды түгелдей салыстыра тексерген ғалым пьеса сюжетіне Ертай Құлсариев тапсырған вариантың жақындығын айтады. Пьесаға ғалым «Арқалық батыр трагедиясына әдеттегі драмалық шығармаларды талдау-образдарды бағалау, идеяны көрсету, конфликтінің ажырату, сюжет ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан келуге болмайды. Өйткені бұл туынды – ұлттық әдебиетіміздегі ең алғашқы күрделі пьесалар үлгісінің бірі. Сондықтан негізгі көркемдік компоненттерге анализ бере отырып, диалогтың жасалуы, авторлық ремаркалардың түрлері, көріністер, перделер арасындағы байланыс, тіл бояулары – сияқты мәселелер төңірегінде де байлам жасау қажеттілігі туады» деп баға береді.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, бірақ әртүрлі себептермен зерттеу жүргізілмеген шығармалар жайында да тың деректер береді. Соның бірі – Ғ. Мүсіреповтың ауыз әдебиеті негізінде жазылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясына дейін жазылған Жұмат Шаниннің осы тақырыпта пьеса жазғандығы туралы мәлімет. Сонымен қатар ғалым Ғ. Мүсіреповтің трагедия- сын да эпикалық трагедияның жауһар үлгісі ретінде жоғары бағалайды. «Қозы

Көрпеш – Баян сұлу» жырының сахнаға ықшамдалған формасы туралы: «Жыр мен трагедияны салыстыра қарағанда, драматургтің сюжет түзеуде, тартыс өрбітуде, характер сомдауда жасаған сан-алуан жаңалықтары анықталады. Бесік құдалық негізінде күні бұрын шешілген махаббат желісі жырдың басты өзегін құраса, трагедиялық күрес ескілікпен жаңалықтың арасында өтеді. Пьесада рулық тартыс емес, әлеуметтік–таптық қақтығыстың көрсетілуінде мән жатыр» деген ғалым пікірінен трагедияға берілген әділ баға екенін ұғамыз.

Белгілі ғалым Б. Уахатов «Қазақ халық өлеңдері» (1974) атты монографиялық еңбегінің бір тарауын тарихи өлеңдерге арнады. Бұдан бұрынғы тарихи жыр мен тарихи өлеңдерді бірге қарап, арасына шек қойылмай келген мәселелерге автордың бұлайша концепция ұсынуы тарихи өлеңдерге байланысты жаңаша бір бағыт әкелді деуге болады [1, 15]. Б. Уахатовтың еңбегі үш үлкен салада көрінетіндігі анық. Оның біріншісі – халық мұрасын жинап жарыққа шығару ісі, екіншісі-фольклор мен мен қазіргі әдебиетті зерттеуші, үшіншісі – тәрбиелік мәні бар әңгімелері мен сол замандағы мәселелерді көркем тілмен суреттей білген жазушы деуге болады.

Қазақ фолклорындағы тарихи өлеңдердің шығу тегі мен дамуын саралап, өзге халықтардың тарихи өлеңімен салыстыра сипаттау, олардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтау фольклортанушы ғалымдардың жетістіктері болып саналды. Осы жолда табанды еңбекпен ғылыми бағдарда жұмыс жүргізген ғалымдар қатарында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Ә. Х. Марғұлан, Н. С. Смирнова, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, З. Ахметов, Н. Төреқұлов, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Б. Уахатов, О. Нұрмағамбетова, М. Жармұхамедұлы, Е. Тұрсынов, Б. Әбілқасымов, Ш. Ыбыраев, М. Мағауин, С. Садырбаев, З. Сейітжанов, Б. Әзібаева, Б. С. Рахымов және т.б. ғалымдарды атап көрсетуге болады.

Сонымен бірге осы тақырыпқа қатысты орыс ғалымдарының теориялық пікірлері де назар аударарлықтай. Көптеген ғалымдар солардың пайымдауларына назар аударып, еңбектерінде В. Бартольд, Л. Н. Гумилев, И. Березин, Б. Н. Путилов, И. В. Стеблева, В. Я. Пропп, А. М. Астаховалардың ғылыми ұстанымдарын тиісті дәрежеде кәдеге асырды.

1950–1960 жылдардағы қазақ жастарының өмірі Б. Уахатов пьесаларында да көрініс тапқан. Оның 1956 жылы жас жазушылардың республикалық кеңесінде жақсы бағаланған «Түтін», «Қош бол»,

«Сәтті бастама» атты пьесасы сол кезде кең етек алған-шындықты жаба тоқу жайы мен мансапқорлықты өткір суреттейді. Қаламгер «Тыңайтқыш» бір перделі, үш көріністі атты пьесасында тың Хрушевтің принциптерді сынау сарыны жатты.

Әдебиет саласындағы Б. Уахатовтың еңбегі ұшан теңіз. Біріне-бірі ұқсамайтын, үлкенді-кішілі, әр деңгейдегі қаламгерлердің әр қырынан келіп сыр шертеді. 1954 жылы «Жыланкөз» скетчі, 1955 жылы «Мырза жігіт» бір перделі пьесасы, 1956 жылы екі көріністі пьесасы, «Мақтаншақ» бір суретті көрінісі 1957 жылы жазылды.

1956 жылы «Қош бол», «Түтін» бір перделі, екі көріністі пьесасы да осы жылы жазылды. Ал 1961 жылы «Желіккен жеңгей» бір актілі пьеса, 1965 жылы «Молшылық» атты (бір актілі пьесалар жинағы), 1965 жылы «Шолжың», 1966 жылы «Ашынған жандар» бір перделі, үш көріністі пьесасы жарыққа шықты.

Заман лебі кейіпкерлерінің қарым-қатынастары, сан алуан мінездер, табиғат көріністері, тілге байланысты шеберлікті жүйе-жүйеге бөліп, бар қыры мен сырын ашады. Бір тұста Б. Уахатовтың шеберлігінің тағы да бір қырын көруге болады. Сонымен қатар, Уахатов мектеп жасындағы өспірімдерге арнап «Мұқаңның мінезі», «Жолда», «Қарақат», «Күнге сапар» атты әңгімелер арнаған. Онда ол қызықты қылық, мінез күйлерін суреттеп, оларды еңбек сүйгіштікке баулу идеясын ұстанды. Сондықтан Бекмұратты «Балалар әдебиетінің пірі» – деп атауға болады. Өйткені оның еңбектері ұрпаққа мәңгі өшпес мирас болып саналады.

Жас қаламгердің бұл көркем шығармалары тұтасымен бүлдіршіндер мен жасөспірімдер өмірін, солардың болмысын бейнелеуге арналған. Автор әр туындысына белгілі бір идеяны берік қазық етіп ұстады. Кейіпкерлерінің бейнесін іс-әрекеті арқылы сол идеясына лайықтай сомдады. Мәселен, Б. Уахатов өзінің «Сын» атты әңгімесінің сюжетін жас ұрпақты әділетті болуға тәрбиелеу идеясына орай тартысқа құрды.

Жазушы Б. Уахатов көркем туындыларды ерекше сомдап, халықтың тұрмысын шебер бейнелей білген. Бұған дәлел оның «Қазақ әдебиеті тарихы» кітаптарына жасауды, атап айтқанда, сол тарихтың 1 және томының 2-кітаптарын жазысуы куә. Аталған тарихи кітаптың 1 томының 2-кітабындағы өлеңдер бөлімі Б. Уахатов жазды. 3-томының 2-кітабындағы «Повестер» бөлімі де соның қаламынан шықты. Осындай із қалдырып, өнімді белдерден асқан Б. Уахатов нағыз ғылымның дәмін татып, өзін-өзі тапқандай сезінеді. Арнасы кең әдебиеттің әйгілі бір қырына қарай ойысады. Уақытқа ілесіп,

бәрін түгел дер кезінде жинап-теріп отыру мүмкін емес. Халықтың осыншама бай мұрасына талдау жасап, төркін сырын ашу, әрине ерінбейтін еңбек, қажырлы қабілетті қажет етеді. Осы еңбекке бел буған кезеңнен бастап, Бекмұрат Уахатов өзін нағыз жазушы ретінде танытты. Яғни, «Біздің оттарымыз», «Тағдырлар тоғысы», «Ақсаусақ» деген тақырыпта әңгімелерін жазды.

Б. Уахатовтың еңбегі өлшеусіз. Талапты әрі дарынды ғалым. Мұндай ғалымдар тарихта сирек кездеседі. «Ол шолпан жұлдызы секілді қайтадан тарихта жанған адам. Шолпан сияқты биікте тұрған адам. Түсіруге болмайды» деген екен досы Сұлтанғали Садырбаев. Иә, осындай із қалдырып, жеріне мол мұра сыйлаған Б. Уахатовтың еңбегі ұмытылмай, мәңгілік есте қалуы біздің алдымызға үлкен парыз және міндет деп санаймыз.

1996 жылы Бекмұрат Уахатовтың есімі Ғылым академиясы Жана ауыл мектебіне ғалымның есімі берілді. «Сүйсінерлік ұлың болса, сүй оны» деген екен. Біздің елдің атын шығарған асыл азаматтарымызды мақтан тұтамыз. Міне осы, киелі жерде Ұлы Мұхтар Әуезовтің соңғы талантты шәкірті, фольклорист-ғалым, сыншы Бекмұрат Уахатов та туып, қасиетті топырағынан нәр алған болатын. Оның жазушылық шығармашылығы мен фольклортану ғылымындағы еселі еңбегін зерттеп ,зерделеу уақыт талабы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қасқабасов С. С. Шығармалары [Мәтін]. Т.1. Жаназық: әр жылғы зерттеулер / – Астана : Фолиант, 2011. – 568 б. – (Алтай – Ертіс кітапханасы).

2 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1979. – 312 б.

3 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 240 б.

4 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы : Ғылым, 1982. – 232 б.

5 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы : Қайнар, 2001. – 420 б.

6 Бартольд В. История турецко-монгольских народов. – Ленинград, 1928. – 24–29 с.

7 Моңголдың құпия шежіресі. – Өлгий, 1979. – 151 б.

8 Ахметжанова Ж. Б. Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер (10.01.09-Фольклортану). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 2007. – 10 б.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ФОНЕТИКА ТУРАЛЫ

ИЛЬЯСОВА Ж. А.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасыр басында қазақ тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулерін жатқызуға болады. 1957 жылы Құдайберген Жұбановтың азаматтық құқығы қалпына келтіріліп, ғалымның қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін оқырман қауымына ұсынуға мүмкіндік туды. Профессор Қ. Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын тұңғыш зерттеген жұбановтанушы, академик Рәбиға Сыздықтың сөзімен айтсақ: «...өзінің табиғат берген бітімімен, Алла Тағала сыйлаған ақылды-парасаттылығымен, үлкен таланттылығымен, ата-анасы мен тәрбиесінен келген қабілеттілігімен, алған білімтанымымен елден ерік тұрған біртуар (феномен) тұлға» өзінің аз жасаған ғұмырында ғылым үшін баға жетпес классикалық зерттеулерін мирас етіп қалдырды. Тіл білімнің өзіндік орны бар, маңызды бір саласы – фонетика. Қазақ фонетикасында бұл реттегі алғашқы зерттеулер профессор Қ. Жұбанов есімімен тікелей байланысты. Ғалым өзінің зерттеулері нәтижесінде қазақ тіл білімінің басқа салаларымен қатар фонетиканың да объектісін анықтап, дыбыстау мүшелері, дыбыстың саны мен сапасы, буын, сингармонизм, екпін, алфавит, орфография, терминология т.б. мәселелерге байланысты тұжырымды пікір айтып, тұңғыш рет қазақ фонетикасының ғылыми курсын жасады [1].

Ескі тілтану ғылымы, шынында да, фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп танитын. Фонетика тілдің дыбыс жағын тексеретін ғылым екені рас. Бірақ, мұны салмақтаңқырап, дәлдеңкіреп түсінбесе, үнді-европаша тіл ғылымының бұрмалағаны сияқты, біз де фонетиканы теріс, бұрмалап түсінеміз, сондықтан тексерулерімізден теріс нәтиже шығаруымыз мүмкін. Әуелі-ақ фонетика дыбыс болған жердің бәрін тексереді деуге болмайды. Күннің күркірегені, арбаның салдыры, мылтықтың тарсылы, қасқырдың ұлығаны – бәрі де дыбыс. Бұларды фонетика қарамайды. Өйткені бұлар – адамнан тысқарғы, табиғаттағы болатын дыбыстар.

Екінші, фонетика адамнан шыққан дыбыстың бәрін тексермейді. Адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды, мұның бәрі – адам дыбысы, бірақ, адамның қоғамдық мұңы айдап шыққан, қоғамдық қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан

туған туынды инстинкт дыбыстар. Сол себепті фонетика қарауына бұлар да жатпайды.

Үшінші, фонетика қоғамдық дыбыс болған жердің бәрін қарай бермейді. Музыка да – дыбыс, бұ да – барып тұрған қоғамдық дыбыс. Музыканың бір тарауы ол – адамның дыбыс мүшелері арқылы жарыққа шығады. Сөйте тұра, бұл – тіл дыбысы емес, жылау, күлу қоғамдық күштердің қысаптарымен шығады, сонда да оларды тіл дыбыстары деуге болмайды (әрине, күлуде, әсіресе, жылауда, сөз араласатыны болады. Біз мұнда сөз жағын санамай, тек таза жылауды, таза күлуді алып отырмыз) және бұл дыбыстар мен тіл дыбыстары арасында, дұрысы – жылау, күлу, музыка мен тіл арасында нендей айырма бар. Меніңше мынандай: жылау мен күлуді сол тілмен сөйлейтіндер болмай-ақ, мәселен, қазақтың жылағаны мен күлгені қазақ болмай-ақ, кім болса сол түсінуге болады. Жылап отырған не күліп отырған қазақ болса, мұны көріп, естіп тұрған, өзі қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай әлгі қазақтың жылап отырғанын не күліп отырғанын біле алады. Бірақ, қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай қазақтың қазақшалап не сөйлеп тұрғанын ұға алмайды. Олай болса, жылау мен күлу – адам болған жердің бәріне түсінікті, ал тіл тек сол тілмен сөйлейтін қоғамға ғана түсінікті.

Төртінші, фонетика бір тілмен сөйлейтін адамдарға ғана түсінікті дыбыс болған жердің бәрін тексермейді. Малды дегенімізге көндіргіміз келгенде, тоқтатқымыз келгенде шаужайлаймыз, лықлықтаймыз, жылқыны суға бақтырғанда кіш-кіштейміз. Жел шақырсақ – ысқырамыз, тағы тағылар. Мұнда да дыбыс шығарамыз. Мұнда да шығарған дыбысымыз түшкіргендегідей, ыңқылдағандай, денеміздің жұмыс атқару салдарынан болғандай өзімізден еріксіз шықпайды. Сөйлегенде қандай ерікті түрде дыбыстасақ, мұнда да сондай еркін үн шығарамыз. Мұнда да жеке басымыздың дене мүңы айдап шығармайды, қоғам өндірісінің үстінде, өндіріс таласы қыстап шығарады. Сөйтіп, бұлар да – әлеуметтік дыбыстар болып табылады. Музыкадағыдай құбылыстың өзіне ұқсас бейнелер мұнда да жоқ. Бұл жағынан тіл белгілеріне түгел ұқсайды. Оның үстіне бұл дыбыстардың мағынасын тек қазақ тілін білетіндер ғана ұғады, басқалар ұқпайды.

Бесінші, фонетика тіл дыбысы болған жердің бәрін қарай бермейді, дыбыс тілінің дыбыстарын ғана тексереді. Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдетғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі.

Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар – сондай бай, сондай ұшталған тіл, мұнымен әйелдер сумаңдатып ала жөнелгенде, дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар.

Дыбыстау мүшелері. Қ. Жұбанов қазақ лингвистикасында бұл бағытта да алғашқы болып зерттеу жүргізіп, «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығында дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы толымды пікір айтты. Бұл оқулыққа дейінгі еңбектерде сөйлеу органдарының артикуляциясы талданбаған болатын. Бұл мәселе қазақ фонетикасына осы оқулықтан бастап енді. Қ. Жұбанов дыбыстау аппараттары өкпе, ауыз, мұрын және кедергі мүшелері деп, «өкпе, сырнайдың көрігінше, ісініп – басылып, ауаны біресе сыртқа теуіп, біресе ішке тартып тұратынын», ал ауыз, мұрын қуыстары дыбысты зорайтып тұрса, ауа ағыны бірде еріннен, бірде тіс түбі, не таңдай, не көмекейден бөгеліп, кедергіленеді де, дыбыс та кедергісіне байланысты әртүрлі шығатынын айтады. Дауысты дыбыстарды шығаруда дыбыстау мүшелеріне, ал дауыссыздарды шығаратын кезде дәл тани білген. Дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы Қ. Жұбановтың пікірлері А. А. Реформатский, Л. Р. Зиндер, М. И. Матусевич, І. Қ. Кеңесбаев, Ә. Н. Нұрмұханова оқулықтарындағы ойтұжырымдармен ұштасып жатқандығыр байқатады. Тіл дыбыстарын түрлі аспектілер арқылы зерттеп тану бағытындағы ғалыс ізденістері жалпы фонетика тұрғысынан да маңызды [2].

Қорыта келгенде, фонетика дыбыс тілінің дыбыстары жайындағы ғылым болғандықтан,дыбыс тілі жүйесіне қосылмайтын,ым тілі қалдықтарына жататын бұл дыбыстарды қарамайды.Дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретән ғылым болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қ. Жұбанов «Қазақ тіл білімінің мәселелері». Алматы 2013 3–5 б.

2 Қ. Жұбанов «Қаза тілі жөніндегі зерттеулер» Павлодар 2010 10-15 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

ИСЕНОВ Б. А.
магистрант, Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінің оқытушысы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚАЛЫ Н. А.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сан қырлы және әртүрлі жанрға бай мұрасы – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ерекше құбылысы, қазақ халқының рухани мәдениетінің маңызды бөлшегі.

Сұлтанмахмұт қысқа өмірінде көптеген маңызды шығармалар жазғаны соншалық, ол ұлттық мәдениет тарихында құрметті орынға ие болды. Өмірлік жолында кездескен қиындықтарға төтеп беріп, Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қайсар мінезін көрсетті. Ақынның өмірде ұстанған ұраны, оның білімге, ғылымға, өнерге деген талпынысы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан емес.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінің тарихында өшпестей із қалдырған Абайдан кейінгі қазақ ақыны, екінші ағартушы.

Ол қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен бірден-бір ақын. Сол уақытта жаңа, белгісіз жанрда өлең жазған ақынның әртүрлі шығармалары бар, атап айтсақ: екі роман, бес поэма, көптеген өлеңдер, мақалалар, очерктер және публицистикалық шығармалар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасына енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды.

Сұлтанмахмұт шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Баянауыл ауданында малшы отбасында дүниеге келген. Әкесі-Әубәкір кедей болған, бірақ хат таныған адам. Бір жасында анадан айырылып, жетімдікті көріп өседі. Қуанышсыз балалық шақ, жартылай аш өмір – осының бәрін Сұлтанмахмұт басынан өткерді. Хат тануды ол әкесінен, кейін 1902 жыл мен 1907 жылдар арасында молдадан үйренді.

Сұлтанмахмұттың аталары – Торайғыр, Шоң деген кісілер қазақ даласына аттары кеңінен таныс, атақты би, батырлар болған. Шоң би есімі Қалмұқан Исабаевтың осы аттас романынан белгілі. Ал Торайғыр – елін сыртқы, ішкі жаудан қорғаған, белгілі батыр

әрі би. Баян тауының бауырында Торайғыр есімімен аталған үлкен көл бар. Ақынның өз әкесі Әбубәкір момын, кедей адам болған. Шаруасы күйсіз, үнемі малшы киімінде жүретін оны замандастары Шоқпыт атандырған. Күнкөріс қамымен Шоқпыт сол кездегі Омбы уезінің Шағрай болысына қарасты Қарауыл Шабар ауылында (Кейін Көкшетау облысының Қызылту ауданына қараған) бай жездесі – Шабар баласы Қанапияны паналап, соның малын баққан. Сол жақта үйленген. Жездесі сүйек жаңғыртпақ болып Шаншаруылы Жабайдың Зуфнүн деген қызын әпереді.

Шоқпыт кедей болғанмен, жаны жомарт, кайратты, ескіше сауаты бар адам болған. Ол Сұлтанмахмұтты үйде оқытып, алғашқы сауатын ашады да, ауыл молдасына береді.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмағанда кім болам, – деп жырлаған ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық күндердің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ екені анық.

1908–1910 жылдары Сұлтанмахмұт Баянауылдағы медреседе оқиды. 1911 жылы Троицк қаласынан көрші ауылға келіп, молдалық құрған Нұрғалидан дәріс алады. Нұрғалидың көмегімен бұл кезде ол қазақ, татар тілінде шыққан кітаптарды, газет-журналдарды көп оқиды. Өлең, әңгіме жазуға ден қояды. Білімі толысып, өнерге құштарланған Сұлтанмахмұт қаламынан бұл кезеңде «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Кезек қашан келеді», «Оқу» атты бірқатар өлеңдер мен «Зарландым» деген әңгіме туады. Оларда талапкер ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, өнер мен білімнің пайдасы, байлық пен кедейлік туралы толғанады.

1912 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт оқу іздеп Троицк қаласына барып, осындағы медресеге түседі. Қуанышында шек болмайды. Көңілін шабыт кернеп, «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Қандай?», «Зарлау» тәрізді бірқатар өлеңдерін жазады.

Әйтсе де бұл медреседе көп оқи алмайды. Туберкулез індетіне шалдығып, 1913 жылы Троицкідегі оқуын тастауына мәжбүр болды. Амалсыздан Троицк маңындағы қазақ ауылдарына барып, бала оқытады. Өзі де көп оқиды, өлеңдер жазады.

Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға

бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді.

1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан Торайғыров «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» атты әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды.

Қыс бойы журнал редакциясында белсенді жұмыс жасаған ол 1914 жылдың көктемінде жұмыстан шығады. «Айқап» хатшысы Сұлтанмахмұт Торайғыров хатшылықтан шықты. Мұнан былай оның «Айқаппен» ешбір қатынасы болмайды» – делінген хабар журналда жарияланады.

«Айқапта» жемісті қызмет істеп, бірқатар шығармаларын бастырған, ақындыққа бет бұруына жол ашылған шағында, Сұлтанмахмұттың журналдан қызметтен кетуі – оның еркінен тыс болған оқиға. Оны өзі де «Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Махмұт кайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым... «Айқапта» тұрған минуттарда бүкіл ғаламға өзім ие болғандай көтерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, көтерілетін не бар еді?» – деп мойындап жазған.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, сол кездегі «Айқап» пен «Қазақ» газетінің арасындағы пікір таластары Сұлтанмахмұттың тағдырына әсер еткен сияқты.

«Айқаптың» күзден бергі номерлерінде «Қазақтың», иә «Қазаққа» жазушылардың аты аталмаса, журнал мақсатына жете алмайтындай боп келеді. Бас қосу мәселесінде де «Қазақ» айыпты, жер мәселесінде де «Қазақ» айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Қазақ», «Айқапта» түс көрген өлеңші де «Қазақты» жырлайды, циркке барып балуан көргендердің есінен де «Қазақ» қалмайды, басқармадан біреуге жауап жазылса да, баяғы «Қазақ», қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп тағы да

«Қазаққа» соғады, үлкен кісілерді де тіршілігінде «Қазақтың» пікірін қуаттағаны үшін сөгеді» – деп жазыпты Міржақып Дулатов «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы тартыс туралы. Осы сөздің ұшығы Сұлтанмахмұтқа тиіп жатқаны даусыз. «Қазақ» газетінің Сұтанмахмұтты тікелей көздегені расқа шығады. Пікірін «дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамайтын» ақын «Қазақтағы» ағаларын ренжітіп алғанға ұқсайды. Сондықтан «Қазақ» газетінің басындағылар «Айқаптың» шығарушысы Мұқаметжан Сералинге ықпал етіп, Сұлтанмахмұтты журналдан кетіруі әбден мүмкін. Редакцияның Сұлтанмахмұттың кеткенін хабарлап, енді оның журналмен «ешбір қатынасы болмайды» деп жазуының өзі де «Қазақ» алдындағы ақталу сияқты.

«Айқаптан» кеткеннен кейін, 1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өз еліне – Баянауылға барады. Аулында біраз уақыт бала оқытып, қаражат жинап алып, үлкен қалалардың біріне оқуға кетуді ойлайды. Ел жастарын оқуға, білім жолына тартатын мәдени-ағарту ұйымын құруға талап жасайды. Өзі «Шоң серіктігі» деп атаған осы ұйымның алдына тұрмысы нашар, кедей оқушыларға көмектесу, оқуына қаражат беру, ел ішіне газет-журналдар алдырып, кітапханалар ашу, оған хат білетін адамдарды тарту, ақын-жазушылардың шығармаларын бастыру міндеттерін қояды. «Серіктіктің» мақсаты ақынның «Шоң серіктігін» ашарда «Шоң серіктігі» туралы көпке істеген баяндаманың басы», «Бұл баяндаманың арты мынадай сөздермен тынады» деген өлеңдерінде де айтылған. Алайда, ақынның ойы іске аспайды. 1914 жылдың күзінде Сұтанмахмұт Семей қаласына келеді. Бірақ төменгі дәрежедегі оқудан жасы асып кетіп, жоғарғы Дәрежедегі оқуға білімі сәйкес келмей, орналаса алмайды. Өз бетімен кісі жалдап оқуға қаражаты болмайды.

Бұл жағдайлар тағы да Сұлтанмахмұттың көңіл-күйін бұзады. Ақырында басқа амалы таусылған ол Алтай бойына (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданына) жалданып бала оқытуға кетеді. Онымен Семейде кездескен Өр Алтайдағы Қаратай елінің болысы Әбдікәрім Ережепұлы Шыңғыстай аулынан төрт кластық мектеп ашқан екен. Соған орысша, қазақша оқытатын мұғалімдер тартқан. Сұлтанмахмұг қазақша бала оқытып, орыс мұғалімінен орысша сабақ алуды да ойлайды. Сөйтіп Әбдікәрім болысқа еріп Қатонқарағайға кетеді. «Қатонқарағайға кеткенім, – деп жазды күнделігіне ақын, – ызаға шыдамай, ең шыны күн көру үшін. Қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей – қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, арасында кем көрініпжүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым».

Кейде «Есіл – қайран ерім-ай, еліне берерін түгел бере алмай кетті-ау», – деп өкінетініміз бар. Иә, өкінішсіз өлім жоқ. Әйтсе де! Аз жасаса да, өртеніп өтетін, асыра асыл сыйлап үлгеретін, арманына жететін алыптар болады!

«Сөндіріп ай мен күніңді,

Тек денімді сау қылшы!» – деген тірлікке құштар, өмірді шексіз сүйген ұлы жан – Сұлтанмахмұт Торайғыров аз жасап, көп арманы көкірегінде кетті. Өз дәуірін жанартаудай жарып шығып, қара түнде жарқылдаған найзағайдай жалын атқан ақын, аққан жұлдыздай небәрі 27-жасында дүниеден қыршын кетті.

Әдебиетте не бары он-ақ жыл қалам тебіренткенінің өзінде, өлең-жырлары өз алдына бір шынар болса, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдары, «Кедей», «Адасқан өмір» поэмалары, «Ауырмай есімнен жаңылғаным» әңгімесі қазақ әдебиеті әлемінде шыншыл сырларымен, көркемдік сипаттарымен, орындылығымен, оттылығымен келешек ұрпақтан-ұрпақ қадірлеп оқитын классикалық ұлы туындыларға айналды.

Он екі жасында-ақ тауды тесіп, тасты жарып шыққан қайнардай бұрқ етіп өлең-жыр шумақтаған балдырған Сұлтанмахмұт 17 жасында туған халқының өмір сырына үңіліп, келешегін ойлайды. Шындықтың аулын іздеп жолға шығады.

Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісінің де ұзақ тарихы бар. Ақынның өз басы да, әдеби мұрасы да даудамайға көп түскені мәлім. Осындай уақытта ақынның кейбір өлеңдері жоғалды, табылғаны дау туғызды. Қолда барының кейбірі ұлтшылдық қарғыс таңбасы басылып, қайта жабылды. Сондай шығармасының бірі– «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) аталатын дастаны. Бұл – аяулы ақынның кемел ойлап, кең пішкен шығармасы. Аяқталмауы өкініш. Мұнда Сұлтанмахмұт егеменді еліміздің тәуелсіздігі, тіл теңдігі, төл өнеркәсіп, Ұлттық қорғаныс тәрізді аса ірі және көкейкесті мәселелерді сол кезде-ақ – 1919 жылы қозғап, тамаша жырлағанын көреміз. Жиырма жеті жасында дерт меңдеп, тағдыр кермесіне ілінген ақын! «Тым болмаса екі жыл тұрмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын», – деп, «Айтысты» төмәмдай алмағанын зор өкініш етіпті.

«Айтыс» С. Торайғыров қайтыс болғаннан кейін, кеңестік заманда – 1922 жылы Қазан қаласында белгілі ақын Бернияз Күлеев бастырған «Адасқан өмір» және 1933 жылы Қызылордада шыққан «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағы» кітаптарында жарияланды.

1933 жылы ақын жинағын Жүсіпбек Аймауытов баспаға дайындады. «Сұлтанмахмұт өлген соң, 1920 жылы, оның шығармаларын он жыл бойы жинап – теріп, баспаға әзірлеп, өмір тарихын жазған Ж. Аймауытовтың еңбегі айрықша екенін баса айту керек. Жүсіпбек болмаса Торайғыровтың толық жинағының шығуы, оның толық өмір тарихын білуіміз неғайбыл еді.», – дейді.

1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін!» – деп жазған екен.

Сұлтанмахмұт – шын мағынасында осы сөзге татитын ақын. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жаңа жанрларда ізденістер жасаған ол туған халқын отаршылдық пен ұлттық езгінің екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты.

Сұлтанмахмұт өз елінің адал азаматы болды. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпы халықтық дәрежеге көтере алған жоқ.

Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары әрбір оқушыға қымбат, әрі сүйікті. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға да осы. Мұндай сүйіспеншілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие бола алады. Сол алыптың бірі – қазақтың халықтық, классик ақыны – Сұлтанмахмұт. Ол қазақ әдебиетінің көгіндегі жарық жұлдыздың бірі. Қазақ халқы мәдениеттің биігіне өрлеген сайын, өткендегі мәдениет күрескерлеріне, ақындарына өшпес ескерткіш жасай береді. Ол ескерткіш –ақынға деген халық махаббаты.

Қоғамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау еткен ақын көп жабының бірі болып қалмай, от боп жанды, құйрықты жұлдыздай ағып өтті. Алайда, бастапқыда айтылғандай, Сұлтанмахмұт азаматтық ақын болды, бүгінде

туғанына 115 жыл толып отыр.Ақын есімі – ел есінде мәңгі қалмақ. Жер-жерде С.Торайғыров есімін алған мектептер, көше бар.

Туған қаламызда қара шаңырақ Павлодар мемлекеттік университеті С. Торайғыров атымен аталады. Торайғыров көшесінде ақынға арналған ескерткіш орнатылған.

Баянауылда С. Торайғыровтың құрметті есімімен аталған «Торайғыр көлі» бар екені барлығымызға мәлім. Сол көлдің маңында Торайғыр ауылы орналасқан. Ақын есімі болашақ ұрпақтың мәңгі есінде болады.

ӘДЕБИТТЕР

1 Ғабдул-Қайым Мұхаметжанов «Ақын есімі-ел есінде».
2 Арап Еспенбетов «Сұлтанмахмұт Торайғыров».
3 «Айқап» журналының жинағы.

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ

ИСЕНОВ Б. А.
магистрант, Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінің оқытушысы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
БАЙТОКИНА М., УАХИТ Р.
студенттер, 1-курс, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Танымал жазушы, академик Мұхтар Әуезов өзінің қалдырған еңбектері мол болғанымен, басқа бір ірі тұлғалардың шығармаларын оқуға шақырған. Олардың ішінде оның жоғары бағалағаны Мәшһүр Жүсіп өмірі мен шығармашылығы болды.

Атақты қазақ ойшылы, фольклортанушы, тарихшы, этнограф, философ Мүшһүр Жүсіп Көпеев 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. 5 жасынан бастап молдадан хат таныған ол 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің медресесінде дәріс алады. Молдадан бір ғана дін сабағын емес араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды қатты қадағалап оқытады. Оқып жатқан барлық кітаптарының бәрінің де мазмұнын түсініп оқу керектігін түсіндіреді. Араб, парсы тілдерін үйретеді. Мәшһүр бір жыл ішінде хат танып, өнер – білімге, әдебиетке құмар болып өседі. Жеті-тоғыз жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сияқты халық жырларын, шығыс қиссаларын жатқа айтады. Медреседе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып өлең жаза бастаған. Сол себепті де бала Жүсіп

он бес жасында Мәшһүр деген атқа ие болады. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді.

Мәшһүрдің қалдырып кеткен мұрасы өте мол, әрі әрбір шығармасынан қазақтың дәстүрінің, қазақтың тілі мен дінінін иісі аңқып тұр. Оның алғашқы жазған өлеңі ақындық жолына енді түскен кезі жайлы болатын. Ол туралы ақын:

«Жабысты өлең маған он бес жаста,
Жұрт айтады: «Не қыласың» – деді баста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша» – дейді.

Ақын еңбектерінің негізгі мақсаты – қазақ халқының білімдік, дүниетанымдық дәрежесін мүмкіндігінше биікке көтеру, жастарды білімдарлыққа, тәрбиелілікке, өнегелікке баулу еді. Міне, осы талпыныстарынан-ақ ойшылдың барынша жасампаз рухани құндылықтарды өзінің дүниетанымына арқау етіп, өмірінде әрдайым өзіне идеялық басшылыққа алғанын байқаймыз. Ол қазақ зиялылары қазақ руханиятының іргетасын мұсылман дінімен байланыстырғанымен жалпы саяси, мәдени және әлеуметтік тұрғыда қазақ халқы орыс мәдениетімен байланысты үзбеудің маңыздылығын алға тартып отырған жалғыз адам. Адамгершілік ұстанымдарды арқау еткен дүниетанымның иегері әр уақытта елдің бірлігін, мемлекетінің тұтастығын, халқының білімділігін ойлайды. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлаған, руханилықтың ерекше белгісін көрсеткен Мәшһүр ақынның бұл қасиеттерін келесі жазған өлең жолдарынан байқауға болады:

Асқынды болып жара-жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым.

Қазақ халқы ешқашан еш нәрсеге құнықпаған. Әрбір жеткен жетістігіне «тәуба», «сабыр» етіп отырады. Көрнекті ақын өз шығармаларында да қазақтың қанағатшылығын қарапайымдылығын арқау еткен. Ақын жазып кеткен осы екі қасиет қазақ халқы үшін орнықты рухани құндылық, терең рухани тірек.

Ақынның 1907 жылы Қазан қаласында Құсайновтар баспасынан үш бірдей кітабы жарық көрді. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі

екендігі» атты шығармаларында елде мектеп ашу, медреселер ашу, жер тағдыры, т.б. мәселелерді көтереді. 1990 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының таңдамалы 2 томдығы, 1993 жылы «Қазақ шежіресі» атты еңбегі жарық көрді. Ақын мұрасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын т. б. қағазға түсірумен ғана шектелмей, діни қолжазбалар мен ауызша деректерді жинап, баспасөз беттерінде, «Дала уәлаятының газетінде», «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде өзінің діни көзқарастарын білдіретін мақалалар жазды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы осы дәстүрді діни арналарда қалыптасты. Мәшһүр дүниетанымының қайнарбастаулары мен рухани нәрлерін ұлттық рухани дәстүрлер, шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы құрайды. Қорқыт ата, Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Досмамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара және т. б. дала Данышпандарымен қатар, Фирдоуси, Саади, Хафиз, Низами, Руми, Аттар, Омар Хаям,Жами, Науаи, Йассауи тәрізді шығыс ғұламалары Мәшһүрдің рухани әлемін қалыптастыруға ықпал етті. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы пікірлер ислам қайнар көздері Құран-кәрім, Хадис-шәріп, Шариаттан бастау алады. Оның діни философиясында Алла, Нәпсі, инсани-қамил, ақиқат, фана, фәни дүние, бақи дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т. б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды.

Ағартушы Мәшһүр Жүсіп өзінің 1890 жылы «Дала уәләятының газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің білім алуды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі әр алуан стереотиптерді теріске шығарады. Мал жиюдан басқа өнерге құлықсыздық таныта бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Малжиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді... Мал біткен

кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін өзі төменшікке алып, кішік көңіл болады». Қазақстанның тәуелсіздік алуы барысында рухани ахуалдың өзгеруі қазақтың діни ғұламаларының, оның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұрасы сияқты мәдени құбылыстың сарқылмас кенін ұғынуға және мүлдем жаңа түсініктер мен парадигмаларды ашу мүмкіндігіне көмек береді. Дүниетанымдық бағдарлар мен қондырғылардың өзгеруі, маркстік догмалар мен стереотиптермен қоштасу мұсылман мәдениеті феноменінің өзін қайта бағалауға,дәстүрлі мәдениеттің жаңы мен жүрегі – ислам екендігін бекітетін айғақты түсінуге итермелейді.

Кеңес дәуірінде біз қыңырлықпен теріске шығарған қазақ руханиятының көрнекті өкілі М. Ж. Көпеев дәл осы ислам мәдениеті мен руханилығы идеяларын жақтады, ақыл мен ғылым адам үшін Жаратушыны ұғынуға жол ашады деп есептеді. Қазіргі құбылмалы әлемде ислам мәдениеті мен философиясының негіздерін терең теориялық зерттеу, әлемдік діндердің бірінен саналатын исламның рухани-адамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе екендігі анық. Тек осы арқылы ғана рухани жаңғыру, халықтардың өзара түсіністігі» мен өзара келісімділігі басты нәрсе болып саналатын исламның ұстамында надандық пен ластықтың, зұлымдық пен зорлықтың қайшы келетінін дәлелдеуге болады. Бүгінгі күні қазақстандық ғалымдарға бұрынғы идеологиялық таңбалардан арылып, қазақ ойшылдарының шығармаларына және оның мәдениетке қосқанүлесіне жаңаша көзқараспен қараудың мүмкіндігі туды.

Діндар Мәшһүр шығармаларында ажыратушылық емес, біріктірушілік проекцияланып, адами арақатынастар деңгейіне түсіріледі. Діни құндылықтарды насихаттай отырып, жікке бөлінушіліктен, бүліктен бойды аулақ ұстап, қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастары бүгінгі қазақстандық қоғамда қалыптасқан діни ахуал үшін де өзектілігімен көзге түседі. Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы діни жағдай, сарапшылардың пікірінше, тұрақты деп сипатталғанымен, әлемдік геосаясаттағы діни фактордың күшеюі, қазақстандық қоғамның дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы діни пиғылдағы экстремизм, терроризм және жалған діндер мәселесін алға тартады. Қазіргі еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан шақта жаңғырудың жаңа көшіне көштік. Ол ұлттық кодымызды сақтау арқылы жаңғыру. Мәшһүр ақынның да ойлаған мақсаты осы еді. Ақын өз еңбектерінде жиі салыстыру әдістерін қолданған. Ол көбінесе жақсы мен жаманды,

білімді мен наданды салыстырған. Ақын оларды салытыра отырып ондай адамдардың қателігін бетіне басқан.

Мәшһүр ақынның жазған шығармаларының барлығы дерлік түркі әлеміне танымал. Ол шығармаларының ішінде ең көлемді әрі кең ауқымдысы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңі. Бұл өлең қазақтың жер-суынан айырылып, патшаның отаршылдық талауына түскен кезінде жазылған шығармалардың бірі. Ақын жоғарыда айтылған өлең жолдарында:

Айырылып қалып едің су мен жерден,
Қуат-күш кеткен соң әрбір ерден.
Біреуі айрылғаның – тау мен ағаш

Мүлкіңнен шығып кеткен бәрі бірден.- деп жаза отыра қазақ халқының күш – қуатының аз екенін айқын көрсетеді. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын, аң – құсын көзінің қарашығындай сақтаған. Алайда ХХ-ғасырда біз бұл қасиетіміздің әрі сол жерлерімізден біртіндеп айырыла бастадық.

Тағы бір осы өлең жолдарының соңында ол:

Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым!
Халық қылып аттандырды бізді қазақ,

Іргелі көп жұрт емес, өзі де аз-ақ. – деп қазақ халқының барлығына бірігуге шақырады. Себебі,ол осы біздің сол кездегі жағдайға келуімізге өзіміз кінәліміз деп есептеді, ол тағы бір жазған жазбаларында біздің халық сол кезде патриоттылық пен ауызбірлік қасиеттерінен жұрдай екендігін жазған. Рухани жаңғыру бағдарламасының қамтыған аумағы да осы ауызбірлік мәселесі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев барлық заман қасіреті мен заман қиыншылығын жазып кеткен. Өз заманының сұстылығын көрген ақынның жас ұрпаққа өзіндік үндеу қалдырған. Ол жастардың білімге құштар болғанын , жалқаулық деген сөзден аулақ болғанын, жамандақ сөзінен безгенін қалады . Сол заманда жетіспеген , ауызбірлік туын тік ұстауды жастардан талап етті . Күллі қазақ зиялысы өмірінің соңына дейін аңсап кеткен өз ана тілінің бостандығын, дінге деген оң көз қарасының жас ұрпақ санасынан да жеке бір орын алғанын қалады .

Сол үндеу қазақ жүрегінде мықты орналасты. Мәшһүр ақын аңсаған еркіндік таңы атты. Қазақ халқы бірлігі жарасқан бір тудың астына бірікті. Діні мен тілі теңескен мақсаты айқын елге айналды.

Ел тарихын меңгеруге қолайлы жағдай туғызылса, жастардың ұлттық санасы теориялық негізде дамытылса, зұлымдық туралы модель құрылса, рухани құндылықтың тұжырымдамалары құрылса, онда Мәшһүр Жүсіп Көпейтегінің шығармаларымен жастардың болашақтағы қоғамда алатын орны айқындалып, ұлттық санасы дамытылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995 ж. – № 66. – 24 б.

2 Әлкей Марғұлан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы // Қазақ әдебиеті. – 5 қаңтар. – 4 б.

3 «Тарихи тұлғалар» кітабы.

4 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том.

5 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Олжабай және Жасыбай // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006 ж. – 9 т. – 366 б. – Б. 127–130.

МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАЛАРЫ ХАҚЫНДА

ИСЕНОВ Б. А.
магистрант, Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінің оқытушысы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
САХИМЗАДИНОВА А. С.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен (1858–1931) қалған мол мұра ішінде: әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алсақ одан қалған мұра – 30 томдай болады екен. Мәшһүр шығармалары оның өз қолымен, жиені әрі шәкірті Жолмұрат қолымен, араб әрпімен жазылған. Олардың кейбіреуі қауырсын қаламмен қадимше жазылса, қалғандары кейін қолданылған араб алфавитімен жазылған. Олардан М. Ж. Көпеевтің қазақ арасында қайнап өскен, халқының ісін, әдет-ғұрпын, салтсанасын жақсы білген ақын екені аңғарылады. Көшпелі сахара қазақтары көрген теңсіздік, әділетсіздік, зорлық-зомбылық Мәшһүр шығармаларынан айырықша орын алған. Ол халықтың ғылым- білімнен шет қалмауын, өнерлі болуын, алдыңғы қатарлы ел болуын тіледі. Патша үкіметінің қара халық басына азап төндірген жайсыз жақтарын әшкереледі. Бұхар, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Мұрат, Абай поэзиясымен рухтас келген келелі шығармалар жазды. Бұқарашыл поэзияның өркендеуіне аянбай ат салысты.

Мәшһүр – заманының сыншыл, шыншыл, әлеуметшіл ақыны. Ол ұлықтарды, болыстарды, ауылнайларды, отаршыларды сынады, халықтың патша үкіметі құрсауынан құтылуын арман етті.

«Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым»,

– деді. Ол «өленді ермек үшін» жазбай, өмірдің құбылыстарын, әлпетін көрсету турасында көп еңбектенген. Оның «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал» кітаптары, «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы», «Ғашық отына күйгендер», «Гүлшат–Шеризат» сияқты шығармалары жете тексеруді керек ететін елеулі шығармалар. Мәшһүр кітаптары 1906–1907-ші жылдары басылып халық арасына тараса, Абай шығармалары тек 1909 жылы басылып шықты. «Қазағым, қайран халқым» деген сөздерді жұрт Абай өленделері басылып шықпас бұрын Мәшһүрден естігенін де ескерген жөн.

М. Ж. Көпеев шығармаларынан өткен кездегі қазақ халқының өмірін, арманын, күйінішін, сүйінішін, сауық-сайранын, қайғы-қасіретін көреміз; «үйде отырып бос өлмей» ел үшін ерлік етуді армандаған ақын екенін танимыз... Дегенмен, Мәшһүрдің қоғамдық жағдайды күңгірт түсініп, аяғын шалыс басқан кездері де болған. Бірақ ақын халық қамын ойлаудан танбай, бар талантын күшқуатын ел қажетіне жұмсаған.

Сол кездегі қазақ ақындарының қолжазбаларын, шыққан кітаптарын оқысаңыз, олардың кейбірінің тілі онша таза емес. Ал, Мәшһүр өз шығармаларының көшпелі қазақтарға түсінікті болуын ойлаған.

Рас, оның шығармаларының дені тек қолжазба күйінде келіп жетті. Кезінде кейбір туындылары ғана баспа бетінде жарияланған.

Сондай-ақ «Дала уалаятының газеті» және белгілі әлеумет қайраткері журналист Мұқаметжан Сералин басқарған «Айқап» журналында түрлі мақалалары шыққан.

Қазақ ССР Ғылым академиясының, мұрағатындағы мағлұматтарға қарағанда М. Ж. Көпеев 1931 жылы жетпіс үш жасында барлық өмірін өткізген туған жері – Баянауылда қайтыс болған. Мәшһүр Жүсіптің әкесі Көпжасар сол әулеттің ең кенжесі болғандықтан оны Көпей Қозы дейді екен. Кейін Көпей атандырып жібереді. Көпжасар жас кезінде бір бай ноғайға малайлыққа жалданады, тырбанып жүріп, едәуір мал жинап алады. Қырық жасында еліне қайтып келген Көпжасар үш жыл өтпей қу таяқ болып

жұтап қалғандықтан Баянауыл маңындағы жатақтарға қосылады. Осы кезде бес жасқа толған Жүсіпті медресеге орналастырады.

Жүсіп Хамар дейтін хазіреттің көп шәкіртінің бірі болған, «Хамар қазақ сөзіне жүйрік шешен адам еді, оның әйелі тәрбиелі мейрімді еді, мені өз баласындай күтті, әке-шешемнен көрмеген жақсылықты, аяушылықты солардан көрдім».

Табылды маған қамқор ата-ана,
Туысқан бірдей болып Мағзум жәна.
Көз ашылды, жүзіме нұр шашылды,
Сүйкімді көрінгенге болдым бала.

Ол Хамарда оқып жүрген кезінде, қазақ фольклорының белгілі нұсқалары – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Тарғын батыр» және «Төрт жігіттің өленді» деген шығармалармен танысады. Діни схолостикадан жалыққан Жүсіп бұл шығармаларды қуана-қуана көңіліне бұлжытпай тоқиды: Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды, Соқтырып жұрт алдына жатқа салды. Аузынан сілекейі шұбырумен Тамаша есіткен жан аң-таң қалды. «Қозы Көрпешті» сазына келтіріп мүдірмей жатқа айтып шыққаны үшін ырза болған Мұса мырза: «Бұл бала Мәшһүр болады екен» деп оның басына үкі тақтырады. Сегізден тоғызға аяқ басқан шақта, Мұса еді қосқан маған Мәшһүр атты.

Мәшһүр он алты жасынан бастап Әлібек деген бір ауқатты адамның жалғызы Қабылбекті екі жылдай оқытады. Бір жыл оқытқаны үшін оған Әлібек «он жылқыны» бір береді, келер жылы тағы қыруар мал айдатады. Сөйтіп екі-үш жылдың ішінде қырықотыздай шаруаның бірі есебінде қырға шығып «көшпелі қазақтың» бірі болады. Бұдан кейінгі өмірінде бала оқытуды мүлде тоқтатқан Мәшһүр түрлі қиссалар, өленделер жаттайды.

Мәшһүр жиырма тоғыз жасында Бұхараға барады, дәмолла Хамзаға жолығып, сол жақта тоғыз ай жүреді. Бұл сапар оның ойының есеюіне, араб, парсы тіліне жетіле түсуіне, сол тілдерде көптеген кітап оқуына себеп болады. Мұның үстіне Мәшһүр өз заманының шешендері, ақындары, көрі құлақ даналарымен сұхбаттас айлас болып, қарым-қатынас жасауы да оның парасатын танытады. Жиені Жолмұраттың айтуынша, Мәшһүр Ақан серіні жоғары бағалап: «Ақан сері заманның сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деген. Бұхара, Ташкентке барып жүрген кездерінде Мәшһүр Абулғазы шежіресін, «Мың бір түнді», «Шахнаманы» оқыды. Науаи, Сағди шығармаларымен танысады. Сол қалалардың кітапханасын пайдаланып, білімін толықтыра түскен Мәшһүр жұрт аралап жүріп бұрынғының даналарымен көп кездескенін, Бөгенбай батырдың

немересі, заманының шежіресі атанған Саққұлақты көргендігін Сыр ақыны Майлықожаға жолығып, «Сырдария» облысында бес жыл жүргенін айтады. Үлгілі ақындардан өнеге алуды өзіне, өзгеге міндет етуді құнттаған ол:

Ақында айт Ақмолда мен Ыбырайды
Үлгісін өнер-білім жұртқа жайған, – дейді.

Халықтың өмірімен жақсы танысқан Мәшһүр ойына көптеген өзгерістер кіреді. Кедейлердің аянышты халіне шипа іздемек болады. «Хал-ахуал» атты кітап шығарады. «Бұрынғы заман тозып, таусылып, соңғы жақсы болатын заманның әлі тумай тұрған» кезінде, ойын жұртқа дұрыстап айта алмай лажсыздыққа ұшырағанын ескертеді. «Аяғын көсіле алмай, қолын соза алмай, үнін шығара алмай, құрттай бықынаған тыңшы құрған, байлаған төбеттей, арпалысқан сензор қойып, ноқта кесті көмпіс, жетекші қылып алған жұрттың ортасында жүріп сөйлеген Мәшһүр Жүсіп Көпеев осы», – деп патша үкіметінің халықты бұғауда ұстамақ арам ниетінен шошынғандығын білдіреді.

М. Ж. Көпеев әсіресе 1905–1907-ші жылдары колониализмге деген наразылығын үдете түседі, патшалық өмірдің кесірлі жақтарын бұрынғыдан да бетер әшкерелейді. Бұл жылдары шыққан кітаптарымен ол ерекше көзге түседі.

Мәшһүр дін уәкілдері жайында көптеген ойын ортаға салды. Ол Құдайға тек сырттай сенетіндердің бірі екенін жасырмайды. «Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Құдай қандай өзі, не нәрсе оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді», – дейді. Кейде Құдайды тану адамшылыққа әділдікке бастау ісіне көмегін тигізеді деген қате тұжырым да жасайды. Сөйте тұра дін уәкілдерін шенеп, олармен егес ашқанда кезі болған 1931-ші жылдары айтқан сөзінде:

Одан соңғы бір қасың қожа, молда,
Олармен елдеспедің бұрын-соңда.
Жамандап бас басына өлең жазып,
Жазған сөзің әр жерде жүрді қолдағы,

– дейді. Әйтсе де сол қожа-молдалардың мүлде жойылуын тілеп, табанды күрес ашу шығармасында оншалықты құнтталмайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданғаны мәлім. Олардың ішінен «Желкілдек», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Алтын бас, күміс аяқ», «Сайын батыр», «Қырғызға барған батыр» сияқты нұсқалармен қатар Бұхар жырау, Сақау, Шөже, Шортанбай, Орынбай т.т. көптеген ақын сөздерін де кездестіреміз. Мәшһүрдің ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып

алуды борыш санағандығы сондай, жыр нұсқалары табиғи көне түрін мол сақтағандығымен көзге түседі. Мұның бір себебі – ол дастандарда, халықтың жайын, түрлі аңыздарын жетік білетін көрі құлақ даналар, жыраулар сарқыны мол кезде жинап үлгерген. Бұл салада қалдырған мұрасының әдебиет ғылымы үшін қаншалықты құнды екені өзінен-өзі түсінікті болса керек. Тек сол материалдарды екшеп, татымдыларын кітап етіп жарыққа шығаруды ойластырған абзал.

М. Ж. Көпеев жинағандарының бірі – «Желкілдектің» оқиғалық, композициялық, тілдік т. т. ерекшеліктері жөнінде толып жатқан қажетті қорытындылар жасауға болады. «Желкілдек» батырлар жырына кей жағынан ұқсай да бермейді. Әдетте батырлар жырында кездесетін қара сөздерде шұбалыңқылық байқалатынды. Одан гөрі оның (жырдың) өлеңдік жағына көбірек назар салынатынды. Ал, «Желкілдекте» қара сөздің ырғақтылығын молайтып, сөздің шұбалаңқылығын азайтуға, интонацияға көңіл қойғандық сезіледі. Мұны мына бір үзіндіден-ақ көруге болады. Нармамбеттің екі қызы болған, бірінің аты – Күнікей, бірінің аты – Тінікей болған. Екі қыз ұйықтағанда түс көрген, таңертең жеңгесіне келеді. Бір шапанды жамылады, екеуі бір жеңнен басын шығарады, жеңге, дейді: бір түс көрдік, от жағалай іс көрдік, екіде қара тең көрдік, жоры, жеңге. «Жылама әкем деді: жауға мен барайын, бір келгенін бір қырайын, екі келгенін екі қырайын, біріне бірін қоспайын. Әкесі айтты балаға: сенің алар жауың жоқ, бойың сенің өскен жоқ, бұғанаң әлі қатқан жоқ, балақта жүнің өскен жоқ».

Мәшһүр Жүсіп заманындағы ақындар салты бойынша, шығыс қиссаларымен сарындас шығармалар жазады. Солардың бірі – «Гүлшат–Шеризат». Қиссаның тілі композициялық құрылысына қарағанда, шығыстық сюжетті бұлжытпай қайталамаған. Шығармада Бағдат, Шынмашын аттары аталып, оқиға сол жақта болып жатқанмен, Көпеев түпнұсқаға өзінше өңдеп, моральдық, әділдік, ғашықтық жайын сөз еткен. Қиссада жаманшылық уәкілдері жазасын тартып, әділдіктің баянды болғаны түсіндіріледі. Дүниеге сатылып зұлымдық істегендер, кісі қанын жүктеген мансапқорлар әшкереленеді.

Жазықсыз қаза болған анасының қасында, иесіз жерде жалғыз қалған Шеризатты үштен беске келгенше арыстан асырап, оны кейін адам қауымына қосады. Шеризаттың батыр, мархаматшыл, кешірімшіл болғаны, махаббаты берік, өзіне сай Гүлшаттай жар тапқаны сөз болады. Жендеттер қолынан өлген ханым әлдеқандай қасиетті адам дәрежесінде сипатталады, кеудесінен «бұлақтай аққан сүт» бірнеше жылға дейін таусылмайды, қорғансыз жетім қалған Шеризат ана сүтін қорек етіп аман қалады. Өлтіріп өңшең жауыз

тастап кетті, Тірі жан өлген жаннан қорек етті. Еш нәрсе сүттен басқа азық болмай, Талпынып екі мен үш жасқа жетті.

Шеризаттың әкесі қайтыс болар алдында жақындарын, таныстарын жинап: «Тілеп алған баланың дүниеге келуін көрмей ол дүниеге сапар шекпекпін. Ханымнан ұл туса, орнымды басып патша болсын, қыз туса, қабағын шыттырмай тәрбиелеп сүйгеніне қосыңдар. Тағымды өзірше уәзірім Парақзатқа қалдырдым», – деп өсиет айтады. Парақзат патшаға берген уәдесінен таяды. Ханым ұл тапса, патша болудан махрұм қалармын деген арам ой көкейін теседі. Бірнеше адамды сатып алып, ханымды өлтіруді тапсырады. Уәзірдің бұйрығы бойынша, «толғағы қысып отырған» ханымды аулаққа апарып, кескілеп өлтірген жендеттер табанда арыстанға тап болып, түгел ажалға ұшырайды. Енді олар өлтіріп болғанша, босанып үлгерген ананың омырауына өрмелеп, шырқырап жылаған нәресте жайы сөз болады.

Әкеден, анадан бірдей айырылып, жетім қалған Шеризат ержетіп, ел аралап жолға шығады. Шешесін өлтірткен патшаның еліне келеді. Сарайда сайран салып жатқан сол патшаның қызы Гүлшат аруды көреді. Қалам қасты нұрлы көз, Ақ бетіне пар келмес, Сарт тоқыған аппақ бөз.

Гүлшаттан көптен дәмеленіп жүрген бір жігіт еркімен табысқан жастардың жасырын кездесіп жүргенін біліп қояды, оны қыздың әкесіне жеткізеді. Уәзір Шеризатты ұстап келу үшін қанша нөкер қосып Алмас, Қоймас деген екі алыбын аттандырады. Шеризат соғыс үстінде алыптарды нөкерлерімен өлтіреді. Тығылып қалған біреу-екеу ғана Шеризаттың қаһарлы айбынын, көрсеткен күшін патшаға айтып барады. Оның өлген патшаның тірі қалған баласы екені мәлім болады. Үрейі ұшқан Парақзат патша бас ұрып, Шеризаттан кешірім сұрайды. Шеризат оны зынданға салдырады, басын алмақшы болады. Бұл іске ара түскен Гүлшат Ақжүністің Қартқожақ өмірін шола сөйлегеніндей Шеризаттың ерліктерін шұбырта айта келіп:

Қылыш ұстап болаттан, Жеті жасқа жетпей-ақ. Оздың шығып санаттан. Камшат бөрік басында, Барлық қыздар қасында Дұшпандарың жеңгенде, Қане мүйізің шыққаны? – дейді.

Өстіп қиссада Гүлшаттың қаталдықты, қайырымсыздықты-кешірімділікпен жеңуді қостайтын адам екені көрсетілген.

Шеризат «Көңіл ашылғандай қисса айтып берсең, әкеңнің жазығын кешемін», – дейді. Гүлшат оған Мәһи Мәнзал сұлудың бастан кешкен оқиғасын айтып береді. Оның қайырымдылығын үлгі етеді. Ертегі айту үстінде Гүлшат кейде Шаһаризадаға да ұқсап кетеді.

1907 жылдары жарияланған «Хал ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген кітаптар көп жағдайда бірін-бірі қайталайды. Мәселен «Хал-ахуалдағы», «Ғибратнама» мен «Біздің сахара көшпелі» деп басталатын шығармалардан басқа өлеңдер «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітабынан да кездеседі.

М. Ж. Көпеев «Ғибратнамада» ақындық, азаматтық міндеті туралы ойын ұсынады. Қоғамдық орнын белгілемекші болады. Арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

Болдым ғой өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай.
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай

Шықылықтап көзге түстім сауысқандай, – дейді. Ойын мысалдап түсіндірген Мәшһүр бұлбұлды қаршығаға кездестіреді. Ол қаршығаға: «сенің тұрағың «бектердің оң қолында» патшалармен айлассың, беделің артық, кәдірің мол, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай хасіретім көп» – дейді. Бұлбұлға жауап қайтарған қаршыға: Аузыңды ақылың болса, жабар едің, Үндемей сабыр қылып бағар едің. Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсаң Бір күнде мың мұратты табар едің, – дейді.

Бұл сөздер бұлбұлды қынжылтады. Атақ құмар, қан құмар қаршығаны қатты кінәлайды. Бұлбұлдың ісін жақтаған ақын ойын: Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол, Табылар іздегенге бір қызыл гүл, – деп түйеді.

Мәшһүр «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамызда», озбырлығымен халықты мезі еткен әкімдерді әшкерелейді. «Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді. Іздегені бүліншілік, даудамайы бір таусылмайды, қазақ жұрты қоршылықта, момындар «биге пара, байларға жем», әділдікке жол жоқ, шенеуніктер, «қасқырша ауыз салып жұтып жатыр, үйінде отыра алмай кедей қашты», – дейді.

М. Ж. Көпеев бұқараның еңсесі көтерілмей қараңғылықта, қорлықта жүргенін: Жаландап аждаһадай ауылнайлар, Беліне ақ киізден күйек байлар. Сипырын бес тиынның бес теңге деп, Кедейдің хат білмеген соры қайнар. Мойнына сары жезден қарғы салып, Алдына неше түрлі дау-шар барып. Жиылып қара құстай билер отыр, Жемтігін өлексенің қоршап алып, – деп сипаттады.

Болса да дария сия, аспан қағаз,
Мұң мен зар түгелденіп болмас тәмәм, – дейді.

М. Ж. Көпеев 1907-ші жылы жарияланған кітаптарының бәрінде дерлік заманының сырын ашып, қалың бұқараны өнерге,

күреске шақырушылардың бірі болғандығын байқатады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қоғамдағы өрескелдіктерді жұртқа жария ету үшін жазған көрнекті шығармасының бірі «Шайтанның саудасы». Шығармада ақын көптеген ойын ащы сөзбен ашына айтады.

Жақсылыққа бастамай жүрген адамдарды көріп, олардың халыққа деген арамдығын ашады. Ежелден болып өстім байға өш-қас. Қожа, молда ишандар бәрі бір бас, деп кім дос, кім қас екенін ескертеді. Он қашар, бес есекке жүк тиеп базарға шыққан шайтанға кездескен Ғайсаның: «не саудамен келесің?» деген сұрағына шайтан: «Есектерге артқаным жала мен өтірік, күншілдік, озбырлық, мекерлік, тәкаппарлық, бұларды байлар, алыпсатарлар, молдалар кедейге күн көрсетпей жүрген ұлықтар талап әкетеді», – деп жауап береді. Ақыры шайтанның:

Көтерме өтірік пен менен алған,
Бар күшінше олар да сөйлер жалған.
Кім болса, бұл заманда сол ап кетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған,

– дегені орындалып есекке артқандарын түгел өткізеді. Мол олжаға батады. Қашарларға артқан жүктерін: пірге қол берген бірадарлар, елден мал жинап қажы барғанда, ишандар, қожа-молдалар сатып алады. Шайтанның бұл сауда достары елге береке-бірлік ойламайтын алдампаздар ретінде көзге түседі.

М. Ж. Көпеев 1931-ші жылы жазған бір шығармасында малдан жұрдай болып, қашып-пысып жүрген байларға жантартпағанын ескертпек болады. Конфискацияға ілінгендерді «құдай ұрып, бай біткеннің кері кетті, жинаған дүниесі түбіне жетті. Мал мүліктері дария болып өздерін ғарық қылды», – дей келіп:

Ей, Мәшһүр, туа қастас болдың баймен,
Бай көрінсе, қашушең, қолат саймен.
Байдың түбі боларын дәл осындай,
Сөйлесіп қойғансын ба бір құдаймен, – дейді.

Қорыта айтқанда, М. Ж. Көпеев заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы азаматы болған. Туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, сөйтіп, онымен бірге қуанып, бірге қайғырған шын мәніндегі өрелі ақын дәрежесіне көтерілген. Сондай-ақ, атадан балаға мұра болар ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинақтап көзінің қарашығындай сақтаған. Міне, осынау ұланғайыр мол дүние бүгінгі таңда әлі де болса терең зерттеп, жан-жақты бағасын беретін әділ насихатшысын күтуде.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

КАПАСОВА Б. К.
ф.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТЛЕПБЕРГЕНОВА Д. М.
студент Фил-201 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Біз қазақ тіл білімінің дамуы, негізі қалануы туралы, білім беру жүйесінің әдістемелік құралдарының пайда болуы туралы, ұлттың ғылыми-теориялық көзқарастарының қалыптасуы туралы, және осы өзгерістердің барлығына қарамастан ұлттық ерекшелігінің сақталып қалуы туралы сөз қозғағанда жиырмасыншы ғасырдың бас кезеңіне қараймыз. Және сол кезеңдегі Алаш қайраткерлерінің еңбектеріне үңілеміз. Сосын осы кезеңнің қазақ әдебиеті мен мәдениеті тұрғысынан ғана емес, педагогика, психология, филология, тарих, қысқасы ғылымның бар саласы бойынша қазақ өркениеті дамуының алтын ғасыры болғандығын түсінеміз. Ал сол Алашорданың ішінде өз заманының қайраткер тұлғасы ғана болып қоймай, өзінен кейінгі күллі ұрпаққа рухани көсем болған азамат – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – қазақ халқына мәңгілік азық боларлық еңбектердің иесі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне » жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

А. Байтұрсынұлы – қазақ әліппесінің авторы. Ол қазақ тілінің тілдік ерекшелігін сақтай отырып, төте жазудың және біраз уақыттан кейін латын әліпбиінің қазақ тіліндегі нұсқасын жасап шықты. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды. Тілдегі әріппен дыбыстың тең, фонемамен графеманың сәйкес болуы керектігін баса айтып, сол жолда көптеген ізденістерге барған. Мәселен, тілдегі жуан айтылатын әріптермен жіңішке айтылатын әріптер барын ескере отырып, ол былай жазады: «...Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда, дайым

жіңішке жазылатын «к» мен «г»-ні қосқанда, бәріне 43 белгі (әріп) керек» [1, 324].

Ол тек қазақ тілінің ғана емес түркі тілдерін оқытудың жолдарын қарастырады. Оған мысал ретінде түркі халықтарының ана тілін оқу жөніндегі қарарды баптарға бөліп қойғанын көреміз. Өз ойын қорытындылай келе былай аяқтайды. «Тіл білімі ереже жаттатау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағана жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске керек» [1, 416].

Сонымен қатар түркі тілдеріндегі оның ішінде қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекшелігін көрсете отырып, тек дауысты дыбыстар ғана емес, дауыссыз дыбыстардың да осы заңға бағынатынын таныта келіп, «Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» екенін көрсетеді [1, 328]. Және осы үндестік заңы әсерінен әріптің фонемадан аз болатындығын түсіндіреді.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымның осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы дәлелдейді.

А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914–1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше рет басылып тұрған «Тіл құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Сондай-ақ ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, – бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба,

сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Г. Ц. Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» – деген болатын [2].

А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптегсн терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойған секілді: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің граматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Тәуелсіздік заманының ғалымдары «Ұлт ұстазы» деп мойындап, дәріптеген А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты ғылыми еңбегі ғалымның зерттеушілік ойларының халықтың білім беру саласына, қазақ баласының білімін, ілімін ашуға бағындырылғанының нақты дәлелі екені анық.

Нағыз ғылыми еңбек өз ұлтына, еліне қызмет ету қажеттілігінен тууы абзал екенін А. Байтұрсынұлы «Тіл – құралмен» ғылыми қауымға үлгі етіп берді. Ол қазақша әліппе жасап яғни араб алфавитінің негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізіп, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастырып және оның негізгі салаларын: Дыбыс жүйесін (фонетика); Сөз

жүйесін (морфология); Сөйлем жүйесін (грамматика) тұңғыш рет зерттеп, ғылыми негізін салып берді [3, 66].

«Тіл – құрал» атты еңбегінің бірінші бөлімінде А. Байтұрсынұлы алдымен қарып, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын және т.б терминдерге тоқталады [3, 84]. Бұлардың ішінде «қарып» атауы қазіргі кезде әріп түрінде қолданылып жүргені белгілі болса, ал қалғандары сол бұрынғы қалпында қолданылуда.

Еңбектің екінші бөлімінде А. Байтұрсынұлы сөз таптарына тоқталған, онда оларды зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сияқты топтарға бөледі, яғни осындай лингвистикалық терминдерді жасай отырып және олардың өзін іштей бірнеше түрлерге жіктейді. Мәселен, ол зат есімнің деректі және дерексіз, жалқы және жалпы түрін көрсете келе, олардың түрленуіне қатысты оңаша және ортақ түрде тәуелденетіндігі, септік жалғауын, көптік жалғауын жалғайтынын айтады. Септік жалғауына қатысты алты септікті, атап айтқанда атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктері сияқты терминдерді де жасаған. Бұл атаулар да қазіргі кезде дәл сол қалпында қолданылып жүр, мұнда тек септік жалғауының бір түрі – көмектес септігі ғана берілмеген [3, 102].

А. Байтұрсынұлы өз еңбегінің «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші бөлімінде сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлеріне тоқтала, сондай атауларды жасай отырып, олардың өзін іштей бірнеше түрлерге жіктей келе тағы біршама терминдерді ұсынады. Мәселен, сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз деп екіге бөле келе, ондағы тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауышты, ал тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты жатқызады [3, 204].

Бұл іргелі зерттеулер бірнеше оқулыққа арқау болып, кезінде өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. А. Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерінде қазіргі қазақ тілі теориясының негізі қаланып, бізге үйреншікті категориялар алғаш рет қалыптастырылып, қолданысқа енгізілді.

А. Байтұрсынұлы жай ғана ағартушы, ақын, ғалым ғана емес. Ол – өз заманының ұлы ойшылы. Ол – қазақ мәдениетін көтеруге бар күш жігерін жұмсаған тұлға. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің атасы. Оның мұрасы бүгінгі күнге дейін қандай құнды болып келсе, бұдан кейін де құнды болып қала бермек . Ол туралы Р. Сыздықова: «Ахмет Байтұрсынов – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын

Байтұрсыновтың әліпбиімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді..» дейді [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А.Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 448 б.

2 Пюрбеев Г. Ц. Современная монгольская терминология. М., 1984. – 101 с.

3 Имаханбет Райхан Сахыбекқызы. – Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары: Алты томдық шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

4 e-lib.semgu.kz

САН ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ

ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕЛІКПАЕВ С. Т.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ж.Аймауытов – шығармашылығы терең ойлы жазушы, шебер публицист, көркем кестелі драматург, тұнық тілді ақын туындылары қай кезең үшін де зерттеу үшін мәнді екені белгілі. Ж. Аймауытов – сан қырлы талант иесі. Жазушы, драматург, аудармашылығымен қоса 1926 жылы жазған «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» зерттеуі – қазақ ғылымында маңызын жоймайтын туындылар. Сын мақалалары бар («Абайдан соңғы ақындар» (1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған), «Мағжанның ақындығы туралы» (1923). Жазушы шығармашылығының келесі бір тобы – аудармалар. Н. Гогольдің «Ревизорын» («Бақылаушы»), А. Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А. Дюманың «Дәмелі», Дж. Лондоннан «Телегей теңіз» т.б. аудармалары қазақ әдебиетіндегі көлемді прозалық шығармаларды аударудың алғашқылары болуымен де мәнді.

Жүсіпбек Аймауытов – қазақ әдебиетіндегі стилі бөлек, көркем бейнесі өзгеше, кейіпкері басқаға ұқсай бермейтін туындылардың авторы. Жазушының «Әнші» әңгімесі жазылған уақыт 1925 жылы болатын. Туынды 20-ғасыр басындағы бар қайшылықты біра-ақ жинап оқырманға тосады. Ол дала тынысы мен қала тіршілігі, өнер мен өмір, ерлік пен ездік қатар араласып, тең түсіп тұрған кезде туған.

Алаш алыптарын көрген, үзеңгілес болған Кеңес әдебиетіне енді бет қойған автор басындағы өткен күнге сағыныш көп қабат, мол көмбемен оралып берілген. «Әнші» әңгімесінің прототипі – атақты қазақ әншісі Әміре Қашаубаев. Жазушы ақын талантын ашады. Сонымен бірге әнші тағдыры, жан-дүние, сезім, көңіл күйін де ашады. Өнер адамының өзгеше сезім иірімдері нағыз дарынға ғана тән екендігін айтады.

Ортаққа көнген, бәрін бөліскіш адал жүрек әнші өз сүйгенінен шын ұнатқанынан айырылып қалғанын автор шым-шымдап жеткізеді. Әнші өмірінің – өнер адамының бір кезеңін тақырып етет отырып, өнердің биік қалпын, хас өнерпаздың табиғи бейнесін танытады. Басталуында жазушы не, қандай оқиға деген тұстан бастайды. Шетішатыр қаласы туралы айта келіп, қымызханадағы меймандар және Шәкет қызға көшіп байланыста жаңа ой, оқиға т.б. қосылады. Оқырманды таңдандырып, таңдай қақатыратын Әмірханның алғаш көрінуі, бірінші әнін естуі, ойын кезіндегі өнері оның бейнесін ашуға әзірлік қана екен. Шарықтау шегіндегі барлық оқиғалар мен әрекеттердің соңғы нүктесінде Әмірхан биіктей түседі. Ақтамақты алып қашуы, Ақтамақ оқиғасы әңгімедегі әсерлі тұс. Әмірханның адамгершілік қалпы, өнер мен адамдық қалпы биіктей көрінеді. Өнер адамының табиғи қалпы шығарманың шешімінде оқиға, әрекет, ой, түсінік т.б. бір арнаға құйылуынан, Ақтамақтан айырылып қалуынан ашылады.

«Дүниеде күліп-ойнап жүрген жолдастың мырт-мерезі жаман екен... Көпте мейірім болмайды екен... Ұры құрлы болмады. Не де болса, ердің қолынан келеді ғой, – деді». Шығарманың соңғы нүктесі «Екі қаз, үш қасқалдақ арқалап Дәулетжан да келіп қалды», – деген сөйлем әрі деталь, әрі идеяны түйіндеуші де бола алады.

Шығарма мазмұны құрылымымен үндесе туып, ілесе жүреді. Композиция айтар оқиғамен сәтті жымдасқан. Мысалы: Жетішатыр қаласы сауықшыл, ойын-күлкі ордасы екендігі айтыла келіп, ел жиылар қымызханаға соғып, сауық гүлі Әмірқан әншіге асықпай жетеді.

Асығып тұрмын деген әнші ғажап дауысымен барын сусындатып, толық тойдырмай, тамсандырып кетеді. Ал шарықтау шегінде сырт көрмеге салдыр бос көрінер Әмірқанның ар жағындағы асыл, асық арманы Ақтамақ болып жарқ етіп, жана көрінеді. Ақтамақ сертіне серік әнші де ол жерде – ер, қолға түскен шағындағы жат жігіттер ертегі еліндегідей қылықтарымен елітеді. Ал әңгіме шешімі – біз қауіп еткендей бүгінгі күннің нағыз шындығын айтады.

Ақтамақ – арамдық құрбаны. Әнші де налушы, жылаушы, амалсыз тұрмыс тұтқыны болып танылады. Бұған қоса эпилогта атылып алынған құстар басқа бір баянмен бітеді. Ұшқан құс, атылған Ақтамақ армандай, әнші жарасындай. Демек, шығарма мазмұны мен құрылымы – желімсіз жымдасқан шын шебер туындысы.

Басты кейіпкер Әмірқан – тума талант, ән перісі, жақсыға жаттығы жоқ ел еркесі. Бірақ шын үңілгенде тұрмысқа байланған, ғашығы ғайып болған ғаріп. Өзі айтар әр әндей ерекше әлем. Тек әншісі, сайратары табылса, барын көрсетпек. Тағы бір тумысы бөлек кейіпкер – Шәкет қыз. Сұлу емес, қылықты бойжеткен қыздыра тартып, даурыққан жұрттың теңгесіне ортақтасып, бір отбасын асырап отырған қымызхананың жылусыз қызылы. Ол – дала көрмеген, қаланың сұмдық сұлуы. Ақтамақ – әр өнер адамының арғы жағында жүрер, егіле еске алар мұңлы музасы тақылеттес. Әңгімедегі көркемдік сипаттардың ішінде өзгеше қолданылатыны – градация (үдету).

Мысалы: «Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты» т.б..

Жұрт алдында жүрген өнер адамдарының ішкі сыры, шын шыңырауы басқаша екендігі. Өнер дегеннің тағдыр, талант дегеннің көрінбес кісен екендігі айтылады.

1 Әмірқан – ел еркесі, топқа ортақ. Демек, оның Ақтамақтай сұлудың қасында бірге жүре алуы қиын. Өйткені ол отбасылықтан алыс, ортақтыққа жақын.

2 Өнер адамы армансыз, қиялсыз өмір сүруі мүмкін емес. Ақтамақ Әмірқанның қиялдап туғызған, санамен соққан сұлуы шығар деген ой да келеді. Өнерпаздың қиялдан жасаған кейіпкеріндей. Бірақ Әмірханмен бірге сенесіз. Кейінгі өміріне қарап тұрып, күждік аласыз, жазушының шеберлігі де сонда, - бар мен жоқтың ортасын кейіпкер мен оқырманды байлап қояды.

«Әнші» әңгімесінде артық көркемдеу жоқ, жазушы биік пафоста суреттейтін тұстың өзінде өмірдің таза қалпы, табиғи бейнесі бар. Бұл қаламгердің журналистің қырынан да танылады. Әңгімелеріндегі суреттеуде, әңгімелерінде публицистикалық стиль белгілері де қаламгердің төкпе дарынын, қалам қуатын көрсетеді.

Ж. Аймауытовтың «Әдебиет мәселесі» мақаласы 1925 жылы «Ақ жол» газетіне басылған. Мақалада сол кезде жүріп жатқан пікірталасқа үн қосып, «әлеуметтің зор құралы, тап тартысының құралы – әдебиеттің» сауалдарына жауап берушілік бар.

«Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты – ұлт теңсіздігіне, мәдениетке талпыну, ішкі мазмұны – қазақтың халіне қайғыру, патша өкіметінің отаршылдық саясатына, қала берсе орыс атаулыға ереуіл жасау еді. Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу киргізсе, екінші жақтан уайым- қайғы, торығу киргізді. Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұқарашылдық болу керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек».

Ж. Аймауытовтың сан салалы шығармашылық қызметі заман талабынан туды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, руханиятына қажет деген тұстардың барлығын дерлік қаламгер өз туындыларында қамти алды. Бұл сол кезеңдегі қазақ зиялыларының барлығына дерлік ортақ сипат болатын. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде қоғам қажетін өтейтін тұстар назардан тыс қалған жоқ. Сондықтан да, жазушы, ақын, драматург, аудармашы, сыншы, ғалым да болды. Бұндай кең ауқымды шығармашылық әлем талатнт пен дарынды, еңбек пен білімді қажет етері сөзсіз.

Ж. Аймауытовта – сол кезеңдегі қазақ зиялыларынан шыққан таланты мен дарынын, еңбегі мен қажыр-қайратын тек халқына арнаған ұлдарының бірі.

Бүгінгі қоғам ұлттың барлық құндылықтарына өзгеше, жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Жаһандық өзгерістер қазақ баспасөзіндегі талай уақыттар ақтаңдақ болып келген тұстарды әлі де қайтап қарастыруды қажет етеді. Сол ақтаңдақ беттердің бірі – Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы. Шығармаларының ішінде көркем туындылары біршама зерттелді. Жазушының романдарының көркемдік кестесі, әңгімелерінің қазақ әдебиетіндегі мәні мен орны бірнеше зерттеу нысанының негізі болғаны анық. Қаламгердің көркем шығармалары мен бірге көптеген мақалалары мен баяндамалары, очерктері бар. Қаламгердің публицистикасының бірнеше ерекшеліктері де бар.

1 Ж. Аймауытов публицистикасының тақырыптары қоғам өмірінің ең маңызды тұстарына арналады. Журналист бір кезеңдік емес, ұлт болашағы үшін өміршең ойларды айтады.

2 Журналист туындыларының құрылымдық, мазмұндық сипаты, тіл қолданысы бүгінгі қалам ұстағандар үшін қажетті және үйренер мектеп болары анық.

3 Қаламгер ұлт құндылықтарының маңызды тұстарына зер салады. Бүгінгі қоғам тұрғысынан сол ойлардың қазіргі кезеңмен сабақтастығын ашудың да мәні бар.

4 Журналистік мәдениет, журналист беделі үшін қаламгердің қандай сипаттары болғаны дұрыс, ол шығармашылығында қалай көрініс табады деген сұрақтарға жауап таба білу үшін де Жүсіпбек Аймауытов публицистикасына қайта зер салған жөн.

5 Қоғамға қажет тақырыптар қандай, олардың идеялық мәні қалай ашылуы тиіс? Жауапты қаламгер публицистикасынан аламыз. Ж. Аймауытовтың қаламгерлік шеберлігі, журналистік таланты өз кезінде-ақ бағасын алған.

«Қазақ тілі» газетінің шығуына бес жыл толуын той ретінде атап өткен газет алқасы «Қазақ тілінің еңбеккерлері» атты көлемді мақаласында Ж. Аймауытовтың газетке сіңірген ерен еңбегін жоғары бағалап: «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы (үш-төрт жазушыларымыздың алдыңғыларынан.) Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі – Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь)» [1, 198] 1989 жылдың желтоқсанында қазақ жұрты бұған дейін халық жаулары деп келген Ш. Құдайбердіұлын, А. Байтұрсыновты, Ж. Аймауытовты, М. Жұмабаевты, М. Дулатовты толығымен ақтады.

20-ғасырдың бас кезі дүниежүзі тарихында әлем елдеріндегі өзгеше оқиғалармен басталды. Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революция, бірінші дүниежүзілік соғыс патшалы Ресейді саяси, әлеуметтік жағынан әлсіретіп кетті. Ресейдің өз ішіндегі наразылық, бодан елдерге де жетті. Қазақ зиялылары қазақ ұлтының жеке елдігі, мемлекеттілігі, өз билігінің бостандығы жолындағы күресте әдебиетті негізгі құрал етті. Әдебиетте ұлттың жаңа кезеңдегі жаңа бағыты, өзгеше дамуы, өсуі қажеттігі алдыңғы қатарға шықты. Әдебиет ұлтқа қажет тақырыптар ретінде өнер, білім тақырыптарын, өзге елдермен тең тұру, ғылым үйренуді көтерген ұлы Абай, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлихановтан басталған жолды қадір тұтты. Бодан бұғауынан босап, еркін жолды таңдаған күрескерлік бағыт әдебиетте жаңа бейнелер жасады. Күрескер бейнесі, ұлтжанды, ел үшін жанын беруге әзір азамат бейнесі азаттық идеясының жемісі болатын. Ж. Аймауытов – 20-ғасыр бас кезеңіндегі қазақ зиялыларынан шыққан таланты мен дарынын, еңбегі мен қажыр-қайратын тек халқына арнаған ұлдарының бірі.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1988 жылдың желтоқсаныда қайта құру, жариялылық кезінде республикада

отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, жаңа қоғам заңдылықтарын бұзудың құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшыраған қазақ мәдениеті мен әдебиетінің бір топ қайраткерлерін ақтау туралы қаулы қабылдады. Осы қаулы және Орталық Комитеттің осы мәселелерді зерттеу үшін құрған арнаулы комиссияның қорытындыларында А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдебиеттік қызметі жайлы толық баяндалған. Сонымен бірге онда олардың шығармашылығына қатысты «тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру», «қателіктері мен уақытша адасуларын сын тұрғыдан қарап зерделеу» қажеттілігін атап көрсетті. Бір кездерде «ұлтшылдық» әдебиетінің өкілдері саналып келген бұл қайраткерлердің қоғамдық, творчестволық еңбегі шынында да түгелдей қазақ халқының ұлттық мүдделерімен байланысты өтті. Саналы өмірін революциядан бұрын бас таған олар сол кездегі қоғамдық дамудың мешеулігін, қазақ халқының қараңғылықтағы, қанау астындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ауырлатып, саяси құқығын қанап отырғанын көре білді. Қазақ халқын бай, кедей деп бөлмей барлығын бірдей көріп, ұлтты біртұтас қалпында тілін, ділін, тарихын, таным, тіршілік, шаруашылық, байлығын сақтап елдің өз бақытына жаратуды мақсат етті. Сол істің жолында қызмет етті. Сол ұлы іс үшін құрған болды. Олар халықты ағарту, өнер-білімге тарту идеясын ұсынды. Соның ішінде озық ойлы Еуропа, шығыс, орыс, мәдениетінің үлгілерін наслихаттады, шетелдерің әдебиетінің бірқатар шығармаларын аударып таратып, оны өздерінің ағартушылық мақсаттарына пайдаланды. Халықты патшаның отаршылдық бұғауынан құтқарудың жолын іздеді. Осындай жағдайда болған 1917 жылғы бурзуазиялық-демократиялық февраль революциясын, патшаның тақтан түсуін олар шын пейілімен қуана қабылдады. Нақты отыршылдықтан азат, билігін өзі ұстаған ел ету (Россияға бағына отырып) жолын іздеді. Осы жолда бұладың тапқан «панасы» – «Алашорда» еді. Біраз уақытын, еңбегін Алашорда үкіметімен Алаш партиясын дамыту, нығайту жолына жұмсаған олар көп кешікпей-ақ бұл бағыттың, халықты бақытқа, азаттыққа жеткізудегі мүмкіндігі шамалы екенін түсінді.

Еліміздегі жаңа жаңғыру, ұлттық мәдениетке қайта баға беру жағдайында, демократия мен ел егемендігін өз қолына алып тұрған кезінде, жазықсыз жазаға ұшырап кеткен сол бір үлкен қайраткерлер жайында сөз қозғалып, шешім қабылдаудың себебі де, жеке адамға табыну тұсында кеткен сол бір қателіктерді түзетудің

қажеттігінен туған еді. Жүсіпбек Аймауытов – осы қатардағы ас ірі тұлғалардың бірі. Ол – ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публист, аудармашы. Әдебиеттің әр алуан жанрларында белсенді қызмет ете отырып, Жүсіпбек революциядан кейін туған жаңа Кеңестік әдебиеттің негізін салушылардың алғы лебінде болды. Көптеген ірі шығармалары мен жаңа жанрларындағы ізденістерді орнықтырды.

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық ғұмырында 20-ғасыр басындағы қазақ зияллыларының есімдері бірге жүреді. Бұл тегін де емес. Қазақ мәдениетінің негізгі ортасы болған, рухани нәрінің алтын өзегіне айналған ұлы Абай өлкесінде Семей шаһарында М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтпаев, Нәзипа Нұрғали Құлжанов, Ә. Қашаубаевтармен бірге аралас болып, сырлас болып, бірін аға, бірін бауыр, бірін бірге оқитын дос ретінде бағаласа, Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен пікірлес, ұлы істе рухтас болды. Ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішінде Ж. Аймауытовтың шығармашылық ғұмыры үшін М. Ж.-Көпейұлының орны ерекше екені мәлім. Аталас туысы, бір рудан шыққан ұлы тұлғамен аралас қана емес, ішкі жан сырын ашарең жақындарының бірі болғандығын хаттары дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп пен Жүсіпбек Аймауытовтың жан сырларын, рухани әлемдерін ашар екі хат сақталған. «Жүсіпбек Аймауытұлына (бірінші хат)» және «Жүсіпбек Аймауытұлына (екінші хат)» сақталған. Кейіннен Мәшһүр-Жүсіп шығармаларына енгізілді [2]. Айтар мәліметтері мол хаттар 1927–1928 жылдары жазылған. Мәшһүр-Жүсіп:

Астыңа құтты болсын ағаш атың,
Артылсын күннен-күнге алапатың!
Қаламыңның ұшына қыдыр дарып,
Әуелеп өрлей берсін жазған хатың! [2, 274].

– деген келешекке жасқа тілек айтса, Жүсіпбек ағасының түскен көңілін көтеріп, жанын жылытар сөздер айтады, өз істері туралы баяндайды. «...Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады,күні өткен жат адамқылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді, салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзбен айта білуінде» – десе, ендігі бір жерде елдегі ағасын өзінің көңіліне жаққан ісін аяқтаған қуанышымен бөліседі. «Екі жарым ай болды

– үйден-түзге, отыра шықпағаныма. «Не істедің?» – десеңіз, қылуетте (хылуатта) жатып, бір роман жазып, бітірдім. Өзіңіз көрген «Қартқожадан» үлкендігі екі есе үлкен болады. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті, қымбат(хұмбат)ағаны ұмытып кете жаздаппын.

...Бірақ бұл күнде романым бітті. Баспаға жібергелі отырмын. Басылып шықса, көрерсіз» [2, 274].

Жазушының 1928 жылы жазылған «Ақбілек» романын жазу кезіндегі шығармашылық, ішкі рухани сезім толқыныстары хатта анық көрінеді. Сонымен бірге Сұлтанмахмұт жайында, сол кезеңдегі қоғам туралы ойлары кейінгі әдебиеттану ғылымы үшін құнды материалдар болуымен мәнді. Қорыта келгенде, Ж.Аймауытовтың шығармашылық ғұмыры қарымды журналистің қазақ жазба өнерінің әр саласында өз талантын танытқан қаламгер екендігін дәлелдейді. Аймауытовтың көркем прозасы, ширыққан драмасы, публицистикасының да көркем және тегеурінді болуына негіз болғанын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байғабылов Б. Қайта оралған қаламгер: Талантты жазушы Ж. Аймауытов туралы / Байғабылов Б. // Зауал / құраст. Б. Қойшыбаев. – Алматы, 1991. – 369 б.

2 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1–том. – Павлодар, 2003. 270-276 б.б.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалары. 5-том, – Алматы : Ғылым, 1999. – 298 б.

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ «АЙТЫС» ПОЭМАСЫ

ҚАРАТАЙ Б. А.
студент 3-курс, «Қазақ филология» кафедрасы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әр заманның өзінің алыптары, ірі тұлғаласы болады, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы аса көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров небәрі 28 жыл өмір сүріп артынан өшпейтіндей із қалдырған алып тұлға. Сұлтанмахмұт шығармалары ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының шындығын және

әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделе келіп, тенденциясыда сыншыл болды. Ақынның ұзақ жылдар оқырманның көзінен таса қалып анық-қанығы айтылмаған поэмасы «Айтыс» жайлы сөз қозғап, сол заманның қазақ тұрмысын, хал ахуалын, диалог ретінде береді. Айтыс поэмасы ақынның соңғы және аяқталмай кеткен поэмасы.

«Айтыс»-әдебиеттің ерекше атап, тоқталуды қажет ететін түрі, ғасырларға жалғасын таба беретін қасиетті өнері. Ал, Сұлтанмахмұттың «Айтыс» дастаны тіпті бөлек, ол екі ақынның айтысы, қаһарман ретінде «қала ақыны мен дала ақыны» деп алып екеуін ортаға шығарып, ауыздарына сөз салып айтыстырады. Ақын Сұлтанмахмұтты ХХ ғасыр басындағы қазақ даласында болып жатқан саяси жағдайлар қатты толғанып, өзінше баға бергізген шығармасы.

Дастан бастан аяқ екі адамның әңгімелесуі, пікір сайысы түрінде жазылған. Мұндай құбылыс орыс және басқа елдер әдебиетінде «диалогическая речь» деп аталады. Бұл қазақ әдебиетінде бұрыннан бар жанр. Мысалы: С. Бисалиевтің «Жұмбақ әңгімесі», У. Ғұмаровтың «Екі молданың кеңесі», Нұржан мен Сапарғалидің қайымдасулары сол сарыннан онша алыс емес. Бұл жанр түрін жазба әдебиеттің машығына дейін көтерген Сұлтанмахмұт болды.

Қала адамының ауыл адамына менсінбей, паңдана, кекірлене, кемсіте қарайтын алғашқы аман-саулығы былай өрбиді:

Қала ақыны:
Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?
Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.
Көрінген көрнегіңнен, жүрсіңнен,
Топастығың білінген ар жағынан.

Ауыл ақыны, қала ақынының айтысын былай басталғанына ашуланып, қазақ халқының әрқашанда рухы биік екенін дәлелдеп жауап қайтаруы:

Дала ақыны:
Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім- қазақ өмірі, өзім-қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?
Ерікті ен даланың құсынша ұшып?
Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.
Сен құсап сармасадай ілбіткен жоқ,
Қаланың көшесінде жоқтық қысып.
– деген жолдар толық мысал бола алады [1].

Поэмада көрініс тапқан екі ақынның көздеген мақсаты – айқын. Ол ел қамы, ұлт қамы, қазақ қамы, мұның өзі поэмаға тән тартылыс күшін арттыра түскен.

Сұлатнмахмұт Торайғыров поэмада дала ақыны мен қала ақынын айттыстырып, сол арқылы қала мен даланың әрқайсысының өзіне тән артықшылдығын және қайшылығын талдайды. Дала ақынының сөзін басымырақ ұстап, Сұлтанмахмұт соның аузымен ақын-жазушыларын, салт-дәстүрін мақтан тұта жырлайды [2].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қала туралы әсері жақсы болмаған, ол дала ақынын баса айтады. Бірақ қала ақынының аузымен: ауылдағы алауыздық, партияның күштілігі, барымтаны, білім-өнер жоқтығы сыналады.

Дала ақынының келер кезектегі ауызға алары - ел билігін ұстаған хан мен бек. Сұлтанмахмұт ел егесі халық қалауы бойынша таққа отыратын сонау заманның мамыржай кезеңін еске алып, кейіпкерінің қарсыласына қарсы қояр ойларына өзек етеді. Сонау бір замандағы ел егесі хандардың халқына «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан» күндерін еске салады. Елді даналықпен басқарып, қиын жерде жол тауып, анталаған жауды бірде, айбынымен, бірде айласымен жуасытып, халқының күнін жатқа қаратпаған, ханды қара жақтаған қайран да қайран заманды мақтанышпен жырлап, хан даналығы жұрт сенімінінің кепілі екендігін алға тартады:

Даналық ақылына халық тойған.
«Халық ұйғарса о дағы түйе сойған».
Қой асығы демеген қолайына,
Жағып кетсе ел дағы сақа қойған.

Айтар ойдың асыл түйіні хан мен бек – ел иесі, ел – жер иесі.

Ханда қырық кісінің ақылы болса, елін өркендетіп, жерін гүлдендіреді. Қазақ деген ұлттың өркен жаюына олардың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ақын меңзеуі осыны аңғартады.

Дала ақынының келесі кезектегі мақтан тұтып ауызға алары ел сөзін ұстаған, қара қылды қақ жарған әділ би – шешендер. Сұлтанмахмұт кейіпкері жүйелі сөздің киесін тауып, «екі ауыз сөзбен» ел тағдырын шешкен би-шешендер мен сөз қасиетін қастерлеп, бір ауыз сөздің құдыретіне бас ұрған халқының асыл дәстүрін алға шығарады.

Сағынам билерімді кең, ақылды,
Арамға жегізбейтін ақ-мақұлды.
Құдай өзін туғызған іштен би ғып,
Білмейтін төре айтқанда жат-жақынды.
Ердің құны екі ауыз сөзбен бітіп,

Кім оның жарлығынан мойын бұрған.
Тапқыштық, шешендікпен кім алса атақ,
Халық соны кетіпті «би» деп атап.
Шарменен, үлкеннен бұйрық алып,
Би болатын жоқ онда біздің шатақ.

Осынау қадір-қасиет аяқ асты болып бара жатқан мына заманда оған бас кінәлі қаладан тарап жатқан ала қағазға алақан жайған тәртіп деп біледі. Дала мен қаланың билік айту заңдарын салыстыра отырып, парақорлық шығандап, ар-ұяттан азғындап тұрған қала соттарының сұрқия тірліктерінің түп негізін қазады [3].

Сұлтанмахмұттың «Айтысы» «қазақ» деген кім?, даласының қандай екенін, жағдайлары қалай, қандай кәсіппен шұғыданатынын, әдет-ғұрпын, салт-санатының қандай екенін айтқысы келіп, өзі кейіпкер етіп алған «қала ақыны мен дала ақынын» айтыстырады. Ақынның қыр адамы, қыр төсінде туып, өскендіктен және шынында даланың барлық табиғаты артықтығына көзі жете отырып, «дала» ақынына бүйрегі бұрыла сөйлетеді. Сұлтанмахмұт екі ақынды бір-біріне сынатады, кемшіліктерін айттырады.

«Айтыстағы» әр жайдан әңгіме қозғап, сөз сайысына түскендердің жөн-жобасы қилы-қилы. Даланың намысын қорғаушы ақынның тұрағы мен түсінігі бесенеден белгілі, ал оның қаланың атынан сөйлейтін қарсыласы біздіңше «уақытша үкімет». Негізінде ақын Сұлтанмахмұт қалаға, қала тіршілігіне, мәдениетіне қарсы емес. Қос ғасыр тоғысында қазақ даласындағы тіршілікті астарлап болса да көрсете білген көріпкелдігі.

«Айтыс» дастаны – Сұлтанмахмұттың саяси бағдарламасы. Атап айтқанда: сол уақытты армандаған қазақтың өз алдына автономия алуы, төл өнеркәсіп, тіл теңдігі, ұлттық қорғаныс ата заңы, жер туралы заңы т.б. көкейтестігі шешімдері ғасыр соңында ғана шешімін тауып жатыр [4].

Сонымен «Айтыс» поэмасы ұрапақтан-ұрпаққа ауысып, XX ғасырдан, XXI ғасырғы аяқ басатын аспалы алтын көпір. «Ештен кеш жақсы» дегендей «Айтыс» поэмасы қазақ әдебиетіне қайта келіп қосылған сарқылмас қазына. С.Торайғыров:

Бостандық дариясы былтыр тасып,
Жырт кетті ақынға еріп араласып,
Сондай-сондай кешіргенін,

Қазаққа әдебиетті берді ашып-деп, «Айтыс қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасында айтқандай – Азат елдің әдебиеті «Айтыс» поэмасын ашып берді [5].

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің аз ғана өмірін бірталай шақтарын білімді игеруге, қазақ халқының көзін ашып, оның сәуле шашар күні боларын аңсап өтті. Ақын Россия тарихының соның ішінде қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде – тарихи дамулар, күрес-көтерілістер, қиян-кескі соғыстар, ұлы ревоюциялар дәуірінде жасады. Капитализмнің өркендеп, әуелі, прогресшіл әсер етуі, кейін империализмге әсер етуі, кейін империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы; 1905–1907 жылдардағы буржуазиялық-демркратиялық революция; 1914–1918 жылдардағы жер жүзілік бірінші империалистік соғыс, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы февральда болған буржуазиялық-демократиялық революция; 1918–1920 жылдар арсындағы азамат соғысы. Осының бәрі ақынның көз алдында болды; күнделікті қызметіне, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр, түріне, көзқарасына зор әсер етті, із таңбасын салды [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шапауов Ә. Қ. «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айтыс» дастанының табиғаты туралы» мақаласы, ПМУ хабаршысы. № 2, 2004 ж. 141 б.

2 Қазақ әдебиетінің тарихы 6-том XX ғасырдың бас кезі (1900–1917) Алматы 2006 жыл.

3 Өмірхан Әбдиманұлы «Айтыс ұлттық рухтың асқақ үні» мақаласы Жұлдыз журналы № 12 желтоқсан 2007 ж. 199 б.

4 Шапауов Ә.Қ. «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айтыс» дастанының табиғаты туралы» мақаласы, ПМУ хабаршысы. № 2, 2004 ж. 142 б.

5 Тұрышев А. Қ «Айтыс поэмасының табиғаты» мақаласы, Сарыарқа самалы газеті, № 152 (12035) 26 желтоқсан 1992 ж.

6 Кенжебаев Б. Жұлдыз журналы № 10 1993 ж. 4 б.

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ҮЙРЕНУГЕ ҚАТЫСТЫ ХАДИСТЕРДІҢ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

ҚУАНДЫҚ З. Е.
п.ғ.м, оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВ Е. Қ.
ф.ғ.к., қауымд. профессор

Ислам ілімінде адамдарды білім алуға, ғылымды меңгеруге үгіттеу айрықша маңызды шаруа болып есептелген. Жаратушы Алланы тану адам баласына қаншалықты қиын екені түсінікті. Бұл қиындықты жеңілдетудің бір амалы есебінде мұсылман адамдардың мүмкіндігі бар болса, қаражаты мен денсаулығы сай болса білім алуы дұрыс деп есептелген. Білімді адамдардың, ғылым жолын таңдағандардың барлығы Ислам дініне деген көзқарастары оң болатынын біз күнделікті өмірден, кешегі өткен тарихтан байқап отырмыз. Сол қасиетті Құран арқылы білім мен ғылымның маңыздылығына ерекше мән берген Абдоллаұлы Мұхаммед (F.C.) осы мәселелерге қатысты біраз ой-пікірлер айтқаны белгілі.

Пайғамбарымыздың осындай асыл ойларын хадистер арқылы өлең үлгісіне салып, қазақ халқына паш еткен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабайұлы, Шәді Жәңгіруұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы.

Шәді өз шығармаларында қазақ халқын адамгершілік ізгілікке, түнектен жарыққа, өнер-білімге заман деңгейінде баруға шақырады:

Медресе, мектеп салдырып,
Абад қыл тірлік күніңді
Заманға сөз болып,
Үйренгін өнер-білімді [1, 40].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өз еңбектерін көбінесе араб әліпбиімен қазақ тілінде жазған. Солардың ішінде араб, парсы, шағатай, осман тілінде көп еңбек жазып, асыл мұра қалдырған. Діни тақырыптарды Мұхаммед (F.C.) пайғамбарымыздың хадистеріне сүйене отырып жырлағаны мәлім. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – ислам қағидаларын толық жеткізуге тырысқаны белгілі. Ілімнің шыққан тегі дін екенін және ілім мен дінді бөлмеу керек екенін ақын өз туындыларында жиі еске салып отырады. Мысалы:

1. Әр түрлі қылып, пікір ойла сана,
Ғылым, білім іздесең, болдың дана [5, 130].

2. Білімді өліп, көрде мың жыл жатса,
Шықпайды сонда-дағы кісі санасынан [6, 152].

3. Нәпсінің кім құтылар хайласынан,
Залалы асып кетер пайдасынан.
Білімді, зерек адам болам десең,
Қара өзіңді басқаның айнасынан [4, 85].

4. Ойлаған халықтың қамын білімді сол,
Қамы үшін ел-жұртының отқа кірген [4, 140].

5. Жолында ғылым-білім өтсін өмір,
Алданбай бос жұмыспен қысы-жазы [5, 164].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы адамзатқа білім мен оқудың маңыздылығын айтса, ал Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Оқы, сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол, адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен» (фалақ, 1-5) [2, 597].

Көріп тұрғанымыздай пайғамбарымызға (F.C) өзіне ең бірінші Құран аяттары түскенде «оқы» деп түскен. Тағы бір Құран аяттарында: «Дегенмен іштерінен ғылымда озат болғандар және иман келтіргендер, саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы түсірілгенге сенеді» (ниса, 162) [2, 104].

Алла тағала: «Аллаһ сендерден иман келтіргендер мен білім берілгендердің дәрежелерін көтереді.Аллаһ не істегендеріңнің бәрінен хабардар», «Раббым, білімді арттыр!» – де», – деген [1, 39].

Әбу Мұсадан (Аллаһ оған разы болсын). Пайғамбар: «Аллаһ менімен жіберген тура жол мен білім жерге жауған нөсер жаңбыр сияқты.Жердің біраз бөлігі құнарлы болып, суды бойына сіңіріп алды да, онда түрлі өсімдіктер мен шалғын шөптер өсті. Басқа бір бөлігі қатты болып, суды сіңірмей ұстап тұрды да, оны Аллаһ адамдардың пайдасына жаратты. Олар бұл судан ішті, малдарын суарды, егінге пайдаланды. Сондай-ақ (жаңбыр жердің) басқа бір су да жиналмайтын, өсімдік те өспейтін бөлігіне жауды. Бұл нәрселер Аллаһтың дінің түсінген, Аллаһ менімен жіберген (білім) оған пайда беріп, білім үйренген және оны (басқаларға) үйреткен,

сондай-ақ бұған ұмтылмаған, Аллаһтың менімен жіберген тура жолын қабылдамаған адамдарға ұқсайды», – деген [1, 43].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы да ғылымның адам үшін парыз екенін шегелеген. Ақынның ойынша, егер Құдайға құлшылық еткің келсе, әуелі ілім-білімді үйренуің керек. Дінді тану тек ғылым арқылы ғана жүзеге асады.

Не нәрсе парыз болса, ғылым – парыз,
Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз.
Әуелі қылар істің ғылымын біл,
Қанша айт, онша айт онан соң Құдайға арыз.

2. Дін үйрен, ғылым ізден, болмасаң көр,
Қанша айтқанмен, ғылымсыз жоқ саған төр! [5, 144].

3. Өзгеден ғылым парыз – бұл дүниенің,
Болмайды қайда барсаң мұнсыз қамың.
Ниеттің ақырында болса мытлы (мытыр),
Жұмыс қыл шығатындай ертең жаның! [6, 170].

4. «Екінші керек нәрсе – ғақыл» - деген.
«Ғақылсызда таупық жағы (шағы) тақыр!» – деген.
«Аз іске ашуланып дінін бұзар,
Иманын көпірлікке сатар!» – деген [4, 93].

5. Жүргеннен тіпті қарап – пайдалырақ,
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайып?! [5, 88].

6. Біреуі бұл жетінің – ғылым оқу,
Тастаңыз енді ойдан надандықты!

7. Парыз дұр және қылмақ халал кәсіп,
Ғылым – парыз: сен оқы, болса несіп.
Бұл екеуі баршадан артық деп біл,
Сұраумен, сұранудан жүргін қашып [5, 177].

Ал пайғамбарымыздан (F.C) естігенін жеткізуші сахабасы Ибн Масуд былай дейді: «Адамдарды екі түрлі қасиетіне қызығуға

болады, олар: Аллаһ оларға көп байлық беріп, оны дұрыс долға соңына дейін жұмсағанда және Аллаһ оларға көп білім (ақыл) беріп онымен басшылық еткендер және оны басқаларға үйреткендер» (аль-Бухари, Муслим). Абу Хурейра Аллаһ елшісінің (Ғ.С) былай деп айтқанын жеткізді: «Білім үшін қай бір жолға шыққан адамның, Аллаһ Жәннатқа баратын долын жеңілдетеді» [21, 59].

Сондай-ақ, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларында білімді жастайынан алуға, білім иелерін сыйлауға шақырады.

Құдайдың шеберлігін көзіңмен көр,
Тіреусіз тұрған жоқ па көк пенен жер.
Алланың ризалығын шын ойласаң,
Баланы кішкентайдан оқуға бер.

Баланы оқуға бер жас басынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан.
Жұғуы бұл ғылымның: молда, бала, ата-ана,
– Төртеуінің бірдей болған ықыласынан.

Ай, қауым, өсиет қып айта дүрмін,
Аһыл (құл) байыт, әулетімді дос тұтқыл сен.
Ғұлама ғалымдарды дос тұтыңыз,
Дос тұтқыл әркім болса хари Құран.

Ашумен ғазаптанба оларға әр кез.
Және де тағайын қылып, айтпаңыз сөз.
Істеген жұмысына ма қарайлама (мақарайлама),
Оларға дұшпандықпен болмаңыз кез [4, 83].

Жігіттер, «Өнер алды – ғылым-білім» –
Деген жан, құлағың сал Ислам дінін [3, 165].

Құдайдың шеберлігін көзіңмен көр,
Тіреусіз тұрған жоқ па көк пенен жер
Алланың ризалығын шын ойласаң,
Баланы кішкентайдан оқуға бер.

Баланы оқуға бер жас басынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан.
Жұғуы бұл ғылымның: молда, бала, ата-ана,
Төртеуінің бірдей болған ықыласынан [3, 169].

Абдуллаһ ибн Амр ибн Астан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісінің: «Расында, Аллаһ пенделерден білімді тартып алмайды, бірақ білімді ғұламаларды алу арқылы жояды. Ол бірде – бір ғұламаны (тірі) қалдырмаған кезде адамдар білімсіз надандарды өздеріне басшы етіп алады. Сөйтіп, оларға сұрақтар қойылса,білімі болмаса да пәтуа шығарып, нәтижесінде өздері де адасады, өзгелерді де адастырады», – дегенін естідім», – деген [1, 48].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз өлеңдерінде халықты білім үйренуге, сол арқылы ғылымды игеруге үгіттейді. Білім мен ғылымды игерген жанның қадірі жоғары болатынын, сол арқылы мол дәулетке ие болатынын насихаттайды.

1. Білгіштер, біліміңді өнерге сал,
Жарты өмір жалғыз күндік болмайды жал.
Тіленіп, тілің безеп қу атанбай,
Ғылым білсең, табасың қадір мен мал.

Ғылым тап жас күніңде буын қатпай,
Басында байқамассың дәмін татпай.
Менің көрген жайымды сендер білсең,
Ғылым үшін жүрер ең тыным таппай [9, 169].

2. Қай ғылымды білсеңіз де,
Қазір оны елге жай.
Құр ішінді кеткенінше,
Пайдалансын өзгелер

Шын наданға білгеніңді
Ұқтырам деп ойлама.
Қанша бидай шашсаң-дағы,
Болмас егін тасты жер.

Шын залымға берме ғылым,
Ол алар да оқ қылар.
Қаруым дер, кісі атып жер,
Ол ғылымды айла етер [9, 115].

Ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ғылымның адам баласына қандай артықшылық беретіні туралы ойларын мына өлең жолдарынан анық байқаймыз:

Ақыл тон, аңдағанда тозбайтұғын,
Ғылым – кен, күнде өніп қозбайтұғын.
Иелік екеуіне еткендердің
Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын [7, 29].

Осы жоғарыдағы өлең жолдарынан ақындарымыздың пайғамбарымыз Абдоллаұлы Мұхаммед (F.C.) білім мен ғылымға қатысты хадистерін қаншалықты жетік білгенін аңғарамыз. Төмендегі пікір де осы ойымызды шегелей түседі.

«Қазақ поэзиясындағы діни ағартушылық бағыттың дамуын зерттеушілер XIX ғасырдың аяқ кезеңі мен XX ғасырдың басындағы саяси- әлеуметтік жағдайлармен байланыстырады. Осы кезеңдегі қазақ қоғамындағы ғылым – білімге деген ұмтылым діни сипатын сақтап, әдебиетке діни- ағартушылық бағытты ұстанған бір топ ақындар шоғырын алып келді. Сыр бойындағы діни – ағартушылық бағыттың басында Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіптер тұрды» [14, 49].

Исламда білім алу міндетті түрде парыз болып саналады. Себебі Аллаһ Тағаланың өзі Құранда білім алу керектігін айтқан: «...Оларға: «Білгендер мен білмегендер тең болады ма?», – де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады», (зумар, 9) [2, 459].

Аллаһ Тағала: «Аллаһ сендерден иман келтіргендер мен білім берілгендердің дәрежелерін көтереді. Аллаһ не істегендеріңнің бәрінен Хабардар» (мүжадале, 11) [2, 542].

Абу Хурейра Аллаһ елшісінің (F.C) былай деп айтқанын жеткізді: «Білім үшін қай бір жолға шыққан адамның, Аллаһ Жәннатқа баратын долын жеңілдетеді» [8, 59].

Қазақ әдебиетінде кеңес үкіметі тұсында біраз ақындарды «кітаби ақын» деп атау дағдысы болғаны баршамызға аян. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап бұл атаудың негізсіз екені мәлім болып отыр. Бұл ақындар шоғыры әдебиетіміздің тарихында өздеріне лайық бағаланбай келе жатқаны қынжылтатын мәселе. Кеңес тұсында әдебиетке таптық көзқарас тұрғысынан қараған әдебиетші ғалымдарымыз «кітаби ақындардың» шығармашылығына жан-жақты мән беріп, зерделемегені анық жайт. Қазіргі таңда оларды ағартушы ақындар деп атап жүрміз. Жалпы кез келген ақын өзінің болмысында ағартушылық қызметті атқаратыны көзі қарақты жанға түсінікті жайт.

Ал енді мұсылман ағартушылығын өз туындыларына арқау еткен ақындарымыз білім мен ғылымды насихаттауда ең негізгі қару пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (F.C) хадистерін өз шығармаларында кеңінен қолдануы сол кезеңнің уақыт талабына

сай заңдылық деп білеміз. Өлеңдерін хадистермен өрген ақындар Алла елшісі пайғамбарымыз Мұхаммед (F.C) білім мен ғылымға соншалықты керемет мән бергеніне көңіл аударып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Келімбетов Н. Шәді ақын. – Алматы : Жазушы, 1974. – 96 б.
2 Құран Кәрим. Ауд. Халифа Алтай. – Мәдине, 1991. – 604 б.
3 Көпейұлы М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.
4 Көпейұлы М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы : Алаш, 2003. – 432 б.
5 Көпейұлы М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. III том. – Алматы : Алаш, 2004. – 376 б.
6 Көпейұлы М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. IV том. –Алматы : Алаш, 2005. – 336 б.
7 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. I том. – Алматы : Жазушы, 2007. – 312 б.
8 Имам ән-Нәуәуи. Хадистер жинағы. – Алматы : Көкжиек, 2013. – 656 б.
9 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФОНЕТИКАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

МАЙДАНОВА А. М.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннен кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен қызмет еткен ірі қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынов [1].

Ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткерінің өмірі, шығармашылығы, әлеуметтік қызметіне байланысты маңызды еңбектер, негізінен, оның туғанына елу жыл толу мерейтойы тұсында жарияланды. «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу Қоғамы еңбектерінде» (Орынбор, 1922) орыс тілінде екі мақала басылды. М. Дулатовтың

«Ахмет Байтұрсынұлы (биографиялық очерк)» (15–25 беттер) мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ақиқатқа жүгінгенде, бұдан кейінгі уақыттарда А. Байтұрсынов өмірбаяны туралы жазған авторлардың бәрі де осы еңбектің материалдарын пайдаланғанын көреміз. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол ортаның басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақалада А. Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған [2].

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына киргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет Байтұрсынов. 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПИ архивінде сақталған. Мұнда: 1. «Тіл – құрал», 1-бөлім. Фонетика, 2. «Тіл – құрал», 2-бөлім. Морфология, 33. «Тіл – құрал», 3-бөлім. Синтаксис, 4. «Әдебиет танытқыш», 5. «Баяншы», методикалық жазбалар, 6. «Тіл – жұмсар», 2-бөлім. Практикалық грамматика, 8. «Оқу құрал», балалар әліппесі, 9. Әліппе, 10. «Сауат ашқыш», ересектер әліппесі, 11. «Әліппе астар», әліппеге методикалық нұсқау, 12. «Қырық мысал» – Крылов мысалдары аудармасының жинағы, 13. «Маса», төлтума және аударма өлеңдер жинағы, 14. «Оқу құрал», хрестоматия (нұсқалық), (Шонановпен бірлесіп жазылған) – еңбектері көрсетілген.

Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектері саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі – зор жауапкершілігі бар іс, көп жылғы көзжұмбайдан, қиянаттан арылатын тұс келді. Шолу түрінде көз жүгіртіп, ат үсті қарағанның өзінде толып жатқан соны шындық алдыңнан шығады. Бірер мысалға жүгінелік. «Тіл құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1 тіл танытқыш құрал». Қазақ – қырғыз білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-інші басылуы (Қызыл-Орда, 1925).

Сөз басы былай басталады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...».

А. Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған.

Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық – әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі діттеген ағартушылық мақсаты деуге болады.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайы, бала оқытудың жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліп-биі») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» мен ана тілі оқулықтары («Грамматика кітаптары») бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы – міне, осыларға назар аударады. Атап айтқанда, А. Байтұрсынов 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикамен) айналыса бастайды.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз: «Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі».

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты көлемді мақала жазып, онда: қазақ дыбыстарын білдірмейтін ڭ، ح، ۋ және жуан т,с сияқты араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба (ʼ) қою қажеттігін дәлелдейді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы

34-інші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген үлкен мақала жариялап, онда кейбір дауысты дыбыстарды (ى، ۇ، ۋ) таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады.

Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) Араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау. 2) Қазақ тіліндегі ы, е, и, о, у, ү дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу; 3) К, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі ә, е, і, у дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйесі әдісіне сай келетіндігі байқалады.

А. Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылы осы емлемен (жазумен) 15-тей қазақ кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды («Жаңа емлені») 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептері де қолданыпты.

«Жаңа емлені» А. Байтұрсынұлы әрі қарай қырнап, полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықтап жасалған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған Қырғыз (қазақ) білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады. Бұл съезде мынадай мәселелер қойылады: 1) Жазу ережелері (яғни орфография мәселелері); 2) Әліп-би (яғни алфавит) мәселесі; 3) Қазақша пән сөздер (яғни терминология); 4) Ауыз әдебиетін жию шаралары; 5) Оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары; 6) Бастауыш мектептердің программасы.

А.Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен рөл атқарған. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А. Байтұрсынұлының бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары, мысалы өзбектер мен татарлар үлгі тұтып, олар да өз жазуларына реформа жасайды. А. Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш салған ғалым.

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын әліппені («Оқу құралын») жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйретін оқулық жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздік жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне міндет етіп алады да, сол міндетті атқару үшін «Тіл – құрал» деген атпен үш бөлімнен (үш кітаптан) тұратын оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған І-бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Одан әрі қарай жөнделіп, толықтырылып бірнеше рет басылды. 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-нші деп көрсетілген [3].

«Тіл – құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы, өйткені, қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де, сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы біріншіден, қазақ тілінің әліппесінің, оқулықтарының авторы, соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу ХХ ғасырдың 10-жылдарынан бас-тап, 20-жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына қызмет етті. А. Байтұрсынұлы әліпбиі күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Үшіншіден, А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен тілін, мәдениет тарихын зерттеуші тұңғыш филолог, тарихшы ғалым және Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі. Төртіншіден, ол қазақ халқына, еліне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Міне, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбегі осындай.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық,

көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Ақ Жол. – Алматы : Жалын, 1991. – 464 б.

2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2008. – 172 б.

3 Л. Н. Гумелев ат. Еуразия ұлттық университеті. Тіл және руханият: өзекті мәселелер. – Астана, 2010. – 560 б.

ҚОСТІЛДІ ЖАРНАМА

НУРГАЛИЕВА З. К.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.
КУЛАХМЕТОВА М. С.
к.ф.н., профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Жарнама тілін психолингвистика жағынан қарастыру оның адам баласына әсер ету заңдылықтарын анықтай отыра, қоғамдық мәнін белгілейді. Тіл білімінің психолингвистика саласының жарнаманы ішкі құрылымын айқындаудағы мәні ерекше. Нарықтың қарқынды дамуы қызу бәсекелер туғызды. Бұл тұрғыда басты рөлді жарнама алады. Жарнаманың дамуы әлеуметтану, экономика, тарих, психология, тіл білімі, мәдениеттану, этнопсихология білімдерін талап етеді. Бұл білім салалары кәсіби жарнамалар үшін өте қажет. Бұл орайда қазіргі әлеуметтік тіл білімінің және психолингвистиканың өзекті бағыттарының бірі – жарнама мәтіндерінің сөйлеу және бейсөйлеу ықпалын зерттеу.

Психолингвистика – сөйлеу механизмдерін психикалық процестермен байланысты зерттеліп, олардың тіл жүйесіне қатысын қарастыратын кешенді ғылым. Психолингвистика – адамның сөйлеу әрекетінің психологиялық және лингвистикалық аспектілерін сондай-ақ, қатынас жасау үдерісінде және жеке дара сөйлеу-ойлау әрекетінде тілдің әлеуметтік, психологиялық аспектілерінің қолданылуын зерттеуді өз мақсаты етіп қойды. Осыған орай психолингвистиканың зерттеу пәні, ең алдымен, адам әрекетінің арнайы түрі, сонымен бірге оның психологиялық мазмұны, құрылымы, түрлері, амалдары ретіндегі сөйлеу әрекеті болып табылады.

Психолингвистика саласы бүгінгі таңда жарнамалық ақпараттардың адам санасына әсер етуін айқындау үшін қолданылатын маңызды ұғымға айналып кетті. Осы салада әсіресе шетел ғалымдары көп табысқа жетуде. Жарнаманы ғалымдар ерекше құбылыс ретінде қарастыра отырып, адам психологиясына әсер ету үшін жарнаманы тиімді жағынан анықтай білу керек, жарнама мәтіндерінде немесе бейвербалдық түрде берілген жарнама құралдарында бұл мәселе басты орында тұрады. Жарнамалық өнімнің адамдар арасында зор сұранысқа ие болуы, олардың ерік күшінің туындауынан, қажеттілікті қанағаттандыруға деген ұмтылыс.

Жарнаманың әсер етуі, оның ықпалының арта түсуі, адам психикасының ерекшеліктерін ескеріп жасаған кезде ғана артады. Адамды әрекетке талпындыратын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір себеп болады. Бұл түрткіні психология мен психолингвистикада уәж, себеп деп атайды. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Жарнама бірден оқырманның, тыңдарманның, көрерменнің назарын аударуы керек [1, 25 б.].

Психолингвистика ғылымының ең басты назарында жарнама мәтіндерінің адам санасына ықпалы болып саналады. Яғни сөйлеу ықпалы дегеніміз: «жеке адамның немесе ұжымның санасына және мінез-құлқына табиғи тілдің (сондай-ақ, паратілдің, графиканың) құралдары көмегімен жүзеге асырылатын ықпал. Қандай да болсын сөйлеу актісі – сөйлеу ықпалын жасауға қабілетті» [3, 216 б.].

Өз мақсатына жету үшін жарнама ең бастысы адамның назарын аудару керек, сондықтан төменгі бөлшектерден құралады: қызықтыру, қабылданып, еске сақталуы, сенімді болу, ең негізгісі – тауарды сатып алуға тілек туғызу керек. Бұның барлығы– заттың сатып алынуымен аяқталады.

Сонымен, сөйлеу ықпалының ең жақсы жағдайы – тіл арқылы ептілік, айла-шарғы жасау, бұл ретте ықпалдың нысанасы – адам өзіне жасалатын ықпалды сезіне алмайды және өзіне нұқсан келтіретіндей іс-әрекеттерге баруы мүмкін. Жарнаманың мақсаты – адресатқа жарнамаланып отырған затты немесе қызметті тұтынуына тездетіп шешім қабылдауын қадағалау, сонымен қатар, затты сатып алуына түрткі болатын адамның психикалық процестерін бақылау болып табылады. Қазақстандағы жарнамалардың көбі – қостілді жарнамалар. Бұндай үдеріске әсер етуші факторлар: республикамыздың тілдік жағдаяты, тілдік жоспарлау процестері мен демографиялық құбылыстар. Дегенмен де қазіргі Қазақстанның

тұрғындары полилингвалды социумды құрайтындығына қарамастан функционалдық тұрғыдан күшті қазақ және орыс тілдері үстем тілдер болып саналады. Қостілді жарнамалардың адамға әсер етуі – отандық психолингвистикадағы жаңа, өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жерде қостілді жарнаманың адам санасына ықпал ету үдерісіндегі түр-түстің әсері өте зор. Ықпал ету психолингвистикасының әдістеріне сүйене отырып, қажетті түс ортасында сатып алушының талғамына сай келетін эмоциясын шақыруға мүмкіндік бар. Түстік палитрадан адам үшін зор мәні бар басты сегіз түс бөлініп алынады, бастапқы мәні бар – көк, сары, қызыл, жасыл, және қосымша: күлгін (қызыл мен көк түстің қоспасы), қоңыр (қызыл мен қараның қоспасы), бейтарап сұр (ешқандай түстің қоспасына жатпайды, сол себептен адамның сезім мүшелеріне әсер ете алмайды), қара түс – жоққа шығарушы мәнге ие. Түр-түстің психологиялық ықпал етулеріне қатысты жарнама психологиясында өз орнын алатын көк түске сипаттама жасап көрсек, мысалы: Көк түс тыныштықтың символы ретінде саналады. Бұның мәні – адамның тыныш әрі бейбіт қалпын білдіреді және орталық жүйке жүйесінің ширығуын түсіреді. Қан қысымы төмендейді, тамырдың соғу жиілігі қысқарып, ағзаның өзін-өзі қорғау механизмдерінің әрекеті жоғарылайды – қуат ағыны құйылып, бейне бір биологиялық батареялар әсер етіп жатқан сияқты болады. Ең негізгі төрт түстің негізі ретінде, көк түс – биологиялық қажеттілікті білдіреді.

Физиологиялық тұрғыдан алғанда – бұл қажеттілік және психологиялық түрде тыныштық сезімінде. Көк түс адамның топпен үйлесімін білдіреді, сондай-ақ сезімін көрсетеді. Бұндай түс татулықтың және сезімталдықтың белгісі, сондықтан қабілеттілік пен мазасыздықпен, эстетикалық бақылаумен және философиялық ойлармен байланысты. Тереңдей алғанда, ол тәтті дәммен шоғырланады, оның мәні – нәзіктік, оның сезім мүшесі тері болып табылады. Көк түс – ерекше мәні бар тереңдікке және көлемділікке ие. Мифологиялық түсінікте – көк түс тұтастықтың, жоғары идеалдарының құдіретті көрінісі, жер анасы Гея анаға оралу, бұл шындық пен сезім, махаббат пен адалдық, қорлау мен күрестің толастауы. Көкшіл түс – айналаны, қоршаған ортаны білдіретіндіктен, адамдар санасына ықпал ету күші өте жоғары деп бағаланады.

Мысал ретінде – қазіргі елімізде болып жатқан кезектен тыс сайлауды алар болсақ, қаламыздағы көшелерімізде ілініп тұрған жарнамаларды келтіре аламыз. Бұған дәлел: Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауындағы көшеде жарияланған жарнамалары болып саналады. Мысалы: «Ел қалаған таңдау! Главный

выбор страны!» Бұл жарнамаға назар аударсақ, адамның сенімділігін оятатын сары, көк түстер қолданылған. Әдемі, танымал адамдардың бейнесі, Қазақстан еліміздің картасы, Орталық саулау коммисиясының мөрі берілген. Бұл жарнамаға қарап отырып, адамдардың санасында сайлаудың адал түрде өтетініне сенімділігін арта түседі.

Жарнама – адамдардың көңілін аударса, онда ол есте тез сақталады. Бұл үшін жарнамалар мәтінінде аз сөз қолданып, түрлі-түсті айқын суреттермен, өзге де көрнекі құралдарды ұтымды, тиімді, дәл қолдана білу керек. Есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктеріне қарай адамдар жекелеген мынадай топтарға бөлінеді: а) кейбір адамдар көзбен көретін жарнамаларды жақсы сақтайды; ә) қайсыбіреулері есту арқылы; б) енді біреулері қозғалыстағы жарнамаларды естерінде жақсы сақтайды. Бұл тұрғыдан алып қарасақ, тележарнаманың басқа ақпарат құралдарында берілген жарнамаларға қарағанда есте қалу сапасы жоғары. Тележарнаманың басты артықшылығы – жарнамаланатын обьектіні әрекетте көрсете алуы, сондай-ақ тауарды дайындау барысын көрсету мүмкіндігі. Камера арқылы беріліп отырған обьект құжаттық күшке ие, яғни, қуатты сендіруші қасиеті бар. Тележарнама – журналда берілетін жарнамадан 1,2 есе, газеттегі жарнамадан 1,4 есе, радиожарнамадан 2 есе тез есте сақталады екен.

Тележарнаманың бірнеше түрі бар, атап айтатын болсақ: жарнама роликтері, логотип арқылы көрсету, эмблемалар, экранда жарнама берушінің тек девизін беру арқылы, танымал бағдарламаларды құптау т.б. Мамандардың тұжырымдауы бойынша, ең басты психологиялық әсерді (осылардың ішінен) жарнама роликтері болып табылады. Бұған мысал келтіретін болсақ: еліміздегі ең беделді ұялы операторлардың бірі, KCELL–биылғы жылы өзінің жаңа мүмкіндіктерін жариялаумен келеді. Ол ең біріншіден, жаңа технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. «Қазақстанда бірінші рет, 3G видео арқылы байланысу мүмкіндігі!» жарнама ролигі болып саналады. Бұл жарнама, біріншіден, қысқа және өзіне мықты назар аударатын жарнама. Екіншіден, сол қысқаша түрде жарнамаланып отырған мәтін арқылы, өзіне қосымша назар аудартуды талап етеді, себебі айтар ой аяқталмаған. Соңғы кездері жарнама мәтіндерінде есімдіктерді көп қолдануын кездестіреміз, мысалы: біз/мы, нас, біргеміз және сөз бірліктерін қолдану арқылы: бірлік/единство, жанұя/семья т.с.с. Көбінесе Алматы қаласындағы сыртқы жарнамаларда осындай жарнама мәтіндерін кездестіреміз: «С нами мир ярче!», «Бірлігіміз жарасқан!», «Мы вместе! Біз біргеміз!» т.б.

Бұндай тіл бірліктерін қолданудың себебі, тілдің еліміздегі қоғамдық жағдайымен байланысты. Бұған орай, жарнама ең

біріншіден тіл иеленушіге әрі бүкіл қоғамға бағытталады. Демек, осы орайда адам баласына белгілі бір қоғамға, бірлікке, бірегейлікке бағыныштылығы болуы. Адам әлеуметтену үдерісінде белгілі бір қоғамдық ортада болғанын қалайды. Адамдардың ниетіне байланысты, жарнама осындай бағыт ұстанады.

Қостілді жарнама мәтінінің маңыздылығы, адам санасына тигізетін ықпалы ретінде, осылар ерекше орынға ие – керекті тілді таңдау, сөйлеу ықпалы, тілдік жағдаят. Көп жағдайда жарнама адамдардың қоғамдық деңгейін қолдану арқылы өзіне ұпай қосады. Адам сондықтан да оларға елімізде қоғамдық деңгейі жүйелілік мағынаға ие, демек, лингвистика саласындағы қоғамдық мәртебеге: «құқықтарын, міндеттерін және мінез-құлықтың өзара алмасу кезегін (оның ішінде тіл практикасы да) қамтитын, қоғамның әлеуметтік құрылымдағы жеке адамның орны, жағдайы» [2, 55 б.]. Соған қарамастан, жарнама мәтіні индивидтің әлеуметтік деңгейін көтеруге негізделген. Мысалы, кейбір жарнамаларда, егерде жарнамаланып отырған тауарды, бұл тұрғыда: қымбат автокөлікті сатып алған кезде, адамдар өздері-ақ сол адамға назар аударады және ол өз тұрғысынан қоғамда белгілі бір деңгейге қол жеткізеді. Солай болса, неге оған сол көлікті алмасқа? Тағы мысал келтіретін болсақ: «Да что тут думать? Внушительное предложение на мобильный ряд Nissan 2010», «SUBARU OUTBACK 2010. Уверенность в любую погоду». Жарнама әсерінің психологиялық тиімділігін дұрыс түсінбеу, осы бағыттың методологиялық дамуына зиянын тигізеді. Тиімділікті – жарнама мен товар сатудың арасындағы тура байланыс деп түсінеді, яғни жарнама ның тұтынушының тілегіне әсер ете алатын қабілетін ғана бағалайды. Ең негізгісі – жарнама тұтынушыға түсінікті болу керек, зейінді аудартатындай, жеңіл есте қалатындай, жағымды эмоция туғызатындай жасалуы тиіс [5, С. Бердібаева].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Асанбаева С. А. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың әлеуметтік-лингвистикалық өзекті мәселелері: оларды шешу жолдары: филол. ғылым. канд. дис. – Алматы, 1999. – 150 б.

2 Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж., Смагулова Ж. С., Аканова Д. Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана : Арман-ПВ, 2008. – 392 б.

3 Бердібаева С. Жарнама психологиясы. // Ұлағат. – 2000. № 2 – 27–29 бб.

XX ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ОРАЛБЕК С. Ж., ТОҚТАС Ә. С.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлемде сан мыңдаған тіл бар десекте,оларға ортақ бір-ақ нәрсе; ол-қарым-қатынас құралы. Тіл – әр заманда, өз өзектілігін жоғалтқан емес. Адамзат -тіл арқылы, қоршаған ортаны, танып, дүние танымдары кеңейді. Соның негізінде,әр заманда ұшталып, ғылыми деңгейге дейін жетіп, әр кезеңде өз бағасын алып отырды.Қазақтың заңғар жазушы, Мұхтар Мағауин: «Тіл-тіршіліктің көкейтесті мәселесі», дейді. Иә, рас біздің өміріміздің бастауыда, – тіл шыға басталмай ма? «Анау не?», «мынау не?», деп. Десек те; Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, 19ғасырға дейін тіл-білімі философияның бір саласы ретінде қарастырылып келген. Бірақ, Халел Досмұхамедовтың зерттеуіне сүйенсек, тіл білімі өз алдына жеке бір сала. Халел Досмұхамедов : «Қазақ тіл білімі дербес ғылым ретінде Ұлы Қазан революциясынан бергі дәуірде қалыптасты. Қазақ тіл білімі қазақ тілінің жүйесін, құрылымын, ерекшелігін, барлық байлығын зерттейді, қазақ тілінің қарым-қатынас, пікір алысу, өзара түсінісу, ойды жеткізу құралы ретіндегі қызметін (функциясын), басқа тілдермен қатынасын, баю, толығу, даму жолдарын т.б. тексереді». дейді. Бұл зерттеу; Қазақ тіл білімінің негізі, тек 19 ғасырда ғана қалыптасқанынан хабардар етеді. Бірақ, Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, зерттеулеріне келгенде, әр ғалым өз алдына жорамал жасайды. Мәселен, 19 ғ. соңы мен 20 ғ. басында тіл туралы ғылым 19 ғ.-да туды деген көзқарас басым болды, соның нәтижесінде тіл білімінің тууы салыстырмалы-тарихи тіл білімімен байланыстырылды да, 19 ғ.-ға дейінгі тіл білімі туралы ғылым, атап айтқанда, универсал грамматикалар, жалпы логикалық бағыт жоққа шығарылды. 20 ғ. 60 жж. дейінгі зерттеулерде 19 ғ.-ға дейінгі тіл туралы ғылым үстірт қаралды да, одан кейінгі кезең егжей-тегжейлі баяндалды. В. Радлов Ы. Алтынсарин И. Ильминский А. Байтұрсынов П. Мелиоранский Қ. Жұбанов Н. Сауранбаев т.б. Қазақ тіл білімін зерттеген ғалымдар А. Байтұрсыновқа дейінгі еңбектерде қазақ тілі жүйесі түрде зерттеледі, жоғарыда аталған орыс ғалымдарының еңбектеріндегі зерттеулердің ғылыми дәрежесі төмен болды, қазақ тілінің өзіндік табиғи қасиеті көп жағдайда ескерілмеді, бір жақты байымдаулар мен үстірт пікірлерге құрылды, көбіне фиктивті құрылымды тілдердегі ережелерге сәйкестендірілді. Мысалы, Санкт-Питербургте 1875 жылы жарық көрген М. А. Теретьевтің «Грамматика

турецкая, персидская, киргизская» деп аталатын кітабында қазақ тілі, оның дыбыс жүйесі мен грамматикалық құрылысы жайында азды- көпті ғана, қазақ тілінің қасиетін, мәнін т.б. ерекшеліктерін аша алиайтын мағлұмат берілген. Ы. Алтынсариннің 1871 жылы Оринборда жарық көрген «Начальное руководство к обучению киргиз-русскому языку» атты еңбегі қазақтарға орыс тілі грамматикасын түсіндіретін ең бірінші оқу құралы ретінде зор қзмет атқарды. Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым А. Байтұрсыновтың ағартушылық жолға құлшына кірісіп, сауаттылықты жою жолында қазақ тілін жан-жақты талдауына Ы. Алтынсариннің осы еңбегі де үлгі болған сияқты. Ташкентте, Орынборда, Алматыда жоғары орындарында профессор қызметін атқару. Қазақ тілі мен әдебиетін терең зерттеуге ғалымға мүмкіндік жасады, ұстаздық пен қоғамдық жұмыстарда жүріп, ол зерттеу жұмыстарын тоқтатпаған. Ахмет Байтұрсыновтың еңбектері «Оқу құрал» (1912) «Әдебиет танытқыш» (1926) «Әліпби» (1924) «Тіл құрал» (1914) «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», Мысалы: Кеңесбаев – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектердің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі Кеңесбаевтың есімімен байланысты.Әйткенменде,айталық ол кісінің зерттеуі 19 ғасырдың ар жақ,бер жағы. Мысалы, XIX ғасырда кейбір ғалымдар тілді жаратылыс құбылыстарының қатарына жатқызды да, осыған орай, тілді зерттейтін тіл білімін де жаратылыс тану ғылымындарының қатарына қосты. Қазақ тілін зерттеудегі еңбектердің ішінде академик А. Н. Кононовтың еңбегі ерекше. Аталған еңбек түркі тілдерін зерттеу тарихына арналған құнды дүние. Ғалым еңбегінде түрколог-ғалымдардың әрқайсысына арнайы тоқталып, еңбектерінің маңыздылығын атап кетеді. Түркітанушыларға жеке-жеке сипаттама беріп, ғалымдардың еңбектерінің бағыт-бағдарының дұрыс, бұрыстығына баға береді.

І. Кеңесбаев «Основные вехи изучения языка казахского народа» атты мақаласында қазақ тілінің төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі жалпы мәселелерін сөз етеді. Ол өз еңбегінде төңкеріске дейін шамамен 250 еңбектің, оның ішінде қазақ тілінде 60, орыс тілінде 190 екі тілді сөздіктер, мақалалар, оқу құралдары шыққанын айтады. Қазақ тілін зерттеудің ғылыми өзектілігін атап

көрсетеді. Төңкеріске дейінгі қазақ тілін зерттеудің үш кезеңіне тоқталады:

• Классификациялық жүйелеу тұрғысынан қазақ тілінің фонетика-морфологиялық ерекшеліктері анықталып, түркі тілінің бір тармағы ретінде орны белгіленді;

• Қазақ тілінің фонетика-грамматикалық нормалары қысқаша түрде жазылып, екі тілді жеке сөздіктер құрастырылды;

• Бай ауыз әдебиеті үлгілері туралы шамалы болса да мақалалар жарық көрді.

• Академик-ғалым Р. Г. Сыздықова қазақ тілінің лексикографиясына арнайы тоқталып, осы кезеңдегі шыққан сөздіктердің кемшіліктері мен жетістіктерін тереңдей зерттеді. Ғалым қазақ тілін зерттеген түркітанушылардың біраз еңбектеріне тоқталып, І. Кеңесбаевтың пікірлеріне қосыла келе:

• қазақ тіл білімінің іргетасы қаланды;

• тұңғыш рет қазақ тілі туралы лингвистикалық ілім пайда болды;

• грамматика мен фонетика курсы құрылды;

• алғаш рет көп мөлшерде ана тіліндегі лингвистикалық терминдер енгізілді;

• қазақ жазуы, орфографиясы мен пунктуациясы мәселелері күн тәртібіне қойылып, шешімін тапты деген тұжырымға келеді. Басқа мақалаларында [21] қазақ тілін зерттеген орыс ғалымдары мен қазақ лексикасындағы терминдердің қалыптасуы және грамматика мәселесі жөнінде сөз етеді.

С. Аманжолов «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» [22] атты кітабында қазақ тілінің осы кезеңдегі зерттелу тарихына тоқталып өтеді. Ғалымның зерттеу нысаны диалектілер болғандықтан, басқа ғалымдардың еңбектерінде осы мәселе төңірегінде сөз етіледі. Арасында В. В. Радловтың, Н. И. Ильминскийдің, В. В. Катаринскийдің, М. А. Терентьевтің, П. М. Мелиоранскийдің еңбектеріне баға беріп, еңбектеріндегі диалектілерді талдайды. Дәлелдері орынды, ойларын нақты мысалдармен береді. Бұлардан басқа Х. К. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегі, Ш. Ш. Сарыбаевтың «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты т.б. ғалымдар еңбегінен құнды-құнды материалдармен танысуға болады.

Б. Әбілқасымовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі», «Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер» деген еңбегінде 1825 жылдан бастап жарық көрген қазақ тілі жайлы алғашқы мақаладан бастап, төңкерістен кейінгі еңбектер де арнайы қамтылады.

Түркітанушы ғалым Н. А. Баскаковтың үш еңбегі де тіл білімінің даму бағыты мен оның жеке мәселелері жөніндегі ғылыми құнды дүниелер қатарына жатады.

М. Томановтың «Тіл тарихы туралы зерттеулер» атты еңбегінде де қазақ тілін тұңғыш зерттеушілер туралы айтылады Неміс лингвисі Август Шлейхер дәл осындай пікірде болып, тілді тірі организм сияқты құбылыс деп есептеді.Оның пікірінше, тіл де тірі организмше туады, өседі, қартайып тозады, өледі. Август Шлейхер тілді биологиялық құбылыстардың қатарына жатқыза келіп, оны (тілді) зерттейтін тіл білімін де жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосты. Алайда, Август Шлейхердің бұл тұжырымы мүлдем қате. Бұлай дейтініміз: тіл мен тірі организмнің арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Тірі организмнің өлуі биологиялық тұрғыдан болмай қойылмайтын шарасыздық. Ал тіл қандай бір тірі организмнен болсын анағұрлым ұзақ өмір сүреді. Тіл өз дамуының ішкі заңдары бойынша дамып отырады, бірақ оның тірі организм сияқты өлуі шарт емес. Тірі организм биологиялық құбылыстардың қатарына жатса, тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады. Демек, Август Шлейхердің тілді тірі организм деп, табиғат құбылыстарының қатарына жатқызуы қаншалықты қате болса, тіл білімін қоғамдық ғылымдардың емес, жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосуы соншалықты қате. Тіл – қоғамдық құбылыс, сондықтан оны зерттейтін ғылым – тіл білімі де қоғамдық ғылымдардың қатарынан орын алады. Әлемдік зерттеулерге қарасақ; Тіл білімі өз кезегінде көрмеуін әлі күнге таппаған өзекті мәселе. Бір ғалымдар Философияға негіздесе,енді бір ғалымдар жаратылыстануға негіздемек болды. Неше қайнаса Тіл білімінің аталған салалармен сабақтаспайды да, салаласпайды да. 20 ғасырға дейін, тіл білімі нақты зерттелмеді. Қазіргі заманда бір жағынан, ғылымның бұрын болмаған жаңа салалары жасалып, ғылымда диференциация процесі жүріп жатса, екінші жағынан, екі немесе бірнеше ғылымның өз ара түйіскен жерінен сол ғылымдардың бәріне ортақ, бәріне бірдге дейін жетіп,әр кезеңде өз бағасын алып отырды. Қазақтың заңғар жазушы, Мұхтар Мағауин: «Тіл-тіршіліктің көкейтесті мәселесі», дейді. Иә, рас біздің өміріміздің бастауыда, – тіл шыға басталмай ма? «Анау не?», «мынау не?», деп. Десек те; Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, 19 ғасырға дейін тіл-білімі философияның бір саласы ретінде қарастырылып келген. Бірақ, Халел Досмұхамедовтың зерттеуіне сүйенсек,тіл білімі өз алдына жеке бір сала. Халел Досмұхамедов : «Қазақ тіл білімі дербес ғылым

ретінде Ұлы Қазан революциясынан бергі дәуірде қалыптасты. Қазақ тіл білімі қазақ тілінің жүйесін, құрылымын, ерекшелігін, барлық байлығын зерттейді, қазақ тілінің қарым-қатынас, пікір алысу, өзара түсінісу, ойды жеткізу құралы ретіндегі қызметін (функциясын), басқа тілдермен қатынасын, баю, толығу, даму жолдарын т.б. тексереді». дейді. Бұл зерттеу; Қазақ тіл білімінің негізі, тек 19 ғасырда ғана қалыптасқанынан хабардар етеді. Бірақ, Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, зерттеулеріне келгенде,әр ғалым өз алдына жорамал жасайды. Мәселен, 19 ғ. соңы мен 20 ғ. басында тіл туралы ғылым 19 ғ.-да туды деген көзқарас басым болды, соның нәтижесінде тіл білімінің тууы салыстырмалы-тарихи тіл білімімен байланыстырылды да, 19 ғ.-ға дейінгі тіл білімі туралы ғылым, атап айтқанда, универсал грамматикалар, жалпы логикалық бағыт жоққа шығарылды. 20 ғ. 60 жж. дейінгі зерттеулерде 19 ғ.-ға дейінгі тіл туралы ғылым үстірт қаралды да, одан кейінгі кезең егжей-тегжейлі баяндалды. Мысалы: Кеңесбаев – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектердің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі Кеңесбаевтың есімімен байланысты. Әйткенменде, айталық ол кісінің зерттеуі 19 ғасырдың ар жақ, бер жағы. Мысалы, XIX ғасырда кейбір ғалымдар тілді жаратылыс құбылыстарының қатарына жатқызды да, осыған орай, тілді зерттейтін тіл білімін де жаратылыс тану ғылымындарының қатарына қосты. Неміс лингвисі Август Шлейхер дәл осындай пікірде болып, тілді тірі организм сияқты құбылыс деп есептеді. Оның пікірінше, тілде тірі организмше туады, өседі, қартайып тозады, өледі. Август Шлейхер тілді биологиялық құбылыстардың қатарына жатқыза келіп, оны (тілді) зерттейтін тіл білімін де жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосты. Алайда, Август Шлейхердің бұл тұжырымы мүлдем қате. Бұлай дейтініміз: тіл мен тірі организмнің арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Тірі организмнің өлуі биологиялық тұрғыдан болмай қойылмайтын шарасыздық. Ал тіл қандай бір тірі организмнен болсын анағұрлым ұзақ өмір сүреді. Тіл өз дамуының ішкі заңдары бойынша дамып отырады, бірақ оның тірі организм сияқты өлуі шарт емес. Тірі организм биологиялық құбылыстардың қатарына жатса, тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады. Демек, Август Шлейхердің тілді тірі организм деп, табиғат құбылыстарының қатарына жатқызуы қаншалықты қате болса, тіл білімін қоғамдық

ғылымдардың емес, жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосуы соншалықты қате. Тіл – қоғамдық құбылыс, сондықтан оны зерттейтін ғылым – тіл білімі де қоғамдық ғылымдардың қатарынан орын алады. Әлемдік зерттеулерге қарасақ; Тіл білімі өз кезегінде көрмеуін әлі күнге таппаған өзекті мәселе. Бір ғалымдар Философияға негіздесе,енді бір ғалымдар жаратылыстануға негіздемек болды. Неше қайнасада Тіл білімінің аталған салалармен сабақтаспайды да, салаласпайды да. 20 ғасырға дейін,тіл білімі нақты зерттелмеді. Қазіргі заманда бір жағынан, ғылымның бұрын болмаған жаңа салалары жасалып, ғылымда диференциация процесі жүріп жатса, екінші жағынан, екі немесе бірнеше ғылымның өз ара түйіскен жерінен сол ғылымдардың бәріне ортақ, бәріне бірдей қатысты проблемаларды бірлесе зерттейтін дербес ғылыми дисциплиналар жасалып, ғылымда интеграция процесі жүріп жатыр. Сондай-ақ, тіл білімі археологиямен де, этнографиямен де байланыста болады. Бұл байланыс мынадан: тіл талай заманның жемісі, қазіргі тілдің элементтері өте ерте заманда жасалған. Ал археология болса, ол халықтардың ежелгі көне мәдениетін зертейді, этнография халықтардың ерте кездегі тұрмысы мен әдет ғұрпын зерттейді.

Қорыта айтқанда: Толық мағынасындағы ғылым ретінде тіл білімінің өзі тілдерді тарихи және салыстыру тұрғысынан зерттеудің негізінде, дәлірек айтқанда, тілдерді зерттеуде салыстырмалы-тарихи методты қолданудың нәтижесінде, салыстырмалы-тарихи грамматиканың негізінде XIX ғасырдың басында жасалды. Бұған дейін де, әрине, тіл білімі болған. Бірақ XIX ғасырға дейінгі тіл білімінде тілдің және ондағы сан алуан құбылыстардың шығуы, дамуы және олардың себептері айқындалмай, тек сипаттама берумен шектеліп келді. Бір сөзбен айтқанда, XIX ғасырға дейінгі тіл білімі тілдегі құбылыстарды ғылыми талдау тұрғысынан түсіндіру дәрежесіне көтеріле алмай, оларға сипаттама берумен ғана шектелді

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ысқақов А. «Қазіргі қазақтілі.» Ақанов К. «Граматика теориясының негіздері». Алматы Исаева С. «Қазіргі қазақ тілі» Оразов М. «Көмекші сөздер» I кітап Оразов М. «Көмекші сөздер» II кітап.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

ПАЗЫЛОВА М.
студент, фил(қ)-201 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Биылғы жылы Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», атты мақаласы жарияланды. Мақалада Елбасы: «Туған жер» бағдарламасын ұсынамын... Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімі ел есінда сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біуі тиіс», – деген еді.

Ал заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Өз халқыңның өткенін, оған қоса бүкіл адамзат тарихын зерттеп білмеген кісінің келелі биікке көтерілуі мүмкін бе? Өйткені өткенді білмей, бүгінге баға бере алмайсың», – деуі де орынды.

Және де биылғы жыл біз үшін ақынның 125-жылдық мерейтойымен де ерекше екенін еске салғым келеді. Иә, біртуар перзенттерін ұлықтаған рухани жаңғыру жерлес ақынның мерейтойымен үзеңгілес келді.

Қазіргі бетбұрыс кезінде әдебиет пен өнер аясында осы күнге дейін белгісіз болып келген қаншама жұлдыздар жарқырай түсті! Қандай асыл жандарды жасырған біздерден. Таңқалған жас ұрпақтың көз алдында қазақ жерінде өніп-өскен бәйтерек пен арыстар айқын болды.

Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, М. Жүсіп Көпейұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан, Жүсіпбек мұралары – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзіне айналды. Жарты ғасыр араға салып оралған асылдарымыздың мұралары сабақтастырыла, салыстыра зерттелгенде ғана іс нәтиже бермек. Кезінде Сұлтанмахмұт осы асылдардың біразының есімін атап, ғылыми мақалаларында шығармаларын талдауды мақсат еткен болатын.

Егер Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының өткен заманындағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқар шыңы болса, бұл қайталанбас тұлғаларды қаламымен қайта тірілткен Сұлтанмахмұт жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды.

Сұлтанмахмұт шығармаларында өзі бастан кешіріп отырған сол заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы

мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланады.

Ақын шеберлігін таныту мақсатында тақырыпты жан-жақты зерттеп, тану арқылы оларды шешу жолдарын қарастырдым.

Сұлтанмахмұт мұрасын сөз етерде ғұмыры қанша қысқа болса, сонша өндіре еңбек жазған жан. Жанрларға топтап жинақтасақ, 107 өлең, 3 поэма, 2 роман, 7 әңгіме, очерк, бірнеше мақаласын жарыққа шығарған.

Сол құнды қазына біздің заманымызға ұлттық тілдің барлық ерекшеліктерін бойына сақтай отырып жетті. Оған мына деректер дәлел: «Халықтың жалпы аузында насихатталатын сөз – шешендер мен әділ билердің төрелігі, тапқырлық, оқу-білім іздеу, ел ішіндегі жомарт, ақыл иелері көп сөйленетін жерде Сұлтанмахмұттың құлағы жүрді. Өзі болмаса да біреуден біреудің естігенін, айтқанын, арғысы – Бұхар, бергісі – Абайдан кейін Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрім сияқты алып тұлғалардың, ақмылтық, дуалы ауыз жандардың сөзін бағатын...» – деп жазады ұлағатты ұстаз, мәшһүртанушы Зекебай Солтанбайұлы [1].

Айтайық дегеніміз, 9–10 жастан өлең жазған ақынның оны өзіне серік етуі «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» өлеңінен басталады. Осы өлеңімен ақындық аталатын қасиетті әлемге тайынбай қадам басқан бала ақынның көркемдік кестесінде терең мағыналы сөздер мол. Әсіресе ақын өз шығармаларында халық тілін молынан пайдаланған. Оның шығармалары қазақтың таза әдеби тілінде жазылған екен.

Сұлтанмахмұттың қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі, өзгелік тағлымы бар ақын екенін ұмытпауымыз керек.

Халық мақал-мәтелдеріндегі терең философиялық ойлар, поэзиядағы образдылық пен мөлдірлік жас ақын Сұлтанмахмұтқа айрықша әсер еткендігін байқаймыз.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында барлығы жетпіс шақты қазақтың мақал-мәтелін қолданған. Ақын шығармаларындағы мақал- мәтелдерді үш топқа бөлуге болады:

1) Қазақтың мақал, мәтелдері мен шешен, кесек сөздері;

2) Абайдың мәтелдері мен мақал сөз болып кеткен өлеңдері;

3) Орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер [2].

Оған дәлел мына мысалдар:

Мақалдап сөйлеу:

Берген перде бұзады

Көш жүре түзелер

Әркімнің өз аузына қолы жуық

Бәрекелді құлды өлтірер

Жазмыштан озмыш болмас

Жақсыдан жаман туса, емі болмас, жаманнан жақсы туса, теңі болмас

Суға кеткен тал қармайды

Соқыр тауыққа бәрі бидай

Қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні апа дейді

Халық айтса хате айтпайды

Тас түскен жеріне ауыр.

Қазақ мақалдары:

Заманың түлкі болса, тазы боп шал.

Қылышты соғып байқа өз санына

Өз саның ауырмаса, біреуге сал.

Аспен ат, біреу таспен атса сені.

Мың сіз, бізден бір шыж-быж артық.

Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен көрмессің дәнеңені.

Торғай артық жердегі- қолыңдағы.

Ұшып жүрген тырнадан әуедегі.

Талаптан, нұр жауады талапты ерге [3].

Бұл мысалдардан байқағанымыз, халық мақал-мәтелдеріндегі терең философиялық ойлар, поэзиядағы образдылық пен мөлдірлік жас ақын Сұлтанмахмұтқа айрықша әсер еткендігі дау туғызбаса керек. Ақын ауыз әдебиеті үлгілерін жоғары бағалап, қастерлеп, құрмет тұтқан. «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа», немесе «Даламның ақындарын айтам сізге, үлгіге сөз патшасын сонан ізде» дегенде халық әдеби тілімен жете таныс екендігін байқатады [4].

Ақын шығармаларында кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, психологиясын беруге: «Берген перде бұзады», «Көш жүре түзелер», «Әркімнің өз аузына қолы жуық», «Бәрекелді құлды өлтірер», «Жазмыштан озмыш болмас», ал мына мақалдарды кейіпкер мінезін сипаттауға: «Жақсыдан жаман туса, емі болмас, жаманнан жақсы туса, теңі болмас», «Суға кеткен тал қармайды», «Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні апа дейді» деген сөз маржаны болып саналатын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қажетті жерінде пайдаланған.

1. Қыстайғы мал тезегі, қора сасық,

Қалпында тазартылмай қалды сасып.

Ілдебаймен «көш жүре түзелер» деп,

Қорадан көшті қазақ жабырласып («Кешу»)

2. Нас басқанды бит басқан,
Міне сұлу жұрт асқан («Сымбатты сұлуға»).
3. «Халық айтса хате айтпайды» деген сөзбен,
Танысқалы жазамын, естіп жұрттан («...ға»).
4. «Қыздың басы бес байтал» деген рас,
Сорлы қыз, әке сатса, малша көнбек («Жарқынбай»)
5. Тас түскен жеріне ауыр... («Жарқынбай»).

Кейде Сұлтанмахмұт өлеңінің ұзын шумағы тұтас тек қазақ мақалдарынан тұрады:

І.Заманың түлкі болса, тазы боп шал,
2. Қылышты соғып байқа өз саныңа,
Өз саның ауырмаса, біреуге сал.
3. Аспен ат, біреу таспен атса сені.
4. Мың сіз, бізден бір шыж-быж артық дейді.
5. Өз етігің тар болса,
дүниенің кеңдігінен көрмессің дәнеңені,
6. Торғай артық жердегі- қолыңдағы.
Ұшып жүрген тырнадан әуедегі.
7. Отқа жақ, алтын ерің атқа тисе.
8. Еңбек қыл да міндет қыл-деген еді.
9. Талаптан, нұр жауады талапты ерге.
10.Көрпеңе шақта, аяқты соза берме.
11.Басқа тұрсын, астыңдағы атыңмен.

Түйедейді көрмейді, түймедейді көреді деген мақалды:

Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,
Біреудің түймедейін іздеп табар - деп келтірген («Жарқынбай») [5].

Сұлтанмахмұт қазақтың мақал-мәтелдерін, пайдаланып қоймай, солардың негізінде өзі жаңа үлгі жасайды:

1. Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда («Ендігі беталыс»).
2. Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен.
«Тағдыр қылды» деулерді,
Шығарамын сөзіммен («Жақсылық көрсем...»).
3. Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп («Бір адамға»).
4. Дүние бәрі у екен,
Мені алдаған қу екен («Лағнат бұлты шартылдап»),
5. Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп,
Жасаймын бір қолқабыс
Кейінгіге берем деп («Here жасаймын?»).

Бұл мысалдардан түйген ойымыз: ақын тілі – халық тіліне бай тіл екен, ал тілдің шебері – ақындықтың асқар шыңы. Менің ойымша, Сұлтанмахмұт өзінің шебер ақын екенін танытты. Сұлтанмахмұт шебер ақын дегенде, біз оның қолданған осындай көркемдік тәсілдеріне қарап айтамыз.

Қорыта келе айтарымыз, ақын шығармаларында мақал-мәтелдерге жататын сөздер тобы өте көп. Мен оның біразына ғана тоқталдым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 З. Солтанбайұлы. Жалынды демократ. Павлодар, 2011. 93–95 беттер.

2 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұтты зерттеу, тану мәселелері. «Жұлдыз», 1993.

3 С.Торайғыров. Үш томдық шығармалар жинағы. 2005 жыл. Алматы «Алаш».

4 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұтты зерттеу, тану мәселелері. «Жұлдыз», 1993.

5 С. Торайғыров. Поэмалар мен өлеңдер. Алматы «Атамұра» 2002 жыл.

«ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЮ» ҚАҒИДАСЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ҰСТАНЫМЫ МА?

САЛИБЕКОВА А. А., КАБУЛОВА С. Ж.
окытушы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
№ 17 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Кай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрағат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Бала тәрбиесіне, терең мән беріп оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Оның тәрбие – тәсілімдері мен тәжірибелері өте көп Қазақ халқы - әдет, әдеп – ғұрпына өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Нағашыбай Шайкенов: « Ұлт дәстүрі – заңнан биік», – деген. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдың ғасырға ұлт қасиетін салт – дәстүрін, өнегені әдеп – ғұрыппен, үлгіні жөн – жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты

қыз өсірген. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайрымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер осы жол арқылы дарыған.

Халқымыздың өзіне тән салт – дәстүрлерінің өмірдегі қолданылмалы көріністеріне айналған ырым мен тыйым сөздердің алатын орны ерекше. Ырым мен тыйым сөздерді ұлтымыздың қоршаған ортаға, табиғатқа және адамдардың ара – қатынасына берген философиялық тұжрымы, түйіндеген қағидаларыҚазақ халқы ұл – қыздарының бойындағы кейбір оғаш қылықтарын бетіне басып, жүгенсіздікті тыйымдармен тәртіпке салып отырған, яғни тәрбиенің бұл құралы мінез – құлық ережесі түрінде қалыптастыруға тырысқан. Жас ұрпақ бойына тек адамгершілік ұрығын, қайырымдылықты, адалдық пен әділдікті, ізеттілікті, имандылық пен инабаттылықты егіп, игі әдеттерді сіңіруге, тәрбиелеуге ұмтылған. Басқаша айтқанда, ырым мен тыйым сөздер тұрмыста заң іспеттес іске асып отырған.

«Қызға қырық үйден тыйым» деп қазақ салт-дәстүрінде тәрбиелік ұғым, ұстанымды атайды. «Қызға қырық үйден тыйым салу» мәтелінің мағынасы неде? Осы орайда Уикипедия ашық энциклопедиясы мынадай анықтама беріпті: «Қызға қырық үйден тыйым» деп қазақ салт-дәстүрінде тәрбиелік ұғым, ұстанымды атайды.

«Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», «Шешесі отырып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» демекші, ата-бабаларымыз қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке баулып отырған. Әрбір ата-ана перзентінің жақсы, әдепті болуын тілейді. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды.

Қыздарымыздың ибалы һәм иманды, тәрбиелі болуына пайдасы тиер деген оймен ес біліп, етек жиған әрбір қыз қырық істен тыйылу керек деп қараған. Иә, кейбір отбасында бұл тәрбие өз мәнін жоғалтқан. Қазіргі қыздардың бойынан қазақ ұлтына жат қылықтар көптеп кездеседі. Мысалға айтатын болсақ: темекі тарту, жеңіл жүрістері, көпшілік ортада өзін-өзі ұстау этикасын білмеу, бейбас сөздер айтуы және де олардың ашық киім киуі. Міне, осындай жан түршігерлік қылықтардың біздің қазақтың қыздарының бойынан табылуы өте өкінішті-ақ. Бұған біреулер заманды кінәлі қылса, енді біреулері бар кінә адамның өзінде жатқанын айтады. Жастайынан ата-анасының айтқанымен жүріп, әр қадамын аңдап басқан бойжеткеннің болашақта байыппен амал қылып, бұрыс жолға түспесі анық. Дегенмен, қоғамымыздағы бұл дерттердің түбірі тәрбиесіздіктен шығып жатқанын ескеруіміз

қажет.Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы- құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу – қазіргі отбасындағы үлкен міндет. Сонымен қазақ отбасында тәрбиенің негізі – ұлттық салт-дәстүрлер.

Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт-дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Қызды қырық үйден тыю ұстанымының мәні

1. Жарыса сөйлеуге
2. Жалғыз қыдыруға
3. Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге
4. Орынсыз ұрынуға
5. Басқаларға қол тигізуге
6. Өтірік, өсекке
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа
8. Кісіге қарай керіліп есінеуге
9. Талтайып отыруға
10. Шалқайып жатуға
11. Тамақты обырлана асауға
12. Ұрлық-қарлыққа
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге
14. Бұраңдап қылымсуға
15. Қызыл іңірде жатуға
16. Түске дейін ұйықтауға
17. Кісі алдында киім ауыстыруға
18. Салт-дәстүрден аттауға
19. Елді ғайбаттауға
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға
21. Ішімдік пен шегімдікке
22. Ұрыс-керіске
23. Беттен алып, бет жыртысуға
24. Қараулыққа, ысырапқа
25. Рахымсыздық пен қатыгездікке
26. Түнде суға жалғыз баруға
27. Жат жыныстылармен араласып жатуға
28. Күйеуге қашып тиюге
29. Әдепсіз сөзге

30. Тарс-түрс етуге
31. Адам мен жануарларды тебуге
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге
33. Тәкәппарлық пен сыйқымазақ жасауға
34. Айғай сүреңге
35. Шектен тыс сыланып жасануға
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке
37. Менмендік пен өзімшілдікке
38. Алдап-арбауға
39. Көрсеқызарлыққа
40. Нәпсі құмарлыққа тыйым

Қызды қырық үйден тию ұстанымының қыз бала тәрбиесіндегі алатын орны халқымыз «қыз – қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Ата-бабаларымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қанша ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек ата-анасы жауапты емес, бүкіл ел, қоғам жауапты болып отыр. Себебі, қазіргі уақытта бұл жағдай қоғамдық мәселеге айналып тұр.

Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолына түспеуге нақышталған тәрбиелеу ұғымы. Қазақ қыздарын бала күнінен еркелетіп, бетін қақпай өсірген. Бұл қыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлгендігін аңғартады. Сондықтан да, тәрбиелі, инабатты, намысты, ибалы арулар қазақ отбасында тәрбиеленіп шығады. Жастықтың өзі – сұлулықтың, нәзіктіктің белгісі. Қыз балалардың көрікті болып өсуіне ертеде аналары ерекше көңіл бөлген. Халқымыз қыздың көркіне ақыл-ойы, мінезі сай болуын қалаған. «Қыз – қылығымен сүйкімд», «Қызым үйде, қылығы түзде» деп, қыз тәрбиесінің ерекшелігіне аса жоғары мән берген.

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдемілiктің, инабаттылықтың,сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға көптеген кереметсуреттемелер берген. Сондай-ақ, қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен

Қазіргі заманда қазақ қыздары «әлемді жайлаған сәнге еліктеп, киім киісіне қызығып, оларға ұқсауға тырысады. Үлкендермен саудаласып, «үлкенге құрмет, кішіге ізет» дегенді ұмытып, сыйлаудан қалып барады. Еуропа елдеріне еліктейміз деп қазақ қызы деген ұғымды ұмытты. Бүгінгі жастар «заман осындай» деген желеумен батыстық менталитетке ден қойған. Қыздарымыз бұрымын қырқып, тіпті, шашын сыпырып сәнденсе, жігіттеріміз керісінше, шаш өсіруді жөн көреді. Тіпті, шашы бар аруларымыздың өзі оны сан түске бояп әуре. Бұл – бір. Екіншіден, етек-жеңі қысқарып, кеудесі жартылай жалаңаш киім киіп жүргендер де өзіміздің қаракөздеріміз.

Қоғамдық орындарда, мысалы мектепте орта буын, үлкен сынып оқушылары өзін-өзі ұстаудан, этикаға сай киінуден, шашын жинап жүруден, мәдениетті сөйлеуден қалып барады. Қысылу, қымтылу, ұялу дегенді мүлдем жоғалтқан сияқты. Киіну міне осылай дегендей түрлі шеттен келіп жатқан ит талағандай жұлым-жұлым киімдерді үстілеріне іліп алып жүр. Осыдан кейін түрлі ауыруға шалдығып айықпас дертке ұшырап жатқаны қаншама.

Қорытынды

Нәтижиесінде «Қызға қырық үйден тыю» қағидасы қазіргі заман талабына сай ұстанымы ма? деген сұраққа не иә, не жоқ деген нақты жауап таба алмадым. Алайда, бұл ұстаным қолданыстан шығып бара жатқанын нақты айта аламын. Жалпы заманына қарай адамы, адамына қарай заманы дегендей бұл ұстанымның ескі кезеңде жасалғандықтан уақытқа сай келебермейтін жақтары бар екендігі хақ, алайда уақытпен шыңдалып, тәжібрбиемен сыналған, басқаша айтқанда талай қазақтың ибалы да инабатты қыздарын тәрбиелеуде үлкен орын алған қағида екені тағы рас. Сондықтан бұл ұстанымды заман талабына сай етіп өзгерткен дұрыс болар еді деген тұжырымға келдім.

Ал, қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, кітаптар мен кинолар, жан-жақты әсер етіп, оны тәрбиелеуде. Бұл тәрбиенің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да толып жатыр. Ата-аналары күн ұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады. Сондықтан қыздарымыз өзімен-өзі қалып бара жатқан жайы бар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне жоғары мән бергендіктен XXI ғасыр қызы тәрбиелі, инабатты әрі заманауи болуы үшін салт- дәстүр мен қазіргі уақыт өзгерісін ұштастырған дұрыс. «Қырық үйден тыйым салу» дегеніміз - бұл тек тәрбиелік мәні жоғары шектеулер жыйынтығы ғана емес, сонымен қатар бұл салт-дәстүр қағидалары, тәртіп пен тәрбиенің

жоғары сұраныстары. Бұл ұстанымның негізі ана мен әкенің мейірімі мен алақаны арқылы тәрбиенің негізін қалау. Қыздарымыздың көз жасы көл, ар – намысы жер болмасын десек, ата-анамыз көрсеткен тура жолды қыздарымызға да нұсқап көрсете білсек дұрыс болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», Қалиев С., Оразаев М., Смайылов М. Алматы «Рауан» 1994.

2 Уикипедия әнциклопедиясы.

3 Интернет желісі.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФАНТАСТИКА ЖАНРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

ТЕМІРБОЛАТ А. А.
студент, ҚТмӘ-301 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖУМАНБАЕВА Р. О.
аға оқытушы, «Қазақ филологиясы» кафедрасы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Фантастика (көне грек тілінде – көзге елестету өнері) – әдебиеттің өмір шындығын әсірелеп бейнелейтін жанр түрі» [1, 248 б.]. Қазіргі кезде фантастика жанрын екі түрге бөлуге болады. Олар: ғылыми фантасика және фэнтези немесе мистикалық фантастика.

Ғылыми фантастика – адамзаттың ғылым және техника салаларындағы жетістіктерін қиялмен ұштастырушы, өрбітуші жанр түрі. Қазіргі қазақ әдебиетінде ғылыми фантастика дербес жанр ретінде XX ғасырдың 70–80 жылдары қазақ жазушыларының шығармалары арқылы қалыптасты.

Фантастиканың кейбір элементерін біз ертегілерден көре аламыз. Ол ертегілер қиял-ғажайыпқа толы. Мысалы: «Ер Төстік», «Қаңбақ шал», т.б. Мысалы, «Қаңбақ шал» ертегісінде фантастиканың кейбір элементтері анық байқалады. Ертегіде қазақ халқын тек жер әлемі ғана емес, ауа кеңістігі мен ғарыш та қызықтырғанын байқауға болады. Себебі адам ерте заманнан ұшуға қызығушылық танытқан. Соның арқасында ұшақтар мен тікұшақтар, аэропландар ойлап табылды. Бұл тек қазақ әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетінде де солай. Мысалы, Алладиннің ұшатын кілемін алайық. Кез келген әлем елінің ертегісін алып қарасақ, барлығында дерлік бұл идеяға қатысты мысалдар табылады. Ежелгі

Грек, Мысыр, елінің мифологияларында да фантастиканың өрбуіне жол берілген. Күн құдайы Раның ұшатын кемесі осыған дәлелбола алады. Жалпы фантастика – ең көне жанр түрі. Ол тіпті біздің заманымызға дейін азылған шығармаларда да көрініс тапқан.

Мистикалық фантастика немесе фэнтези (ағыл. Fantasy – «фантастика») – мифологиялық және ертегілік мотивтерді пайдалануға негізделген фантастикалық әдебиеттің түрі. Заманалық әдебиет түрі ретінде XXғасырда өмірге келді. Қазіргі фэнтези жанрының іргетасын қалаған – Джон Рональд Руэл Толкин. Ғылыми фантастикаға қарағанда фэнтези іс-әрекет орын алып отырған әлемді ғылыми тұрғыдан қарауды ұсынады. Қазақ жазушыларының арасында бұл жанрда жазылған шығармаларға Т. Рыымжановатың кейбір ертегі-хикаяттарын жатқызуға болады.

Қазақ әдебиетәндегі фантастика жанрының негізгі XX ғасырдың екінші жартысында қалана бастады. «1957 жылы алғаш қазақ фантаст-жазушысы – Ақжан Машанидің «Жер астына саяхат» атты ғылыми – фантастика жанрында жазылған кітабы жарық көрді» [2, 312]. Шығармада жер астындағы тіршілік пен адам көзінен таса қалатын, шытырман оқиғаларға толы өмір көрсеткен. Бұл кітап басқа жазушылардың осы жанрда әңгіме, повесть, роман жазуының алғашқы сатысы болды. Сол замандағы ғылыми жетістіктер мен жаңалықтарға байланысты шығармалар жазыла бастады. 1960–1970 жылдар аралығында ададардың ғарышты бағындыруы фантастиканың жаңа сатыға көтерілуіне, әрі дамуына үлкен септігін тигізді. Оны Шәмшідин Әбдіраман, Шоқан Әлімбаев, Раушанбек Бектібаев, Талап Сұлтанбеков, Медеу Сәрсеке, Төлеш Сүлейменовтердің туындыларынан көре аламыз. Әр жазушы өмір сүріп жатқан заманының өзекті мәселесін өз шығармаларында көрсетуге тырысады.Бұл орайда фантастар да қалыс қалмады. Бірі өзін толғандырған мәселеердің шешу жолын іздесе, бірі адамзатқа қатысты идеяларды алға тартты, ал басқа біреулері шытырман оқиғаларды, аңыздарды, құдайларды және тағы да басқа қиялдан туған кейіпкерлерді кітаптарының негізі етті. Осыған қарап біз фантастиканың ғылымнан ажырай бастағанын көреміз. Себебі, ғылыми фантастикамен шұғылданған адамдардың көбісі ғылымға тікелей қатысы бар болып шықты. Алғашқы фантастикалық кітаптың авторы – Ақжан Машанинді алайық. Ол – геолог, геология ғылымдарының докторы. Осыған қарай, ғылыми фантастика жанрындағы шығармаларды жазу үшін тек жазушылық қабілеттен бөлек, ғылымнан да хабардар болуы керек екеніне көзіміз жетеді.

Фэнтезиге бетбұрыс 1960 жылдардан кейінгі кезеңде басталды. Қос жанр қатар дамыды десек, қателеспейміз. Себебі, осы екі жанрда жазылған шығармаларды алсақ, олардың жарық көрген жылдары бір аралықты қамтитынын көреміз. «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының негізін қалаушылар – М. Дүйсенов, Б. Соқпақбаев, Р. Тоқтаров, Т. Рымжанов т.б Фэнтези жанры ғылыми фантастикадан түсініктірек, халыққа жақынырақ болды.» [3, 112 б.]. Қазақ халқы жоғарғы күштің барына сенуге бейім халық. Оқырман оқиғаның мәселенің туу төркінін ғылымға емес, мистикаға жатқызу оңайырақ көрінеді.

Жалпы фантастика жанрының даму тарихына оралатын болсақ, көптеген кітаптардың жазылғанын көреміз. Олар: М. Сәрсекеевтің «Ғажайып сәуле» (1959), «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), Т. Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын» (1964) «Лұхман Хакім», Т. Шахановтың «көгілдір мұнаралар», Т. Сүлейменовтің «Жұлдыз адамы», «Әл-Фараби көпірі», Р. Бектібаевтың «Ионосферадағы алаң» атты жинақтарында болашақ өзгерістер туралы болжамдар бейнелейді.

1950–1990 жылдар аралығында жарық көрген фантастика жанрындағы кітаптар баршылық. Бірақ бұл кітаптар неге шетел фантастикасы секілді сұранысқа ие емес деген сұрақ пайда болады. Себебі, әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі фантастикалық кітаптарды салыстыратын болсақ, бізде кітаптар едеуір аз екенін байқаймыз. Бірақ олар саусақпен санарлық. Олардың бірі – Жүніс Сахиев. Қазақстандағы фантаст – жазушылардың көрмесінде аталмыш автордың ғана кітабы қазақ тілінде басылып шыққан. Бұл туралы автор: «Таралым аз, қолдау жоқ туындыларымыздың оқырманға жетпейтіні де содан», – дейді. Кітаптар бар, оны оқитын оқырман жоқ.

Біріншіден, фантастика – ауыр жанр. Бұл бағытта жұмыс істеу өте қиын. Сондықтан да бұл жанрда жазатын жазушылар аздығы осыдан. Автор тек жазушы емес, ғылымнан, мифологиядан, аңыз кейіпкерлерінен хабардар болуы тиіс. Екіншіден, қазіргі қазақ оқырмандарының арасында фантастика жанрында кітап оқитын азаматтар болғанымен, ол кітаптардың барлығы дерлік шетел авторларының туындылары.Бір сөзбен айтқанда сұраныс жоқ. Үшіншіден, қазақ халқы ертеден-ақ лирикаға толы шығармаларды сүйіп оқитын.

Қорытындылай айтқанда,қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының мәселесіне тоқталсам, бізде фантастика бар, бірақ оны оқитын аудитория жоқ. Яғни, қазіргі кезде фантаст – жазушылар бар болғанымен, олардың туындылары өз оқырмандарын таба

алмауда. Кітаптардың көбі ғылыми-фантастика жанрында жазылған. Жастарды жай ғана ғылыммен қызықтыру қиын. Сондықтан да болар қазіргі таңда Қазақстанда фантаст-жазушы болу қиын. Бұл жанрды толыққанды дамыту үшін танымал етуіміз қажет. Сонда ғана жастар қазақ фантастикасына қызығушылығы артады. Төреші – оқырман. Тек оқырман бұл прогресске немесе регресске ұшырауына ықпал етеді. Не десек те, фантастикалық кітаптар бізде аз болса да, әдебиетімізде өзіндік орны бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдебиеті.Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы. Аруна ЖШС, 2010.

2 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

3 Абдул-Хамид Мархабаев. Қазақ қиялының «жүріс – тұрыстары». – Алматы : «Жазушы» 2011.

ҚАТЫСЫМ БАРЫСЫНДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ САНАДАҒЫ КӨРІНІСІ

ТЛЕУКЕНОВА А. К.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАРИПЖАНОВА А. О.
ғылыми жетекші, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көптеген тілші ғалымдар тілдің пайда болуы алдымен қоршаған ортаның санада бейнеленуі деген тұжырымға келеді. Бұл жөнінде В. Г. Гак: «Все идет от действительности через мысль в языке, и все от языка возвращается через мысль в действительность» десе [1, 22 б.], қазақ тіл білімінде осы мәселе төңірегінде С. Аманжолов: «Тіл – сана-сезімнің, ойдың тәжірибеде көрінетін заттық сәулесі» дегенді айтады [2, 68 б.].

Қазіргі кезеңде тіл білімі жаңа қырынан танылып, өз бағытын антропоцентристік арнаға бұруына байланысты баяншының қолданысындағы тілдік бірліктер арқылы оның ақыл-ойын, дүниетанымын, ұлттық мәдениетін аңғаруға болады. Адамның бүкіл болмысы тілден көрініс тапса, тіл қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Сондықтан, «Тіл – амал, құрал, оның арқасында адам бірімен-бірі қарым-қатынасқа енеді, пікір алысады және бірін-бірі түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан, сөзде

және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады» [3, 90 б.].

Сананы «жалпы» *когнитивті* құбылыс деп есептеген жөн, себебі оның басты қызметтерінің бірі – «танымдық». Сана субъектінің қоршаған ортаны тануы мен бейнелеуінен қалыптасады, ал сананың мазмұны – субъектінің танымдық әрекеті (когнициясы) барысында сипатталып, әлемдік білімді жинақтайды.

Тілдік тұлғалар адамның миы мен сөйлеу аппаратының, дыбыстау мүшелерінің қимыл-қозғалысына қатысты, қатысымдық тұлғалар онымен қоса ойлау мен пайымдаудан адам санасында хабарды қабылдауға әрі жеткізуге қатысты.

Тілге және сөйлеуге қатысты тұлғаларды салыстыра отырып, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді қарастыра келіп, біз қатысымдық тұлғалар мынадай қасиеттерге ие болу керек деп есептейміз.

1. Сана мен ойға қатысты мазмұнның тиянақтылығы.

2. Баяндау ғана емес, хабарлау, жеткізу, ақпаратты қайта шығару қасиетіне де ие болуы.

3. Ми жүйесі арқылы қабылданып, қайта айналымға түсуі.

4. Белгілі бір жағдайға, ортаға байланысты жұмсалуы.

5. Тіл мен сөйлесім әрекетіне байланысты қарым-қатынаста қызмет атқаруы.

Тілдік бірліктер – автор санасында лексика-семантикалық, грамматикалық, коммуникативтік тұрғыдан кодталған және оқырман түсінігіне де ортақ болып табылатын қатысымдық мазмұнға ие жүйелі тұтастық. Қолданыста мұндай қатысымдық бірліктер арқылы бейнеленген ой тұтастығы мәдениеті ортақ ұлт өкілдеріне түсінікті болады, әрі ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Сондықтан автор өзіндік қолтаңбасына қарай жаңа, тың қолданыстар іздейді.

Тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушы хабарға қатысты барлық құрамды бөліктер жеке-жеке жіктеле келіп, олардың әрқайсысының өзіндік қызметі анықталуы тиіс.

Тілді зерттеуші ғалымдар тілдік қатынас құбылысына байланысты үш кезеңді атап өтеді, олар мыналар:

1. Хабардың дұрыс айтылуы, шығуы. Мұнда синтаксистік заңдылықтар, грамматикалық единицалардың тізбегі, дыбысталуы ерекше рөл атқарады.

2. Айтылуға тиісті мазмұнның дұрыс жеткізілуі, айтылар ой мен жеткізетін тілдік құралдың сәйкестігі. Мұнда семантикалық заңдылықтарға назар аударылады.

Әңгімелесуші - екінші адамның хабарды дұрыс қабылдауы. Е. И. Пассов осы үш кезеңді баяндай келіп, тілдік қатынастың толық жүзеге асуы үшін ең бастысы - үшінші кезең, алдыңғы екі кезең тілдік қарым-қатынасты іске асырмайды, бірақ өкінішке орай тілдік қатынаста біз осы үшінші кезеңге жете бермейміз, яғни қарым-қатынаста бірінші және екінші кезеңдерде тоқтап қалып қоямыз деп көрсетеді [4, с. 8].

Біздің пікірімізше, тілдік қатынас - жалпы адамзаттың ойына, ойлау жүйесіне тікелей байланысты құбылыс. Ол, ең алдымен, сыртқы объективті шындықты қабылдаудан, жеткізейін деген хабарды пайымдаудан туады.

Сондықтан тілдік қатынас жоғарыдағы тілші ғалымдардың атап өткенінен басқа да бірнеше кезеңнен тұрады. Олар мыналар:

1. Хабардың пайда болуы. Тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу әрекетіне қажетті ең бірінші фактор - сыртқы дүниенің адам санасына әсер етуі, сол әсердің нәтижесінде мида ойдың қорытылуы, хабардың пайда болуы.

2. Хабардың сыртқа шығуы. Санадағы тұжырымдалған пайымдаудың, ойдың, ұғымның, хабардың тіл арқылы, тілдік тұлғалар арқылы айтылуы, ягни сыртқа шығуы. Хабардың сыртқа шығуына айрықша қызмет ететін - адамның сөйлеу мүшелері.

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі - қатысымдық, байланыстырушылық, экспрессивтік.

Қатысымдық қызмет бойынша баяндаушы мен қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра келіп, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады.

Байланыстырушылық қызмет тілдік қатынасты жүзеге асырушылардың бір-бірімен пікір алмасуынан, бірінің айтқан ойын екіншісінің жалғастырып, сабақтастырып отыруынан көрінеді. Мұнда негізгі қызмет атқаратын - хабарды жеткізетін тұлғалар. Ол баяншы мен қабылдаушыны өзара байланыстырады және тілдік қатынастың түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Экспрессивтік қызмет тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің бір-біріне берілген хабарды қабылдап қана қоймай, оның айрықша мәнін, күшейту реңкін толық түсінуінің нәтижесінде орындалады. Баяншы хабарды жай айтып қана қоймайды, ондағы қандай ойға ерекше көңіл бөлу керектігін де, өзінің көңіл-күй, сезімін, көзқарасын да жеткізуге тырысады. Ал қабылдаушының осыны дәл танып, жете түсінуі қажет болады.

Сөйлеу мүшелерінің бірлігі олардың әрқайсысының өзіне тән қимыл-қозғалысынан және сол қимыл-әрекеттің тілдік тұлғаларды жасауға қатысуынан байқалады. Әр дыбыстау мүшесі әр бөлек қимылдаса, онда дыбыс та анық айтылмайды, сөз де түсінікті болмайды, айтылар ой да дұрыс жеткізілмейді. Сондықтан тілдік қатынас үшін, сөйлеу мүшелерінің бірлескен, тұтас қимыл-қозғалысы маңызды орын алады.

Сөйлеу мүшелерінің қимыл-әрекетімен тілдік қатынасқа түсетін тұлғалардың мағынасы өзара байланысты. Жалпы тілдік қатынастың құрамындағы басты көрсеткіш – тілдік қатынасты тікелей жүзеге асыратын қатысымдық тұлғалар.

Тіл білімінде тілдік бірліктер, тұлғалар туралы мәселе мен осыған қатысты терминдер бұрыннан қалыптасқан.

Терминдердің қолданылу ерекшелігіне мән берсек, олар тілдік бірлік, кейде тілдік единица, кейде тілдік элемент деп те айтылады.

Тілдік бірліктер уақыт өте келе жаңаша қарастырылып, олар тек тілдік единицалар ғана емес, қарым-қатынастық единицалар деп те атала бастады.

Байыптап қарасақ, мұнда негізгі мәселе олардың тілдік бірлік, тілдік тұлға «лексикалық, грамматикалық, синтаксистік» немесе қатысымдық бірлік, қатысымдық тұлғалар деп аталуы жөнінде емес, тілдік тұлғаға не жатады, оның қатысымдық тұлғалардан айырмашылығы бар ма, әлде тілдік тұлға мен қатысым тұлғалар бірдей ме деген сұрақтардың басын ашып алуға келіп тіреледі.

Тілдік және қатысым тұлғалары туралы мәселені қарастырғанда, біз «единица» терминінің баламасы етіп көбінесе «тұлға» сөзін пайдаланамыз.

Лингвистикада тілдік «единица» деген ғылыми айналымға түскен термин. Қазақ тіл білімінде болсын, орыс тіл білімінде болсын ол қарым-қатынас құралының бөлшегі, яғни тілдің құрамы, ішкі бөлігі дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан морфема, сөз тіркесі, тұрақты тіркес, сөйлем – бәрі тілдік бірлік деп айтылып жүр. Дыбыс пен фонеманы фонетикалық бірлік, сөзді -лексикалық бірлік, сөйлемді – синтаксистік бірлік деп нақтылы айту да кездеседі.

Кейбір әдебиеттерде буын, негіз, абзац «жаңа жол», контекст, дауыс ырғағы да тілдік бірліктер, тілдік тұлғалар деп саналады.

Тіл біліміндегі бір ізге түспеген мәселе: олардың бәрі тұлға «единица» деп аталғанымен, нақтылы тілдік тұлғаға не жатады дегенде, ғалымдардың арасында пікір қайшылықтары кездеседі.

Бұл жөнінде С. Аманжолов: «Адам баласының ой-өрісі қанашама кеңейсе, соншама ойын беру жолы көбейіп, әр түрлі құрал іздейді, көркем әдебиет, өнер осындай жолдарының көптігімен өз алдына өнер, өз алды білім саналады» деген пікір айтады [2, 12 б.].

Тілдік қатынас барысында тілдік сана мен когнитивтік сана арасында байланыс пайда болады. Тілдік сана тілге дейін қалыптасатын саналық тәжірибенің ерекше деңгейінде кодтар түрінде ұйымдастырылған қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылатын тілдік ережелер мен нормалар жүйесі болып табылады. Когнитивтік сана тұлғаның жалпы өмірлік түсінігін, тұжырымы мен пайымдауын көрсететін білімдердің жиынтығын құрайды. Тілдік бірліктердің санада қатысымдық құралға айналуына ықпал ететін бірден-бір жағдай – танымдық түсінік. Танымдық түсінік тілдік сана мен когнитивтік сананының бір-бірімен тоғысуынан туындай отырып, тілдік бірліктердің таным деңгейіндегі қатысымдық мәнін айқындайды.

Сананың дамуына байланысты ұғымның мағыналық өрісі ұлғаяды. Бұл процесс сөз мағынасының дамуына әсер етеді. Дегенмен, мағына айтушыға да, тыңдаушыға да бұрыннан белгілі білімдер жиынтығынан құралады. Әрбір жеке адам үшін сөз мағынасы белгілі дәрежеде субъективті десек те, көптеген жағдайларда тілдік бірліктердің бұрыннан қалыптасқан аталымдық мағынасы басты орын алады. Сондықтан, тілдік бірліктер қолданыс барысында грамматикалық ережелерге бағына отырып, қатысым үдерісін туындатады. Осы тұрғыдан келгенде санадағы тілдің кодталу құрылымына қарай негізгі үш көрсеткішті бөліп көрсетуге болады:

1) тілдік бірліктердің коммуникативтік қарым-қатынасқа негізделген мағыналарының тұтастық жүйесі;

2) грамматикалық қағидаларды дұрыс қолдануға негізделген айтылымдардың құрылымдық жүйесі;

3) қатысым барысындағы жағдаяттарға сәйкес хабарламаның ұйымдастырылу аясы.

Тілдік бірліктердің санадағы мұндай қызметтік көрсеткіштері санадағы кодталу деңгейіне тәуелді. Бұл деңгейлер: лексика-семантикалық код, грамматикалық код және коммуникативтік код болып бөлінеді.

Аталмыш кодтарға байланысты ғылыми әдебиеттерде берілген тұжырымдарды жинақтай дәйектейтін болсақ:

Лексика-семантикалық код – тілдің семантикалық құрылымын анықтайтын таңба мен мазмұн жиынтығы. Көптеген бөлшектер (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тілде мағыналық байланыста болады. Дүниетанымдық лексикалық бірліктер ғаламдық түсініктер мен олардың компоненттері арасындағы семантикалық қарым-қатынасты сипаттайды. Лексика-семантикалық өрістің ядросын жалпыға маңызды мағына құрайды, ол тілдегі сөйлеуші адамға тән сөздік қорды анықтайды.

Грамматикалық код – қатысымдық бірліктерді құрастырудағы грамматикалық ережелер мен құрылымдар. Тұлға қарым-қатынас барысында қалыптасқан грамматикалық ережелерді сөйлесім әрекетінде қолданады. Тілдік бірліктердің өзара сабақтасып, тұтас қатысымдық мәнді беруінде грамматикалық құрылымның маңызы ерекше.

Коммуникативтік код – сананың қатысымдылық қызметін атқарады. Коммуникативті код мәселесі тіл білімінде жаңадан қолға алына бастады. Ол субъектінің коммуникативтік құзіреттілігі аясында санада іріктелген, жатталған коммуникативтік ережелер, үлгілер, модельдер түрінде жинақталады. Коммуникативтік код қатысым орнату барысында тілдік мағлұматтарды жан-жақты түсінудің негізі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гак В. Г. Эволюция способов номинации в свете соотношения внешних и внутренних стимулов в развитии языка // Все союзная научная конференция по теоретическим вопросам языкознания «Диалектика развития языка». Тезисы докладов. – М., 1980. – С. 19-29.

2 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы : Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 368 б.

3 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы : Ан Арыс, 2009. – 368 б.

4 Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М. : Просвещение, 1991. – 223 с.

С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

ТЛЕУЛЕСОВА А. Ш.
п.ғ.к., қауымд. профессоры,
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.
НҰРЛАН Ә. Е.
студент, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет, Астана қ.

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек. Ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын, әрі прозашы Сұлтанмахмұт Торайғыров есімі ерекше.

Ғалым А. Еспенбетов Шәкәрім және Сұлтанмахмұт атты зерттеу еңбегінде:....Ең алдымен Торайғыровты толғандыратын сұрақ- оқу білімге талпыну. Қазақ ауылындағы оқуға ықтиятсыздық, тәрбиесіздікке қамкөңілдік білдіріп, не болмаса ескі ишан-қожалардың алдын көріп, құр жаттаудан әрі аспаған шәкірттер тұрмысына налып ақыр соңында, жаңа тәртіпті оқу жүйесінің біртіндеп ене бастауына балаша қуанады. Ұсыл тағлым көрген молдалардан үміт сәулесін көргендей, тәртіпті программ түзетілмеген болса барлық ыждапатын сарып қылып, қандай ауыр машақтарға шыдап, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, аз болса да ғылым-өнер тарата бастады деп шаттанады [1].

Ақын қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналады. Әр түрлі жанрда көптеген шығармаларын жазады. Атап айтқанда, «Қамар сұлу» романы, «Өлең және айтушылары», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу оқыту жайы қалай?» деген тәрізді мақалалары, бірсыпыра өлеңдері осы «Айқап» редакциясында қызмет істеп жүрген уақытында жазылған туындылар.

Ақынның шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға ұштасқан. Оның келешекке ұмтылған әдеби құнды мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық, адамгершілік мәнге толы. С. Торайғыров шығармалары, негізінен, өз дәуірінің ең маңызды әлеуметтік мәселелерін көтеруге, оларды сахна арқылы бейнелеп көрсетуге арналады. Ол феодалдық-патриархалдық салтты, мешеулікті шенейді, елді оқуға, өнер-білімге, қараңғылықтан шығуға үндейді. Әйелдердің бас бостандығын, халықтың азаттығын жырлады.

Сұлтанмахмұт – сыншыл реалист ақын. Өз заманындағы әлеуметтік, теңсіздікті, қоғамдық өмірдің әділетсіздігін, ақ пен қараны келеңсіз жағдайларды өткір сынға алады. Ақынның өнерге енді бой ұрып, шабыттанып, қаламын ұштастырып жүргенде жазған «Таңғы мұрын быртиған қара бұжыр», «Қайғы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын» деген өлеңдерінде мал біткенге ірісінген, қыңыр мінез бай баласын, мал беріп сатып алған әйелі, оған амалсыз телінген қазақ аруының шырмауықтай шыр айналып шыға алмай жүрген аянышты тағдырын, екінші өлеңде асыл тасты аянбай тағынып, мінезсіз бай қызы, оның жұртты ыза кернеген іс- әрекет-амалдары сын садағына алынады. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы – адамның рухани дүниесімен астасқан адамгершілік мұраттар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа өмірінде қазақ халқына құнды әдеби мұра қалдырып кетті. Қаламгер әдебиеттің әр түрлі жанрларында тың еңбек еткен талантты әдебиетшілердің бірі еді. Жас ақынның қаламынан жүзден астам өлең, бес-алты поэма, екі роман, он шақты мақала жазылды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы - өз заманының нақты көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

Сұлтанмахмұт өз заманының өзекті мәселелеріне арнап бірнеше поэма жазды. Атап айтқанда, «Кедей» поэмасы ғасыр басындағы қазақ кедейлерінің хал-жағдайын, сезім-күйін, ауыр тұрмысын бейнелесе, «Адасқан өмір» поэмасында ақын айналасында болып жатқан оқиғаларға, өмір құбылыстарына өз сезімі арқылы шолу жасайды. Қала ақыны мен дала ақынының айтысы түрінде жазылған «Айтыс» поэмасында қазақ даласындағы өзгерістер, әлеуметтік өмір көріністері суреттелсе, «Таныстыру» поэмасында төңкерістер заманындағы қазақ елін өрге жетелеген қайраткер азаматтар бейнесін сомдауға талпыныс жасалады.

Поэмада автордың өмір көріністерін суреттеудегі тамаша шеберлігі байқалады. Ақын ұсынып отырған оқиға тура өмірдегідей

қарапайым әрі түсінікті. Шын таланттың қаламынан туғаны байқалады. Нақты оқиғаға, өмірде болған адамның төңірегінде құрылған.

Торайғыров «сөзі жылмаң, ісі сырдаң», «қысқа күнде қырық жігер қойма қойған» жағымпаз, қу мінезді адамдарды қоғам, айналасындағы адамдарға қырсығын тигізеді деп қараған деп қарайды.

Ұлт намысы, ел намысы, ер намысы, азамат намысы деген киелі түсініктер бар да, ағайын арасындағы шен-шекпенді, жол-жоралғыны бөлісе алмай, соңын өртке ұласқан дау-дамайға, партиягершілікке айналдырып жіберетін қитұрқы әрекеттер бар. Кейінгісі момын қазақты төрдегі орнынан тайдырып, езуіндегісін басқалар жырып әкетіп, адамға жат жиіркенішті мінезді қасиетсіз қылықтар. Сұлтанмахмұт «Түсімде көрген бір аянышты хал» өлеңінде сондай мінез-әрекеттің халықты соншалықты қиын әбігерге түсіріп, іс-әрекеттірі назардан тыс қалдырмайды [2].

Торайғыров заманды, уақыт ағысын, заман адамының мінез-әрекеттерін философиялық лирикаларына да аркау еткен. Көп оқып, көп тоқыған кемеңгер ойшыл ретінде көрген-сезгендерін көкірегіне қорытып тұжырым жасайды. «Көңілді көндіретін тағдыр» лирикасында жас жүрек, дене тән, көңіл көлгірлік мінезді көзге түртіп, енді әділдіктің жолынан айнымауға уағдаласады.

Сұлтанмахмұт философиялық лирикалармен қатар, қоғамдық-әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті сынаған, И. Крылов үлгісімен мысалдар да жазды. «Арыстан мен тышқан», «Екі тышқан» Ғ. Тоқайдан, «Көк өгіз», «Мысал», «Сарыарқаның жаңбыры». Сонымен қатар, төбелесімен көк тіреп тұрған құдіреттілер көзіне жайшылықта ілмеген «нашарларынан» бастарына іс түскенде пана табады, өзін-өзі күндеген басқаға майшелпек болады, жүнінің қызылдығына лепірген қанжығаға байланбақ, сезіктінің серігі – ажал.

Айтар ойы, негізі сюжеті ғиратнама. Сонымен, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың лирикалары жанрға бай, мән-мағынасы терең, жақсы үгіт насихатты қамтитын тақырыбының ауқымы кең, көркем де ойлы да отты болып келеді. Сыршыл да сыншыл, шыншыл.

Оқу, білім – жанған шырақ, ойласаң.
Үйренерсің, іздеп көрсең, қоймасаң.
Қу өнерді, бу белінді, жігер сал.
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң.

1912 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт оқу іздеп Троицк қаласына барып, осындағы медресеге түседі. Қуанышында шек болмайды. Көңілін шабыт кернеп, «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Қандай?», «Зарлау» тәрізді бірқатар өлеңдерін жазады. «Ауырмай

есімнен жаңылғаным», деген белгілі әңгімесін жазады. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әңгімелері, поэмалары еңбегі қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық көкжиегін кеңейте түскен құбылыс болды.

Халықты оқу-өнерге шақырады. Ел азаматтарын белсенді қимылға үндейді. Әйелдердің теңдігін қорғайды. Сұлтанмахмұт Торайғыров – өз дәуірінің тың мәселелерін көтерген көптеген маңызды мақалалардың авторы. Кезінде «Айқап» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет мәселелері төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар жазды. Демек, ақын шығармаларында адамның тұрмыс- тіршілігі, ғылым-білім, ақыл-сана, таным-сезімге аса мән берілген. Бұдан шығатын қорытынды, С. Торайғыровтың рухани қазынаның терең тұңғиығына бойлауға шақырады, бүгінгі, өткенмен және болашаққа сабақтастыққа баурайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Еспенбетов А. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1982 ж.

2 Торайғыров С. Шығармалары – Алматы, Жазушы, 1989 ж.

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕСЕНБАЙ М. А.
студент, Фил (қ) 301тобы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолды.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда.»
С. Торайғыров

«Қазақтың совет үкіметі алғаш орнаған кезде өлген демократ ақыны тап қайшылықтарын көркем, шебер көрсете білген ақын.

Сұлтанмахмұт қазақ халқының ашынған ойын, мұңын, тілегін аңсаған арманын, асыл сана-сезімін бойына сіңірген, қазақ

халқының өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік және рухани бейнесін түгел қамтып жырлаған талантты ақын қазақ халқының тұрмысын, салтын, мінезін, мүддесін дәл, толық, шебер көрсеткен Абайдан кейінгі реалист ақын», – деп қалдырған Сәбит Мұқановтың ойы арқылы біз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың терең ойлы, ұшқыр қиялды, нәзік сезімді, өткір тілді ақын екенін көре аламыз [1].

Қ. Дәукенов өзінің бір мақаласында Сұлтанмахмұттың маңызын, тарихи орнын: «Торайғыров Сұлтанмахмұт Октябрь революциясына дейінгі қазақ әдебиетінің ең ірі фигурасы... оның шығармалары қазақ елінің бір кезеңді дәуіріндегі экономикалық, әлеуметтік халін, жағдайын, мәдениетін көрсететін үлкен айна сықылды.

Торайғыров көп оқымаса да, көп тоқыды… Өз дәуірінің үлкен мәдениетті жазушысы болды. Мәдениеттіліктің, ақылдылықтың таланттылықтың арқасында Сұлтанмахмұт дүниеге жас кезінен-ақ материалистік көзбен қарай бастады…

Шығармаларында қайшылықтары бола тұрса да Торайғыровтың шаруалар тобының жазушысы, идеологы екені даусыз нәрсе» [2].

Қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін, таза көркем проза тәсілдерін алғаш меңгерген жазушы, драматург, тұңғыш сұлтанмахмұттанушы Жүсіпбек Аймауытов: «Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай, мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді», – деген еді. 20, 30, 40 жылдары Сұлтанмахмұттың мұрасын игеру, оның әдебиетке қосқан азды-көпті шығармаларын жалпылай зерттеу жұмыстары кең өріс ала бастады. Оларды зерттеу кезінде үлкенді- кішілі зерттеу мақалалары да жарық көре бастады. Сұлтанмахмұтты тануда Н. Смағұлов, С. Мұқанов, Ж. Аймауытов, Е. Ысмайылов, Қ. Дәукенов сынды және тағы басқалардың еңбектерінде Сұлтанмахмұттың позициясы мен творчествосының кең ашылуына мүмкіндік алды.

Сұлтанмахмұт және оның шығармалары туралы жиырмасыншы жылдары арнайы үш мақала жарияланды. Олардың бірі – ақын қайтыс болғанда, сол кезде Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газетінде, екіншісі – 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде шықты. Соңғы мақала Қазақ Оқу халық комисариятының Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру жөнінде газет оқушыларына жазған ашық хаты. Хатта Сұлтанмахмұттың өмірбаяны қысқаша

баяндалған: «…Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Аз өмірінде көп өзгеріс көрген, берісі қазақтың, әрісі адам баласының бақ-рысын көксеген өмірін әділдік, шындық ізденуде, ойлануда, толғануда өткізген төкпе ақын еді» деп бағаланған.

Үшінші мақала «Сұлтанмахмұттың өлгеніне бес жыл» [4] деп аталады. Авторы Нұрпейіс Сымағұлов. Жазушы мақаласында, әлгі «Ашық хат» сияқты, ақынның өмірін баяндайды, маңызын түсіндіреді, юбилейлер өткізіп тұрса екен деген тілек айтады [5].

1925–1927 жылдары баспасөз беттерінде қазақ әдебиеті жайлы ұзақ айтыс болды. Сонда «Көркем әдебиет туралы» деген мақалада Сұлтанмахмұт Торайғыров жөнінде сөз арасында пікір айтылды. Мақала авторы «Қазақта төңкерісшіл, тапшыл ақын бар ма?» деп сұрайды. Өз сұрауына өзі «бар» деп жауап береді. Соған мысалға Сұлтанмахмұт Торайғыровты алады. Оның «Кедей» поэмасынан ұзақ үзінді келтіреді.

1933 жылы, Алматыда Қазақстан мемлекеттік баспасы Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының таңдамалы жинағын кітап етіп шығарды. Оған Сәбит Мұқанов үлкен алғысөз жазды. Осы жинақтың шығуына байланысты Сұлтанмахмұт жөнінде отызыншы жылдар ішінде бірқатар мақалалар, бірді-екілі кітаптар жазылды. Сұлтанмахмұт өлеңдерінің біразы орта мектеп оқулықтарына енгізілді. Оқулықтарда ақынның өмірі, шығармалары жайында мәліметтер берілді, пікірлер айтылды.

Атап айтқанда бұл жылдары Сұлтанмахмұт және оның шығармалары жөнінде мынадай мақалалар, кітаптар шықты: «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» (Ақын жинағының алғысөзі) С. Мұқанов; «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» (Кітапша) Елжас Бекенов; «Сұлтанмахмұт творчествосындағы қайшылықтар» («Лениншіл жас», № 227, октябрь, 1938 ж.) Қ. Дәукенов.

1940 ж. май айында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қайтыс болғанына 20 жыл толды. Соған байланысты республикалық газетте «Сұлтанмахмұт Торайғыров» деген мақала жарияланды.

1942 ж. Алматыда Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы Сұлтанмахмұттың “Кедей” поэмасын жеке кітап етіп шығарды.

1943 ж. октябрь айында ақынның туғанына елу жыл толды. Газеттерде ол күн де аталып өтті: «Қазақ халқының аса көрнекті ақыны» атты мақалалар басылды.

1944 ж. тағы да Алматыда Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» поэмасын бөлек кітап етіп басты. Кітапша туралы газетте «Адасқан өмір» атты мақала шықты [6].

Қырқыншы жылдардың алғашқы жартысында Сұлтанмахмұт Торайғыров және оның шығармалары жайлы мынадай оқулықтарда бөлім берілді: «Қазақ әдебиеті», (9-сынып кітабы, 1946 ж. Авторлары: Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов); «Қазақ совет әбебиеті» (Х класс оқу кітабы; Е. Ысмайылов); «Выдающийся казахский поэт-патриот» (Ысмайылов 1943 ж. «Казахстанская правда», 21 октябрь).

Аталған мақалалар мен оқулықтарда Сұлтанмахмұттың жадушылық сапары мен шығармаларының бірқатар мәселелері сөз болды, едәуір зерттелді, негізінде дәл бағаланып, дұрыс шешілді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров еліміз тарихының зор асулы кезеңінде: сұрапыл соғыстар; ұлы әлеуметтік революциялар дәуірінде жасады. Содан ол үнемі бірқалыпты өмірінің, жазушылық сапарының басынан аяғына дейін тек бір көзқараста, тек бір идеялық бағытта бола алмады. Заманына, заманында болған тарихи оқиғаларға қарай өзгеріп отырды.

Біздінше, саяси-идеялық бағытына қарай Сұлтанмахмұттың өмір жолын, жазушылық сапарын үш кезеңге бөліп қараған жөн: а) 1907 ж. – 1917 жылғы февраль революциясына дейінгі кезең. Бұл кезде Сұлтанмахмұт негізінде демократтық-ағартушылық бағытта болды; ә) 1917 жылғы февраль революциясынан 1918 жылдың ортасына дейінгі уақыт. Бұл дәуірде ақын буржуазияшыл-ұлтшыл бағытта жүрді; б) 1918 жылдың ортасынан 1920 жылдың май айына, өмірінің ақырына дейінгі кезең. Бұл кезде Сұлтанмахмұт совет қызметіне араласты, совет идеясына келді [7].

Міне, қазақ халқының XX ғасыр басындағы ақыны, ақыл-ойшысы Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесінің жиырмасыншы, отызыншы, қырықыншы жылдардағы жайы, дәрежесі осылай болды. Мұны мәселенің тарихы, алғашқы дуәірі деуге болады. Елуінші жылдардан Сұлтанмахмұтты зерттеу, тану мәселесінің екінші дәуірі басталды.

Оның шәкірттік кезеңдегі өлеңдері көркемдік тұрғыдан кемшін түсіп жатқанымен, жас ақынның қоғамдық құбылыстар мәнін түсінуге деген ұмтылысы мен өлең тілімен сурет салуға бағытталған талабын танытады. Ол қоғамдағы әділетсіздік пен әйелдердің ауыр тағдыры, діни оқудың схоластикалық сипаты жайлы жазды. Байлық пен кедейліктің текетіресін бай мен кедей ұлының өмірі арқылы көрсетуге тырысқанымен, бұл талпынысы биік ақындық талант пен саяси көзқарасты таныта алмады. Торайғыров 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды.

«Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді («Осы да әділдік пе?», «Бір адамға», т.б.). Ол өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирикалық жырлар туындатты. Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман («Қамар сұлу», «Кім жазықты?»), төрт поэмасын («Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» жариялады. Торайғыров «Қамар сұлуда» әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дәуір шындығын әлеуметтік тұрғыда талдаса, «Кім жазықты?» романында ауыл өмірінің шындығын жан-жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын, талапсыздық пен шаруаға қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды. Торайғыров поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкерімді ерекше атап көрсетеді. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды. «Адасқан өмір» – Торайғыров шығармашылығының зор табысы. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен танған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Поэманың лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылданса да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ

жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. «Кедей» поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. «Айтыс» поэмасы толық аяқталмаған, онда Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді [8].

Сұлтанмахмұт Торайғыров жөнінде осы кезге дейінгі жылдары жарияланған мақалалар мен еңбектерде оның саяси-идеялық бағыты, дүниемен қоғамға көзқарасы, оның әдеби мұралық шығармасы зерттеліп, қаралып жүргенімен, тілінің, яғни, Сұтанмахмұттың өз тілінің ерекшеліктері, стильдік ерекшеліктері, сөздік қоры мен тұрақты (фразеологиялық) сөз тіркестері, грамматикалық формалары мен стилистикалық мүмкіншіліктері жете зерттелмегені белгілі.

Мысалға, сол туындыларының ішінен «Бір адамға» атты туындысын қарастырсақ.Бұл – ақынның революцияға дейін жазған шағармаларының шыңы. Өлеңнен ақынның сыншыл реалистік әдісті жете меңгергенін аңғару қиын емес.

«Суреттер және көрдім жүзі жарқын
Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқын»
Соншама құны толық бұлды түйме
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?»

– деген жолдармен Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқан ойын тереңдете түсіп, шындықтың шетін көрсетеді. Сөйтіп, «Қай момынның малы бар бұл аяқта?» деп сұрақ қою арқылы суреткердің «момынның малын» жоқтауы – саяси-әлеуметтік өсуінің, шындалуының тағы бір айғағы.

Заманындағы үлкен проблема – әлеуметтік-таптық теңсіздікті объекті ете отырып, төмендегіше түйіндеген:

«Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп?»

Анықтай айтсақ, ақсақал шал мен лирикалық қаһарманның дүниетанымы, қоршаған орта жайлы түсінігі, сол ортадағы әлеуметтік теңсіздік төңірегіндегі түйіндеулері, тіпті де кереғар. Оқа, түйме, сылдырмақ, күміс кесе, алтын аяқ – ақсақал үшін атадан қалған мол дәулеттің, сән-салтанаттың белгісі. Керісінше, лирикалық қаһарманның көңіл көкжиегінде әлгі қуаныш-суйіністің ізі де жоқ. Неге десеңіз, шенді шекпен, күміс кесе, алтын аяқ кедей сорлының, өмірлік езгіден көз ашып бас көтермеген көп «момынның» мандай тері деп көрсетеді [9].

Сұлтанмахмұт шығармаларында ақын өмір сүрген кездердегі, одан бұрынғы және кейінгі замандарда қазақ тіліне еніп, етене болып, әбден сіңісіп кеткен қарапайым сөздер мен кітаби сөздер де кездеседі. Мысалға, осы жоғарыда қарастырылған «Бір адамға» өлеңінде: орыс тілінен: Шен (чин), араб тілінен: адам және тағы да басқа сөздер енген.

Сұлтанмахмұт тілін зерттеу тек қазіргі тіліміздің құрылымдық тарам тармақтарын түсіну үшін ғана емес, ақынның өз заманындағы және өз заманына дейінгі әдеби тілге қаншалықты жаңалық енгізгенін айқындау үшін аса қажет. Олай болса, Сұлтанмахмұт тілін зерттеп, оны ақын заманына дейінгі және одан кейінгі дәуірлердегі қазақ тілімен салыстыру, жалпы алғанда қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге біршама жеңілдік тигізердей болмақшы. Сұлтанмахмұт тілін зерттеп қарау, ең алдымен, қазақ тілі лексикасының даму тарихын, оның Сұлтанмахмұттан кейінгі дәуірдегі өсу дәрежесі мен шеңберін, сөздік құрамының өзгеру сипатын білу үшін үлкен еңбек болмақшы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С. Мұқанов Газета «Культура и жизнь» № 19 , 10 июля, 1947 год.

2 Кенжебаев Б. С. Торайғыровты зерттеу «Жұлдыз» журналы №10, 1993 ж., 11 бет.

3 Кенжебаев Б. «Жұлдыз» журналы, № 10, 1993 ж. 12 бет.

4 Кенжебаев Б. «Жұлдыз» журналы, № 10 1993 ж. 10 б. // Н. Сымағұлов «Еңбекші қазақ» № 44, 25 февраль.

5 Кенжебаев Б. «Жұлдыз» журналы, №10 1993 ж. 10 б.

6 Б. Кенжебаев «Жұлдыз» журналы, № 10, 1993 ж. 12 б. // Б. Кенжебаев «Социалистік Қазақстан» 20 май, 1940 ж.

7 Кенжебаеы Б. «Жұлдыз» журналы № 10, 1993 ж. 13 б.

8 http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1157.

9 Еспенбетов А. С. Торайғыровтың Бір адамға өлеңі туралы «Қазақстан мектебі» № 10, 1988 ж. 51–52 б.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

ШАПАУОВ Ә. Қ., ҚАБЫКЕН М.,
ТУРОВСКАЯ Е. И., ШАПАУОВА А. А.
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

XIX ғасырдың соңында дүниеге келіп, басқа халықтардың тарихымен салыстыра қарағанда, аз ғана уақыттың ішінде әлемдік деңгейде дамып үлгерген қазақ ұлттық драматургиясының қалыптасу жолы күрделі. Аталған жанрдың ұлттық топырақта өркен жаюына жекелеген тұлғалардың қосқан үлесін салмақтай отырып, бұл өнердің бүгінгі таңдағы мәселелерінің уақыт талабына орайластыра бағамдап, ғылыми тұрғыдан бағалап отыру әдебиеттанушылардың назарынан тыс қалмауы тиіс.

Ұлттық драматургия бүгінгі күні жан-жақты даму үстіндегі жанр. Арнайы зерттеу нысанасына алынып және жекелеген белгілі драмашыларымыздың шығармашылықтарын қарастыруда да бірнеше құнды еңбектер жазылды.

Қазақ драматургиясы жанрында балалар драматургиясының зерттелінуі кеш қолға алынғанымен де, алатын орны ерекше. Балаларға арналған пьесалардың тақырыбы, салмағы, жанрлық жүгі, көркемдігі, қаһармандар қақтығысы, мінез, драмалық бейнелері, драмалық жағдайы, тартысы – ересектерге арналған пьесалардан кем болмайды. Сонымен қатар балалар араласпайтын, қатыспайтын, ерекшелігімен танылмайтын пьеса жоқ деп те айтуға болады.

1970–1990 жылдардағы қазақ ұлттық драматургиясының даму, толысу және көркемдік жетістік, кемшіліктерін байыптау үшін өзге де қаламгерлердің пьесаларымен бірге, әрі қарай жанрдың жетілуіне өзіндік үлес-салмағы бар суреткер, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәкен Жүнісовтің драматургтік шеберлігі сөз болуы қажет.

1960–1990 жылдар аралығындағы пьесалардың қатарына: М. Ақынжановтің «Ыбырай Алтынсарин», «Алтын сақа» (Қ. Бадыровпен бірігіп), Т. Ахтановтің «Өшпес даңқ», С. Омаровтің «Портрет», Ш. Ахметовтің «Қолқанат», Ш. Құсайыновтің «Нұрлы тас», «Есірткен ерке», Ш. Байжановтың «Әлия Молдағұлова», С. Омаровтың «Ақымақ арыстан», Ә. Табылдиевтің «Кербақай мен Кердеңбай», О. Әубәкіровтің «Қожа мен спорт», С. Жүнісовтің «Бәсеке», «Жаралы гүлдері», «Әр үйдің еркесі», Қ. Баянбаев «Адасқанның айыбы жоқ»,

Е. Домбаевтің «Сертке серт», Ж. Тұрлыбаевтің «Жиһанкез бала», К. Әмірбековтің «Уәде бермеуге уәде бер» т.б. бірқатар дүниелерді атауға болады. Бұл шағын драмалық дүниелердің кейбірелері қара сөзбен, екіншілері ақ өлең үлгісімен жазылған.

Сәкен Жүнісов – қазақ балалар драматургиясына үлес қосушы қаламгерлер қатарында. Еліміздің болашағы – жас жеткіншек балалар десек, өнердің бұл «кішкентай болашақтарымыздың» таным-талғамын, дүниеге көзқарас эволюциясына әсері мол.

С. Ордалиев: «Балалар драматургиясы үшін өміріміздің барлық жақтары да таңдаулы тақырып бола алады. …Тақырып жөнінен балалар әдебиетінің ересек адамдарға арналған шығармалардан ешбір айырмасы болмасқа тиіс. Айырмасы, балаларға түсінікті, ұғымды етіп, өзгеше түрде жаза білуде болуы керек.

Балалар драматургиясы дегеніміз – пьеса кейіпкерлерінің барлығы түгелдей балалар болуы керек деген сөз емес. Балалардан басқа ересек адамдардың да іс-әрекеттері сөз болып, олардың типтік образы жасалынуы мүмкін. Тартыссыз драматургия болуы мүмкін емес. Тартыссыз балалар драматургиясы да болмауы керек» [1, 223], – дейді.

Балалар өміріне арналған пьесаларға 1941–1945 жылғы соғыстан кейін ерекше көңіл қойыла бастады. Оның да тарихи себебі жоқ емес. Ауыртпашылық кезеңде үлкендер атқаратын істердің барлығын жас жеткіншектердің мойнына түсіп, қайраттылық таныта білді.

С. Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» пьесасы – 1941–1945 ж.ж. соғыс кезінде тылдағы халықтың, әсіресе, жасөспірімдердің өмірін, тіршілік-тауқыметін шындықпен суреттейді. Жас бола тұра әке соғысқа кетіп, бар тұрмыс ауыртпашықты бұғаналары бекімесе де, жасымайды, өздерін іштей қайраумен, жеңіске қол ұштарын беріп жүргендерін ерлік санайды. Пьесада аты аталатын Бақыт, Қасым, Аплаш, Балташ, Балшекерлердің өмірлері, тұрмыс-тіршілігі бір болғанмен, әр кейіпкерлердің тек қана өзіне тән мінез даралықтарын дұрыс тауып, аша білген.

Драмасы турасында баспасөз беттері мен арнайы қарастырылған сыншы, өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде сөз болып, кезінде жақсы пікір алған болатын. Ә. Әбішев пен Т. Жұртбайдың: «Ажар мен ажалды», «Жаралы гүлдерді» дәл қазір де, ертең де сахнаға қойсаң, оның жазылған мерзіміне қарамай тура бүгінгі күннің төл туындысы деп қабылдауың сөзсіз» [2]., – дегендері, орыстың жазушысы К. Паустовскийдің: «Кез келген тақырыпты бүгінгі күндік етуге болады, тек жазушының өзі өз ғасырының биігінде болсын», – деп бір кездері айтқан сөзімен заңды үндесіп тұр.

Ғалым С. Қирабаев: «Жаралы гүлдерде» автор соғыс кезі шындығын өмірдің салмағы мойнына түскен ауыл балаларының характерін бейнелеу арқылы ашады» [3, 203], – десе, зерттеуші Р. Нұрғалиев: «Жаралы гүлдер» драмасының жақсы табысы– кейіпкерлер тілінің дараланып берілуінде. Соғыс уақытындағы ауыл балаларының мінезі, іс-әрекеті көз алдыңа келеді. …жас өспірімдерге берер тағылымы мол шығарма» [4, 107], – деп пікірлер түйеді.

Пьесаның оқиғасы бір топ балалардың ескі күйсандықты ұрылап жатқан көрінісі үстінен басталып кетеді.

Б а қ ы т. Тоқтаңдар, аясаңдаршы, бұл күй сандық емес пе.

Б а л а. Бұл тозған пианино ғой, Бақыт ағай, ешкімге керегі жоқ. Көп тілдері сөйлемейді. Биыл мұны завхоз далаға шығартып тастаған [«Жаралы гүлдер»].

Балалардың жауабынан кейін ойға беріліп, орамалымен күйсандықты сүртіп, іштей ойға шомады. Драматург С. Жүнісов Бақыттың монологы арқылы пьесаның экспозициясын ашып тұр. Б а қ ы т. Иә, тозған пианино. Бірақ балалар білесіңдер ме, қазір бұл-үнсіз қалған көне ескерткіш. Сөйлете білсең, көне дүниенің де өз тілі бар. Ескіні де қадірлей біл. Мен ауылыма келген сайын осы пианиноны бір көрмей кете алмаймын. Әрдайым осы күйсандық өткен өмірді еске салады…» [«Жаралы гүлдер»], – деп ары қарай ақ өлең түріне көшіп, барлық өткен, кеткен, болған істердің барлығын осы үлгіде сыр шерте жөнеледі.

Екінші көріністегі оқиғада «Повойенной дороге» атты өлеңін айтып бір топ ауылдың балалары кіреді, оларды соғыс комиссары, капитан Жанғожин «честь» беріп қарсы алады. Екінші көріністе драма оқиғасы ширақ дамып, персонаждар өз орындарымен, суреттеліп, тартыс күшейе түседі. Яғни, ауыл балалары: Қасым, Аплаш, Бақыт сияқты жасөспірімдер өздері майдан даласына әзір екендіктерін, тіпті кешіктірмей соғысқа жіберулерін де өтіне келеді. Бұл қылықтарына военком таң қалып: «Мылтық ата білесіңдер ме ?, – деген сауалына:

Б ә р і д е. Білгенде қандай. Білеміз – деп жауап қатады

В о е н к о м. Мылтықты ата білу бар да, Берлинге дейін жеткізу бар, – деп соғыс жағдайынан суыртпақтап сыр шертеді, әрі соғыс жасына жетпегендерін де ескертеді.

Военком балалардың бірінен «әкең қайда?» – дегенде:

Б а қ ы т. Соғыста. Екінші Украина майданында. Бес ай болды хат келмегелі.

В о е н к о м. Фамилиясы кім?

Б а қ ы т. Мәмбетов.

В о е н к о м (селк етіп): Мәмбетов? – деп ары қарай сөзді бұра береді [«Жаралы гүлдер»]

Военкомның есіне осыдан бірнеше ай бұрын басқарма келіп: «Бақыттың әкесінен «қара қағаз» келгенін, әзірше жесір әйелі мен баласына естіртпей тұра тұруын өтінеді, себебі қой соңында жүрген әйелдің, жұмыстың қайнап жатқан кезінде бөгеті болатынын, күзде шаруа аяқталғасын естіртеміз» – деп өтініш етеді.

Г ү л с і м. Балаларды елге апару керек, Бақыттың шешесі кеше келген…Бүгін естіртпекші.

Б а т т а л. Естірту дегеннің өзі бір пәле болды ғой.

Г ү л с і м. Пәлесінен бұрын талайлар талма ауруға да шалдыққан жоқ па ? [«Жаралы гүлдер»], – деген Гүлсім мен Баттал, басқарма мен военком арасындағы диалогтан драматург С. Жүнісов соғыс кезіндегі ел басына түскен ауыр психологиялық тұрмыс-тіршілігін аңғартады.

Пьесада Баттал мен Гүлсім арасында да бір жұмбақ сыр жатқандай. Сүйген жігіті соғыста Гүлсім, ісі мен сөзі шалық, әңгүдік Батталды менсінбейді. Драма авторы осы эпизодтан соғыс уақытында жастай жар құшағынан айырылған әйел затының басындағы трагедиясын да береді. Суреткер С. Жүнісов пьесада шығарма шырайын кіргізеттін детальді сәтті қиюластырады. Аспанда қалықтап ұшып бара жатқан тырналарға Бақыт қолын соза ұмтылуы, үн қосуы – барлығын да шебер үндесіп тұр. Мысалы:

Тырау-тырау тырналар, Тізіліп қайда барасың ?
Сәлемімді ала бар, Көрсең майдан даласын.
Көрсең сәлем айтарсың. Майданда жүрген әкем бар,
Тұмсықтан ұрып тойтарсын. Жеріме кірген жыландар,

Бала Бақыттың жалыныштты, қорғансыз сәлемі, аспанда қалықтап, қалт-құлттап жылы жаққа ұшып бара жатқан қорғансыз тырналар… психологиялық жай-күй…

Төртінші көріністе Бақыт аяулы анасынан қапыда айырылып, ал әкесінің қаралы хабарын бір мезетте естуі – жасөспірімді қатты есеңгіретіп тастайды. Бірақ драматург әкесінің соғыста қаза болуын естірту үшін басқаша амал қолданған, военкомның аузына сөз салып: «Мынау әкеңнің майданнан жіберген киімдері» – деп, осы бір ауыз сөзге «әкең ерлікпен соғыста қаза болды» дегізіп тұр. С. Жүнісов трагедияға шеберлігінің бір қыры – шағын бір беттің көлемінде Бақыттың екі қайғылы монологымен бірінші бөлімін аяқтаған. Мысалы:

Б а қ ы т. Тым құрмаса бір күн қасында бола алмадым-ау, апа. Кеш мені. Қасында бола алмадым. Соңғы сөзіңді ести алмадым.

Енді сен алыстасың. Енді менде ана жоқ!, – деген ішкі ойтолғағынан анасын жоқтап зар еңіреген бала-жігіттің, атың өшкір соғыс үшін күн-түн демей дамылсыз жұмыс соңында жүріп шешесімен бақұлдаса алмай қалғанын да сезіну қиын емес.

Ал, мына монолог салмағы одан да асып түскен.

Б а қ ы т: Па-па. (шинельді құшақтап, тізерлеп отырып қалады) Па-па, апа, жалғыз…Жалғыз қалдым ғой. Бір күннің ішінде жетім қалдым. Жетімекпін енді. Неге…Неге менің атымды Бақыт қойдыңдар. Неге… Неге Бақытсыз қоймадыңдар (Тағы шинельді құшақтап, анасының қасына сүйретіле барып, тізерлеп отыра кетеді [«Жаралы гүлдер»]

Қайғылы хал. Бір отбасының трагедиясы. Драматург С. Жүнісовтің Бақыт монологнан соң, авторлық ремарка арқылы беретін: «Тағы шинельді құшақтап, анасының қасына сүйретіле барып тізерлеп отыра кетеді» – дегенінен, – тылдағы ананың қабіріне, майданда қалған әкенің қабірінен, бір-біріне сала алмаған ерлі-зайыптылардың қабір топырақтарын, «шинельді» ана бейіті топырағы үстіне жабу арқылы тебірентерлік күй кештіреді. Бұл – драматургтің сәтті ойлап тапқан деталі.

Екінші бөлімде майдандағы соғыс хабарын беріп тұратын радио үнін бір топ бала құлақтарын тосып тыңдап тұр. Радио үні немістердің әлі де күшінің мықты, бірнеше қалалар мен деревняларды бомбалағанын хабарлайды.

Б а қ ы т. «Шіркін-ай, папам тірі болғанда ғой, әлі де соғысып жүрер еді-ау. Осы радиодан соғыс хабарын берген сайын бұрын папам туралы бірдеме айтатындай елеңдей қалушы едім. Қазір бір түрлі күдерімді…» (дауысына булығып, сөзін жалғай алмайды)

Драматург пьесаның екінші бөлімінде Бақыттың немістерге деген ыза-кегін жиі көрсету арқылы әкесінің құнын көңілімен қайтаратындай қылып суреттейді. Бірде досы Балташ ауылға көшіп келген переселенец немістерден доп сотып алып, оны ауыл болып қызықтайды. Бақыт та қызықтап көрейін дегенде,

Б а л т а ш. «Әуелі қолыңды жуып кел», – деп әзілдейді.

Б а қ ы т. Қолым неміс добынан таза! (Балташтың қолынан добын жұлып алады да, желін шығарып жіберіп, табанына салып покрышканы қақ айырады).

Осы диалог-айтыстарда Бақыттың сөздерінен әке кегін алушы болашақ ұл өсіп келе жатқанынан сыр тарқатады. Пьесаның тәрбиелік-тағылымдық қасиеті де осы.

Ал мына диалогта:

Б а қ ы т. «Әй, осында военком келе жатыр…»

Қ а с ы м. Осы военкомды көрсем жүрегім зу ете қалатын болыпты. Ылғи жаманат жеткізетіндей көрініп тұрады.

Б а қ ы т. Енді маған несін айтар дейсің ,-деген сөздерінен менде енді ешкімім жоқ» [«Жаралы гүлдер»], – деп тұрғандай, адамның бойына психологиялық толқу тудырады.

Пьесаның орталық қаһарманы – Бақыттың бейнесі кесек, нанымды суреттелген. Оқиға басында өзінің балалық қылығымен көрінсе, әкесі мен шешесінен айрылған соң есейген, ақыл тоқтатып өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Пьесада Бақытты оқиғаға көбірек араластыра отырып, қайғылы сәттерді басынан көбірек өткізеді. Әсіресе, «неміс» туралы сөз болса, қаны басына теуіп шыға келіп, үлкенсің ба, кішісің ба, «төпелеп» түсуге бар.

Оқиғадағы Баттал – әр қилы мінездің адамы. Пьесадағы шытырман оқиғаларға Батталдың да үлкен үлесі бар. Драматург бірде Батталды соғыс кезіндегі тыл өмірінің шырқын, күйісін, онсыз да жүдеп-жадаған халықты өзінің жын сияқты ісімен, бейпілауыз, қасақана кісінің арына ауыр-ауыр сөздер айтқыш, озбыр адамның кейпін, өтірігі мен шындығы қатар өрілген, жоқ жерден пәле жапқыш, ал кейде аңқылдақ, бала сияқты, ел өмірін бір кісідей ойлайтын мінезімен де даралана алатын жерлері аз емес. Батталдың ауыл балаларына орыс тілінен сабақ беруі де күлкі тудырады.

Шығармадағы неміс ұлтының әйелі, мұғалім Таурид Эмма Ивановна – жазықсыз жапа шегіп, өмірдің теперішін көп көрген, өз ісіне адал берілген жан. Әуел баста ауылға жер аударылып келгенде комендант Баттал арына тиетін ауыр сөздер айтып, жігерін құм қылатын кездері болды. Мектептегі ұстаздық қызметіне де сенімсіздік тады. Бірақ Эмма Ивановна ол қылықтарына мұқалмай, керісінше табандылық танытады.

Драматургтің шебер шешімінің бір қыры – Таурид Эмма Ивановна ұлы соғыста қамалға түсіп қалған сәтінде Карлдың аузына қай ұлттың өкілі болса да, қандай жағдайда болсын «отан, ана, елінің өнеріне» басын июді, өнеге етуді көздесе керек. Карл ақтық демі таусылайын деп тұрған шақта анасын іздеуі, «Туған анам, сенің алдыңдағы борышымды өтедім. Фашистерге бір минут бас игем жоқ. Соңғы рет, Отаным – Совет елім, сенің алдыңда, ақ шашты анам сенің алдыңда соңғы рет... бас... иемін.» (Офицер тағы да атып жібереді. Карл басын ие беріп, сылқ етіп құлайды [«Жаралы гүлдер»].

Драматург С. Жүнісов пьесаның соңғы шешімін сәтті келтірген. Баласы Карл неміс офицерінен соңғы тілегінің орнына ұлы композитор Бетховеннің «Айлы түнін» қалап еді, ал оны бейбіт

өмірде ақ шашты анасы көзіне жас алып жігерлене, шабыттана күйсандықпен ойнайды.

«Жаралы гүлдер» пьесасы мектеп жасындағы балалардың бойында отанға деген сезімді оятуға үлесі бар шығарма. Пьесадағы басты кейіпкерлері: Аплаш, Бақыт, Баттал, Таурид бейнелері, характерлары толық ашылған.

Сәкеннің «Жаралы гүлдер» драмасындағы кейбір кейіпкерлері «Әр үйдің еркесі» атты келесі пьесасында жалғасын табады. «Әр үйдің еркесі» пьесасының көтерген тақырыбы – кезінде мемлекеттің қолдауымен қой шаруашылығын дамыту үшін шопан жастар бригадаларын құруға байланысты қазақтың бірнеше жазушы–драматургтері атсалысқан, атап айтқанда Қ. Мәшһүр-Жүсіп, С. Жүнісов т.б. қаламгерлер болды.

Драматург Сәкен Жүнісов өз үлесін қосып, жаңа іске жастарды жұмылдыруды насихаттайды. Алдыңғы шығармадағы Баттал, Бақыт, Балшекерлерді басқа қырларынан, басқа характерларымен, басқа жағдайда жаңа әрекеттерімен танимыз.

Ұрпақ жолын жалғастырушы – балалармен де жүздесеміз. Шығармада характерлар әр қырынан, бар жағынан танылады. Пьесадағы тартыс – ұйымдардың алғашқы құрылу кезеңіндегі қиыншылықтар, ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінің сол кездегі халықтың психологиясы бойынша белсене араласуымен нәтижеге жету жолы болды.

Көрнекті жазушы-драматург С. Жүнісовтің драмалық шығармалары – 1970–1990 жылдардағы қазақ ұлттық драматургия жанрындағы замандас драмашылар пьесаларымен салыстыра қарастырғанда, тақырып жағынан да, идея жағынан да, бейне жасау, тартыс тудыру, мінез сомдау тұрғысынан да назар аударарлық, терең, мағыналы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы : ҚССРҒА, 1964.

2 Ә. Әбішев, Т. Жұртбаев. Кемелдік келбеті//Егемен Қазақстан, 1994, 18 маусым.

3 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы : Білім. 1998.

4 Нұрғалиев Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. – Алматы : Мектеп, 1979.

5 Жүнісов С. Қызым, саған айтам... – Алматы., Жалын. 1978.

КОМЕДИЯ ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

ШАПАУОВ Ә. Қ., МАЛИКОВА А. И., ТУРОВСКАЯ Е. И.
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

Драмалық шығармалар негізінен: трагедиялық, драмалық, комедиялық болып іштей жіктелгенімен, олардың әр қайсысының бойынан бірінің табиғаты танылып жатады. Комедияға қоятын талапты драма, трагедияға қоюға болмайды, оның жанрлық табиғатына сәйкес өзіндік ерекшелік, белгілері бар. Ал, драмада трагедия, комедияның элементтері жүретін болса, керісінше шығармаға өң беріп, ажарлап тұрады.

Комедия – драма жанрының негізгі бір түрі. Комедиялық шығарма – қоғамдағы келеңсіз, адам өміріндегі кереғар, жағымсыз әрекеттерді көрсету, сынау үшін және келешек ұрпақты осы қылықтардан сабақ ала отырып сақтау үшін күлкілі, әрі адамзатқа салмақ салар жағы бар көркем шығарма. Комедияның бірнеше тәсілмен дамитыны белгілі. Комедиялық шығарманың әр элементі күлкі тудыратындай болуы шарт. Нағыз комедия кейіпкерлерінің тіліне күлесіз, киген киіміне, қимылына, сөйлеген сөзіне, жауабына күлесіз. Комедияның табиғатына, зерттелуіне байланысты көптеген еңбектер бар [1].

Ал, қазақ ұлттық драматургиясында комедия алғашқы кезеңде М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, Ж. Шаниннің күлкі жанрына арналған шығармаларында көрініс болды. Совет заманында қазақ комедиясы шектеулі қалыпта дами түсті.

А. Байтұрсынұлы: «Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді: 1) мерт, яки әлектекті тартыс [трагедия], 2) сергелдең, яки азапты тартыс [драма], 3) арамтер, яки әурешілік [комедия]. Тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз құ тілді болса, қулықты деп аталады; қисыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады; сиқыр мазмұнды тартыс сиқырлы деп аталады...», – деп сараласа, Ә. Тәжібаев докторлық диссертациясында» [3, 127] қазақ комедиясының алғашқы нұсқаларын, ауыз әдебиетімен байланысын атап өтсе, Р. Нұрғалиев докторлық диссертациясында [4, 228] комедия жанрына арнайы тоқталып, сараптап: сатиралық комедия және лирикалық комедия деп ұлттық ерекшелік ыңғайына лайықтап, қорытындыға келеді, ал, Ж. Әбілов кандидаттық [5, 79], әрі докторлық диссертацияларында [6, 229] комедиядағы ұлттық ой-сана проблемасы мен мәңгүрттік проблемасының диалектикасын, халықтық түрін кеңінен қарастырады.

Комедия жанрының шарттарына жауап бере алатын алғашқы қазақ комедиографтары: Б. Майлин, Ж. Шаниндер ертеректе ел арасына тараған әзілге, қулық, күлкіге бөленген әңгімелердің желісін алып, өңдеп, жандандырып, тамаша сахналық туындылар тудыра білді. Ауыл арасында жүріп, кейіпкерлері де елмен қоян-қолтық араласа отырып, өз шығармаларын қойғанда, бұндай өнерді дала, қыр қазағы көре қоймағандықтан, әрі өздері таңның атысы, күннің батысы сауықшыл қазақ ауылдары жаппай тамашалап, демеп отырған. Ел өнерпаздары сол замандарда кәсіби театр жасады деп айтуға толық құқымыз бар.

Орыс әдебиеттанушы ғалымдарының өзінде комедия жанрының сан түрлері бар. Мысалы; С. Наровчатов шартты түрде: «сатирические, лирические, иронические, сентиментальные, романтические» [7, 248], – деп бөледі. В. Сахновский-Панкеев: «Комедия–счастливый жанр. Комедию любят все. Ведь ее непременный спутник – смех!» [8, 224], десе, Н. Н. Киселев: «Комедия – это не просто пьеса, содержащая элементы смешного, это драматическое пройзведение, в котором комическое выступает доминирующим эстетическим качеством, когда и содержание конфликта, и способ его воплощения, и образы главных героеев комичны» [9, 9], – деген нақты ой-пікірлер айтады.

Бейімбет Майлин – күлкінің шебері. Б. Майлин комедиялары бір актілі және көп актілі болып екіге бөлінеді. Комедия – Б. Майлин шығармашылығының басым бөлігі. Себебі, автор ғасыр басындағы тұрмысы төмен, қараңғылығы басым қазақ ауылдарындағы, елдің жаппай сауаттану кезіндегі күлкілі элементтердің негізінде болашақ шығармасына өмірлік басты желі ете алған. Әсіресе, қулығы басым молдасымақтардың айласы немесе «сауаттылықты жою» кезіндегі мұғалім алдына әйелдерін бергісі келмейтін ауылдың аңқау еркектерінің қылықтары, бозбала мен бойжеткендер арасындағы күлкілі эпизодтар т.б. іс-әрекеттерден тамаша сахналық туынды шығара білген. Бір ескерерлік Б. Майлиннің алдында қазақ драматургиясы тарихында үлгі аларлық дәл сондай деген сахналық өнердің болмағанына қарамай классикалық дүниелерді мұраға қалдырды.

Дәстүр жалғастығының көрінісі ретінде 1970–90 жылдар аралығындағы ұлттық драматургиямыздың белді комедияшылары қатарына: Қ. Мұқамеджанов, С. Адамбеков, С. Жүнісов т.б. жатқызуға болады.

Сәкен Жүнісов – комедия жанрына үш драмалық туындысын арнаған. «Қысылғаннан қыз болдық» атты музыкалық комедиясының басталу жүйесі, үлгісі Б. Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» (1928 ж) атты диалогке құрылған шағын өлеңімен жүйелес, тіпті

салыстыра қарасақ басқы жолдарына шейін сол үлгіге салған. Бұдан пьеса авторы С. Жүнісовтің қазақтың бір туар ұлы, ақын, драматургы, әңгіменің алдына жан салмас шебері Б. Майлиннің шығармашылық өнерін жалғастырғанын көреміз. Б. Майлин өлеңін «кеше», «бүгін» – деп екі кезең, екі заман ағымына құрса, С. Жүнісов комедиясының авансценасындағы шағын прологын осы шақ формасына, «бүгін» атты заман ағымына келтірген.

Б. Майлиннің «ЫбыраймыЗ, ЫбыраймЫн» (1928) атты диалогке құрылған шағын өлеңінде Ыбырай байдың заманындағы өктем дауысы, ісі мен совет заманы, конфискация тұсындағы өшіп бара жатқан кезеңін орынды суреттейді.

«Қысылғаннан қыз болдық» екі актілі пьесада драматург ұстанымы бойынша ондағы көтерілетін мәселе екеу болуы шарт. 1) Бірыңғай күлкіге арналуы қажет болса, 2) Күлкі астарында әлеуметтік, адами мәселе, адамзат трагедиясын мысқылға, сатиралық образдарға теліп, сынауы шарт.

Комедияның көтеретін мәселесі – совхоздағы мәдениет, көркем өнерпаздар үйірмесінің хал-жағдайы. Авансценасындағы директор мен белгісіз адам арасындағы диалогында д и р е к т о р д ы ң. «Тұрмысымыз ежелден дұрыс-ау, әттең, мәдениетіміз нашар аталып бюрода бұйраланып тұрмыз-ау!» – дегенінен бар сырды аңғаруға болады. Комедиядағы оқиғаға қатынасушылар құрамы, яғни көркем өнерпаздар үйірмесінің штаттық құрамы да күлкі тудырады. Бірде-бір кейіпкерлерінің өнерге деген бейімі, ыңғайы жоқ. Тіпті көркемдік жетекшісі – Жұматтың негізгі мамандығы - мал дәрігері.

Бірінші көріністегі оқиға бастамасы да күлкі тудыруға бейім тұр. Мысалы: «перде сырғып ашыла бере совхоз өнерпаздарының шағын ән-күй ансамблінің құрамындағылар ән салып жатыр. Өнерлілер құрамы: Алтынбек – милиционер; Айгүл – оқытушы; Майра – басбух, декреттегі әйел; Сәния - аспазшы, декреттегі әйел. Ансамбльдің қос жағында екі коляскада – сәбилер ұйықтап жатыр. Әнге қосылып сәбилердің шыр -шыр еткен жыласы, оған ашуланған «с о в х о з д и р е к т о р ы. Осындай жерге балаларыңды шулатып әкелуді қашан қоясыңдар! Ертең астанада сендерді тыңдай ма, балаларыңды тыңдай ма? – дегеніне д е к р е т т е г і ә й е л д е р. Енді қайда тастаймыз бұларды? Декретімізді де дұрыс пайдаланған жоқпыз» дегендерінен, комедиялық негізгі тартыс – директор мен совхоз жұмысшыларының арасында. Совхоз милиционері Алтынбек пен мал дәрігері Жұматтың арасындағы диалогтері де күлкілі жағдай жасай алады. Мысалы: Ж ұ м а т. Балаларды жаман үйретететін аналары. Қыңқ етсе болды,

қолақпандай шынының көмекейлете бастайды, – десе, А л т ы н б е к. Ер жеткенсоң бөтелкелерге бұлар үйір болмағанда, кім үйір болсын!

Драматург кейіпкер тіліне де зор мән берген. С ә н и я н ы татаршалатып: «Ғадетлөнбәсін дисәгіз, балалар бахшасын нигә ашмисыздар. Бахша ашылми деп, пәрзәнт кутәрмәймІз ба? Иари онда…», – дегенін ұлттық өрнек жасайды.

Д и р е к т о р. «Бала көтеру үшін менен рұқсат сұрайтын шығарсыңдар, жаман қатты. Бұлардың бала тапқышына не берерсің…», – деп, қалтасынан соска кигізген екі кішкентай шөлмек шығарып, – мә, аудандағы аптекадан зорға сұрап алдым, – деуі де еріксіз езу тартқызады. С. Жүнісов совхоз директорының бейнесіне терең комедиялық характер бітіріп, «ең арты балалардың еміздігіне» – дейін ойлайтынын (үйірмеден бөлек) тілге тиек етіп, күлкі тудыртып тұр.

Драматург С. Жүнісов бұл комедия да тек қана осы тақырып аясында ғана, күлкілі ситуацияларды ғана сөз етіп қана қоймай, қоғам, заман шындығын да қоса қабат беріп отырады. Мысалы: Сол кездегі елді жерде жұмыс жетпеушілік, кілең қартайған адамдар қалуы, туған ауылына жаны ашымайтын шенеуніктер т.б. қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді де тілге тиек етіп отырады.

Д и р е к т о р. «Қай жасың бар? Қазір жоғарғы оқу орнына түссеақ жастардың бірі орала ма елге? Елде де шаруа, жұмыс, былайша айтқанда, ел тағдыры күтіп тұр-ау, ауыл азаматы емеспіз бе дейтін қайсың бар? Бес жылғы оқу аздай, аспирантура, одан соң докторантура. Одан соң елге несіне келеді?… Жалпақов деген агрономның баласын бес жыл совхоз күшімен оқыттық. Оқуын бітірген соң «климат жарамайды» деген справка алып, астанада қалыпты».

С. Жүнісов бір кездегі совхоз мүлкін, байлығын бас мамандардың бас пайдасына пайдаланушылық әрекеттердің бетпердесін де ашып береді.

Өнер ұжымындағы адамдардың барлығында бір ұран – совхоздағы мәдениет мәселесі. Комедия соңында бар қиындыққа шыдаған совхоз коллективі мәдениетте ірі табысқа қолдары жетеді. С. Жүнісов комедияның эпилогын Бейімбет Майлин өлеңінің үлгісімен, дамыта отырып аяқтайды.

Сәкен Жүнісовтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад» атты екі бөлімді сатиралық комедиясы алғаш рет бойынша 1983 жылы Семей қаласындағы Абай атындағы музыкалы драма театрында режиссер Е. Обаевтың шеберлігімен жүзеге асты. Қарағанды драма театрында 1989 жылы, Павлодар қаласында Ж. Аймауытов атындағы

музыкалы драма театрында 1994 жылдың қаңтар айында белгілі өнер қайраткері Е. Тәпеновтың режиссерлығымен сәтті жалғасын тапты. Ал М. О. Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылып, ертеңінде «Орталық Комитеттің» тарапынан нұсқау беріліп, театр репертуарынан алынып тасталды. Ол жөнінде белгілі театр, драматургия сыншы Ә. Сығаев: «Әуезов театры сахнасында небәрі бірақ рет көрсетілген «Кроссворд…» Орталық Комитеттің нұсқауымен суырмаға қалай сып бергенін білмей де қалды. Хайуандардан да бетер, мақұлықтан ары тұрған адам-азғындардың сұрқия сүлдесін Маймыл, Түлкі, Қасқырдың кейпінде маска арқылы күлкілі көрсететін драмашының асқан шеберлігі әлдекімдердің шамына тиді. Қайсыбіреулер сахнадан өздерін танып жатты. Кейбіреулер бір-біріне күдікпен қарай бастады» [10, 78], – деп әділ бағасын берген. «Кроссворд…» пьесасы турасында баспасөз беттерінде ғалым, сыншылар қауымынан әртүрлі пікірлер болды [11].

Пьесаның бірінші көрінісіндегі оқиға бір қалалық мекеме бөлімнің бастығы Орынбасар Амировичтің есігіне кіру үшін телміріп отырған қарапайым адамдар өкілдері. Бастықтың қоңырауы шылдыр еткенде секретарь әйел Зоя ішке еніп, жылдам қайта шығып сырттағыларға: «Махаббаттың алғашқы белгісі не?» деп кіруге зарығып отырғандарға сауал тастайды. Іле-шала Зоя. «Ал, кім тез табады (күліп), соны Орынбасар Амирович қабылдайды», – дегенінен-ақ іштегі бастықтың жұмыс уақытында ерігіп, кроссвордты ермек қылып, қарапайым халықты елемей отырғанынан қандай адам екенін сездіртеді. Бастықтың бұл қылығына шыдай алмаған жасы егде тарта бастаған Б а қ а й. Бұны бізден неге сұрайды? Сонда моральдық жағымызды тексеру ме? «– дегеніне музыкант-педагог М ұ р а т. Жоқ аға. Бұл – кроссворд, сөз жұмбақ, кейбір адамдардың осындай хоббиі болады. Қайтесіз, білгендерімізді айта берейік», – деп кейістік білдіріп отыра береді. Екінші көріністегі оқиға -Орынбасар Амировичке масхана бастығы Хайдаров мұңын шағып отырумен басталады. Өзі 34 жыл адал еңбек етіп келе жатса да шені әлі күнге дейін «капитан», ал өз тұстастарының алды «генерал», «полковник» болып жатқанын арасында тілге тиек етіп қояды. Осы көріністен іле-шала пьесадағы қақтығыс, тартыс өрбіп кете барады. Бұл – шығармадағы алғашқы тартыс, қақтығыстардың басы. Бастық бірге өскен тел құрбысы Хайдаровты біріншіден, мәдениетсізсің, есікті қағып кірмедің, екіншіден, өзінің биік қызметін бетіне басып, айқайламай сөйле, жұмысың болса тез айттың, – астына ала береді.

«О р ы н б а с а р. Ал, естісең сол, сені майорлыққа қалалық милиция бөлімі биыл да ұсынған екен, мен биыл да сызып тастадым. Қарсымын !

Х а й д а р о в. Қарсымын, неге ?

О р ы н б а с а р. Званияңды көтеретіндей соңғы 15 жылда ерекше еңбегің жоқ.

Х а й д а р о в. Оу, вытрезвительдің начальнигінде не еңбек болуы керек көзге түсерлік.? Немене мен гектарына 15 центнердің орнына 20 центнер астық оратын диқанмын ба немесе бір сиырдан пәлен литр сүт сауып жоспарды асыра орындайтын сауыншымын ба? – деп екеуара талас-тартыс диалогы әр әңгіменің басын қозғап айтысып отырады. Яғни, О р ы н б а с а р: «Медвытрезвитель жоспар орындамайтынын, сендер сол алқаштармен ауыз жаласып, тіпті пара аласыңдар», – деп жапқан жаласына шыдай алмаған Х а й д а р о в (жүрегін басып, қиналып). Сонда біз маскүнемдерден, бичтерден пара алмақпыз ба.? О-oh! Қисын жоқ қой, қисын… Сонда… менің… парақор…ұры…болғаным ба?…Дәлел»

Хайдаров ашуын «ішіне» бүге қойып, өзінің басты шаруасы – жаңа жылға құрдастарын қонаққа шақырып жатқанын, телефон арқылы өзіңдей үлкен адамды шақыруға ұят санап, ауызба-ауыз айтуды жөн деп тапқанын айтып Орынбасарды көндіреді. Креслоға біржола үйреніп алған Орынбасар өзіне-өзі Хайдаров шығысымен. «Ұсталмаған ұры». Көрейік бүгін тұрмысыңды да, қызметтегі қылмысыңды да. Шынында да осыларды тым еркінсітіп жібердік. Бүгін бір тексеріп көрейінші» – деп күпті көңіліне медеу тапқандай болып масайрайды.

Келесі көріністегі оқиғада – айықтырғыштағы тіршілік әрекеті жүріп жатады. Масхана медбибісі мен шомбал қара милиция қызметкері күнделікті, жаттанды рәсімдерін жасап, қабылдап жатыр. Хайдаров үйінен «тойып» шыққан жаңа жылды ерте қарсы алушылар «түнгі көбелектей» айықтырғышқа топырлап кезек-кезегімен түсе бастайды. Алғашқы болып Бақай-почтальон түседі.

С. Жүнісов ойының әдеттегіден тың шешімі – айықтырғышқа түсушілерге өмірдегі табиғатына сәйкес бір-бір «аңдық маска« кигізіп, арнайы салқын бөлмелерге қаматады. Драматург мақсаты – өмірдің бұралаң жолын, ішіп-жеу, халық үстінен күн көру, жағыну, өтірік қылымсу, арандату, басыну т.б. қаракеттердің бетін ашу, алдын алу. Пьесаның өміршеңдік негізгі мәні де осы.

Айықтырғышқа келіп түскен «клиенттерге» табиғатына сәйкес бір-бір маска кигізеді: Бақай – «қоян», Симулянский – «түлкі», Ашот

– «борсық», Бөрібай – «қасқыр», Фарид – «есек», Олег Николаевич – «мысық», Мұрат – «маймыл».

Жаңа жыл алдында «қызу жұмысты» бір тексеріп шықпақшы болған бастық Орынбасар Амировичтің де масханаға тап болуы – тосын, ерекше жағдай. Үстінде қызмет киімі болғанымен қалтасында еш құжаты жоқ, шомбал қара милиционерге өзін мойындата алмай (себебі, ешқашанда қызмет бабымен жұмыс орнын араламайтын, кабинетіне ешкімді қабылдамайтын тоң мойын) алдыңғылардың соңын алып, «арыстан« маскасына ие болып қатарға қосылады.

Драматург С. Жүнісов комедиялық шығармасының оқиғасын күлкілі, ащы мысқыл тартысқа құрып, жаңа жыл қарсаңында «маскарад» ұйымдастырып, көрерменінің, қалың қауымның жүрегіне жылы жол тауып, оқиға тартысын, персонаждар әрекеттерін қоюлатып, бүкпесіз шындықты, өмірдегі шын келбеттерін, сиықтарынан хабар бергізу үшін, «бет перделерін» жауып бір-біріне өз аттарынан сырларын айтқызатын тың амал ойлап тапқан.

С. Жүнісов кеңес заманында халық атынан ішіп-жеушілердің, әлеуметтік теңсіздік, қызметін жеке басына пайдаланушылардың шын портретін сескенбей сахналаған. Пьесаның бірінші бөлімі – кейіпкерлердің кезек-кезегімен маска киюлерімен аяқталады. Шығарманың экспозициясы да толық ашылады.

Екінші бөлімдегі оқиға айықтырғыш ішінде жалғасады. Оқиға тартысы да қыза түседі. Ақ төсектің үстінде жатқан «мастар». Аңдар арасындағы басты әңгіме – «қоғамда кім жегіш», – деп даурығысып, бәрі «Орынбасар Амирович» деп бас салысады. Аңдардың біреулері қорғаса, біреулері керісінше жегіштігін дәлелдегенсіп, өздерінше айыптайды. Аңдар айтысы басталады да кетеді. Пьеса шындығы көзімен қарағанда, аңдар өмірдегі өздерін танымай, тіршіліктегі келеңсіздік атаулыны ортаға салады. Араларында тек қана қу түлкі Арыстан (Орынбасар) кіріп келгенде де жазбай танып, астыүстіне түсіп «үлкен адам», байқап сөйлеңдер деп!, – жылмаңдай отырысады.«Аңдар» өмірінен мысалдар келтірейік:

М а й м ы л. Пой-пой! Пой-пой! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай! А р ы с т а н. Айуаның не, ей?

М а й м ы л. Айуан деген мына сен – Арыстан, сен – Қасқыр, сен – Түлкі, сен – Борсық. Ал, өттерің жарылып кетсе де! …

А р ы с т а н. Ішкен екенсің, жұртқа ұрынбай жайыңа тұр, көргенсіз!, – деп қай жерде де Арыстанның кеуде көтермек пиғылы қалмайды.

Драматург С. Жүнісов әр айуанның ішкі жан дүниесінен де сыр оқытады. Мысалы, «Қоян« (Бақай) – қалалы жерде көп уақыттан бері адал еңбегімен почтальон., 14 баласымен 4 бөлмелі үйде тұратын ішкіш. Бір ғажабы қалалық үлкен мекеменің меңгерушісі Орынбасар Амировичпен көрші.

Түнгі қонақ -Мысық (Олег Николаевич) -өмірдегі негізгі қызметі-студент, болашақ журналист. Қаладағы қонақ үйлерде орын болмай (шынында олардың тілін таба алмай), түнеп шығар жер іздеп жүріп, ақыры амалы таусылып «масханаға «келеді. Басында шомбал қара милиционер өз аяғымен келген бейбаққа таң қалып «аузыңнан арақ исі шықпайды деп», оның «далада үсіп өлемін ғой, қонып шығайын», – дегеніне құлақ аспай қуып шығады. Түнгі қонақ көп ойланбай ішіп келіп «заңды қонақ» болып рәсімімен қабылданады.

Маймыл (Мұрат) – музыкант-педагог, үйленбеген, үйсіз-күйсіз, тұрмыстың ауыртпашылығы әбден езіп жіберген бейбақ жан. Айықтырғыш өзінің айтуынша тұрақты мекені, демалыс орны. Алғаш кіріп келгенде м а й м ы л (Мұрат). «Пой-пой! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай!» – деп барлығына бір-бір тиісіп өтуінде үлкен сыр бар. Тіпті мына эпизод езу жиғызбайды. «Айуандар» – деген сөзге намыстанып қалған Арыстанды (Орынбасар), Түлкіні (Симулянский) былай деп жақсы қатырады. М а й м ы л (Мұрат). «Биыл жазда курортқа келген бір профессор осында түсіп қалды. Сол айтады: «Адамдарды өлім ғана теңейді», – деуші еді бұрынғылар, ал бұл кезде «Адамдарды вытрезвитель теңейді», – дейді. Так што, айғайлама, жолдас арыстан! Сен түгілі профессордың өзі де мына бізбен тең сөйлескен, әттең ондай кісілігі бар адамдар енді түсер деймісің!» – дегенінде ұлт, ұрпақ арына бататын сөз бар.

Маймыл (Мұрат) айықтырғышта күнде жататын үйі болғандықтан да оның үйреншікті орны, төсегі, аяғына киетін тәпішкесіне дейін бар, сол үшін қасындағылармен сөзге келуінде де ащы мысқыл, ауыр ой, салмақ бар. С. Жүнісов Мұрат бейнесі арқылы өмірдегі музыкант, педагогтардың көпшілігінің үйсіз-күйсіз, айлығы тамағына әрең жететін халдерін комедиялық шығармасына арқау етіп, кеңес үкіметі заманында құпия, бәрі жақсы делініп келген тұсында да ашық айтып, шындығын әшкерелеп береді.

Арыстан (Орынбасар) – айықтырғышқа ойламаған жерден келіп түседі. Орынбасар Амирович өмір тұрмысынан кабинетінде төрт қабырғаға қарап артта қалғанын бір түннің ішінде сезінеді, күйінеді, еріксіз қатты ойға шомады. Пьесаның әлеуметтік мәні де осында. Бастықтың тоң мойыны әбден сіресіп қалғаны сонша, жар бере

қоймайды. «Ә» дегенде аңдар айтыс-тартыс диалогтарындағы негізгі әңгіме арқауы «қоғамда, өмірде, осы кім жегіш, ішкіш, пайдакүнем» дегенде, барлық аңдар бір ауыздан шу етіп «Орынбасар Амирович» деп даурығысады. Оған арыстан кейпіндегі Орынбасар өзінің табиғи қалпына түсіп кеткенін білмей шыр-пыр болады да қалады.

Пьеса шарықтау шегіне жетіп, «маскалы аңдар» сырласуынан шындықтың беті ашылып, осы болып жатқан, кеткен ақауларға «кім кінәлі« деген заңды сауалға тұспалмен, жобамен жауап алғандай болған сәтте айықтырғыш бастығы, капитан Хайдаров үйінде ұйықтап жатып, небір ауыр түс көріп, сандырақтап оянады. Күйеуінің жанайқайына ас үйден жүгіре басып келген әйелін көргенде одан бетер ыршып кетеді. Сөйтсе ұйқылы-ояу күйінде әйелі қолындағы нан жаятын оқтау – дубинка ұстаған милиционер болып көзіне елестейді. Жөніне енді келген капитан өз қонақтарының түгелдей айықтырғышқа түскені – тәтті түсіндегі қиялы екеніне қатты қуанып кетеді.

«Кроссворд немесе әзіл маскарад» атты екі бөлімді сатиралық комедияның көтерген мәселесі – бүгінгі өмірдегі шындық. Қазіргі заманда да айықтырғыштағы оқиға барысы осы сатиралық туындының айналасында. Драматург С. Жүнісов еліміздегі індет – маскүнемдіктің, халық басындағы трагедиялық халдің бетпердесін ашып, көрсетеді. Пьеса авторы көптеген жағдайлардан шетпұшпақтап, ишара тастап, “ойлан, ұрпақ” ұранын да қатар көтеріп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фильдинг Г. Комедия. М., 1954. В. Андре. Бесчеловечная комедия (О Бальзаке). М. : 1967. Фролов. О советской комедии. М. :, 1954. Судьбы жанров драматургии. М :, 1957. В. Сахновский-Панкеев. О комедии. М. :, 1964. В. Волькенштейн. Драматургия.. М. :, 1969. Ю. Манн. Комедия Гоголя «Ревизор «.М :, 1966. Н. Н. Киселев. Проблема русской советской комедий. Т.:, 1974., И. Л. Вишневская. Гоголь и его комедии. М : 1976., Вишневская. Комедия на орбите. М :, 1979. А. Журавлева. А. Н. Островский - комедиограф. М :, 1981.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол. А : 1991. /Құраст. Р. Нұрғалиев/

3 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы: Филол. ғыл. докторы ғыл.дәреж.алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1970.

4 Нұрғалиев Р. Қазақ драматургиясының жанрлық проблемалары: Филол.ғыл. докторы ғылыми дәреж. Алу үшін жазылған диссертация. Алматы. 1982.

5 Әбілов Ж. Қ. Мұқамтежанов драматургиясы: Филол.ғыл. канд...дисс. А., 1995.

6 Әбілов Ж. Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері. ф.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы. 2001.

7 Наровчатов С. Необычное литературоведение. М : Дет.лит. 1981.

8 Сахновский-Панкеев В. О комедии. Л-М : Искусство. 1964.

9 Н. Н. Киселев. Проблемы русской советской комедий 20-30-х годов. Автореферат на соис.уч.степ.докт.филол.наук. Москва. 1973.

10 Сығаев Ә. Өмірдің өз шындығы // «Қазақ әдебиеті» 4.02.1994.

11 Сапаев Ғ. Масханадағы маскарад //«Семей таңы» газеті, 6.03,1998 ж, С. Алпысов. Айықтырғыштағы ағайындар //«Орталық Қазақстан» газеті, 19.01.1989. М. Құрманғалиұлы. Мыйтрезвитель//«Сарыарқа самалы» газеті, 12198,. 1994 .

ПРОФЕССОР ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ – ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ

ШАПАУОВ Ә. Қ., ТУРОВСКАЯ Е. И.,
МАЛИКОВА А. И., ҚАБЫКЕН М.
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

«Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы», – деп ой түйген XX ғасыр басындағы алаш ұранды азамат, мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасов.

Қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелетін поэзия, проза, драматургия жанрлары сияқты әдебиет сынының да туу, қалыптасу, даму тарихы белгілі нысанаға алып зерттеледі. Сынның дәрежесі көркем әдебиеттің маңыздылығымен өлшенетіні ақиқат.

Кешегі кеңестік саясат заманында қазақтың түп тарихы, тегі, тілі туралы ашық та батыл мәселе көтерген зерттеулер авторы «ұлтшыл» атанғаны тарихтан белгілі. Мысалы, ғұлама тарихшы ғалым Е. Бекмахановтың XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы қазақ тарихына қатысты монографиясы, М. Ақынжановтың қазақ тегіне байланысты, Е. Ысмайыловтың, Б. Кенжебаевтің, Р. Бердібаевтің, Т. Кәкішевтің ұлттық мәдениет, қазақ тілі жайындағы пікірлерінен «ұлтшылдық» астар, көзқарастағы қателіктер табылды.

Бүгінгі заманда әдебиеттану ғылымындағы сын саласы тарихи, методологиялық, фактографиялық жүйе бойынша тереңдетіле зерттелу үстінде. Көркем әдебиет әдеби сынға, әдеби сынның – көркем әдебиетке ықпалы ерекше.

Академик Қ. Жұмалиев: «Сын – әдебиет туралы ғылымның бір түрі», – десе, ғалым С. Қирабаев: «Сынның әдебиет жанрларының бірі екені, ал сыншының да жазушы екені әдетте еш дау тудырмайды», ал профессор Д. Ысқақ: «Сынның тағдыры қиын да күрделі. Сынның табиғатының күрделілігі оның әдеби, ғылыми, публицистикалық, жалпы әлеуметтік – мәдени сипаттарынан айқын көрінеді» деген пікірлері шындық. Әдеби сынды ғылым деп А. Пушкиннен бастап орыс ғалымдары Т. Щукина, А. Иезуитов, В. Хализев, Ф. Головенченко т.б., еңбектерінде атап өтеді.

Ғалым Тұрсынбек Кәкішев есімі ұлттық руханиятымыздың көрнекті өкілі ретінде Республикамызда ғана емес, алыс және жақын шетелдерге де есімі мәшһүр есім. Туған ел мен өскен жердің тарихын тану мен зерделеу – әрбір перзенттің, ұлттың кемелділік деңгейін айқындайтыны белгі. Ұлттың ұлылығы – тілі мен діли, салты мен дәстүрі, дүниетанымдық көзқарасы бірыңғай қалыптасқан бір жұрттың қастерлі ортақ ұясы болуында.

Қазақ халқы өзінің қалыптасу барысында неше түрлі күрделі кезеңдер мен оқиғаларды бастан кешіп, біртұтас ел болу жолынан өтті. Елін, жерін қорғай жүріп, тұрмысы мен өмір салтын бейнелейтіндей материалдық және рухани мәдениет жасады. Әрбір ұрпақ сол игіліктерді сақтау мен қорғауды перзенттік парыз ретінде қабылдауға тиіс. Себебі бүгінгі мәдениет деп аталған көне мұралар ата-бабалардан қалған көз ғана емес, сонымен бірге елдік санамызға ой салып тұратын қасиетті жәдігерлер ретінде қымбат.

Т. Кәкішұлы әуел баста орта мектепті аяқтасымен Ақмола облыстық қазақ драма театрының актері ретінде өнер шеберханасынан тәжірибе жинап сусындап, туа біткен мінезін шыңдай түседі. Университеттегі білім оқу жолымен қоса, газетте журналистік, Қазақтың мемлекеттік оқу – педагогика баспасында аға редактор міндеттерін қоса ақтарған.

Ғылыми жолын қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірін (1917–1929 ж.ж. ғылыми жетекшісі профессор Е. Ысмайылов) зерттеуден бастаса, кейін қазақ әдеби сынының туу және қалыптасу жолдарын түбегейлі зерттеумен күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Әдебиеттанушы, сыншы ретінде қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған сыни еңбектер мен

рецензиялары 1955 жылдан жариялана бастаған. Сыншылықты ғылыми – зерттеушілікпен ұштастырып, ұлттық әдебиеттану ғылымы саласындағы көрнекті ғалымдардың қатарына қосылды. Бүгінгі күнге дейін бірнеше әдеби – сыны, ғылыми мақалалары мен зерттеу кітаптары жарық көрді. Ондаған ғылым докторлары мен кандидаттары елімізде және туыстас халықтар өкілдеріне жетекшілік жасады, бағыт берді. Әдеби –сын және зерттеулері ішінен ғалымның Ж.Тілепбергенов, Ш. Иманбаева, Е. Бекенов, С. Сейфуллин, С. Шәріпов, Ж. Саин, Ғ. Тоғжанов, Ж. Сыздықов, Қ. Тайшықов, М. Кәшімов т.б. тұлғалар туралы белгілі-белгісізрухани өмір жолдары, өнегелі істері мен еңбек жолдарын жаңғыртты, ғылыми нысанаға айналдырды.

Академик Т. Кәкішев – әдебиетіміздің белгілі суреткерлер шығармашылығын монографиялық жүйеде зерттеуші ғалым. Ол Жиенғали Тілепбергеновтың, Шолпан Иманбаева, Саттар Ерубаев, Сабыр Шәріпов, Сәкен Сейфуллин, ғұмырнамалары мен шығармашылық табыстарын талдап, ғылыми айналымға және шығармалар жинағын құрастырып, баспадан шығарды.

Ғалым еңбектерінің ішінен, оның С.Сейфуллин «Сын сапары», «Мағжан-Сәкен», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (2 том) атты зерттеуін ерекше бөліп айтуға болады. Алғаш рет жоғары оқу орындары еңбектеріне арналған оқулық ретінде де оқу үрдісінде зор сұраныс тудырды.

ХХ ғасырдың басында дүниеге келіп, басқа халықтардың тарихымен салыстыра қарағанда, аз ғана уақыттың ішінде әлемдік деңгейде дамып үлгерген қазақ ұлттық әдебиеттану ғылымының даму жолы күрделі. Аталған жанрдың ұлттық топырақта өркен жаюына жекелеген тұлғалардың қосқан үлесін салмақтай отырып, бұл өнердің бүгінгі таңдағы мәселелерінің уақыт талабына орайластыра бағамдап, ғылыми тұрғыдан бағалап отыру әдебиеттанушылардың, зерттеушілердің назарынан тыс қалмауы тиіс. Осы істің үлкен жолында ғалым Т. Кәкішев – зерттеушілік, рухани мұра тануда шын жанашыр, шәкірт тәрбиелеу ісінде өнегелі істерімен, қол ұшын беруге, адамгершілігі жоғары азамат.

«Сын жанры – жалғыз қазақ әдебиетінде ғана емес, басқа әдебиеттерде де, барынша өз зерттелген творчестволық сала. Әсіресе, оның теориясы, методологиялық негіздері жайындағы ой – пікірлерде нақтылықтан гөрі жалпылық басым», – деп жазған профессор Тұрсынбек Кәкішұлына алдағы уақытта да ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз.

8 Секция. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы көптілділіктің маңызы
8 Секция. Роль полиязычия в межкультурной коммуникации

ҮШ ТІЛДІ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

АБИШЕВА Р. Т.
ағылшын тілі пәнінің оқытушысы,
Павлодар техника-экономикалық колледжі, Павлодар қ.
КАРИМЖАНОВА Р. Б.
қазақ тілі пәнінің оқытушысы,
Павлодар техника-экономикалық колледжі, Павлодар қ.
УМАРОВА Г. К.
қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Павлодар гуманитарлық колледжі, Павлодар қ.
ЖАКИЯНОВА А. К.
қазақ тілі пәнінің оқытушысы,
Павлодар техника-экономикалық колледжі, Павлодар қ.

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дарып қалыптасады. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі – ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра.

Тәуелсіздік алғалы еңсесін тіктеп, күретамырын тереңнен бойлаған төл тіл.

ХХ ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшыларының бірі болған өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.» – деп айтқан еді. Қазіргі таңда мемлекеттік тіл туралы оңды қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр. Тіпті Отанымызда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің де мемлекеттік тілді меңгеруге деген құлшынысы күннен-күнге арта түсуде.

Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда

қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жарық жағылып тұратыны белгілі.

Дана халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі заманымыздың талабы. Тарихи деректерге жүгінсек, әлемде Аристотелден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білген, өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл. білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып кеткендігі анық [3].

Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иеленіп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық.

Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деген болатын.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Ата Заңында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп, сонымен қатар орыс тілін ресми тіл ретінде бекітті. Оның негізгі мақсаты ретінде ұлтаралық тұтастықты сақтау, қоғамның тілдік ортасын дисфункцияға ұшыратпау болған еді. Сондықтан да орыс тілі достық пен бейбітшіліктің, этносаралық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие болды. Қазірдің өзінде жаһандану үрдісі етек алған заманда халықаралық байланыс құралы және халықаралық экономика, халықаралық білім беру тілі – ағылшын тілін білмей әлеуметтік-экономикалық кеңістікке ену мүмкін емес. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының кең мағынада тарихи даму процесімен шартталған. Ең басты әлемдік коммуникациялық кеңістік – Интернетте барлық ақпараттың 80 % ағылшын тілінде ұсынылады [1].

Үш тілді меңгеру, білу – бұл еліміздің болашағы үшін керек нәрсе. Мемелекеттік тілмен қатар ағылшын, орыс тілдерін білетін, өз мамандығының нағыз іскерлері болатын азаматтар елімізге қажет. Сондықтан қазіргі таңда мектептерде шет тілін бастауыш сыныптардан, тіпті балабақшадан бастап оқыту енгізілуде. Себебі, ағылшын тіліне ерте жастан оқытудың тілді жақсы әрі еркін меңгеруге тигізер әсері мол. Көпжылдық зерттеу көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың тілдік дамуын реттейді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге және құрметтеуге үйретеді. Ғалымдардың

зерттеулері көрсеткендей, үлкен адамға қарағанда кішкентай бала ағылшын тілін тез меңгереді. Дегенмен, сол көптілділік іргетасы ана тілден қалануы керек. Мысалы, жапондар секілді. Олар баласын қашан жапон тілінде дұрыс сөйлей білгенше өз тілінде оқытып, үйретіп, содан кейін ғана барып басқа тілді білуге ден қоя бастайтын көрінеді.

«Әрбір тіл өзінің халқы үшін Ұлы», – деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл-ұлттың тірегі. Ол жан-дүниеңді ашып көрсететін мөлдір айнаң.Тіл жоғалса-ұлт жоғалатыны белгілі.

Қазіргі заманғы мектептердің басты мақсаттарының бірі өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты, жаһандану құндылықтарына бейімдеу, балалар мен жеткіншектердің көрші елдер мәдениетінің өкілдерімен дүниежүзілік кеңістікте өзара әрекет жасасуына деген шеберліктерін қалыптастыру. Оқытушылар мен оқушылардың алдында тұрған басты мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, өз елінің тарихы мен салт-дәстүрін білетін, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге талпынатын тұлғаны дамыту [2, с. 218].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020-шы жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көп тілді білімі бар педагогикалық кадрларды даярлау іске асырылуда. Оны жүзеге асыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында базалық пәндер циклында шетел тілінен сағаттар санын арттыру және оқудың типтік бағдарламаларында өзгерістер енгізу арқылы жүргізіліп жатыр, әсіресе, пәнді үш тілде оқытатын педагогикалық кадрларды дайындауға байланысты [1].

Көптілді білім беруді іске асыру үш тілде оқытуға байланысты кадрмен қамтамасыз ету сияқты бірқатар проблемаларды шешуді талап етеді, соның ішінде жаратылыстану-математика циклдерінің пәндерін (физика, биология, география, математика, химия, информатика) ағылшын тілдерінде оқытатын мамандардың жетіспеушілігі. Осы проблеманы шешу мақсатында аталған пәндердің оқытушыларын колледж ішіндегі тіл үйрету курстарында оқыту жоспарлануда.

Сонымен көпұлтты Қазақстан жағдайында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды фактор. Тілдердің үштұғырлығы идеясы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін құруға және дамытуға бағытталған ұлттық идеологияның бөлігі болып табылады [1].

Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдік бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақиқат. 2013 ж. № 1 «Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050 бағдарламасы»// инетернет желісінен.

2 Саяси әлеуметтік модернизация жағдайындағы Қазақстан// Казахстанская правда – 2012 № 218-219-10 шілде.

3 Аталы сөз. Жарықбаев Қ. – Алматы : Жалын, 1980.

ПОЛИЯЗЫЧИЕ, КАК НЕОБХОДИМОСТЬ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

БОНДАРЕВА Д. О.
студент, Павлодарский высший колледж управления, г. Павлодар
НЕФТИСОВА Е. К.
магистр, преподаватель русского языка и литературы, Павлодарский высший колледж управления, г. Павлодар

Каждый день человек сталкивается с огромным потоком информации, которую нужно отфильтровать и усвоить. Современному человеку необходимо быть коммуникабельным. Чтобы всегда оставаться в курсе дела и знать, что актуально на сегодняшний день, для этого надо знать несколько языков. Полиязычие позволяет каждому из нас с лёгкостью работать с представителями других культур, обмениваться идеями и предоставляет возможность для культурного обмена.

Термины «полиязычие», «многоязычие», «глобализация» стали наиболее часто встречаться в подходе к изучению иностранного языка. В странах Европейского союза широкое распространение получил принцип полиязычности. Европейцы придерживаются такого правила: «Каждый из нас говорит на своем родном языке, но мы понимаем друг друга». В качестве примера можно привести следующие страны: Финляндия, где в качестве второго официального языка принят шведский, на котором говорит 6 % населения всей страны; Южный Тироль, здесь на равных правах существуют три языка: немецкий, итальянский и государственный французский.

Развитие полиязычия позволяет сделать конкурентоспособными, как страну, так и её граждан. Оно позволяет нам развиваться и дальше, в ходе глобализации.

Основным проектом, направленным на развитие полиязычия в Республике Казахстан является культурный проект «Триединство языков».

«Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык – государственный язык, русский язык как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1, с. 25–26].

В рамках реализации этого проекта нововведения в первую очередь коснулись системы образования. На данный момент во всех учебных заведениях внедряют полиязычие.

«Разработка методологии предполагает введение единых стандартов владения и обучения государственному языку. Предлагаемая шестиуровневая система владения языком основана на европейском опыте, где уровни A1-A2 предполагают элементарное владение языком, уровни B1-B2 – самостоятельное владение и уровни C1-C2 – экспертное владение государственным языком. Ключевым моментом является внедрение этих стандартов в систему образования на всех уровнях – дошкольном, школьном, высшем и послевузовском. Процесс овладения государственным языком должен сопровождать каждого казахстанца на протяжении всей учебы» [2]. Для успешной реализации этого проекта используются новые подходы в образовании, развиваются программы по повышению квалификации преподавателей. Внедряется новая система оценки знаний. Это позволяет значительно усилить систему образования. Создаются различные экспериментальные программы. Поскольку происходит интеграция и учебных предметов, то полиязычие свойственно не только языковым урокам. Постепенно преподавание ведётся на нескольких языках.

В основном, данный проект рассчитан на молодежь Казахстана, поэтому для его эффективной реализации необходимо использование современных технологий и средств массовой информации.

«Основными инструментами поставленных задач станут формирование престижного образа носителя государственного языка, популяризация государственного языка как семейной ценности, закрепление позитивных образов в общественном сознании через механизмы политических и PR-технологий. Также предусмотрен специальный блок работы по нейтрализации негативных стереотипов

в вопросах языковой политики и формированию механизмов общественного порицания. Вторым направлением в достижении поставленной цели является расширение сферы применения государственного языка, интеграция во все сферы жизнедеятельности общества. Ключевой акцент в данном направлении сделан на усилении роли СМИ в формировании языковой среды через создание теле- и радиоканалов, вещающих на государственном языке. Необходимо расширить детский и молодежный казахоязычный контент, активнее использовать потенциал медийной сферы в организации процесса обучения государственному языку. Нужно как можно больше обучающих фильмов, цикловых передач, реалити-шоу с элементами изучения государственного языка» [2].

«Цель поликультурного и полиязычного образования заключается в формировании человека, способного к активной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающего развитым чувством понимания и уважения других культур, умением жить в мире и согласии с людьми разных национальностей, рас и вероисповеданий. Развитие полиязыкового сознания личности – это алгоритм развития речи, мысленная, устная и письменная коммуникация. Поликультурная личность – это личность, воспринимающая себя в качестве субъекта полилога культур, имеющая активную жизненную позицию, обладающая развитым чувством эмпатии и толерантности, эмоциональной устойчивостью, умением жить в мире и согласии с представителями разных культурных групп, способная к успешному самоопределению и продуктивной профессиональной деятельности в условиях культурного многообразия общества» [3, с. 115].

Политика трёхъязычия не только позволяет воспитать высококвалифицированных, конкурентоспособных специалистов, но и позволяет поддерживать дружественные отношения между представителями различных этносов. Поскольку изучение языка подразумевает и изучение его культуры и традиций.

В условиях глобальной интеграции всех сфер жизни человека и культур возникает ещё одна проблема. Это утеря национальной идентичности.

«Возможно, мы и наша молодежь обращаемся к размышлениям об идентичности именно потому, что мировые войны показали: прославление псевдовидов может привести к гибели всего человечества как вида, поэтому до создания универсальной технологии необходимо сформировать универсальную человеческую идентичность. Именно она объединит часть

большинства и меньшинства нашей молодежи в одно целое. Но это же подвергнет все типы идентичностей смертельной угрозе. Люди «с предрассудками» смогут начать смертельную войну в их защиту, а новые нации и даже те древние, чья «новая» национальная идентичность окажется под угрозой, вполне могут замедлить и поставить под вопрос общемировую» [4, с. 344].

Если изучить работу Э. Эриксона на эту тему, то можно сделать вывод, что национальная идентичность играет очень важную роль в сохранении мира и согласия. Именно знание своей культуры, как основной и нескольких других позволит избежать войны и не подвергать чью-либо национальную идентичность угрозе. Это, в свою очередь, позволит, каждому народу сохранить свою уникальную историю и традиции. Каждому человеку важно представлять себя, и как часть отдельной культуры и, как часть общемировой культуры. То есть политика полиязычия не позволяет создавать почву для межнациональных конфликтов.

Можно сделать вывод, что развитие политики трехъязычия в условиях современного мира является необходимым шагом, который показывает Казахстан, как сильное государство, которое легко адаптируется в условиях глобализации, и открывает перед ним новые возможности, а также позволяет избежать появления конфликтов.

Современный гражданин Казахстана – это поликультурная личность, которая с пониманием и уважением относится к другим народам и их культуре. Это позволяет нам укрепить свою позицию на мировой арене и зарекомендовать себя, как современное, развивающееся государство. Даёт нам возможность сохранить национальную идентичность в условиях мировой интеграции культур.

ЛИТЕРАТУРА

1 Назарбаев Н. А. Послание Президента народу Казахстана // Новый Казахстан в новом мире. – 2007. С. 25–26.

2 Государственная программа развития и функционирования языков на 2011–2020 годы.

3 Ганюкова А. А., Тулеубаева Ш. К., Бекжигитова З. С. Полиязычие как основа формирования поликультурной личности. – 2015. С. 115–117.

4 Эриксон Э. 77 Идентичность: юность и кризис: Пер. с англ. / Общ. ред. и предисл. Толстых А. В. – М. : Издательская группа «Прогресс», 1996. С. 344–345.

РОЛЬ МЕТАФОР В АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

ГАСЫМОВА Т. Г.
преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Средства экспрессии и то как именно их переводить издавна приковывает интерес ученых-лингвистов, а также до сих пор является недостаточно проработанной. Огромный интерес изучения образных средств обусловлена потребностью соответственной передачи образных сведений художественного произведения на принимающий язык, воссоздания стилистического эффекта оригинала в переводе.

Одним из важнейших средств выражения экспрессии является метафора. С. И. Ожегов в своем толковом словаре называет метафорой скрытое образное уподобление. С точки зрения стилистики существует несколько видов метафор.

1. Простая метафора выраженная одним образом, но не обязательно однословная, например: «the eye of heaven» как название солнца. «Sometimes too hot the eye of heaven shines» (W. Shakespeare. Sonnet XVIII). Простая метафора может быть одночленная и двучленная, а также, основанная на преувеличении, то есть гиперболическая: All days are nights to see till I see thee, And nights bright days when dreams do show thee me (W. Shakespeare. Sonnet XLIII).

2. Развернутая, или расширенная, метафора состоит из нескольких метафорически употребленных слов, создающих единый образ, то есть из ряда взаимосвязанных и дополняющих друг друга простых метафор, усиливающих мотивированность образа путем повторного соединения все тех же двух планов и параллельного их функционирования: Lord of my love, to whom in vassalage The merit hath my duty strongly knit, To thee I send this written embassage, To witness duty, not to show my wit (W. Shakespeare. Sonnet XXVI).

3. Традиционными метафорами называют метафоры, общепринятые в какой-либо период или в каком-либо литературном направлении. Так, английские поэты, описывая внешность красавиц широко пользовались такими традиционными, постоянными метафорическими эпитетами, как «pearly teeth, coral lips, ivory neck, hair of golden wire». В метафорическом эпитете обязательна двуплановость, семантическое рассогласование, нарушение отмеченности. Возможны, например, анимистические метафорические эпитеты, когда неодушевленному предмету приписывается свойство живого существа: an angry sky, the

howling storm, или антропоморфный метафорический эпитет, приписывающий человеческие свойства и действия животному или предмету: laughing valleys, surly sullen bells.

4. Особый интерес представляет композиционная или сюжетная метафора, которая может распространяться на весь роман. Композиционная метафора – метафора, реализующаяся на уровне текста. В качестве композиционной метафоры можно привести немало произведений современной литературы, в которых темой является современная жизнь, а образность создается за счет противопоставления ее с мифологическими сюжетами: роман Дж. Джойса «Улисс», роман Дж. Апдайка «Кентавр», и пьеса О'Нила «Траур идет Электре» [1, с. 395–396].

Метафора как языковая единица, употребляясь в речи, несет свою языковую нагрузку. Следовательно, целесообразно выделить основные функции метафоры, для того чтобы определить ее роль в языке. Харченко В. К. выделяет следующие функции:

1) Номинативная функция.

Возможность развития в слове переносных значений создает мощный противовес образованию бесконечного числа новых слов. «Метафора выручает словотворчество: без метафоры словотворчество было бы обречено на непрерывное производство все новых и новых слов и отяготило бы человеческую память неимоверным грузом» [2, с. 200].

Так, например, в латинском языке «автор» (auctor или augeo – «увеличиваю») – это «тот, кто приумножает какую-либо вещь, то есть сообщает ей движение, силу, крепость, опору и устойчивость».

В процессах метафорической номинации многое зависит от национальных традиций, скажем, в такой области, как культура имени. Даруя ребенку имя, в Средней Азии традиционно используют метафорику: Айжан – «веселая луна», Алтынай – «золотая луна», Гульбахор – «весенний цветок». Имя-метафора встречается и в других языках.

2) Информативная функция. Первой особенностью информации, передаваемой посредством метафор, является целостность, панорамность образа. Панорамность опирается на зрительную природу образа, заставляет по-новому взглянуть на гностическую сущность конкретной лексики, конкретных слов, которые становятся основой, сырьем, фундаментом любой метафоры. Чтобы метафора состоялась, зародилась, сработала, у человека должен быть щедрый запас слов-обозначений.

3) Мнемоническая функция.

Метафора способствует лучшему запоминанию информации. Действительно, стоит назвать грибы природными пылесосами, и мы надолго запомним, что именно грибы лучше всего всасывают токсины из почвы. Повышенная запоминаемость образа обусловлена, по-видимому, его эмоционально-оценочной природой. В чистом виде мнемоническая функция, как, впрочем, и другие, встречается редко. Она сочетается с объяснительной функцией в научно-популярной литературе, с жанрообразующей функцией в народных загадках, пословицах, в литературных афоризмах, с эвристической функцией в философских концепциях, научных теориях, гипотезах.

4) Текстообразующая функция.

Текстообразующими свойствами метафоры называется ее способность быть мотивированной, развернутой, то есть объясненной и продолженной.

5) Жанрообразующая функция.

Жанрообразующими можно назвать такие свойства метафоры, которые участвуют в создании определенного жанра.

Жанрообязательность метафоры в загадках можно доказывать и на материале детского художественного творчества, загадок, придуманных детьми: Стоят два зеленых берега, а между ними не перебраться (берега реки). Рыжие звери под землей живут, землю ногами бьют (землетрясение).

6) Объяснительная функция.

В учебной и научно-популярной литературе метафоры играют совершенно особую роль, помогая усваивать сложную научную информацию, терминологию. Если вести речь об учебниках, то метафоры в их объяснительной функции значительно шире использовались в учебниках XIX – начала XX в., нежели в ныне действующих учебниках.

7) Эмоционально-оценочная функция.

В новом, неожиданном контексте слово не только приобретает эмоциональную оценку, но подчас меняет свою оценку на противоположную. Так, при метафорическом употреблении слово «раб» может получить едва ли не положительный заряд: «Он знал: все, кто когда-то выжил и победил, кто смог кого-то спасти или спасся сам, все и каждый были, в сущности, счастливыми рабами опыта. Только опыт – знал Жуков – делает человека по-настоящему неуязвимым» [3, с. 194].

8) Конспирирующая функция.

Конспирирующей называется функция метафоры, используемой для засекречивания смысла. Не каждый метафорический шифр дает основание говорить о конспирации смысла. Велика роль метафоры в создании эзопова языка, но в литературном произведении уместнее вести речь о метафорическом кодировании, нежели о конспирации смысла. Разумеется, когда знаешь, что «академия» значит тюрьма, конспиративные свойства метафоры вызывают сомнения, тем более что столь образные и оригинальные метафоры прочно оседают в памяти и не требуют повторных разъяснений.

9) Игровая функция.

Метафору иногда используют как средство комического, как одну из форм языковой игры. Всякий человек в игровом поведении реализует наиболее глубокую, быть может, безусловную свою потребность.

В фольклоре существовала форма, в которой лидирующей функцией метафор была игровая функция. Мы имеем в виду поговорки – жанр, исследуемый, как правило, вкупе с пословицами и теряющий при таком исследовании специфику своего языка. Если метафора пословиц преимущественно этическая, воспитывающая, то метафора поговорок – игровая, созданная скорее для балагурства, чем для воспитания: Расти большой, да не будь лапшой, тянись верстой, да не будь простой. Родня средь дня, а как солнце зайдет – ее и черт не найдет.

10) Ритуальная функция.

Метафора традиционно используется в поздравлениях, приветствиях, праздничных тостах, а также при выражении соболезнования, сочувствия. Такую ее функцию можно назвать ритуальной.

Развитие ритуальной функции метафор зависит и от национальных традиций. Так, на Востоке были приняты развернутые, пространные поздравления с множеством сравнений, эпитетов, метафор. Этическую сторону подобных приветствий не следует сводить к лести. Это похвала авансом, желание видеть перед собой образец мудрости и честности.

Жүсіпбек Аймауытов «Еңбекші қазаққа» екінші рет ашық хат жариялап, қолына түскен дүниелерді сараптай келе оқырманмен ой бөліседі. «Қысқасы, Сұлтанмахмұттың еңбегі толық жиналғандай болса, недәуір қалың кітап болғандай түрі бар. Келген сөздерін салыстырып, жаңа емлемен көшіріп, реттеп, тізіп жатырмын. Азаматтардан әлі де болса, тезірек көмек күтемін» [7], – деп жұмысының беті бері қарағандығын байқатады.

С. Торайғыровтың бірінші биографы қазақ әдебиетінің кемел суреткері Жүсіпбек Аймауытов екендігі тарихи ақиқат. «Мен бес алты айдан бері Сұлтанмахмұт сөздерін жинап жақында бітіріп, көшіріп, реттеп баспаға, Ордаға [Қызылорда – А.Е.] апарып тапсырып қайттым» [8], – деп жазады Ж. Аймауытов 1927 жылдың 20 мамырында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына Шымкенттен жолдаған хатында. Төрт-бес ай (1927 жылдың 15 қарашасы – А.Е.) өткеннен соң Мәшекеңе хабарлаған жаңалықтарының ішінде қайыра оралып: «Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, үлкен кітап қылып баспаға бергенмін. Одан басылады деген хабар алып отырмын, рас болса» [7], – дейді. Отызыншы жылдардағы қазақ зиялыларын шалғымен орғандай тазалаған сұрапыл нәубет кітаптың уақытында дүниеге келуіне мұрсат бермейді. Сұлтанмахмұт жинағын шығаруға тиісті аяулы жандардың біразы қыршынынан қиылды, енді біреулері жалған жалаға жолықты. Сөйтіп ақын кітабы бес жыл өтіп алтыншы жылға қарағанда баспа көрді [9].

1933 жылғы жинақ – С. Торайғыровтың мұрасын біршама жаңжақты қамтыды, бірақ шығармаларының толық жинағы дәрежесіне жете алмады. Алмағайып сұрапыл кезең мүмкіндік бермеді. Ж. Аймауытовтың ізденімпаздығының нәтижесінде дүниеге келген

«Толық шығармалар жинағы» сұлтанмахмұттанудағы елеулі бетбұрыс болды. Бүгінде біз Ж. Аймауытов сұлтанмахмұттанудың бастауында тұрды деп нық айта аламыз.

Жинаққа жазған Ж.Аймауытов алғысөзі кітапқа енбей қалды. Бұл жөнінде «Қазақ мемлекеттік баспасының таптық көрсоқырлығы» атты мақаласында F. Сарыбаев: «При издании такой классово чуждой литературы, казалось бы, необходимо снабдить сборник выдержанным введением и критическими примечаниями, ибо идеологически чуждое произведение может пониматься неправильно со стороны политически и идеологически неподготовленного человека. Однако литературный сборник поэта Торайгырова, который выпущен Кзылординским издательством, вышел без предисловия, без критических примечаний» [10], – деп дер кезінде «қырағылық» көрсеткен еді.

Торайғыров кітабы оқырман қолына тигеннен кейін бірнеше айдан соң екі мақаланың басын қосқан «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» атты шағын кітапша баспадан шықты (Алматы, 1933). Кітапшаға бірінші мақаланың аты қойылған, авторы Сәбит Мұқанов, екіншісі – «Торайғырұлы Сұлтанмахмұт», авторы көрсетілмеген. Материалдар жүйесі мен жазу стилі Жүсіпбек Аймауытовқа сілтейді. Мақаланың Жүсіпбек Аймауытовтікі екендігіне шүбә келтірмейміз.

Ақын кітабын баспаға дайындау процесін жетік білген Бейсембай Кенжебайұлы бізге, шәкірттеріне құпияға толы бір сырды жырдай етіп айтушы еді. Бейсекең 1930 жылдары «Қазақстан» баспасының директоры қызметін атқарған Мансұр Гатаулиннің кабинетінде Ж. Аймауытұлы жинаған Сұлтанмахмұттың қолжазбаларын, қойын дәптерлерін, күнделіктерін, туыстарымен, жолдастарымен жазысқан хаттарын, фотосуреттерін, мақалалары, өлеңдері жарияланған газет-журналдар қиындыларын қолымен ұстап, көзімен көрген. Көп ұзамай басқа жаққа қызмет бабымен ауысқан М. Гатаулин де атылған.

Сұлтанмахмұт мұрасынан көз жазып, айрылып қалғандығын зор өкінішпен үнемі еске алатын Бейсембай Кенжебайұлы.

Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров мұрасының қамқоршысы, алғашқы жинаушысы Ж. Аймауытұлы қанқүйлы жендеттердің қолынан қаза тапқан соң, «телегей теңіз» ұстазының орнын ойсыратпай, қайта әрі жалғастыруға іштей бекініп, өзіне аманат есебінде қабылдаған сияқты.

Кандидаттық диссертациямызға ғылыми жетекшілік жасаған проф. Б. Кенжебаев Сұлтанмахмұт ақынның мұраларын жинаушы, әдеби-эстетикалық тұрғыдан талдаушы Ж. Аймауытұлы екендігін сыбырласа да, қайта-қайта құлағымызға сіңіре беруші еді.

Б. Кенжебаев тындырымды, тиянақты ірі істерді атқарды. Ақын мұрасын жинау, зерттеу, текстологиялық тұрғыдан сараптау, оның әдебиет тарихындағы орнын анықтау мәселелерін ғылыми жүйеге түсіріп, аса маңызды, әрі жауапты жұмысты тиянақтады. Өмірінің мақсатындай ұланғайыр шаруаны қорытындылап, сұлтанмахмұттану ғылымының негізін салды.

Тұтастай алғанда, сұлтанмахмұттану мен әдебиет тарихының зерттелу жағдайын бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдарындағы зерттеулерде Сұлтанмахмұт қай таптың ақыны, шығармаларының идеясы, мазмұны қандай деген сұрақтар төңірегінен ұзап шыға алмай жатты. Суреткердің тынымсыз творчестволық қызметі, әдебиеттегі орны, шығармаларының көркемдік сипаты талдау объектісінен алшақ жатты.

Әдебиет тарихы мен сынында өріс алған тұрпайы социологизм мен көркемөнер туындыларына қатысты кейбір субъективистік көзқарастар Торайғыров мұрасына да салқынын тигізді. Пролеткультшілдіктің солақай теориясымағы қазақ әдебиеттану ғылымына бойлай енген еді. Ұлы Абайдан жерініп, Сұлтанмахмұттан шошынып, олардың шыққан тегіне үрейлене қарап, тіксіну, тітіркенушілік, күдік көбейіп кетті.

Баспасөзге ынта-жігерімен кірісіп, оның ұйымдастыру – шығармашылық жұмыстарына жүрексінбей батыл араласқан Бейсекең проблемалық очерктермен қатар ғылыми бағыттағы ойлы мақалаларын жариялап үлгерген–ді. Абай, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Сабыр Шәрипов, Өтебай Тұрманжанов жөнінде ой тоқтатып, көңіл бұрарлық зерттеулер ұсынған Б. Кенжебаев 1940 жылы Сұлтанмахмұт ақынға арнаған мақаласын оқырманға табыстайды [11].

Әділетіне келсек, дәл осы мақаласынан соң Сұлтанмахмұт тақырыбын өмірінің соңғы сағатына дейін көзауласында ұстап, бір сәт те бүкіл ғұмырын сарп еткен ізденісін тоқтатпаған. Кексе қаламгерлер жөнінде ақырғы демі таусылғанша қаламы қолынан түскен жоқ деп таңдана тамсанатынымыз сондықтан шығар?!

Торайғыров туралы мақалалар циклымен бірге, «Кедей» (1942) атты поэмалар жинағын құрастырып, түрлі хрестоматияларға ақын шығармаларын бірінен соң бірін енгізіп, насихаттайды.

Сұлтанмахмұт мұрасын ұзақ жылдар бойы сарыла зерттеу нәтижесін бермей қойған жоқ. 1946 жылы «С. Торайғыровтың ақындығы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Кейінірек диссертациялық еңбегі ұлғайтылып, кітап болып шықты [12].

«Сұлтанмахмұттың ақындығы» кітабы қазақ әдебиеті тарихына, Сұлтанмахмұтты тануға қосылған ірі үлес еді. Уақыт ызғары таптұйнақтай дүниені жанап өтпеді. Кітап баспа көргеннен соң іле-шала қызыл партия жауынгері Н. Жанділдиннің «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап» [13] атты содырлы сыны бұлтсыз күнге найзағай ойнатты. ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулысын желеу етіп жалаулатып, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметовтің «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» баяндамасын айнымас шындыққа балап, Б. Кенжебаевтың басына қамшы үйіріп, сұрқай отыз жетіні елестетті қайтадан. Қамшы үйіру қанды кесапатқа ұласуға шақ қалды.

Ісінің әділ, ұстанған жолының ақиқат шындық екеніне көзі әбден жеткен Бейсекең айылын жиған жоқ. Еңбегін жалғастырды, маңдай терін төкті. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және Әдебиет институтында секторды басқара жүріп, С. Торайғыров шығармаларын жеке жинақ көлемінде шығаруды мақсат етті. Бұрын баспа көрген, сондай-ақ академияның қолжазба қорына шоғырланған материяларды сүзгіден өткізіп салыстыру, салғастырулар жасап, алғы сөзін жазып, 1950 жылы редакциялық кеңестің қаулысын шығарып, әдебиет сүйер қауымға С. Торайғыровтың «Таңдамалы шығармаларын» [14] табыстады.

Кітаптың соңында шығармаларына түсініктер, жарияланған еңбектерінің алфавиттік тізімі берілді. Академиялық басылым атын иеленген бұл кітап С. Торайғыров мұрасын оқушы қауымға кеңінен насихаттаған ғылыми, әдеби сапасы жоғары еңбек есебінде қабылданды.

1957 жылы Б. Кенжебаев жинақты жетілдіріп, түзеп, хронологиялық жүйеге түсіріп, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан үлкен тиражбен шығарды.

Тар жол, тайғақ кешуі көп сұлтанмахмұттану ғылымындағы қиналысты кезең тіпті 1962 жылдарға дейін созылғандығына бүгінгі таңда біреу сенсе, біреу сенбейді.

Торайғыров мұрасын толығырақ жинақтап, оқырман қауымға жеткізуді ойлаған ғалым тағы да зор кедергіге кездеседі. Көзмайын тауысып, ақынның ең толық шығармалар жинағын құрастырып, баспадан шыққан күні Бейсекеңнің «қырағы достары» дер кезінде жоғарғы партиялық орындарға арыз жеткізіп, қоңыраулатып-ақ жібереді. Ақыры екі томдық туралы, профессор Б. Кенжебаев

партиялық жаза алып, «достарының» көңілдері көншіді. Ақын мұрасын бағалауда кездескен солақай саясат бөгесіндері қайсар ғалымды топшысынан қағып сүріндіре бергенімен, мойыта алмады. С. Торайғыров өмірі мен шығармашылығын зерттеуді жалғастыра түсті.

Қайсар ғалымның басынан өткен шырғалаңға толы трагедиялық өмір сапары белгілі әдебиетші, проф. Құлбек Ергөбектің «Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен...» мақаласында [15] жан-жақты ашылған.

С. Торайғыров жайлы жүздеген мақалалармен бірнеше ғылыми кітаптардың авторы Бейсекең ұлы ақын өмірінің шытырман сәттерін көркем туындыларына өзек етіп, әдемі әңгімелер циклын жариялады.

Ғылыми, көркем дүниелеріне қоса, Қазақ ұлттық университетінде жарты ғасыр ұстаздық еткен, шәкірттердің сан буынын тәрбиелеген, ұзақ жылдар «Сұлтанмахмұттану» арнайы курсын оқыған проф. Б. Кенжебаев орасан зор жұмыс тындырды. Соның барлығының жиынтығы – сұлтанмахмұттану ғылымының негізін салды.

Ендігі жерде сұлтанмахмұттанудың негізі қаланды, көптеген істер тындырылды екен деп қол қусырудың, жайбарақат күйге бөленудің жөні жоқ. Қайта ұстаз бастаған өнікті жолды дамыта түсу, жетілдіре беру шәкірттер парызы. Керек десеңіз, аға буынның кейінгілерге қалдырған аманаты.

Қазақтың белгілі ғалымдары, қаламгерлері Е. Ысмайылов, Д. Әбілев, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Дербісалин, Б. Шалабаев, Т. Әбдірахманов, Т. Қожакеев, К. Шәменов, тағы басқаларының ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында жазған еңбектері сұлтанмахмұттануға қосылған жетістіктеріміз қатарында.

1993 жылы [16] дүниеге келген ақын шығармаларының қостомдығы С. Торайғыровты танудағы елеулі белес болды. Ұзақ жылдар оқырман назарынан тыс қалған шығармалары архив қойнауы мен баспасөз беттерінен сүзіліп алынып жинаққа енді. Саяси тұрғыдан айыпталып, үрей туғызған дүниелері қалың оқушыға жол тартты.

Ақын есімін иеленген Павлодар мемлекеттік университетіндегі ұлтжанды азаматтар адам сүйсінерлік іс тындырды. 2010 жылы тұлғалық энциклопедияны [17], сондай-ақ алты кітаптан тұратын «Асау жүрек» [18] мақалалар мен естеліктер жинағын оқырманға тарту етуі тек құптарлық құбылыс. Аталмыш екі басылым сұлтанмахмұттану ғылымын бір жинақтап, қорытындылап тастағандай әсерге бөледі. Сұлтанмахмұттану ғылымы алар белестердің алда екендігіне сенімдіміз.

Болашақта атқарылар келелі мәселелер де жетерлік:

1 С. Торайғыров шығармаларын текстологиялық тұрғыдан тексеруде кездесетін қиыншылықтар көп-ақ. Соның бастысы ақын қолжазбаларының бізге жетпеуі. Бұл жағдайда текстологиялық зерттеуді көзі тірісінде газет- журналдарда жарияланған дүниелеріне, сонымен бірге жазушының әр жылдарда жарық көрген жинақтарына сүйеніп жүргізуге тура келеді;

2 С. Торайғыров архивінің сақталмауы, эпистолярлық мұрасының отызыншы жылдары жойылып кетуі зор кедергі келтіргенімен, одан қаламгер турасындағы зерттеу ісін үзілді-кесілді тоқтату керек деген ұғым тумайды. Қайта Торайғыров өміріне қатысы бар әрбір дерек тірнектеп жиналып, анықталып, салыстырылып барып белгілі бір жүйеге келтірілуі қажет. Оқта-текте баспасөз бетінде орын алып келе жатқан кереғар, дәйексіз деректер зерттеу жұмыстарын жетілдіре түсуге үндейді;

3 «Сұлтанмахмұт тағылымы» жинағын оқырманға ұсыну да әбден қажет-ақ;

4 С. Торайғыров шығармаларын шетел (ағылшын, француз, неміс т.б.) тілдеріне аудару қаламгерді әлемдік деңгейде танытуымызға кең жол ашпақ. Шұғыл қолға алынса құба құп.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Абай», 1918, №5, 2-3 б.

2 «Еңбек туы», 1920, 25 декабрь.

3 Торайғыров С. Адасқан өмір. Қазан, 1922. – 103 б.

4 «Еңбекші қазақ», 1926, 25 февраль.

5 «Еңбекші қазақ», 1926, 7 октябрь.

6 «Еңбекші қазақ», 1926, 10 ноябрь.

7 «Еңбекші қазақ», 1927, 18 январь.

8 «Социалистік Қазақстан», 1990, 1 мамыр.

9 Торайғырұлы С. Толық шығармалар жинағы. Қызылорда, 1933. – 344 б.

10 «Казахстанская правда», 1933, 23 апреля.

11 «Социалистік Қазақстан», 1940, 21 май.

12 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұттың ақындығы. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1949. – 79 б.

13 Жанділдин Н. Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап. – «Коммунист», 1951, №5, 44-48 б.

14 Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1950. – 294 б.

15 «Егемен Қазақстан», 2018, 3 қыркүйек.

16 Торайғыров С. Шығармалар. Екі томдық. – Алматы: «Ғылым», 1993.

17 Сұлтанмахмұт Торайғыров. Энциклопедия. Павлодар: ЭКО, 2010. – 486 б.

18 «Асау жүрек». Алты томдық. Павлодар, ЭКО, 2011.

ҚЫРШЫН КЕТКЕН ҚЫРАН

ҚҰДАБАЕВ А.
профессор, директор, Е. Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы мен этнографиясы ҒПО, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ халқының рухани дамуына Абайдан кейінгі өшпес із қалдырған ағартушы, аса көрнекті ақын − бүкіл қазақ зиялылары бағалаған ақын ол – С. Торайғыров.

Ақынның өмір сүрген дәуірі алуан оқиғалы, күрделі кезеңде өтті. Соған сай оның ақындық шығармашылығы да күрделі әрі әр қилы болып шықты. Сан соқпақтарға кездесті. Бірақ ол еліне деген ниетіне адал болды. Бүкіл талант-мақсаты халқына, оның бақыт-мүддесіне арнады.

Қазақ қоғамын ілгері бастырар күш деп ол оқу, өнер-білімді, ағартушылық жолды ұсынды. Ел азаматтарын соған шақырды. Сондай-ақ, басқа ағартушылар сияқты, Сұлтанмахмұт та ірі гуманист жазушы еді. Ол адамгершілік арды қорлаушыларға, надандыққа, тағылыққа қарсы күресті. Адамның жеке басының правосын жақтады. Әлеуметтік мәселелерді талқылауда да ол ашық пікірлі саналы азаматтың бірі болды. Әділеттік өмірді, әйел теңдігін аңсады. Адамға қанаушылықтан азат бақытты, саналы, мәдениетті тұрмысты армандады. Сұлтанмахмұттың өле-өлгенше күресіп өткен идеясы да, алдына қойған зор мақсаты, ақындық алып жүрегінің талғамы осылар болды. Ол бұл мақсаттарын үгіттеумен ғана шектелмеді, ақылшы ақын ғана болып қалмады. Игі мақсатын ақындық-журналистік жолмен де, мұғалімдік іс-әрекетімен де, қоғамға пайдалы ұйым ашуды көздеді. Сол кезде ақынның бұл саладағы еңбегі нәтижесіз болды. Асыл арманын үлкен қимыл-әрекетке айналдыра алмағаны оны қынжылтып, ойының орындалмас арман екенін көріп, тұйыққа тірелген жас талап жан-жаққа ой жүгіртіп, ешбір шығар жол таппай, күйректікке де ұшырайды. Бірақ, ол ешқашанда жасыған емес. Өктем де өткір жыр жазып, өршелене түсті.

Жатпай-тұрмай іздену үстінде, оқу жолында өмір өткізеді. Қоғам өмірінің қалың қабатына терең бойлап, оның құпия сырларын түсінуге, жете тануға талпынады. Дүние, қоғам, өмір өзгерістері туралы білген-түйгендерін тамаша поэзиясы арқылы қалың қауымға таратады. Философиялық толғаулар жазады. Саяси-әлеуметтік, қоғамдық-философиялық мәселелер ақын поэзиясының самалындай есіп, дүниетанымы қалыптасады. Ақын шығармалары халық санасын оятып, оның алдында тұрған замана талаптарын танытады, көптеген дәуір сұрақтарына жауап ұсына алады.

Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдісінің нығаюы үшін Сұлтанмахмұт творчествосы үлкен роль атқарғаны ақиқат. Ол қазақ әдебиетінде реалистік поэма, роман-повесть, публицистика, әңгіме жазып та көрінді. Бұл саладағы еңбектері нәтижелі болды. Ақын қазақ әдебиетінде типтік образ жасауда жақсы бастамалар көрсетті.

Сұлтанмахмұт поэзиясы өзінің көркемдік қасиеттерімен де құнды. Ақынға тән асқақ та төгілме поэзия, ойдағы нәзік лиризм, өткір сатира әркез оқушы қауымның көкейіне қонады, көңіліне дариды.

Сұлтанмахмұттың негізгі шығармалары поэзия десек, сол поэзиясының басым түрі – саяси-әлеуметтік лирика. Өмір, қоғам мәселелері, езгідегі еңбекшілердің дүниеге көзін ашу, оңы мен солын таныту – ақын поэзиясының негізгі мақсаты. Әсіресе, өмірінің соңғы үш-төрт жылдарында көкейдегі көп ойын түгел айтып кету мақсатын көздеді.

Сұлтанмахмұт әдебиет майданында небары оншақты-ақ жыл қызмет етті, жастай қайтыс болды. Ол іштегісін түгел сыртқа шығара алмай, «тым болмаса, екі жыл тұрмадым» деп арманда кетті. Дегенмен дарынды ақын аз жазса да, талабының «талқандалмайтын нәрсесі жоқтығына сеніп», асқан қажырлылықпен жұмыс істеді, артына арман мен өкініш қана емес, мол мәдени мұра қалдырды. Сұлтанмахмұт өлеңдермен қатар қазақ поэзиясы тарихында тұңғыш реалистік поэма жазған. Әдебиетімізде С. Көбеевтен соң роман жазған да Сұлтанмахмұт болды.

Ақынның өз көзі тірісінде газет, журналда жарияланып, жұртқа тараған еңбектері, негізінен өлеңдері ғана. Ал «Қамар сұлу», «Кім жазықты», «Адасқан өмір», «Кедей» сияқты кесек шығармалары қолжазба күйінде қалып, өзі қайтыс болғаннан кейінгі жерде ғана жарық көрді. Өзі көзі тірісінде көре алмай арманда кетті.

Сұлтанмахмұт қараңғылық басқан қазақ көгіне «өрмелеп шығып күн болуды» ойлаған, қазақ халқының кемеңгер перзенті еді. Сондықтан да оның есімі халықтың жадынан шығар емес. Ақын

мұралары – халқымыздың өткен өмірінің дәл шежіресі секілді қадірлі. Өйткені, әрбір ұлы ақын сияқты Сұлтанмахмұт өз заманының рухын, көңіл күйін шыншыл көрсете білді. Ол шығармаларында өз жүрегін тебіренткен, айтпауға болмайтын жайларды ғана жырлады. Сондықтан, оның әрбір өлеңі халықтың арманына, тілегіне терең ұштасып отырды. Ақынның асыл сөздері ел жүрегінен үндестік тапты. Сұлтанмахмұт шығармалары – нағыз халықтық шығармалар. Оның поэмаларында, лирикалық өлеңдерінде қазақ халқының ойы, салт санасы, мінезі сондай айқын, дәл суреттелді. Сұлтанмахмұт мұралары өз заманының айнасы сияқты. Біз одан сол замандағы әлеуметтік теңсіздікті, халық санасындағы өзгерісті барлық қайшылығымен көреміз. Бұл ақынның кінәсі емес, қайта ұлылығы деп білеміз. Өз табиғатын жасырмай, шындықты іздеп, сол жолда адасуға да ұшырағанын бар даусымен айта білген адамды шыншылдығы, таза ниеті үшін айыптау кешірілмес өкініш болар еді.

Сұлтанмахмұт өз елінің адал азаматы болды. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді. Оның «Қамар сұлу» сияқты шығармалары ашынған жүректің қанымен жазылды. «Кедей» поэмасы қазақ еңбекшісінің ауыр халін, қазақ сахарасындағы езушілікті аяусыз әшкереледі. Кемеңгер ақын өз қоғамының барлық құбылысын көрсете білді. Оның шығармалары алған мәселесінің кеңдігі, тереңдігі жағынан Абай дәстүрін ілгері дамытты. Сұлтанмахмұт – қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі ең биік асқары. Ол қазақ өмірінің шындығын жырлаған нағыз ұлттық ақын еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпы халықтық дәрежеге көтере алған жоқ.

Қазақ прозасының ірге тасын қалаушылардың бірі болған Сұлтанмахмұт Торайғыров мұраларының ішінде өлең аралас келетін прозалық бір роман, бірнеше очерк, әңгіме, мақалалар бар. Бұқарашыл бағыттағы жаңашыл жазушының ол еңбектері – ерекше ескерерлік, мәнді шығармалар. «Қамар сулу» романы – ақын творчествосының ғана емес, сонымен бірге, қазақ әдебиетінің үлкен табысы. Роман өзінің идеялық мазмұны жағынан дәуірінің көкейкесті мәселесін көтергені аян. Революцияға дейінгі правосыз қазақ жастарының ауыр халін, қазақ әйелдерінің теңсіздік азабын, феодалдық қоғамның озбыр салтын тағылық әрекеттерін сипаттаған бұл роман халықтың санасын оятып, көкірек көзін ашуға жәрдемдесті. Жазушы романда бас бостандығын арман етумен шектелген жастарды ғана суреттеп қойған жоқ, бостандық үшін батыл күресуші жастарды құлшына бейнеледі.

Қамардың қазасы қаталдыққа бас иген әлсіздік белгісі емес, рухани күші мығым, әділдіктің қаймықпас қайсар күрескерінің әрекет-көрінісі. Қамар бас бостандығы үшін жан қия арпалысқан қазақ қыздарына үлгі етілді. Ол – жастардың жаңашыл тобын танытатын бейне, болашағы жарқын қауымның өкілі: жазушының көрегендігінің куәсі.

Сұлтанмахмұттың поэзиядан прозаға басқан қадамын осы бір ғана романынан емес, соған қоса көптеген әңгіме, мақала еңбектерінен де көруге болады. Ақын роман жазуға кіріспес бұрын «Зарландым» (1912), «Ауырмай есімнен жаңылғаным» (1913), т.б. көркем әңгімелер жазған. Бұл әңгімелерінде жазушы халыққа насихат айтып, балаларды жаңаша оқытуды талап еткенін, оқу мәселесіндегі елдегі ескілік кеселдерін сынға алғаны аян.

Ақынның «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деген очерк-әңгімесі де өте әсерлі. Бұнда бірін-бірі сүйіп, қосылу әрекетін істеген екі жастың ауыр тағдыры суреттелген. Құрбан деген жігіттің өзін сүйген Мәни деген қызды алып қашуы, кейін оларды ұстап тұтқын еткен Танабидің қатал үкімі сыналады. Құрбанды түйеге асып өлтірген сияқты тағылықтарды жазушы күйіне әшкерелейді. Сұлтанмахмұт бұл оқиғаны драма жазу үшін іріктеген, бірақ үлгіре алмады.

Сұлтанмахмұт – публицист жазушы. Ол қазақ тілінде шыққан алғашқы журналдарда («Айқапта») жұмыс істеді. Сөйтіп, журнал шығарушы, қазақтың баспасөзін ілгері бастырушы ретінде де көрінді. Бұл саладағы еңбектері өз алдына зерттеуді керек етері сөзсіз. Ал публицистикалық жұмысы жаңашыл ағартушылық сападағы өткір сыншы, реалист ақынның жарқын идеясын танытатын зор мәнге ие. «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген мақаласы жаңаша оқып, Европа мәдениетін тез меңгеруге үндеген. «Өлең мен айтушылары», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» деген мақалалары – оның өлеңге, көркем өнерге көзқарасын, талғампаз талаптың ізгі мақсаттарын көрсететін эстетикалық ролі үлкен шығармалар. Өлеңнің сертқы түрі тұрсын, ішкі мазмұнына да ақын зор талаптар қоя білген. Үлгі ретінде ол Абайды ұсынып, кемеңгер ақынның әдебиеттегі маңызын жете түсінген. Ақын тілінің көркем де таза, айқын да өткір болуын, ескісі мен жаңасы жарасымды ұштасқан, зерленген тіл болуын қалады.

Сұлтанмахмұт кезіндегі саяси өзгерістерге, қоғамдық мәселелерге де мақалалар жазды, арман ойларын анық баяндады. «Социализм» деген, түгел жариялай алмай кеткен мақаласында мәдениет жайы, техника жетістіктері, рухани табыстардан адам игілігіне жұмсалуы тиіс екені, адам оларды өзінің тұрмысын жақсартуға, еңбегін жеңілдетуге пайдалануға праволы екені дәлелденеді.

Сұлтанмахмұт − өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын, қазақтың классикалық поэзиясының ардақты өкілі. Біз ұлы ақынның есіміне бас иеміз. Осындай дана ақынымыз болғанына мақтанамыз. Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп өршіл мақсат қойған болатын. Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл – халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Міне, осы орайда ақынның әдеби шығармаларын жан-жақты әрі толық зерттеуде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұжымының атқарып жатқан жұмыстары өте зор. Жақында ғана жарық көрген **«Сұлтанмахмұт Торайғыров»** энциклопедиясы − халқымыздың асыл перзентіне деген рухани ескерткіш осы сүбелі бастаманың бірі. Бұл аталмыш энциклопедия жалпы оқырман қауымға, сондай-ақ, асау жүрек С. Торайғыровтың шығармаларын терең білгісі келетін жұртшылық үшін бірден бір қымбат рухани қазына болып саналады.

Сонымен қатар, С. Торайғыровтың шығармаларын зерттеп, ғылыми баға берген еліміздің академиктерінің, аса көрнекті ғалымдарының әр жылдары жазған ғылыми еңбектері жинақталып, «Асау жүрек атты» 6 томдық сұлтанмахмұттану іліміне қосылған үлкен үлес болып табылады. Артына мол мәдени мұра қалдырған халқымыздың дана ұлдарының бірі − жарық жұлдызды ақыны С. Торайғыров туралы әзірленген осы басылымдар баршамыздың игілігімізге айналатынына сенімдімін.

Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары − әрбір қазаққа қымбат, әрі сүйікті. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға осы. Мұндай сүйіспеншілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие болады. Сол алыптың бірі − қазақтың халықтық, классикалық ақыны Сұлтанмахмұт. Ол − қазақ әдебиетінің көгіндегі жарық жұлдызының бірі. Қазақ халқы мәдениеттің биігіне өрлеген сайын, өткендегі мәдениет күрескерлеріне, ақындарына өшпес ескерткіш жасап берді. Ол ескерткіш − ақынға деген халық махаббаты.

МОТИВАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

РЫСПАЕВ Т. Г.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Побудительной силой человеческой деятельности является мотив. Мотив, по определению А. Н. Леонтьева, «опредмеченная потребность». По мнению К. К. Платонова, «мотив – это психологическое явление, становящееся осознанным побуждением к определенной деятельности» [1, с. 32]. В качестве мотивов могут выступать предметы внешнего мира, представления, идеи, чувства и переживания, словом, все то, в чем нашла воплощение потребность. Мотив показывает, во имя чего осуществляется деятельность и какие при этом преследуются цели.

В психологии мотивация рассматривается как сложный многоуровневый регулятор жизнедеятельности человека – его поведения, деятельности. Высшим уровнем этой регуляции является сознательно-волевой. Исследователи (В. Г. Асеев, Л. И. Божович, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн) отмечают, что мотивационная система человека имеет более сложное строение, чем простой ряд заданных мотивационных констант. Она описывается широкой сферой, включающей в себя и автоматически осуществляемые установки, и текущие актуальные стремления, и область идеального, которая в данный момент не является актуально действующей, но выполняет важную для человека функцию, давая ему смысловую перспективу дальнейшего развития его побуждений. Всё это, с одной стороны, позволяет определять мотивацию как сложную, неоднородную многоуровневую систему побудителей, включающую в себя потребности, мотивы, интересы, идеалы, стремления, установки, эмоции, нормы, ценности и т.д., а с другой, - говорить о полимотивированности деятельности, поведения человека и о доминирующем мотиве в их структуре.

Психологическая природа мотивационного компонента в структуре личности связана с профессиональными мотивами (А. А. Вербицкий, С. М. Ковалев), познавательными (А. К. Маркова, Г. И. Щукина), мотивами самоутверждения, достижения, повышения самооценки (Д. Аткинсон, А. Маслоу, Н. Хекхаузен), что является необходимым условием ее комфортного психологического состояния. Структура профессиональной мотивации представлена мотивами «хочу» (интерес к профессии,

желание ею заниматься), «могу» (осознание своих способностей как соответствующих требованиям профессиональной деятельности), «надо» (осознание общественной значимости профессиональной деятельности) (С. М. Ковалев) [2].

Мотивация как ведущий фактор регуляции активности личности, ее поведения и деятельности представляет исключительный интерес для понимания природы человеческих поступков. За объективно абсолютно различные причины, т.е. побудительные источники этих действий, их мотивация может быть совершенно разной [3]. Изучение мотивации педагога к обучению детей занимает особое место, так как при разной мотивации педагог преследует разные цели, что в последствии влияет и на развитие личности ребенка.

Отношение к профессии педагога – сложное интегральное свойство, отражающее степень вовлеченности личности в профессиональную деятельность. Это динамическое свойство, ибо отношение возникает, формируется и перестраивается на разных стадиях и в разных ситуациях. И наконец, это выражение целостной позиции молодого специалиста, потому что отношение педагога к профессии нельзя оторвать от всей системы его жизненных ценностей и ориентаций. Следовательно, надо выявлять характеристики педагога, которые лежат в основе отношения к профессии, определяют его, зачастую оставаясь невидимыми. Если искать истоки того или иного отношения, необходимо углубляться в анализ жизненной позиции, обнаруживать ее целостность в системе ориентации и видеть возможности ее (позиции) изменения, динамики в развитии мотивации. Формирование системы ориентации и на ее основе профессиональной позиции стабилизирует профессиональный выбор преподавателя.

В педагогической деятельности выделяются те же мотивационные ориентации, что и в учебной. Это внешние мотивы, например, мотив достижения, и внутренние мотивы, например, ориентация на процесс и результат своей деятельности. Внешние мотивы престижности работы в определенном образовательном учреждении, мотивы адекватности оплаты труда часто соотносятся с мотивами личностного и профессионального роста, самоактуализации [4].

В последнее время профессия педагог теряет престиж. Этому способствует несколько причин: низкая заработная плата, статус педагога в обществе, а так же загруженность педагога во внеурочное время (организация родительски собраний, классных часов,

субботники, заполнение бумаг). Получается педагог находится в процессе работы 24 часа в сутки, 7 дней в неделю. Логично, что данная ситуация не устраивает многих профессионалов, что снижает их мотивацию к труду. Для решения этих проблем, педагоги переходят в частные школы, где заработные платы выше, либо занимаются репетиторством, при этом могут полностью контролировать свое расписание и занятость.

Педагог достаточно энергозатратная и нервная работа, поэтому главной мотивацией должны служить не материальные вещи, а духовные. Например, правильно воспитать учеников на основе традиций и этика. Данный вид мотивации каждый определяет для себя сам.

Важнейшим мотивационным фактором, регулирующим, детерминирующим мотивацию личности, являются ценностные ориентации. Выражая взаимосвязь между обществом и личностью, ценностные ориентации выполняют функции социализации, самоопределения, целеполагания, мотивообразования. Совокупность ценностных ориентаций как норм, регламентирующих профессионально-педагогическую деятельность преподавателя, носит целостный характер и выступает как познавательно-действующая система, определяющая отношения между сложившимися взглядами на проблемы профессионального образования и профессионально-педагогической деятельностью преподавателя высшей школы [2].

Вместе с тем, в педагогической деятельности в специфической форме взаимодействия взрослого и ребенка появляется такая ориентация, как доминирование, или мотив власти. Н. А. Аминов отмечает также соответствие этим желаниям определенных действий, которые сгруппированы следующим образом:

– склонять, убеждать, уговаривать, регулировать, организовывать, руководить, управлять, надзирать;

– подчинять, править, властвовать, попирать, диктовать условия, судить, устанавливать законы, вводить нормы, составлять правила поведения, принимать решения;

– запрещать, ограничивать, оказывать сопротивление, отговаривать, наказывать, устанавливать моду [5].

На равне с мотивом власти существует и мотив альтруизма. Альтруизм – понятие, которым осмысляется активность, связанная с бескорыстной заботой о благополучии других. То есть альтруист готов бескорыстно всегда помогать другому человеку. По моему

мнению, педагог именно так и должен мотивировать свой труд. Ведь социальная значимость педагогической деятельности намного выше, чем у других профессий.

Мотивационно-потребностная сфера деятельности педагога может быть проинтерпретирована в терминах его центрации, по А. Б. Орлову. Центрация понимается в гуманистической педагогике как «особым образом построенное простое взаимодействие учителя и учащихся, основанное на эмпатии, безоценочном принятии другого человека и конгруэнтности переживаний и поведения. Центрация трактуется одновременно и как результат личностного роста учителя и учащихся, развития их общения, творчества, субъективного (личностного) роста в целом». Согласно А. Б. Орлову, личностная центрация учителя является «интегральной и системообразующей» характеристикой деятельности педагога. При этом полагается, что именно характер центрации учителя определяет все многообразие этой деятельности: стиль, отношение, социальную перцепцию и т.д.

А. Б. Орлов описывает семь основных центраций, каждая из которых может доминировать как в педагогической деятельности в целом, так и в отдельных, конкретных педагогических ситуациях:

– эгоистическая (центрация на интересах своего «Я»);

– бюрократическая (центрация на интересах администрации, руководителей);

– конфликтная (центрация на интересах коллег);

– авторитетная (центрация на интересах, запросах родителей учащихся);

– познавательная (центрация на требованиях средств обучения и воспитания);

– альтруистическая (центрация на интересах (потребностях) учащихся);

– гуманистическая (центрация учителя на интересах (проявлениях) своей сущности и сущности других людей (администратора, коллег, родителей, учащихся) [6, с. 156].

Однако стабилизация эта относительная, поскольку каждая значимая ситуация активизирует новые мотивы, приводит в движение всю мотивационную цепочку, на что в конце концов «реагирует» и позиция педагога в целом. Изменчивость, подвижность – характеристики, объективно присущие как профессиональной мотивации, так и позиции педагога. Однако пределы их возможных превращений задаются основным ценностно-ориентационным «костяком». Ломка ведущих ценностных ориентаций означает для

личности, как правило, драматические коллизии, в том числе и в процессе профессионального становления. В профессиональном поведении, как и в человеческом поведении вообще, зависимость действий человека от социальной ситуации предполагает «внутренний момент самоопределения, верности себе» [4]. Процесс профессионального становления личности мы рассматриваем, прежде всего, как сознательную деятельность индивида, берущего на себя ответственность выполнять социальные функции профессии, и не только те, которые направлены на объективные сферы и предметы, но и те, что позволяют представить себе «механизм внутренней сознательной деятельности, его духовно-волевую организацию и нравственную природу» [4].

Мотивация же преподавателей высшей школы носит совсем другой характер. Это прежде всего связано с рабочей средой и с возрастом обучаемого. Здесь можно выделить четыре типа мотивации профессионально-педагогической деятельности преподавателя вуза:

Первый тип - мотивация, непосредственно связанная с процессом осуществления профессионально-педагогической деятельности (внутренняя мотивация). Ведущими в такой мотивации выступают мотивы: интерес к процессу развития личности студента; интересная работа; возможность творческого поиска; интерес к преподаваемой науке; возможность влиять на развитие студентов, формировать их мышление и мировоззрение; желание продемонстрировать студентам интеллектуальную красоту преподаваемой дисциплины; желание помочь студентам развить способности и найти свое место в российском обществе.

Второй тип – внешняя мотивация, отражающая более широкие отношения личности с окружающим миром, социумом («широкие социальные мотивы»): желание хорошо зарабатывать; возможность установить полезные связи; хорошие условия труда; желание заслужить признание и доверие студентов; работать в вузе престижно; хорошие отношения с коллегами по работе; большой отпуск; возможность совмещать работу с другими видами деятельности.

Третий тип - мотивация, связанная с внутренним миром самой личности преподавателя, ее устремлениями, жизненными смыслами, потребностями самореализации, самоосуществления в жизни, деятельности. Ведущими в таком типе мотивации выступают мотивы: возможность заниматься научной деятельностью; возможность

творческого поиска; возможность получить интеллектуальное удовлетворение от общения с коллегами, студентами; желание углубить свои знания в профессиональной области; возможность профессионально развиваться, повышать квалификацию; желание реализовать свои знания, опыт и способности.

Четвертый тип – «отрицательная мотивация», связанная с осознанием неприятностей, неудобств и т.д. Ученые выделяют следующие причины отрицательной мотивации: бессмысленность деятельности для индивида, человек не ценит деятельность, не считает ее важной для себя, не чувствует себя достаточно компетентным, чтобы ее осуществлять, или не верит, что приложение усилий принесет желанный результат [7].

Подводя итог всей этой работе, можно сказать, что проблема мотивации педагогической деятельности действительно одна из наиболее сложных и неразрешенных. Есть много причин выбора той или ной профессии. И причины эти зависят в первую очередь от самой личности. Мотивация оказывает большое влияние на успешность профессии, а также сами мотивы выбора зависят от отношения молодых специалистов к своей будущей профессии.

Мотив выбора отражает позицию личности, сформировавшуюся на основе собственного опыта и осмысления социально значимых целей деятельности. Есть все основания полагать, что педагогические способности – одни из ранних, они складываются и проявляются в годы детства и юности. Тем не менее, переход в профессиональную категорию связан с перестройкой личности, прежде всего, с ценностно-ориентационной перестройкой.

В мотивации личности главную роль играет направленность самой личности, которая включает в себя ценностные ориентации, мотивы, цели, смыслы, идеалы. Направленность личности определяет то, как человек относится к окружающему миру и самому себе, единство его поведения и деятельности, создает устойчивость личности, позволяя противостоять нежелательным влияниям извне и изнутри, является основой саморазвития и профессионализма, точкой отсчета для нравственной оценки целей и средств поведения.

Исходя из вышесказанного, выбор профессии преподавателя находится в зависимости от целого ряда факторов. Прежде всего, необходимо знать требования, которые профессия предъявляет к физическим и психологическим особенностям человека, взвесить свои личные возможности. Достаточно ли значимы факторы,

влияющие на выбор профессии, так как успешность педагогической деятельности зависит именно от того, насколько обдуман и осмыслен был сам мотив выбора профессии педагога. Изучив психолого-педагогическую литературу по заявленной проблеме и проанализировав теоретические источники, мы выявили зависимость между личностными характеристиками и мотивами выбора профессии. Был сделан вывод, что мотивация педагогической деятельности, как и любой деятельности, зависит от самой личности, поэтому оказывает влияние на дальнейшую успешность в профессии.

ЛИТЕРАТУРА

1 Платонов К. К. Структура и развитие личности. / К. К. Платонов. – М. : Наука. 1986. – 256 с.

2 Исаев И. Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя / И. Ф. Исаев. – М. : Издательский центр «Академия», 2002. – 208 с.

3 Ренн А. А. Психология личности / СПб. : Питер, 2013. – 288 с.

4 Браже Т. Г. Развитие творческого потенциала учителя // Совет. педагогика. 2010. – № 8. – С. 32–54.

5 Аминов Н. А. Психологический профотбор на педагогические специальности. Ярославль, 1994. – С. 14–15.

6 Орлов А. Б. Психология личности и сущности человека: Парадигмы, проекции, практики: Учебное пособие для студентов психол. фак. вузов. – М. : Издательский центр «Академия», 2002. – 272 с.

7 Ларионова М. А. Теория и практика развития профессионализма преподавателя вуза: монография. Омск, 2009. – 124 с.

СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІ

ТОРАЙГЫРОВ М. Ш.

Биыл қазақ халқының аса көрнекті ақыны, әдебиетіміздің ірі тұлғасы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 125 жыл толды. Бұл біздің халқымыз үшін, әсіресе жерлестеріміз үшін ерекше бір үлкен той болды.

Менің әкем Торайғыров Шаймардан Қожахметұлы ақынның немере інісі, бес жас кіші болған. Екеуіне де Торайғыр-би – төртінші

ата болады. Яғни орайғырдың ұлы Әбеттен тараған Бекет пен Дұржан тұқымдары. Жас кездерінде екеуі келісіп, арғы аталарының атын фамилия қылған.

Әкеміз отызыншы жылдары ташкенттегі Орта Азия университетін сырттай оқып бітіріп, жоғары білімге ие болған. Ол заманда қазақтан шыққан жоғары білімді азаматтар санаулы болатын.

Павлодар және Оңтүстік Қазақстан (түркістан) облыстарының мектептерінде ұстаздық етті.

1943 жылы майданнан қайтқаннан кейін Павлодар педагогикалық училищесінің директоры болып істеген. Ұстаздық етуімен бірге әкеміз Сұлтанмахмұттың еңбектеріне әдеби-зерттеу жұмысымен кең-түрде шұғылданды.

1946 жылы 31 қазанда ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Шаймардан Торайғыровты тіл және әдебиет институтының ғылыми корреспонденті міндетін атқару туралы куәлік берілген. Нақты орындайтын тапсырмалары:

- Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығына байланысты әдеби және архивтік материалдарды жинау.

- Жазушылардың бағалы қолжазбаларын жинау (Машхур Жүсіп Көпеев, Сәбит Дөнентаев және т.б).

- Ескі және жаңа фольклорлық материалдарды жинау.

Жинап жазған еңбектерін қорытындылап, жыл сайын Ғ. А. тіл әдебит институтына тапсырып отырған. Қазіргі күні орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында сақталады. Сұлтанмахмұт туралы кейбір деректері 1950 жылы және одан кейінгі жылдары шыққан жинақтарда жарияланды.

- Шәйкең «Сұлтанмахмұт» атты ғылыми-зерттеу еңбек, «Баян», «Олжабай батыр» атты тамаша дастандар жазған қарымды қаламгер болған деп жазады - Б. Б. Байғалиев М. Әуезов атындағы өнер институтының ғылыми қызметкері.

1928 жылдан бастап облыстық, республикалық баспасөздерге тілші ретінде белсенді араласқан, оның журналистикалық еңбектерін редакциялық архивтардан табуға болады. Сұлтанмахмұт туралы және өз еңбектерін көбінесе араб әріптерімен жазатын. 1972-1973 жылдары әкемнің қолжазбаларын Павлодар облыстық мұражайының қызметкерлеріне тапсырған болатынмын.

Әкемнің Сұлтанмахмұт туралы қолжазбаларының біріндегі естеліктерін айтуды лайық көріп отырмын. Ол Сұлтанмахмұттың өзі байқаған үш қасиеттілігін көрсетеді. Бірінші: ол Сұлтанмахмұттың

зеректігі, екіншісі, ол Сұлтанмахмұттың шығармаларды қалай жаазатын, әдістемесі, үшіншісі- Сұлтанмахмұттың сондай белгелі зерделі, дарынды ақын болатұрып соншалықты аңқау болды. Сұлтанмахмұтті ауылдың үлкені де кішісі де, өзінінң құрбылыры да «Мақыш» деп атап кеткен.

Біздің сол кездегі оқуымыз араб тілінде жүретін құран оқуы болды. Сонда ішімізде Сұлтанмахмұт құран сүрелерін бір-екі оқып өткеннен кейін қолма-қол жатқа айтып беріп отыратын.

Бертін біздің Мақаш дің оқуын біржолата тастады да өздігінше ізденуге кірісті. Сонда ол орыс тілімен шұғылданды. Ол кезде қазақша-орысша сөздік жоқ болатын. Мақыш сонда, көлемі 90-95 беттей боларлық орысша-татарша сөздікті тауып алып, сонымен бір жылдың ішінде сондағы сөздіктерді тегіс үйреніп шықты. Жәй жеке сөздер емес, кәдімгідей жүйлеп сөйлеп, грамматикалық ережелерге сай сауатты жазатын халге жетті. Өзінің бір туған інісі Бәшенге немесе маған оқытып өзі диктант жазушы еді. Артынан бәріміз жабылып тексергенде еш қате шықпаушы еді. Бұл өздігінен үйренуде қиын жағдай ғой.

Мақыш өленді қарындашпен жазатын. Өленге арналған қара тысты дәптері болатын. Артынан жазған өлендерін маған айтып көшіретін.

Оның әдеті, өлең жазбас бұрын қажеттігінің бәрін сайлап алып, қарындашының түбін тістелеп, бір нүктеге тесіле қарап, ұзақ ойланып отыратын. Сосын тез-тез, өте шапшандықпен жаза жөнелетін. Осыдан болу керек, қашан лөрсем де Сұлтанмахмұттың қолындағы қарындашы әрдайым түбі мұқалған мұжық болып келетін. Сүйткен Сұлтанмахмұттың аңқаулығы бір ғажап, өте қызық болатын. Жас кезіндегісі өз алдында, тіпті бертінгі есейген шағында да сол аңқаулықтан арылмады. тіпті көп ойнайтын құрбылырының бірі Айманның Шайбаны «біздің өгіз бұзаулапты» дегенде соған да нанған. Содан Мақышты олар «аңқаусарт» деп атады. Аңқаулық, ашықауыз, бос белбеулік емес, адамға залалының жоғын, қулық, сұмдық, зияндылық пен еш араласпайтығын байқатушы еді.

МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ректоры, филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі 3

6 Секция. Орыс филологиясының өзекті мәселелері
6 Секция. Актуальные проблемы русской филологии

Адильбаева Д. С.
Интерактивные методы обучения на занятиях по русскому языку 4
Михайленко Ю. Е., Коныратбаева Ж. М.
Передача звукоподражательных единиц в переводе с казахского
на английский язык (На основе романа Ж. Аймауытова «Акбилек») 9
Садык Н. Е.
Особенности постмодернистской прозы В. Пелевина 17
Шаймарданова С. К.
Лингвистический анализ рассказа А. П. Чехова «Спать хочется» 23

7 Секция. Қазақ тіл білімі мен
әдебиеттанудың өзекті мәселелері
7 Секция. Актуальные проблемы казахского
языкознания и литературоведения

Байбеков С. Н., Шормақова С. М., Әзбергенов Қ., Есжан М. Н.
Қабанбай батыр есебі және ауыз әдебиетіндегі көпнұсқалылық 31
Байхан Ә., Қадырова Б. М.
Көркем шығармадағы модаль сөздердің қызметі 38
Бейсенқызы А., Кулахметова М. С.
Қазіргі қазақ поэзиясындағы қоғам келбетінің көрінісі 42
Жүсіпов Н. Қ., Бекенов А. М.
Г. Н. Потаниннің фольклорды жариялаушылық ерекшелігі 48
Дүйсек Л. С.
Концептуалдық метафоралардың прагматикалық ерекшеліктері 56
Елікпаев С. Т., Қапасова Б. Қ.
Ә. Бөкейханов ұлт құндылықтары туралы 60
Жуманбаева Р. О., Юн А. А.
М. Жүсіп Көпеевтің тіл жұмсау шеберлігі жайында 67
Жүсіпов Н. Қ., Арынова М. М.
Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері 72
Зейнулина А. Ф., Ибраева Ә. Т.
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қанатты сөздерінің тағылымдық мәні ..77
Ибраева Ә. Т.
Бекмұрат Уахатовтың шығармашылық әлеміндегі ғылыми тізгін 83

Ильясова Ж. А.
Құдайберген Жұбановтың фонетика туралы 89
Исенов Б. А., Қалы Н. А.
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың есімі – ел есінде.....92
Исенов Б. А., Байтокина М., Уахит Р.
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жастарға қалдырған мұрасы 98
Исенов Б. А., Сахимзадинова А. С.
Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында 103
Капасова Б. К., Тлепбергенова Д. М.
Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің атасы 111
Қапасова Б. Қ., Елікпаев С. Т.
Сан қырлы талант 115
Қаратай Б. А., Тұрышев А. Қ.
С. Торайғыровтың «Айтыс» поэмасы 122
Қуандық З. Е., Жүсіпов Е. Қ.
Білім, ғылым үйренуге қатысты хадистердің ақын-жыраулар
поэзиясындағы көріністері 127
Майданова А. М.
Ахмет Байтұрсыновтың фонетикаға қосқан үлесі 133
Нургалиева З. К., Кулахметова М. С.
Қостілді жарнама 138
Оралбек С. Ж., Тоқтас Ә. С.
XX ғасырға дейінгі тіл білімінің зерттелуі 143
Пазылова М.
Қазақ мақал-мәтелдерінің Сұлтанмахмұт шығармаларында
көрініс табуы 149
Салибекова А. А., Кабулова С. Ж.
«Қызға қырық үйден тыю» қағидасы қазіргі заман талабына сай
ұстанымы ма? 153
Темірболат А. А., Жуманбаева Р. О.
Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының даму тарихы 158
Тлеукенова А. К., Карипжанова А. О.
Қатысым барысындағы тілдік бірліктердің санадағы көрінісі 161
Тлеулесова А. Ш., Нұрлан Ә. Е.
С. Торайғыров шығармалары – қазақ әдебиетінің асыл қазынасы 167
Тұрышев А. Қ., Есенбай М. А.
С. Торайғыровтың шығармашылығы туралы 170
Шапауов Ә. Қ., Қабыкен М., Туровская Е. И., Шапауова А. А.
Қазақ балалар драматургиясының кейбір мәселелері.....177
Шапауов Ә. Қ., Маликова А. И., Туровская Е. И.
Комедия және заман шындығы 184
Шапауов Ә. Қ., Туровская Е. И.,
Маликова А. И., Қабыкен М.
Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы – әдебиет сыншысы 193

8 Секция. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы көптілділіктің маңызы
8 Секция. Роль полиязычия в межкультурной коммуникации

Абишева Р. Т., Каримжанова Р. Б., Умарова Г. К., Жакиянова А. К.
Үш тілді білу – заман талабы 196
Бондарева Д. О., Нефтисова Е. К.
Полиязычие, как необходимость в современном мире 199
Гасымова Т. Г.
Роль метафор в англоязычных произведениях 203
Ерғали Б. Н., Фриауф Е. Д., Сабантаева Г. С.
Роль полиязычия в становлении карьеры и развитии туризма 207
Тулегенов Т. М.
Критерии разграничения синонимов в английском языке 214

9 Секция. Қазіргі білім үрдісі және кәсіби-бағытталған басқа тілдік білімнің дамуы
9 Секция. Современный образовательный процесс и развитие профессионально-ориентированного иноязычного образования

Буланбаева А. И.
Ағылшын тілі сабағында демеуліктерді үйретудің тиімді жолдары 221
Еспенбетов А.
Сұлтанмахмұттану: зерттеулер мен ізденістер 227
Құдабаев А.
Қыршын кеткен қыран 236
Рыспаев Т. Г.
Мотивация педагогической деятельности 241
Торайгыров М. Ш.
Сұлтанмахмұттың шығармашылығының зерттеуші 247

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ 125-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «Х ТОРАЙҒЫРОВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

2 ТОМ

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Жумабекова
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы
Басуға 27.11.2018 ж.
Әріп түрі Times.
Пішімі 29,7 × 42 $^{1}/_{4}$. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 14,5. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 3309

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.